**Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 493 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2628. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 625 (V043287) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 69-бабына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған салық есептілігін жасау ережелері бекітілсін.

2. Мына бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 608 бұйрығы (2002 жылғы 12 желтоқсанда 2079 нөмірмен тіркелген; "Ресми газет", 2003 жылғы 23 тамыз);

2) "2079 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 608 "Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 20 қаңтардағы N 14 бұйрығы (2003 жылғы 12 ақпанда 2163 нөмірмен тіркелген; "Нормативтік құқықтық актілер бюллетені", 2003 жыл).

3. Осы бұйрық 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 493 бұйрығымен бекітілген

**Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережесі (100-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және резидент заңды тұлғалардың, сондай-ақ Салық Кодексінің 115, 120 және 121-баптарына сәйкес әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мен коммерциялық емес ұйымдардан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен екінші деңгейдегі банкілер, мемлекеттік мекемелер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың корпорациялық табыс салығын есептеу мен кірістерді мәлімдеуге арналған табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (100-нысан) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашуға оған қосымшалардан (100.01-тен 100.35 нысандар бойынша) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысанның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде " - " белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта

немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде ия болмаса электрондық почта бойынша электрондық түрде Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес - салық төлеуші Декларацияны қабылдағаны (жеткізгені) туралы хабарламаны салық органында ия болмаса электрондық почта бойынша алады.

11. Декларация Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (100.00 нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша қызмет түрлерінің коды және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - кесте

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол ко. ды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қызмет. тің негізгі түрі | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| | | | | сауда | аңшылық | жарна. ма | балық аулау |
| | | | | | | | |
| | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | балық өсіру |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім. дердің (тауар. лар, қызмет көрсету. лер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 114-бабында көзделген жағдайда "Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні хабарлама бойынша қосымша Декларацияны ұсынған жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

9) резидент емеспен беру кезінде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді.

10) мына шарттарға сәйкес келетін салық төлеушілер белгілейді:

1 - Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағына;

2 - Салық кодексінің 140-1-бабының 1-тармағына;

3 - Салық кодексінің 140-4-бабының 1-тармағына;

11) мына шарттарға сәйкес келетін салық төлеушілер белгілейді:

11А - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

11В - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша толтырылған қызмет белгісі көрсетіледі;

12) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Декларация толтырылғанда жер қойнауын пайдаланушы жасаған келісім-шарттың нөмірі мен күні белгіленеді.

13. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне Салық кодексінің 80, 184-баптарына сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

14. "Жылдық жиынтық кіріс" бөлімінде:

1) 100.00.001 жолына 100.01.001С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.00.002 жолына 100.02.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 100.00.003 жолына Салық кодексінің 83-бабына сәйкес міндеттемелерді

есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Осы жол бойынша тарату декларациясын жасау кезінде заңды тұлғаны тарату кезінде кредиторлық берешекті есептен шығарудан алынған кіріс көрсетіледі;

4) 100.00.004 жолына 100.03.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.00.005 жолына 100.04.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 100.00.006 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес берешек талабына жол беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.007 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 100.00.008 жолына 100.22.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 100.00.009 жолын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады. Осы жолға 100.05.001D немесе 100.05.002C жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 100.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 11) тармақшаға сәйкес жалпы үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

11) 100.00.011 жолында Салық кодексінің 80-бабындағы 2-тармақтың 12) тармақшасына сәйкес егер, бұл сомалар бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдар, бюджеттен қайтарылғандардан басқа сот тағайындаған немесе борышкер деп танылған айыппұлдар, өсімдер мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

12) 100.00.012 жолына 100.09.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 100.00.013 жолына 100.06.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау жағдайында ізгілік көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған, сондай-ақ мүлік құны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан өтеусіз негізде алынған негізгі қаражат құны 100.00.022E және 100.00.022F жолдары бойынша жылдық жиынтық кірістен алып тастауға жатады;

14) 100.00.014 жолына 100.07.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 100.00.015 жолына 100.08.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 100.00.016 жолына 100.09.002A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 100.00.017 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 18) тармақшаға сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 100.00.018 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 19) тармақшаға сәйкес роялти түріндегі салық төлеуші алған кіріс көрсетіледі;

19) 100.00.019 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 20) тармақшаға сәйкес әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған

шығыстардан кірістердің асу сомасы көрсетіледі;

20) 100.00.020 жолында 100.00.001 - 100.00.019 жолдарында көрсетілмеген, Салық кодексінің 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілетін салық төлеушінің кірісі көрсетіледі;

21) 100.00.021 жолында 100.00.001 - 100.00.020 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

15. "Жылдық жиынтық кірісті түзету" бөлімінде:

1) 100.00.022 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісті түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі, ол 100.00.022A - 100.00.022I жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

2) 100.00.023 жолында 100.00.021 және 100.00.022 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын түзету есебімен жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі.

16. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 100.00.024 жолына 100.12.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.00.025 жолына 100.13.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 100.00.026 жолына 100.14.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 100.00.027 жолына 100.15.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.00.028 жолын жер қойнауын пайдаланушы толтырады. Осы жолға 100.05.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 100.00.029 жолына 100.16.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 100.00.030 жолына 100.17.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 100.00.031 жолына 100.18.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 100.00.032 жолын жер қойнауын пайдаланушы толтырады. Осы жолға 100.19.016 және 100.19.019 жолдарын қосумен айқындалатын сома көшіріледі;

10) 100.00.033 жолына 100.20.002B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 100.00.034 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес есептелген шектерде бюджетке төленген салықтардың сомасы көрсетіледі;

12) 100.00.035 жолына 100.21.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 100.00.036 жолында 100.00.036A - 100.00.036G жолдарының сомасын қосумен айқындалатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

14) 100.00.036A жолына 100.22.004E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 100.00.036B жолына 100.22.005E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 100.00.036C жолына 100.23.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 100.00.036D жолына 100.22.004I және 100.22.005G жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

18) 100.00.036E жолына 100.22.004H және 100.22.005F жолдарында

көрсетілген сомалар көшіріледі;

19) 100.00.036F жолына 100.24.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

20) 100.00.036G жолына 100.22.004F және 100.00.036E жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

21) 100.00.037A жолында 100.00.024-тен 100.00.036 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

22) 100.00.037B жолы Салық Кодексінің 120-бабына ережелеріне сәйкес келетін коммерциялық емес ұйымдар мен 130-нысан бойынша Корпорациялық табыс бойынша декларацияны және 100-нысан бойынша Корпорациялық табыс бойынша декларацияны бірге тапсыратындар толтырады. Бұл жолға 130.00.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

17. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:

100.00.038 жолында 100.00.023 жолының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

1) 100.00.037A жолы (100.00.023 және 100.00.037B жолдарының айырмасы ретінде - Салық Кодексінің 120-бабына ережелеріне сәйкес келетін коммерциялық емес ұйымдар мен 130-нысан бойынша Корпорациялық табыс бойынша декларацияны тапсыратындар үшін);

2) 100.00.039 жолына 100.26.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 100.00.040 жолында 100.00.038 және 100.00.039 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

4) 100.00.041 жолында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көшіруге жатпайтын, Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарды шегерімге жатқызу нәтижесінде салық төлеуші алған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер 100.00.036C жолы бойынша сома 100.00.038 жолының сомасынан астам немесе тең болса, онда 100.00.041 жолында 100.00.038 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 100.00.036C жолы бойынша сома 100.00.038 жолы бойынша сомадан аз болса, 100.00.041 жолына 100.00.036C жолының сомасы көшіріледі;

5) 100.00.042 жолында кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын (100.00.040 - 100.00.041 + 100.02.002) үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды сату кезінде алынған залал сомасынан қалыптасқан және көшіруге жатпайтын залал сомасына азайтылған есепті салық кезеңінің нәтижелері бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.043 жолында 100.00.040 x 2 % + (100.00.043D - 100.00.043G) - 100.00.043H) сомаларының шамасында Салық кодексінің 122-бабына сәйкес ( 100.00.043A - 100.00.043C сома) салық салынатын кірістен (кіріске) алынып тастайтын (енгізілетін) шығыстардың (кірістердің) жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.043A жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 1)

тармақшасына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін ұстап тұруға нақты шеккен шығыстар сомасы көрсетіледі;

8) 100.00.043B жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға тегін берілген мүлік сомасы көрсетіледі;

9) 100.00.043C жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғаларға берілетін адрестік әлеуметтік көмек көрсетіледі;

10) 100.00.043D жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

11) 100.00.043E жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

12) 100.00.043F жолында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабындағы 1-тармаққа сәйкес орташа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттер бойынша, ипотекалық кредиттер бойынша және тұрғын үй-жайлардың лизингі бойынша сыйақылар жөніндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

13) 100.00.043G жолында Салық кодексінің 122-бабының 4 немесе 4-1-тармағына сәйкес кіріс сомасы көрсетіледі;

14) 100.00.043H жолында Салық кодексінің 122-бабының 5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі.

Егер 100.00.043A - 100.00.043C жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен екі процентінен кемінің сомасын құраса ( 100.00.040), онда салық салынатын кірістен алып тастауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы жатады. Егер сома салық салынатын кірістен екі проценттен астам құраған жағдайда, онда салық салынатын кірістің екі проценттері мөлшерінде айқындалған сома алып тастауға жатады.

15) 100.00.044 жолында Салық кодексінің 123-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залал сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.27.001 жолында айқындалған залал сомасы көшіріледі;

16) 100.00.045 жолында 100.00.040, 100.00.043 және 100.00.044 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдар мен түзетулерді ескеріп салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 100.00.044 жолында көрсетілген сома бұрынғы

екі жолдың айырмасынан үлкен болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 100.29.001 жолына көшіріледі.

18. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 100.00.046 жолында 100.29.002 жолында айқындалған есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 100.00.047 жолында 100.29.004 жолында айқындалған таза кіріске салық сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.048 жолында 100.29.005 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші жүргізген есептің сомасы көрсетіледі;

4) 100.00.049 жолында 100.29.006 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін төленген аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

5) 100.00.050 жолында 100.29.007 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші жүргізген шегерімдер сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.051 жолында 100.29.008 жолында айқындалған төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.052 жолында 100.29.009 жолында айқындалған шегеруге (қайтаруға) жататын артық төленген салық сомасы көрсетіледі.

100.00.050 жолын толтыру кезінде сома салық органы мен салық төлеуші куәландырған салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жағдайы туралы салыстыра тексеру актісінің негізінде көрсетіледі.

## 3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістер - 100.01 нысанын жасау

19. Бұл нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

20. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

21. "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату" бөлімінде:

100.01.001 жолы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

22. 100.01.001С жолының шамасы 100.00.001 жолына көшіріледі.

23. 100.01.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызметтің түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, салық төлеуші қызметтің жүзеге асырылатын түрлері бойынша әр парақ бойынша тиісті топты (класс) көрсетеді;

3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, берілген қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзету сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағындағы 4) тармақшаға сәйкес, егер шарт жағдайларымен сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлем шетел валютасындағы белгілі сомаға тең сомадан теңгеде жүргізілсе, оларды төлеу кезінде сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны түзетуге жатады;

5) Е бағанында аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін, жүргізілген түзетуден кейін сатылған тауарлардың ( жұмыстар, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. С және D бағандарының сомасы ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда Е бағанына С бағанында көрсетілген деректер көшіріледі.

100.01.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 100.01.001 жолына, D бағаны - 100.01.001В жолына, Е бағаны 100.01.001С жолына көшіріледі.

**4. Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс - 100.02 нысанын жасау**

24. Бұл нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қажеті үшін сатып алынған активтерден басқа амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірісті айқындауға арналған.

25. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

26. "Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату" бөлімінде:

1) 100.02.001 жолында үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.02.002 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.02.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

27. "Амортизацияға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

100.02.004 жолы үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздардан

басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

28. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 100.02.005 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акцияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.02.006 жолы берешек бағалы қағаздардан басқа, өзге бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.02.007 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан облигацияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 100.02.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан кірістің ( залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 100.02.009 жолы басқа берешек бағалы қағаздарды сатудан кірістің ( залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 100.02.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 100.02.011 жолы 100.02.010 жолының сомасына азайтылған 100.02.006, 100.02.008, 100.02.009 жолдарының сомасы мен (немесе) әртүрлілігі ретінде айқындалатын шеккен залалдар сомасын ескеріп "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

29. "Барлығы" бөлімінде:

100.02.012 жолында үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ 100.02.001, 100.02.004, 100.02.005, 100.02.007, 100.02.008 және 100.02.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жататын активтер көрсетіледі.

30. 100.02.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан салық төлеушінің залал алуы кезінде осы залал Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш

жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі. Аталған сома 100.00.042 жолының сомасын айқындау кезінде есептелмейді.

100.02.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

100.02.005 және 100.02.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес 100.00.022C жолына көшіріледі.

100.02.008 жолында кірісті алу кезінде осы сома 100.00.022D жолына көшіріледі.

Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс, сондай-ақ 100.02.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтер 100.00.002 жолына көшіріледі.

31. 100.02.001, 100.02.002, 100.02.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сатылған үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың атауы көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде C бағанында бұрынғы салық кезеңінің 100.22.001 және 100.22.002 жолдарына қосымша нысанның P бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда C бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандары бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

100.02.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.02.001 жолына, 100.02.002 жолына қосымша нысан E бағаны 100.02.002 жолына, 100.02.003 жолына қосымша нысан E бағаны 100.02.003 жолына көшіріледі.

32. 100.02.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздардан

басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында аталған баптың 2-тармағына сәйкес объектілердің теңгермелік құны көрсетіледі;

4) D бағанында объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар Е бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында есептелмейді.

100.02.004 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.02.004 жолына көшіріледі.

33. 100.02.005, 100.02.006 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында берешек бағалы қағаздардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

100.02.005 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.02.005 жолына, 100.02.006 жолына - 100.02.006 жолына қосымша нысан Е бағаны көшіріледі.

34. 100.02.007, 100.02.008, 100.02.009 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздардың айналым мерзімі (күні) көрсетіледі;

5) Е бағанында берешек бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі;

6) F бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі . Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағаздарды сатып алу күні көрсетіледі;

8) Н бағанында Е және F бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) І бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны

көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілген купон сомасы 100.08.002 жолына қосымша нысан G бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

10) J бағанында берешек бағалы қағаздарды сату күні көрсетіледі;

11) К бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

К = (H/D) x (J-G), онда

(J-G) - күндегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанында L=(I-(F+К)) формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағазды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

100.02.007 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 100.02.007 жолына, 100.02.008 жолына қосымша нысан L бағаны 100.02.008 жолына, 100.02.009 жолына қосымша нысан L бағаны 100.02.009 жолына көшіріледі.

35. 100.02.010 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;

3) С бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін Е бағанында айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал ) көрсетіледі. Осы бағанға 100.02.006, 100.02.008, 100.02.009 жолдарының сомасы көшіріледі.

5) Е бағанында одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандары сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағымен белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің С бағанына көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

100.02.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 100.02.010 жолына көшіріледі.

## 5. Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер - 100.03 нысанын жасау

36. Бұл нысан Салық кодексінің 84-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

37. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

38. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

1) 100.03.01 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

39. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

100.03.002 жолы кіріске енгізілетін қызметкерлердің күмәнді міндеттемелерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

40. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

100.03.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 100.03.001 және 100.03.002А жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

41. 100.03.003 жолының шамасы 100.00.004 жолына көшіріледі.

42. 100.03.01 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор - заңды тұлғаның (тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші) толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор - жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;

6) F бағанында қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;

8) Н бағанында G бағанында көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасының алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

9) І бағанында Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.03.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.03.001А жолына, Н бағаны - 100.03.001В жолына, І бағаны - 100.03.001С жолына көшіріледі.

43. 100.03.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Салық кодексінің 149-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалған қызметкерлердің кірісі көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірісінің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірістерінен міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында қызметкерлерге кірісті есептеу күні көрсетіледі;

6) F бағанында қызметкерге төленген кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында міндетті зейнетақы қорларына аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында қызметкерге кірісті төлеу күні көрсетіледі;

9) І бағанында міндетті зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу күні көрсетіледі;

10) J бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және қызметкерлердің кірістері бойынша кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

11) К бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.03.002 жолына қосымша нысан J бағанының жиынтық шамасы 100.03.002А жолына, К бағаны - 100.03.002В жолына көшіріледі.

## 6. Мүлікті жалға беруден кірістер - 100.04 нысанын жасау

44. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабындағы 2-тармақтың 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де мүлікті жалға беруден кірістерді айқындауға арналған.

45. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

46. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

100.04.01 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

47. 100.04.001 жолының шамасы 100.00.005 жолына көшіріледі.

48. 100.04.01 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 228-тармағына сәйкес жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жалға алу шартын жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік үшін (тысқары орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда Е бағанында салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

100.04.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.04.001 жолына көшіріледі.

## 7. Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар - 100.05 нысанын жасау

49. Бұл нысан Салық кодексінің 88-бабына сәйкес кен орындарын әзірлеу салдарларын жою жөніндегі нақты шығыстардың сомасынан кен орнын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының асуынан кірістерді, сондай-ақ Салық кодексінің 97-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасын айқындауға арналған.

50. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

51. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударым" бөлімінде:

100.05.001 жолы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бағдарламасының (бұдан әрі - бағдарлама) іс-әрекет етудің барлық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

52. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар" бөлімінде:

100.05.002 жолы есепті кезең үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

53. "Шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар" бөлімінде:

100.05.003 жолы шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

54. 100.05.001D немесе 100.05.002C жолдарының шамасы 100.00.009 жолына көшіріледі.

100.05.003 жолының шамасы 100.00.028 жолына көшіріледі.

55. 100.05.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанына B бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында бағдарламаның қызмет ету мерзіміне белгіленген кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 97-бабының 1-тармағына сәйкес бағдарламаның қызмет ету кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

6) F бағанына бағдарламаның кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында бағдарламаның кезеңі үшін (E-F) кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың жалпы сомасынан бағдарламаның кезеңі үшін шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың асуы нәтижесінде құралған оң айырма түрінде алынған кіріс көрсетіледі.

100.05.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.05.001A жолына, E бағаны - 100.05.001B жолына, F бағаны - 100.05.001C жолына, G бағаны - 100.05.001D жолына көшіріледі.

56. 100.05.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанына B бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін бағдарлама шегіндегі кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында есепті салық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

6) F бағанына есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

Егер жер қойнауын пайдаланушы бағдарламада көзделген кезеңде кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша жұмыстарды жүргізбесе, онда осы бағанда көрсетілген сома 100.00.009 жолына көшіріледі.

100.05.002 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.05.002A жолына, E бағаны - 100.05.002B жолына, F бағаны - 100.05.002C жолына көшіріледі.

57. 100.05.003 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) С бағанына В бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылуы тиіс жер қойнауын пайдалануға келісім-шартқа сәйкес кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

100.05.003 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.05.003 жолына көшіріледі.

## 8. Тегін алынған мүлік (жұмыстар, қызмет көрсетулер) - 100.06 нысанын жасау

58. Бұл нысан Салық кодексінің 90-бабына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктен басқа, салық төлеуші тегін алған мүлік, жұмыстар мен қызмет көрсетулер түріндегі кірісті және мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған субсидияларды айқындауға арналған.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған жағдайларда алынған ізгілік көмек түріндегі және бағыты бойынша пайдаланған мүліктің құны, мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағының 5, 6) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметтің шешімі негізінде алынған негізгі құралдары 100.00.022E және 100.00.022F жолдары бойынша жиынтық жылдық кірістен шығарылуға жатады.

59. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

60. "Мүлік" бөлімінде:

1) 100.06.01 жолы есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағының 5, 6)тармақшаларына сәйкес алынған мүліктерден басқа, сондай-ақ жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлік және мемлекет бюджет қаражаттарынан алынған субсидиялардан басқа, тегін алынған мүліктің (жұмыс, қызмет) құнын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан негізінде толтырылады;

2) 100.06.002 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

3) 100.06.003 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің

91-бабының 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

4) 100.06.004 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші тегін алған мүліктің (жұмыс, қызмет) жалпы құнын көрсетуге арналған. 100.06.001-ден 100.06.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

61. 100.06.004 жолының шамасы 100.00.013 жолына көшіріледі.

100.06.002 жолының шамасы 100.00.022E жолына көшіріледі.

100.06.003 жолының шамасы 100.00.22F жолына көшіріледі.

62. 100.00.001, 100.00.002, 100.00.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) осы Ереженің 225-тармағына сәйкес жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер атауы көрсетіледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген мүлік алынған, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген құжат нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер құны көрсетіледі.

100.06.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.06.001 жолына, 100.06.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.06.002 жолына, 100.06.003 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.06.003 жолына көшіріледі.

## 9. Дивидендтер - 100.07 нысанын жасау

63. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де салық төлеуші алған дивидендтер түріндегі кірісті айқындауға арналған.

Оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кіріс дивидендтер болып табылады.

64. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

65. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 100.07.01 жолы Қазақстан Республикасының аумағында алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.07.02 жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 100.28.001A жолында

көрсетілген сома көшіріледі;

3) 100.07.03 жолы 100.07.001 және 100.07.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

66. 100.07.003 жолының шамасы 100.00.014 жолына көшіріледі.

67. 100.07.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында дивидендтер алынған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтерді төлеу көзінен корпорациялық табыс салығын ұстап қалу туралы растаушы құжатты беру нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтерді төлеген заңды тұлға береді;

5) Е бағанында растаушы құжаттар болған кезде, ұстап қалынған салық сомасынан басқа, дивидендтердің алынған сомасы көрсетіледі.

100.07.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.07.001 жолына көшіріледі.

## 10. Сыйақы - 100.08 нысанын жасау

68. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 16) тармақшаға сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тысқары жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді айқындауға арналған. Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 2-тармақшаға сәйкес кірістер сыйақылар болып табылады.

69. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

70. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.08.001 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларынан басқа сыйақылар сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

71. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.08.002 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

72. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар" бөлімінде:

100.08.003 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар

алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

73. "Резидент еместерден сыйақылар" бөлімінде:

100.08.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынуға жататын ( алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 100.28.002A жолында көрсетілген сома көшіріледі.

74. "Барлығы" бөлімінде:

100.08.005 жолы 100.08.001A, 100.08.002C және 100.08.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

75. 100.08.005 жолының шамасы 100.00.015 жолына көшіріледі.

100.08.001B, 100.08.002D және 100.08.003D жолдарының шамасы 100.29.005B жолына көшіріледі.

76. 100.08.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сыйақы түрі көрсетіледі;

3) C бағанында сыйақы алынған заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі;

6) F бағанында төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығының сомасын ескере отырып есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында осы салықты ұстауды растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақы төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

100.08.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.08.001A жолына, G бағанының жиынтық шамасы 100.08.001B жолына көшіріледі.

77. 100.08.002, 100.08.003 жолдарына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

3) C бағанында сыйақы алынған (алынуға жататын) заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжат сыйақы төлеген заңды тұлға - эмитентке беріледі;

6) F бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт

немесе сыйақы сомасы көрсетіледі.

7) G бағанында дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында эмитенттен төлем көзінде ұстап қалынған корпорациялық табыс салығының сомасы ескерілген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. G және F бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

9) I бағанында осы салықты ұстап қалғандығын растайтын құжат бар болғанда Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес салық төлеушіге төлеуге жататын (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитент ұстап қалған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

100.08.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.08.002A жолына, G бағаны - 100.08.002B жолына, H бағаны - 100.08.002C жолына, I бағаны - 100.08.002D жолына көшіріледі.

## 11. Бағамдық айырма - 100.09 нысанын жасау

78. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріс енгізілуге жататын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасының артуын, немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын және жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты теріс бағамдық айырма сомасын айқындауға арналған.

79. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

80. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

100.09.001 жолы салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырманың жалпы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

81. "Бағамдық айырма есебі" бөлімінде:

1) 100.09.001A жолы 100.09.001A және 100.09.001B жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

2) 100.09.001B жолы 100.09.001B және 100.09.001A жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған.

82. 100.09.001A жолының шамасы 100.00.016 жолына көшіріледі. 100.09.001B жолының шамасы 100.00.033 жолына көшіріледі.

83. 100.09.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында нәтижесінде бағамдық айырма құралған шетел

валютасындағы операциялардың атауы көрсетіледі:

валюталық шоттар бойынша;

валюталық несиелер бойынша;

сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар бойынша;

жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша;

өзге де операциялар бойынша;

100.09.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 100.09.001А жолына, D бағаны - 100.09.001В жолына көшіріледі.

## 12. Еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар - 100.10 нысанын жасау

84. Осы нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады.

85. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

86. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.10.001 жолында тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндірісінде тікелей айналысатын қызметкерлердің, әкімшілік персоналы мен сатумен айналысатын қызметкерлерге есептелген еңбекақысының жалпы сомасы көрсетіледі. 100.10.001А - 100.10.001С жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

2) 100.10.002 жолында 100.10.001 жолында көрсетілген еңбекақыдан басқа Салық кодексінің 149, 154-баптарына сәйкес айқындалатын кірістер көрсетіледі. 100.10.002А-дан 100.10.002С-ға дейінгі жолдардың сомасын қосумен айқындалады;

3) 100.10.003 жолында 100.10.001 және 100.10.002 жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі. Мысалы: жұмыс беруші заңды тұлғаны қайта құрумен, қызметкерлердің штатын қысқартумен байланысты қызметкерлерге төлемдер. 100.10.003А-дан 100.10.003С-ға дейінгі жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 100.10.004 жолында 100.10.001 - 100.10.003 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі;

5) 100.10.005 жолында негізгі қаражаттарды жөндеуге қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

6) 100.10.006 жолында жұмыс беруші төлейтін және шегерімге жатқызылуға жататын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар сомасы көрсетіледі.

87. 100.10.006 жолының шамасы 100.12.004 жолына көшіріледі.

## 13. Басқару және жалпы әкімшілік шығыстары - 100.11 нысанын жасау

88. Осы нысан Салық кодексінің 195-197-баптарына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасалған кіріске немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын-алу және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелерін (бұдан әрі - халықаралық шарт) қолдануға құқығы бар тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер толтырады.

89. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық агентінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан, осы Ереженің 228-бабына сәйкес елдің коды;

4) аталған шығыстарды шегеруге жатқызуда қолданылатын әдіс;

5) Салық кодексінің 196-бабына сәйкес барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеуде қолданылатын тәсіл;

6) резиденттік елдегі салық төлеушінің салық кезеңі (көрсетілген салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді);

7) ССКТК - резиденттік елдегі салық төлеушінің салық кезеңіндегі түзету коэффициенті (түзету коэффициентінің мөлшері белгіленеді);

8) ТМСКТК - тұрақты мекемесі арқылы қызметінен Қазақстан Республикасындағы салық кезеңінің түзету коэффициенті (түзету коэффициентінің мөлшері белгіленеді).

Түзету коэффициентін (коэффициенттерін) қолданбау жағдайларында тиісті торкөз (торкөздер) толтырылмайды.

Түзету коэффициенті салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы қызметінің көрсеткіштерін салыстыру мақсатында бөлудің бара-бар әдісін қолдану кезінде және Қазақстан Республикасындағы және салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңдерінің сәйкессіздіктері кезінде қолданылады.

90. ССКТК Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында шегеруге жататын резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын есептеу үшін салық төлеушінің резиденттік елдегі және Қазақстан Республикасындағы салық кезеңдерінің ұзақтығын сәйкестендіру мақсатында енгізіледі. ССКТК базалық салық кезеңінің шеңберіне енетін салық төлеушінің резиденттік елдегі тиісті салық кезеңіне сәйкес келетін айлар санын салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі айларының жалпы санына ара-қатынасы ретінде айқындалады. Базалық салық кезеңіне Қазақстан Республикасындағы есепті салық кезеңі алынады.

1-мысал.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомаларын есептеу кезінде бөлудің бара-бар әдісін қолданады. Есептік көрсеткіш бірінші тәсіл бойынша есептеледі.

Салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйектен 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін 15 айдан тұрады. Базалық кезеңге 2001 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі дейін 12 айдан тұратын салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі қолданылады. Базалық салық кезеңі шеңберіне (2001 жылғы қаңтар - 2001 жылғы желтоқсан) салық төлеушінің резиденттік елдегі 2001 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейінгі салық кезеңі енгізіледі, бұл жағдайда ССКТК 12/15-ті құрайды.

91. ТМСКТК Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы және резиденттік елдегі салық кезеңдерінің басталу-аяқталу мерзімдерін көрсетілген салық кезеңдерінің ұзақтығы бірдей болған жағдайда есептік көрсеткішін есептеу үшін сәйкестендіру мақсатында енгізіледі. ТМСКТК базалық салық кезеңінің шеңберіне енетін Қазақстан Республикасындағы айлар санының салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі айларының жалпы санының қатынасы ретінде айқындалады.

Базалық салық кезеңіне салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі алынады.

2-мысал.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомаларын есептеу кезінде бөлудің бара-бар әдісін қолданады. Есептік көрсеткіш бірінші тәсіл бойынша есептеледі.

Салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйектен 2001 жылғы 31 тамызға дейін 12 айдан тұрады. Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі 2001 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін 12 айдан тұрады.

Базалық салық кезеңіне салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі алынады.

Базалық салық кезеңі шеңберіне (2000 жылғы қыркүйек - 2001 жылғы тамыз) Қазақстан Республикасындағы екі салық кезеңі: 2000 жылғы қыркүйек-желтоқсан және 2001 жылғы қаңтар-тамыз, тиісінше, ТМСКТК1-4/12; ТМСКТК2 - 8/12 енеді.

92. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.11.001 жолы резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған;

2) 100.11.002 жолы бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда пайдаланылатын есептік көрсеткішті көрсетуге арналған;

3) 100.11.003 жолы резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алу мақсатында шеккен, Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған.

Бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда 100.11.003А жолының шамасы 100.11.001А және 100.11.002А жолдарының қосындысы ретінде айқындалады.

Шығыстарды шегерулерге тікелей (тура) жатқызу әдісін қолданғанда 100.11.003В жолында резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алу мақсатында шеккен және Салық кодексінің 197-бабына сәйкес құжаттармен расталған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі. Шығыстар сомасы осындай шығыстарды бухгалтерлік есепте бөлек есептеу жүргізу негізінде айқындалады. Бұл ретте резидент еместің есеп саясаты қоса тіркеледі. Көрсетілген сома шығыстар баптары бойынша 100.12 нысанында көрсетіледі.

93. 100.11.001 және 100.11.002А жолдары қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

100.11.003А жолының шамасы 100.12.006 жолына көшіріледі.

94. 100.11.001, 100.11.002 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалады;

3) С бағанында резидент еместің ССКТК қолданылмаған тиісті көрсеткіштерінің сомалары көрсетіледі. Осы баған заңды тұлға-резидент еместің қаржы есебінің көрсеткіштері негізінде толтырылады;

4) D бағаны ССКТК қолданған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, D бағанының көрсеткіштері салық кезеңі үшін көрсеткіштер немесе базалық салық кезеңі шеңберіне енетін резиденттік елдегі салық кезеңі үшін көрсеткіштер сомасына, көрсетілген мәліметтерге ССКТК қолданылған көрсеткіштер болып табылады.

3 мысал.

1 мысалдың деректері қолданылады.

ССКТК 12/15 құрайды.

Резидент еместің салық кезеңіндегі ССКТК қолданылмаған жиынтық кірісі 20 млн теңге құрайды.

Есепті салық кезеңі үшін резидент еместің ССКТК қолданылған жиынтық жылдық кірісі:

20 млн.х12/15 = 16 млн теңге құрайды.

Резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары 1 млн теңге құрады.

Резидент еместің ССКТК қолданылған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы:

1 млн х 12/15 = 0,8 млн теңге құрады.

D бағанының тиісті көрсеткіштерін есептеу кезінде есеп қоса беріледі;

5) Е бағанында резидент еместің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен ТМСКТК қолданылмаған тиісті көрсеткіштерінің сомасы көрсетіледі.

Осы баған көрсетілген қызметтің қаржы есебінің деректері негізінде толтырылады.

6) F бағаны ССКТК қолданған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, F бағанының көрсеткіштері салық кезеңі үшін көрсеткіштер немесе базалық салық кезеңі шеңберіне енетін Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі үшін көрсеткіштер сомасына, көрсетілген мәліметтерге ССКТК қолданылған көрсеткіштер болып табылады.

4 мысал.

2 мысалдың деректері қолданылады.

ТМСКТК1 - 4/12; ТМСКТК2 - 8/12.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК қолданылмаған жиынтық жылдық кірісі 2000 жылы 0,5 млн теңге; 2001 жылы - 0,55 млн теңге құрады.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК1 және ТМСКТК2 қолданылған жиынтық жылдық кірісі:

0,5 млн х 4,12+0,55 млн х 8/12 15 = 166667+366667 = 533334 теңге құрады.

F бағанының тиісті көрсеткіштерін есептеу кезінде есеп қоса беріледі;

7) G бағанында қолданылатын әдіс бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі. Есептік көрсеткіш С бағанының көрсеткіштеріне F бағанының көрсеткіштері немесе D бағанының көрсеткіштеріне Е бағанының көрсеткіштері не С бағанының көрсеткіштеріне Е бағанының көрсеткіштер қатынасы ретінде айқындалатын, резидент еместің салыстырылатын көрсеткіштеріне тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен салыстырылатын көрсеткіштердің қатынасы ретінде көрсетіледі.

Тиісті есептік көрсеткіш мөлшері Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес есептеледі. Есептік көрсеткіш шамасын айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі.

5 мысал.

ССКТК қолданылған жағдайда:

3 мысалдың деректері пайдаланылады.

Резидент еместің есепті салық кезеңіндегі ССКТК қолданылған жиынтық жылдық кірісі 16 млн. теңге құрайды.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен ТМСКТК қолданылмаған жиынтық жылдық кірісі 0,4 млн. теңге құрады.

Бұл ретте, есептік көрсеткіш:

0,4 млн. / 16 млн = 0,025.

Резидент еместің ССКТК қолданылған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының шамасы 0,8 млн теңге құрағанын ескерсек, онда Қазақстан Республикасында көрсетілген шығыстарды мына сомада есептен шығаруға рұқсат етіледі:

0,8 млн. х 0,025 = 0,02 млн. теңге.

6 мысал.

ТМСКТК қолданылған жағдайда:

4 мысалдың деректері қолданылады.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК1 және ТМСКТК2 қолданылған жиынтық жылдық кірісі 533334 теңге құрайды.

Резидент еместің ССКТК қолданбай салық кезеңі үшін жиынтық жылдық кірісі 50 млн. теңге құрайды.

Осы жағдайда есептік көрсеткіш:

533334/50 млн = 0,011 құрайды.

Резидент еместің ССКТК қолданылмаған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы 2 млн. теңге құрайды.

Қазақстан Республикасында көрсетілген шығыстарды:

2 млн.х 0,011 = 0,022 млн. теңге сомасына есептен шығаруға рұқсат етіледі.

95. 100.11.001, 100.11.002 жолдарына қосымша нысанның 001G немесе 004G жолында айқындалатын есептік көрсеткіш шамасы есептік көрсеткішті есептеудің қолданылатын тәсіліне қарай 100.11.002A жолына көшіріледі.

100.11.001, 100.11.002 жолдарына қосымша нысанның 005C жолында есептелген басқару және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы 100.11.001A

жолына көшіріледі. ССКТК қолданылған жағдайда 100.11.001A жолына 100.11.001, 100.11.002 жолдарына қосымша нысанның 005D жолында көрсетілген басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көшіріледі.

## 14. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар - 100.12 нысанын жасау

96. Бұл нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуға тиіс сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар сомасын және Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес жылдық жиынтық кіріске (кірістен) енгізуге (алып тастауға) жататын активтерді бағалау әдісінің өзгеруінен кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу, шығару мен сату кірісті алу құралы болып табылатын салық төлеушілер есепті салық кезеңінің басына және соңына тауарлық-материалдық қорлардың (бұдан әрі - ТМҚ) құнын көрсетуге міндетті.

ТМҚ есебі Салық кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

97. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

98. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.12.001 жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ құны бұрынғы салық кезеңінің соңына ТМҚ құны болып табылады. Деректер бұрынғы салық кезеңі үшін 100.12.002 тиісті жолынан көшіріледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол есепті салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде есепті салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

2) 100.12.002 жолы есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 100.12.002 жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады;

3) 100.12.003 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылатын 100.12.003A, 100.12.003B, 100.12.003C, 100.12.003D, 100.12.003E, 100.12.003F, 100.12.003H,

100.12.003J, 100.12.003K, 100.12.003L, 100.12.003M, 100.12.003N, 100.12.003O, 100.12.003P жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 100.12.004 жолына 100.10.06 жолында айқындалған еңбекақыны төлеу жөніндегі шығыстар сомасы көшіріледі;

5) 100.12.005 жолында 100.12.005A, 100.12.005F және 100.12.005G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын 100.12.003 жолында ескерілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығару мен сату бойынша шығыстардың басқа да барлық сомасы көрсетіледі;

6) 100.12.005A жолында 100.12.005B-дан 100.12.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. 100.12.005B жолында Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, іссапар және кері орнына жолға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.12.005C жолында Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.12.005D және 100.12.005E жолдарда Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 3) және 4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және тысқары іссапарлар бойынша төленетін күндік тиісті сома көрсетіледі;

7) 100.12.005B жолында Салық кодексінің 93-бабындағы 2-тармаққа сәйкес жүргізілген өкілдік шығыстарының нақты сомасы көрсетіледі;

8) 100.12.005C жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыстар сомасы көрсетіледі.

100.12.003 - 100.12.005 жолдарында келтірілетін деректер 100.00.024 - 100.00.036 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

9) 100.12.006 жолында 100.12.003A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 100.12.007 жолында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) шығысқа қосылған ТМҚ және басқа да шығыстардың жиынтық сомасы, (100.12.001 - 100.12.002) + 100.12.003 - 100.12.006 жолдарының сомасы көрсетіледі;

11) 100.12.008 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

12) 100.12.009 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі емес мақсаттарда пайдаланған ТМҚ, жұмыстар мен қызметтер сомасы көрсетіледі;

13) 100.12.010 жолында 100.12.007 жолының сомасынан 100.12.008 және 100.12.009 жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын сатылған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

14) 100.12.011A жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ өзіндік құнын

бағалаудың қолданылатын әдісі көрсетіледі;

15) 100.12.011B жолында пайдаланылатын бағалау әдісінің өзгеру фактісі көрсетіледі. Осы жолды ТМҚ өзіндік құнын олардың бағалау әдісін өзгертуі кезінде салық төлеуші толтырады;

16) 100.12.012 жолында 100.12.011C жолының сомасынан 100.12.011 D жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын ТМҚ өзіндік құнының бағалау әдісінің өзгеруі кезінде алынған кіріс (шығыс) сомасы көрсетіледі.

17) 100.12.013 жолы анықтамалы түрде толтырылады, есепті салық кезеңі үшін іссапарларда қызметкерлер жүргізген іссапарлар саны мен күндерінің саны көрсетіледі.

99. 100.12.010 жолының шамасы 100.00.024 жолына көшіріледі.

100.12.012 жолының шамасы Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес 100.00.022H жолына көшіріледі.

100. 100.12.003A, 100.12.003B, 100.12.003C, 100.12. 003D, 100.12.003E, 100.12.003F, 100.12.003H, 100.12.003J, 100.12.003K, 100.12.003L, 100.12.003M, 100.12.003N, 100.12.003O, 100.12.003P жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кірістерді алушы осы Ереженің 228-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік етуші елдің коды көрсетіледі. Бұл ретте жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қатысты жүргізілген шығыстар бойынша B бағанында олардың саны, ал C бағанының деректері бірыңғай сомамен көрсетіледі;

3) C бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.12.003A жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 100.12.003A жолына, 100.12.003B жолына қосымша нысан C бағаны 100.12.003B жолына, 100.12.003C жолына қосымша нысан C бағанының 100.12.003C жолына, 100.12.003D жолына қосымша нысан C бағанының 100.12.003D жолына, 100.12.003E жолына қосымша нысан C бағанының шамасы 100.12.003E жолына, 100.12.003F жолына қосымша нысан C бағанының 100.12.003F жолына, 100.12.003H жолына қосымша нысан C бағанының 100.12.003H жолына, 100.12.003J жолына қосымша нысан C бағанының шамасы 100.12.003J жолына, 100.12.003K жолына қосымша нысан 100.12.003K жолына, 100.12.003L жолына қосымша нысан C бағанының 100.12.003L жолына, 100.12.003M жолына қосымша нысан C бағанының шамасы 100.12.003M жолына, 100.12.003N жолына қосымша нысан 100.12.003N жолына, 100.12.003O жолына қосымша нысан C бағанының 100.12.003D жолына, 100.12.003C жолына қосымша нысан C бағанының шамасы 100.12.003O жолына, 100.12.003P жолына қосымша нысан 100.12.003P жолына көшіріледі.

## 15. Сыйақы бойынша шығыстар - 100.13 нысанын жасау

101. Бұл нысан Салық кодексінің 94-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

102. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

103. "Кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 100.13.001 жолы салық төлеуші резидентке төлейтін кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 100.13.002 жолы салық төлеуші резидент емеске төлейтін кредиттер ( заемдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

104. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.13.003 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

105. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

100.13.004 жолы меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әрбір айының соңындағы орташа арифметикалығына тең меншікті капитал сомаларын көрсетуге арналған;

100.13.005 жолы есепті салық кезеңінің әрбір айының ішінде олар бойынша сыйақы төленетін міндеттемелердің ең жоғары сомасының орташа арифметикалығына тең міндеттемелердің орташа жылдық сомасы көрсетуге арналған;

100.13.006 жолы қаржы ұйымдары үшін 7-ге, өзге заңды тұлғалар үшін 4-ке тең шекті коэффициент көрсетуге арналған.

106. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 100.13.007 жолында 100.13.001B және 100.13.003D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резиденттерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 100.13.008 жолында 100.13.002B және 100.13.003G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 100.13.009 жолында 100.13.007 және 100.13.008 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 100.13.010 жолында 100.13.007 + 100.13.004/100.13.005 x 100.13.006 x 100.13.008 формуласы бойынша айқындалатын, шегерімге жатқызылуға тиіс сыйақылардың шекті сомасы көрсетіледі;

5) 100.13.011 жолында 100.13.009 және 100.13.010 жолдары бойынша ең төменгі сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызылуға тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

107. 100.13.011 жолының шамасы 100.00.025 жолына көшіріледі.

108. 100.13.001, 100.13.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор-ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 228-тармағына сәйкес кредитор - ұйым салық төлеушісінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында алынған кредит (заем) сомасы көрсетіледі. Кредитті (заемды) шет ел валютасында алғанда кредитті (заемды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгемен есептеледі;

6) F бағанында белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші резидентке төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі.

100.13.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.11.001А жолына, F бағаны - 100.13.001В жолына, 100.13.002 жолына қосымша нысан Е бағаны 100.13.002А жолына, F бағаны - 100.13.002В жолына көшіріледі.

109. 100.13.003 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында эмиссиялар бойынша бөлшектеп берешек бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі;

3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеудің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздың атаулы құны көрсетіледі. Берешек бағалы қағазды шет ел валютасында шығарғанда берешек бағалы қағаздың атаулы құны берешек бағалы қағазды сату сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі.

5) Е бағанында резидентке төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында резидентке төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон

сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (F+E) ретінде айқындалатын резидентке төленетін сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі;

8) H бағанында резидент емеске сыйақыны төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында резидент емеске төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (F+E) ретінде айқындалатын резидент емеске төленетін сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі;

100.13.003 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.13.003A жолына, E бағаны - 100.13.003B жолына, F бағаны - 100.13.003C жолына, G бағаны - 100.13.003D жолына, H бағаны - 100.13.003E жолына, I бағаны - 100.13.003F жолына, J бағаны - 100.13.003G жолына көшіріледі.

## 16. Төленген күмәнді міндеттемелер - 100.14 нысанын жасау

110. Бұл нысан Салық кодексінің 95-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің сомасын айқындауға арналған.

111. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

112. "Күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

100.14.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

113. "Есептен шығарылған міндеттемелер" бөлімінде:

100.14.002 жолы Салық кодексінің 83-бабына сәйкес бұрын алдын кіріс деп танылған, төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

114. "Міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

100.14.002 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс бұрын алдын кіріс деп танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға арналған және 100.14.001C және 100.14.002C жолдарының сомасы айқындалады.

115. 100.14.003 жолының шамасы 100.14.026 жолына көшіріледі.

116. 100.14.001 және 100.14.002 жолдарына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіріске жатқызылған және салық төлеуші бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған, сома төленген кредитор - заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың ( шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

6) F бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

8) H бағанында төленген күмәнді міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі F және H бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.14.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.14.001A жолына, H бағаны - 100.14.001B жолына, I бағаны - 100.14.001C жолына көшіріледі.

100.14.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.14.002A жолына, H бағаны - 100.14.002B жолына, I бағаны - 100.14.002C жолына көшіріледі.

## 17. Күмәнді талаптар - 100.15 нысанын жасау

117. Бұл нысан Салық кодексінің 96-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптар сомасын айқындауға арналған.

118. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

119. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

100.15.01 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

120. 100.15.001B жолының шамасы 100.00.027 жолына көшіріледі.

121. 100.15.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушіге берешек үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатылған, жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеушіде бар дебиторлық берешек бойынша құжат (шот-фактура) күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында осы шығыстарды оларға шегерімге жатқызу туралы өз тіркеу орны бойынша салық органына жіберілген салық төлеуші хабарламасының күні мен нөмірі көрсетіледі. Хабарламада сатып алушының атауы, сатып алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі, шот-фактураның күні мен нөмірі, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны, шегерімге жатқызылған сома көрсетіледі. Хабарламаға ұйымның басшысы, бас бухгалтері қол қоюы және куәландырылуы тиіс;

6) F бағанында дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

7) G бағанында Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

8) H бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске H бағанында көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;

10) J бағанында күмәнді талап болып табылатын және шегерімге жататын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.15.001 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 100.15.001A жолына, J бағаны - 100.15.001B жолына көшіріледі.

**18. Ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыстар - 100.16 нысанын жасау**

122. Бұл нысан Салық кодексінің 98-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс және кіріс алумен байланысты жүргізілген ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған.

123. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректер көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

124. "Шығыстар" бөлімінде:

100.16.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

125. 100.16.001 жолының шамасы 100.00.029 жолына көшіріледі.

126. 100.16.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ереженің 228-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында орындалған жұмыстардың түрлері (атауы) көрсетіледі;

5) E бағанында ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында бұрынғы шегерімге жататын және кірістер алумен байланысты ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

100.16.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.16.001 жолына көшіріледі.

**19. Сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар - 100.17 нысанын жасау**

127. Бұл нысан Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын айқындауға арналған.

128. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы.

129. "Мүліктің құндық балансы (құнынан) сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары" бөлімінде:

100.17.001 жолы сақтандырылатын мүліктің құндық балансы (құнынан) сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызуға тиісті сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

130. "Жылдық жиынтық кіріс сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары" бөлімінде:

100.17.002 жолы жылдық жиынтық кіріс сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызуға тиісті сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

131. "Барлығы" бөлімінде:

100.17.003 жолында 100.17.003D және 100.17.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызуға тиісті сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі.

132. 100.17.003 жолының шамасы 100.00.030 жолына көшіріледі.

133. 100.17.001 жолына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген, осы Ереженің 228-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларынан басқа, есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеуге тиіс (төленген) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйақылары төленетін сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 229-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңі үшін төлеуге тиіс (төленген) сақтандыру

сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылатын мүліктің құндық балансы (құндық балансы жоқ жүктер үшін - құны) көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сақтандыру сыйақыларының шекті нормасы көрсетіледі;

10) J бағанында I (I*H) бағанында көрсетілген нормаларды қолданумен айқындалатын, сақтандыру сыйақыларының шекті сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында G және J бағанында көрсетілген сомадан ең азы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын, сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

100.17.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 100.17.001A жолына, H бағаны - 100.17.001B жолына, J бағаны - 100.17.001C жолына, K бағаны - 100.17.001D жолына көшіріледі.

134. 100.17.002 жолына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген, осы Ереженің 228-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларынан басқа, есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеуге тиіс (төленген) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйақылары төленетін сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 229-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңі үшін төлеуге жататын (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында 100.00.023 жолында көрсетілген, жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сақтандыру сыйақыларының шекті нормасы көрсетіледі;

10) J бағанында I (I*H) бағанында көрсетілген нормаларды қолданумен айқындалатын, сақтандыру сыйақыларының шекті сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында G және J бағанында көрсетілген сомадан ең азы ретінде

айқындалатын, шегерімге жататын, сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

100.17.002 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 100.17.002A жолына, H бағаны - 100.17.002B жолына, I бағаны - 100.17.002C жолына, J бағаны - 100.17.002D жолына, K бағаны - 100.17.002E жолына көшіріледі.

## 20. Әлеуметтік төлемдерге шығыстар - 100.18 нысанын жасау

135. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

136. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

137. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.18.001A жолында қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 100.18.001B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеудің мөлшері көрсетіледі;

3) 100.18.001C жолында шегерімге жатқызылуы тиіс қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 100.18.001A және 100.18.001B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

4) 100.18.002A жолында жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 100.18.002B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеудің мөлшері көрсетіледі;

6) 100.18.002C жолында шегерімге жатқызылуы тиіс жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 100.18.002A және 100.18.002B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

7) 100.18.003A жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 100.18.003B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың

мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге ( бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеудің мөлшері көрсетіледі;

9) 100.18.003C жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 100.18.003A және 100.18.003B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

10) 100.18.004A жолында мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 100.18.004B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдардың мөлшері көрсетіледі;

12) 100.18.004C жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 100.18.004A және 100.18.004B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

13) 100.18.005A жолында жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

14) 100.18.005B жолында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

15) 100.18.005C жолында шегерімге жатқызылуы тиіс жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 100.18.004A және 100.18.004B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

16) 100.18.006 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.18.001C, 100.18.002C, 100.18.003C, 100.18.004C, 100.18.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

138. 100.18.006 жолының шамасы 100.00.031 жолына көшіріледі.

## 21. Геологиялық зерттеуге шығыстар және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары - 100.19 нысанын жасау

139. Бұл нысан Салық кодексінің 101-бабына сәйкес табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеуге шығыстар сомасын,

сондай-ақ шегерімге жатқызылуы тиіс жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын айқындауға арналған.

140. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) келісім-шартты жасау күні және нөмірі.

141. "Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар" бөлімінде:

1) 100.19.001 жолында геологиялық зерттеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

2) 100.19.002 жолында бағалау және орналастыру кезеңінде пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстары мен барлауға шығыстар сомасы көрсетіледі;

3) 100.19.003 жолында жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

4) 100.19.004A жолында Салық кодексінің 288-бабының 1-тармағына сәйкес қол қойылатын төленген бонус сомасы көрсетіледі;

5) 100.19.004B жолында Салық кодексінің 291-бабына сәйкес төленген коммерциялық табылу бонусының сомасы көрсетіледі;

6) 100.19.004C жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына сәйкес өндіру бонусын төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

7) 100.19.005 жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына сәйкес тарихи шығыстарды төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

8) 100.19.006 жолында 100.19.001 - 100.19.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстары мен барлауға , геологиялық зерттеуге шығыстардың жалпы сомасы және салық төлеушінің басқа да шығыстары көрсетіледі;

9) 100.19.007 жолында табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары, барлау, геологиялық зерттеу өткізу кезеңіне келісім-шарт жасалған шектерде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған кірістер сомасы көрсетіледі;

10) 100.19.008 жолында 100.19.006 жолында көрсетілетін шығыстар сомасына азайтылмайтын 100.19.007 жолынан кірістер сомасы көрсетіледі. 100.19.009 және 100.19.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

11) 100.19.009 жолында пайдалы қазбаларды сату кезінде жер қойнауын пайдаланушы алған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

12) 100.19.010 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес алып тастауға

жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.19.010A - 100.19.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

13) 100.19.011 жолында 100.19.006 жолында алынған шығыстар сомасына азайтылатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.19.007 және 100.19.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

14) 100.19.012 жолында 100.19.006 және 100.19.011 жолдарының айырмасы ретінде алынған Салық кодексінің 101-баптың 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеу, барлауға шығыстар сомасы көрсетіледі.

142. "Материалдық емес активтерге шығыстар" бөлімінде:

100.19.013 жолы материалдық емес активтерге шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

143. "Геологиялық зерттеуге шығыстар мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 100.19.014A жолында табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеуге шығыстар сомасы көрсетіледі. Келісім-шарттың іс-әрекет етудегі бірінші салық кезеңінде осы жолға 100.19.012 жолында айқындалған сома, одан кейінгі салық кезеңдеріне - бұрынғы салық кезеңі үшін 100.19.014D жолында айқындалған сома көшіріледі;

2) 100.19.015A жолында материалдық емес активтерге шығыстар сомасы көрсетіледі. Келісім-шарттың іс-әрекет етудегі бірінші салық кезеңінде осы жолға 100.19.013 жолында айқындалған сома, одан кейінгі салық кезеңдеріне - бұрынғы салық кезеңі үшін 100.19.015D жолында айқындалған сома көшіріледі;

3) 100.19.014BI және 100.19.015BI жолдарында 25 проценттер мөлшерінде амортизацияның шекті нормасы көрсетіледі;

4) 100.19.014BII және 100.19.015BII жолдарында шекті нормадан аспайтын (25%) жер қойнауын пайдаланушы қолданатын амортизацияның нормасы көрсетіледі;

5) 100.19.014C және 100.19.014C жолдарында тиісінше 100.19.014A және 100.19.014BII, 100.19.015A және 100.19.015BII жолдарының туындысы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылуы тиіс амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

6) 100.19.014D және 100.19.015D жолдарында тиісінше 100.19.014A және 100.19.014C, 100.19.015A және 100.19.015C жолдарының туындысы ретінде айқындалған келесі салық кезеңіне көшірілетін шығыстар сомасы көрсетіледі;

7) 100.19.016 жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.19.014C және 100.19.015C жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

144. "Кадрларды оқытуға және әлеуметтік саланы дамытуға шығыстар" бөлімінде:

1) 100.19.017 жолында есепті салық кезеңі үшін келісім-шарт шегінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

2) 100.19.018 жолында есепті салық кезеңі қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстарды жер қойнауын пайдаланушы нақты жүргізген сома көрсетіледі;

3) 100.19.019 жолында шегерімге жататын қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі. 100.19.017 және 100.19.018 жолдарының ең аз мәні ретінде айқындалады.

145. 100.19.016 және 100.19.019 жолдарының шамасы 100.00.032 жолына көшіріледі.

146. 100.19.009 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанына тиісті пайдалы қазбаларды сатудан кірістер сомасы көрсетіледі .

100.19.009 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 100.19.009 жолына көшіріледі.

147. 100.19.013 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші алған материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанына тиісті материалдық емес активтерге шығыстар сомасы көрсетіледі.

100.19.013 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 100.19.013 жолына көшіріледі.

## 22. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар - 100.20 нысанын жасау

148. Бұл нысан Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістерді анықтауға арналған.

149. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

150. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

1) 100.20.001 жолы қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру

сыйақыларының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 100.20.002 жолы Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған өзге де кірістерді анықтауға арналған;

3) 100.20.003 жолы бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және 100.20.001 мен 100.20.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

151. 100.20.003 жолының шамасы 100.00.012 жолына көшіріледі.

152. 100.20.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеген (төлеуге тиіс) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) Е бағанында сақтандыру сыйақылары төлеген (төлеуге тиіс) сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 229-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында Е бағанында көрсетілген, сақтандыру шарты қолданысының біту күні немесе тоқтатылуы (сақтандыру сыйақылары сомаларын жылдық жиынтық кіріске енгізу күні) көрсетіледі;

8) Н бағанында есеп салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

100.20.001 жолына қосымша нысан Н бағанының жиынтық шамасы 100.20.001 жолына көшіріледі.

## 23. Бюджетке енгізуге жатпайтын айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары - 100.21 нысанын жасау

153. Бұл нысан Салық кодексінің 92-бабы 5-тармағына сәйкес бюджетке енгізуге тиістілерден басқа, шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын айқындауға арналған.

154. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

155. "Айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары" бөлімінде:

100.21.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

156. 100.21.001 жолының шамасы 100.00.035 жолына көшіріледі.

157. 100.21.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оның алдында шаруашылық шарттарын жағдайларын бұзғаны үшін шарт міндеттемелері туындаған ұйым атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген ұйым осы Ереженің 228-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында оған сәйкес салық төлеушіге (салық төлеуші) танылған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) немесе сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

100.21.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.21.001 жолына көшіріледі.

## 24. Кесімді активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер - 100.22 нысанын жасау

158. Бұл нысан Салық кодексінің 4-бөлімі 3-параграфына сәйкес салық салу мақсатында кесімді активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ Салық кодексінің 87-бабына сәйкес шағын топтың теңгермелік құнынан есептен шыққан кесімді активтердің (I және II активтерден басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

159. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

160. "Үйлер, құрылыстар" бөлімінде:

100.22.001 жолы үйлер, құрылыстар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

161. "Ғимараттар" бөлімінде:

100.22.002 жолы ғимараттар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

162. "Негізгі қаражаттың қалған шағын тобы" бөлімінде:

100.22.003 жолы негізгі қаражаттың қалған шағын тобы бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

163. "Негізгі қаражат бойынша барлығы" бөлімінде:

100.22.004 жолы негізгі қаражат бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 100.22.001, 100.22.002, 100.22.003 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

164. "Материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 100.22.005A жолында өткен салық кезеңі үшін 100.22.005H жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

2) 100.22.005B жолында есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ материалдық емес активтердің жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Бұл бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 100.23.001 жолына қосымша нысанның К бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

3) 100.22.005C жолында Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде материалдық емес активтерді сатудан алынған және/немесе алынуға жататын, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ материалдық емес активтерді есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

4) 100.22.005D жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің соңындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі (100.22.005A + 100.22.005B - 100.22.005C);

5) 100.22.005E жолында Салық кодексінің 107-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі (100.22.005D x 100.22.005J);

6) 100.22.005F жолында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 100 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

7) 100.22.005G жолында Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес егер есепті салық кезеңінің аяғында осы шағын топтың барлық тіркелген активтері жойылса, 100.22.005F жолында көрсетілген сомаға тең есепті салық

кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

8) 100.22.005H жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзету есебімен (100.22.005D - 100.22.005E - 100.22.005F - 100.22.005G ) және амортизациялық аударымдар сомасына кемітілген есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны ретінде айқындалатын шағын топтың құндық теңгермесі көрсетіледі.

9) 100.22.005I жолында 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

10) 100.22.005J жолында салық төлеушілер қолданатын материалдық емес активтер бойынша амортизацияның нормалары, бірақ 100.22.005I жолында көрсетілген шектен жоғары емес процентпен көрсетіледі.

165. "Басқалары" бөлімінде:

1) 100.22.006 жолы шағын топтың құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған. 100.22.003 жолына қосымша нысан J бағанының және 100.22.005D жолының теріс сомаларын қосумен айқындалады;

2) 100.22.007 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, жал келісім-шартына сәйкес жалға беруші жүргізген және жалға беруші өтемеген жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

166. 100.22.004E жолының шамасы 100.00.036A жолына көшіріледі.

100.22.005E жолының шамасы 100.00.036B жолына көшіріледі.

100.22.004I және 100.22.005G жолдарының шамасы 100.00.036D жолына көшіріледі.

100.22.004H және 100.22.005F жолдарының шамасы 100.00.036E жолына көшіріледі.

100.22.004F жолының шамасы 100.00.036 G жолына көшіріледі.

100.22.006 жолының шамасы 100.00.008 жолына көшіріледі.

167. 100.22.001, 100.22.002, 100.22.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 110-баптың 1-тармағына сәйкес салық төлеуші амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында Салық кодексінің 107-бабы мен 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін негізгі құралдар тобының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында амортизациялық аударымдар есептелетін негізгі құралдардың тиісті тобының амортизациялық шағын тобының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

6) F бағанында салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ бойынша процентпен, бірақ E бағанында көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;

7) G бағанында әрбір салық шағын тобы бойынша өткен салық кезеңі үшін 100.22.001, 100.22.002, 100.22.003 жолдарына қосымша нысанның P бағанының тиісті жолдарынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

8) H бағанында шағын топтар бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген негізгі активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 100.23.001 жолына қосымша нысанның K бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың қалдық құны көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде негізгі құралдарды сатудан алынған және/немесе алынуы, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ негізгі құралдардың есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы (Ө+H-I) айқындалады;

11) K бағанында Салық кодексінің 107-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес (J x F) есептелген есепті салық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс негізгі құралдардың әрбір шағын тобы бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес жалпы шыққан шығыстар сомасына тепе-тең негізгі құралдардың тиісті тобының, шағын тобының теңгерімдік құны артатын, L бағанында көрсетілген сомадан асатын негізгі құралдарды жөндеуге салық төлеушінің шыққан нақты шығыстарының сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 100

айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

15) O бағанында егер Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес осы шағын топтың барлық кесімді активтері есепті салық кезеңінің соңына есептен шықса, J бағанында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер (J - K + M - N - O) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі.

Жиынтық шама:

100.22.001 жолға қосымша нысанның G бағаны 100.22.001A жолына, H бағаны - 100.22.001B жолына, I бағаны - 100.22.001C жолына, J бағаны - 100.22.001D жолына, K бағаны - 100.22.001E жолына, L бағаны - 100.00.001F жолына, M бағаны - 100.22.001G жолына, N бағаны - 100.22.001H жолына, O бағаны -100.22.001I жолына, P бағаны - 100.22.001J жолына көшіріледі;

100.22.002 жолға қосымша нысанның G бағаны 100.22.003A жолына, H бағаны - 100.22.002B жолына, I бағаны - 100.22.002C жолына, J бағаны - 100.22.002D жолына, K бағаны - 100.22.002E жолына, L бағаны - 100.00.002F жолына, M бағаны - 100.22.002G жолына, N бағаны - 100.22.002H жолына, O бағаны -100.22.002I жолына, P бағаны - 100.22.002J жолына көшіріледі;

100.22.003 жолға қосымша нысанның G бағаны 100.22.003A жолына, H бағаны - 100.22.003B жолына, I бағаны - 100.22.003C жолына, J бағаны - 100.22.003D жолына, K бағаны - 100.22.003E жолына, L бағаны - 100.00.003F жолына, M бағаны - 100.22.003G жолына, N бағаны - 100.22.003H жолына, O бағаны -100.22.003I жолына, P бағаны - 100.22.003J жолына көшіріледі.

168. 100.22.003 жолға қосымша нысанның J бағаны мен 100.22.005D жолы 100.22.006 жолына көшіріледі.

169. 100.22.007 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында негізгі құралдарды жылдық жиынтық табыс алу мақсатында алған жалға берушінің атауы (аты-жөні, тегі) көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, олар бойынша жөндеуге кеткен шығыстар келісім-шартқа сәйкес жалға беруші өтемеген негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармаққа сәйкес, D бағанында көрсетілген негізгі құралдар топтарының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында негізгі құралдар жалға алу келісім-шартының нөмірі мен күні

көрсетіледі;

7) G бағанында жал келісім-шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жал төлемінің сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында жалға беруші өтеуге тиіс жөндеуге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында жалға беруші өтемеген, H және I бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын жөндеуге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес және J және K бағандары бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын шегерімге жатқызылмайтын негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

100.22.007 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 100.22.007A жолына, H бағаны - 100.22.007B жолына, I бағаны - 100.22.007C жолына, J бағаны - 100.22.007D жолына, K бағаны - 100.22.007E жолына, L бағаны - 100.22.007F көшіріледі.

## 25. Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар - 100.23 нысанын жасау

170. Бұл нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

171. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

172. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

100.23.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

173. 100.23.001B жолының шамасы 100.00.036C жолға көшіріледі.

174. 100.23.001 жолға қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында тіркелген активтердің атауы көрсетіледі;

3) C бағанында Қазақстан Республикасының аумағында тиісті тіркелген активті іске қосу күні көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген активтің шағын тобының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағында белгіленген тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі;

7) G бағанында F бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;

8) H бағанында салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес (G x 2) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі ;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі;

10) J бағанында кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ( I x H) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация аударымдарының сомалары көрсетіледі;

11) K бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін (I-J) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге жатады және келесі салық кезеңінің 100.22.001, 100.22.002, 100.22.003 жолдарға қосымша нысанның H бағанының және 100.22.005 жолға қосымша нысанның F бағанының тиісті жолдарына көшіріледі.

12) L бағанында тиісті тіркелген активтің жойылған күні көрсетіледі.

100.23.001 жолға қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы

100.23.001A жолына, J бағаны - 100.23.001B жолына, K бағаны - 100.23.001C жолына көшіріледі.

## 26. Инвестициялық салықтық преференциялар бойынша шегерімдер - 100.24 нысанын жасау

175. Бұл нысан Салық кодексінің 5-бөлімнің ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құнын айқындауға арналған.

176. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) өтелімділік мерзімі;

4) инвестицияларды қорғау жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы мәселені реттейтін Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жасалған келісім-шарт нөмірі мен күні;

5) преференциялар берілген кезең.

177. "Инвестициялық салықтық преференциялар бойынша шегерімдер" бөлімінде:

100.24.001 жолы инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

178. 100.24.001B жолының шамасы 100.00.036F жолға көшіріледі.

179. 100.24.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында тіркелген активтердің атауы көрсетіледі;

3) C бағанында тіркелген активтерді іске қосу күні көрсетіледі;

4) D бағанында инвестициялық жоба шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны көрсетіледі (инвестициялық бағдарлама). Келесі салық кезеңінде осы жолға өткен салық кезеңі үшін 100.24.001 жолға қосымша нысанының G бағанының тиісті жолдарындағы тіркелген активтердің қалдық құны және келісім-шарттың шарты бойынша есепті салық кезеңінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны көшіріледі;

5) E бағанында есеп бойынша инвестициялық салықтық преференциялар берудің ағымдағы кезеңі көрсетіледі (бірінші салық кезеңі - преференцияларды қолданудың бірінші жылы, келесі салық кезеңдері - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған келісім-шарттың негізінде преференцияларды қолдану жылы). Преференцияларды қолдану мерзімі инвестициялардың көлемі мен өтелу мерзіміне байланысты, бірақ Салық кодексінің 139-бабының 2 және 6 -тармақтарына сәйкес преференцияларды қолдану мерзімінен бастап бес жылдан

а с п а й д ы ;

6) F бағанында келісім-шартқа сәйкес инвестициялық салықтық преференцияларды қолдану мерзіміне қарай шегерімге жатқызылуы тиіс тіркелген активтердің құны көрсетіледі;

7) G бағанында келесі салық кезеңінің 100.24.001 жолына қосымша нысанының D бағанының тиісті жолдарына көшірілетін тіркелген активтердің құны көрсетіледі (D - F).

100.24.001 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.24.001A жолына, F бағаны - 100.24.001B жолына, G бағаны - 100.24.001C жолына көшіріледі.

## 27. Резидент еместер болып табылатын, заңды және жеке тұлғаларға төлейтін Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстары - 100.25 нысанын жасау

180. Осы нысан резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмаған қызметіне Қазақстан Республикасының көздерінен түскен кіріс және Салық кодексінің 179 , 187 , 198 - 201-1-баптарына сәйкес төлем көзінен табыс салығының сомасын айқындауға арналған.

181. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық агентінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

182. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 100.25.001 жолы салық кезеңінің басында резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленбеген табысының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

2) 100.25.002 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген табыстың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

3) 100.25.003 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде т о л т ы р ы л а д ы ;

4) 100.25.004 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске төлеуге тиісті, кіріс сомаларының және осындай кірістерден жеке табыс салығы сомаларының есептелген табыстың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

5) 100.25.005 жолы өткен салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда резидент емеске төленген және (немесе) салық агенті шегерімге жатқызған бюджетке есептеуге тиісті табыстың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

6) 100.25.006 жолы Салық кодексінің 181-бабы 1) тармақшасына сәйкес

бюджетке есептеуге тиісті резидент емес төлеген жеке табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

7) 100.25.007 жолы Салық кодексінің 181-бабы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге тиісті резидент еместерге төленбеген, бірақ салық агентімен бұрынғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған, кірістерден ұсталатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

8) 100.25.008 жолы салық кезеңі үшін Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымына аударылған табыс салығы сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

183. 100.25.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, осы Ереженің 227-бабына сәйкес кірістерінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында салық кезеңінің басында резидент еместерге төленбеген кірістердің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында салық кезеңі үшін есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында кірістерден есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында D және Е бағандары көрсеткіштері арасындағы айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін төленуге тиіс кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында өткен салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда резидент емеске төленген және (немесе) төленбеген, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған төленген кірістердің сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге жататын салық кезеңі үшін резидент еместердің төленген кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 181-бабы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге тиісті, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған резидент еместердің төленбеген кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес салық кезеңі үшін шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

100.25 қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 100.25.001 жолға, D бағанының - 100.25.002 жолына, Е бағаны - 100.25.003 жолына, F бағаны - 100.25.004 жолына, G бағаны - 100.25.005 жолына, Н бағаны - 100.25.006 жолына, I бағаны - 100.25.007 жолына, J бағаны - 100.25.008 жолына көшіріледі.

## 28. Халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірісті есептеу - 100.26 нысанын жасау

184. Осы нысан Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен мүліктерге (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарт ережелері (бұдан әрі - халықаралық шарт) бойынша салық салудан босатылатын салық салынатын кіріс сомасын айқындауға арналған.

100.26 нысанын Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес толтырады. Бұл нысанға салық төлеуші-резидент еместің резиденттігін растайтын құжат қоса тіркеледі.

185. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан, осы Ереженің 228-бабына сәйкес елдің коды;

4) шығыстарды есептеудің қолданылатын әдісі (тиісті торкөзде әдістердің бірі көрсетіледі).

186. "Есеп" бөлімінде:

1) 100.26.001 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған жиынтық жылдық табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 100.26.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.26.002 жолы Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепте осындай кірістерге бөлек есеп жүргізу негізінде есептелген Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған халықаралық жүк тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

3) 100.26.003 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алу үшін шеккен шығыстарының шегерілетін жалпы сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 100.00.037 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 100.26.004 жолы салық төлеушінің халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарының сомасын көрсетуге арналған. Салық төлеуші шығыстарды есептеудің тура әдісін қолданған жағдайда осы жолда бухгалтерлік есепте осындай шығыстарды есептеудің бөлек әдісін қолдану негізінде есептелген құжаттармен расталған сома көрсетіледі. Шығыстарды есептеудің жанама әдісін қолданған жағдайда осы 100.26.004 жолы 100.26.003 жолының үлес салмағы және деректерінің

қосындысы ретінде есептеледі. Үлес салмағы 100.26.002 жолы деректерінің 100.26.001 жолы деректеріне қатынасы ретінде айқындалады. Бұл ретте, салық төлеуші халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарын есептеудің көрсетілген әдістерінің бірін дербес таңдауға құқылы;

5) 100.26.005 жолы халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс (залал) сомасын көрсетуге арналған. 100.26.005 жолының деректері 100.26.002 және 100.00.004 жолдары деректерінің айырмашылығы ретінде есептеледі.

187. 100.26.005 жолының шамасы 100.00.039 жолына көшіріледі.

## 29. Залалдарды көшіру - 100.27 нысанын жасау

188. Бұл нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебіне арналған.

189. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

190. "Залалдар" бөлімінде:

100.27.001 жолы өткен салық кезеңдерінен көшірілетін залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

191. 100.27.001 жолының шамасы 100.00.44 жолына көшіріледі.

192. 100.27.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі. Егер 100.00.040 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (100.00.043 жолы) осы бағанға көшіріледі. Егер 100.00.040 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 100.00.042 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

5) Е бағанында келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандарының және 100.02.002 жолында көрсетілген (100.00.040 жолының оң мәнінде) үй-жайлар, құрылыстар және ғимараттарды сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының С бағанына көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

100.27.001 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңінің С бағанының шамасы 100.27.001 жолына көшіріледі.

## 30. Шетелдік салық есебі - 100.28 нысанын жасау

193. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды ұстағанын және (немесе) төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел елдеріндегі көздерден алынған кіріс және ұсталған және (немесе) төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

194. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

195. "Дивидендтер" бөлімінде:

100.28.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған дивидендтерден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

196. "Сыйақылар" бөлімінде:

100.28.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған сыйақылардан салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

197. "Роялти" бөлімінде:

100.28.003 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған роялтиден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

198. "Халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен кіріс" бөлігінде:

100.28.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке

жатқызылған халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден түскен кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

199. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кіріс" бөлігінде:

100.28.005 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

200. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

100.28.006 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

201. "Барлығы" бөлігінде:

100.28.007 жолы 100.28.001С, 100.28.002С, 100.28.003С, 100.28.004С, 100.28.005С, 100.28.006С жолдарында айқындалған, Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

202. 100.28.007 жолының шамасы 100.29.005А жолына көшіріледі.

100.28.001А жолының шамасы 100.07.002 жолына көшіріледі.

100.28.002А жолының шамасы 100.08.003 жолына көшіріледі.

203. 100.28.001, 100.28.002, 100.28.003, 100.28.004 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 228-тармағына орай кіріс төлемі көзі - елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - ел немесе халықаралық шартқа заңнамамен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында әрбір кіріс төлем көзі - еліне төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, Е бағанының деректері С және D бағандарының

көбейтіндісі ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін көбейту ретінде айқындалады.

100.28.001 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 100.28.001A жолына, E бағаны - 100.28.001B жолына, G бағаны - 100.28.001C жолына көшіріледі, 100.28.002 жолға қосымша нысанның C бағаны 100.28.002A жолына, E бағаны - 100.28.002B жолына, G бағаны - 100.28.002C жолына көшіріледі, 100.28.003 жолға қосымша нысанның C бағаны 100.28.003A жолына, E бағаны - 100.28.003B жолына, G бағаны - 100.28.003C жолына көшіріледі, 100.28.004 жолға қосымша нысанның C бағаны 100.28.004A жолына, E бағаны - 100.28.004B жолына, G бағаны - 100.28.004C жолына көшіріледі.

204. 100.28.005 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ереженің 227-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын сома тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрі көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ереженің 228-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;

4) D бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, H бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

100.28.005 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.28.005A жолына, F бағаны - 100.28.005B жолына, H бағаны - 100.28.005C жолына көшіріледі.

205. 100.28.006 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ереженің 228-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңінің ішінде олардың салық заңнамаларына сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша салық төлеуші есептеген салық салынатын кірістің (пайданың) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір кірістің төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының қосындысы ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

100.28.006 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 100.28.006A жолына, E бағаны - 100.28.006B жолына, G бағаны - 100.28.006C жолына көшіріледі.

## 31. Салық міндеттемесін есептеу - 100.29 нысанын жасау

206. Бұл нысан салық төлеушінің корпорациялық табыс салығының сомасын есептеуіне резидент еместің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен таза кіріске салық және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды, сондай-ақ заңды тұлға бойынша жалпы деректерді көрсетуге арналған.

207. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

208. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 100.29.001 жолында 100.00.045 жолында айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 100.29.002 жолында Салық кодексінің 135-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша корпорациялық табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі. 100.29.002 жолының шамасы 100.00.046 жолына көшіріледі;

3) 100.29.003 жолын қызметін Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жүргізетін резидент емес заңды тұлғалар толтырады. Осы жолда 100.29.001 және 100.29.002 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалатын таза кіріс сомасы көрсетіледі;

4) 100.29.004 жолын қызметін Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жүргізетін резидент емес заңды тұлғалар толтырады. Осы жолда Салық кодексінің 185 немесе 201-баптарына сәйкес есептелген қызметін Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жүргізетін резидент емес заңды тұлғаның таза кірісіне салық сомасы көрсетіледі. Бұл ретте тиісті жолдарда Салық кодексінің 185-бабының 1-тармағымен белгіленген ставка бойынша, немесе Салық кодексінің 201-бабына сәйкес халықаралық шартпен белгіленген ставка бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза кіріске салық төлеуге қатысты халықаралық шарт ережелерін қолданса, онда халықаралық шартқа және аталған шарт осы Ереженің 228-тармағына сәйкес жасасылған осындай салық ставкасы және көрсетілген шарт атауы көрсетіледі, сондай-ақ салық төлеушінің резиденттігін растайтын құжат қоса тіркеледі. 100.29.004 жолында көрсетілген таза кіріске салық сомасы 100.29.004А немесе 100.29.004В жолдарының деректеріне қарай айқындалады;

5) 100.29.005 жолында есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. Ол 100.29.007А және 100.29.007В жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

6) 100.29.005А жолында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес осы Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Қазақстан

Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.29.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 100.29.005B жолында Қазақстан Республикасында сыйақы (ұтыс) төлеу көзінен ұсталған салықтың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.08.001B, 100.08.002D және 100.08.003D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 100.29.006 жолында 100.29.006A немесе 100.29.006B немесе 100.29.006C жолдарының деректерінен айқындалатын есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

9) 100.29.006A жолында Салық кодексінің 125-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі және 100.29.002 мен 100.29.004 жолдары сомасының және 100.29.005 жолы сомасының айырмашылығы ретінде айқындалады;

10) 100.29.006B жолында Салық кодексінің 140-2-бабы 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі және 50% кемітілген 100.29.006A жолының сомасы ретінде айқындалады;

11) 100.29.006C жолында Салық кодексінің 119-1-бабы 4-тармағына немесе Салық кодексінің 140-5-бабы 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі және 100% кемітілген 100.29.006A жолының сомасы ретінде айқындалады;

12) 100.29.007 жолында 100.29.007A және 100.29.007B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын аванстық төлемдердің жиынтық шамасы көрсетіледі;

13) 100.29.007A жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде өткен салық кезеңінен көшірілген және салықтың басқа түрлерінен артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

14) 100.29.007B жолында есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші есепті салық кезеңінде төлеген аванстық төлемдердің жиынтық шамасы көрсетіледі;

15) 100.29.008 жолында төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 100.29.005 жолында көрсетілген корпорациялық табыс салығының сомасы және 100.29.006 және 100.29.007 жолдарында көрсетілген есепке алулар мен жүргізілген аванстық төлемдер сомасы арасында есептелген айырмасы ретінде айқындалады. 100.29.008 жолының шамасы 100.00.051 жолына көшіріледі;

16) 100.29.009 жолында төленген аванстық төлемдер шамасы 100.29.006 және 100.29.007 жолдарында көрсетілген төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар 100.29.005 жолында есептелген корпорациялық табыс салығының сомасынан артық жағдайда айқындалатын артық төленген салық сомасы

көрсетіледі. 100.29.006 және 100.29.007 жолдарының сомасы айырмасы ретінде айқындалады.

209. "Басқа ақпарат" бөлімінде:

1) 100.20.010 жолында статистика органдарының деректері бойынша Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес кәсіпкерлік қызмет түрлері көрсетіледі;

2) 100.20.011 жолында статистика органдарының деректері бойынша КОЖЖ (кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктегіші) коды көрсетіледі;

3) 100.29.012 жолында заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі;

4) 100.29.013 жолында заңды тұлғаның меншік түрі көрсетіледі: жеке меншік немесе мемлекеттік.

210. 100.29.002 жолының шамасы 100.00.046 жолына көшіріледі.
100.29.004 жолының шамасы 100.00.047 жолына көшіріледі.
100.29.005 жолының шамасы 100.00.048 жолына көшіріледі.
100.29.006 жолының шамасы 100.00.049 жолына көшіріледі.
100.29.007 жолының шамасы 100.00.050 жолына көшіріледі.
100.29.008 жолының шамасы 100.00.051 жолына көшіріледі.
100.29.009 жолының шамасы 100.00.052 жолына көшіріледі.

## 32. Бухгалтерлік теңгерме - 100.30 нысанын жасау

211. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

## 33. Кірістер және шығыстар туралы есеп - 100.31 нысанын жасау

212. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

213. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

214. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

100.31.01-100.31.11 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл орайда, 100.31.01-100.31.03 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

215. 100.31.001, 100.31.002, 100.31.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушілер жүзеге асыратын қызмет түрлері

көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп деректері бойынша В бағанда көрсетілген қызмет түрлері бөлігінде тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

4) D бағанында бухгалтерлік есеп деректері бойынша В бағанда көрсетілген қызмет түрлері бөлігінде өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандарының айырмашылығы ретінде айқындалады.

100.31.001, 100.31.002, 100.31.003 жолдарына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 100.31.001 жолына, D бағаны - 100.31.002 жолына, Е бағаны - 100.31.003 жолына көшіріледі.

## 34. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациямен кірістер және шығыстар туралы есепті салыстыру - 100.32 нысанын жасау

216. Бұл нысан олардың арасындағы кірістер және шығыстар туралы есеп және салық салынатын кіріс бойынша айқындалған және айырмашылықтарды айқындау жолымен Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация бойынша айқындалған таза кірісті салыстыруға арналған.

Осы қосымшадағы айырмашылықты айқындау үшін бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі заңдарына, салық заңнамаларының ережелері бойынша айқындалған кіріс пен шегерімдерге сәйкес есепті салық кезеңіне жасалған кірістер және шығыстар туралы есепте салық төлеуші айқындаған кірістерді ( залалдарды) салыстыру жүргізіледі.

217. I бағанын толтыру кезінде Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

218. II бағанын толтыру кезінде бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі жөніндегі заңнамаға сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

есепті салық кезеңі үшін аванстық төлемдердің болжалатын сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 140-1-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-2-бабының 2-тармағына сәйкес 50 процентке төмендетілген есепті салық кезеңіне болжалған аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексінің 119-1-бабының 4-тармағына сәйкес 100 процентке төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 140-4-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-5-бабының 2-тармағына сәйкес 100 процентке төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді.

2) 101.04.002 жолында құру күнінен бастап есепті салық кезеңіндегі айлар саны көрсетіледі;

3) 101.04.003 жолында 101.04.002 жолында көрсетілген айлар санына 101.04.001 жолында көрсетілген болжалатын аванстық төлемдердің сомасы ретінде есептелген есепті салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 101.04.004 жолында аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы мен аванстық төлемдер сомасын енгізудің есепті салық кезеңіндегі соңғы айы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 101.01, 101.02, 101.03, 101.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Резиденттер кірістерінің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомасының есебін жасау ережелері (101.05 нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес

әзірленген және резидент кірістерінің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасын, кірістерді төлеген салық агентінің есептеуіне арналған резиденттер кірістерінің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомасының Есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін көздейді.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Тиісті қосымша нысанның көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

6. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

7. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті жеткізу туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

8. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

**2. Есеп жасау (101.05 нысан)**

9. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін есепті тоқсан;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрлерінің коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті

е м е с ) .

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - к е с т е

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең | оның ішінде: |
|---|---|---|---|
| | | үшін барлығы | Қызметтің негізгі түрі |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| теңге | | | |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |

| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

5) Есеп түрі. Бұл торкөз Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

Келесі Есептерді беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда "Қосымша " торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" деген торкөз егер салық төлеуші оның негізінде бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілетін Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына көзделген хабарламаны

алса белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және " Қосымша" деген торкөздерді бір уақытта белгілейді.

6) валюта коды;

10. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.05.001A, 101.05.001B және 101.05.001C жолдарында төлем көзінен ұсталған, есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін салық агенті төлеген кірістің сомасы көрсетіледі. 101.05.001D жолында 101.05.001A, 101.05.001B және 101.05.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, және төлем көзінен ұсталған есепті кезеңі үшін төлеген кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 101.05.002A, 101.05.002B және 101.05.002C жолдарында төлем көзінен ұсталған және есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін бюджетке төленуге тиіс корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 101.05.002D жолында 101.05.002A, 101.05.002B және 101.05.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 101.05.003A, 101.05.003B және 101.05.003C жолдарында 1, 2 және 3 салық кезеңдері үшін төлем көзінен ұсталған және бюджетке төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

101.05.004A, 101.05.004B және 101.05.004C жолдарында 101.05.002 жолының айырмасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін төлем көзінен ұсталған және бюджетке төленуге тиіс корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 101.05.003. 101.05.003D жолында 101.05.004A, 101.05.004B және 101.05.004C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен ұсталған және есепті кезең үшін бюджетке аударылуға жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

101.05.005A, 101.05.005B және 101.05.005C жолдарында 101.05.003 тиісті жолының айырмасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін төлем көзінен ұсталған және бюджетке артық төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

5) 101.05.002. 101.05.005D жолында 101.05.005A, 101.05.005B және 101.05.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке артық төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

11. 101.05.001, 101.05.002, 101.05.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 12 тармағына сәйкес төленген кіріс кодының түрі көрсетіледі;

3) C бағанында кіріс алған ұйым атауы көрсетіледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген салық төлеуші - салық агентінің

тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында төленетін кіріс сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында төлем көзіне салық салынатын төленген кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында Кодекстің 135-бабының 2-тармағымен белгіленген корпорациялық табыс салығының ставкасы көрсетілген;

8) H бағанында (FxG)/100 ретінде айқындалатын, төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы;

9) I бағанында төлем көзінен ұсталған және бюджетке аударылған корпорациялық табыс салығы көрсетіледі.

101.05.001, 101.05.002, 101.05.003 жолдарына қосымша нысанның E бағанының жиынтық сомасы 101.05.001A, 101.05.001B және 101.05.001C тиісті жолдарына, H бағанының - 101.05.002A, 101.05.002B және 101.05.002C тиісті жолдарына, I бағанының - 101.05.003A, 101.05.003B және 101.05.003C тиісті жолдарына көшіріледі.

**2. Кіріс түрлерінің коды**

12. Есепті толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану қажет:

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - эмитент-резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - эмитент-резиденттерден, егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 101.05 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (110.00-нысан)**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корпорациялық табыс салығының кірістерін мәлімдеуге және есептеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (110.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашуға оған қосымшалардан (110.01-110.33 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшірулерге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде " - " белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламамен почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде немесе электрондық почта бойынша салық төлеуші Салық кодексінің 69-бабының 8-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы электрондық почта бойынша немесе салық органында хабарламаны алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (110.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша қызмет түрлерінің коды және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ

кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 114-бабында көзделген жағдайда "Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні хабарлама бойынша қосымша Декларацияны ұсынған жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

9) резидент емеспен беру кезінде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді.

13. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне Салық кодексінің 80, 184-баптарына сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

14. "Жылдық жиынтық кіріс" бөлімінде:

1) 110.00.001 жолына 110.01.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 110.00.002 жолына 110.01.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.00.003 жолына Салық кодексінің 83-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі;

4) 110.00.004 жолына 110.03.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 110.00.005 жолына 110.04.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 110.00.006 жолына 110.05.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 110.00.007 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес берешек талабына жол беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 110.00.008 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

9) 110.00.009 жолына 110.22.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 110.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 11) тармақшаға сәйкес жалпы үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

11) 110.00.011 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес егер бұл сомалар бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдар, бюджеттен қайтарылғандарын қоспағанда басқа сот тағайындаған және (немесе) борышкер деп танылған айыппұлдар, өсімдер мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

12) 110.00.012 жолына 110.20.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 110.00.013 жолына 110.06.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 110.00.014 жолына 110.07.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 110.00.015 жолына 110.08.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 110.00.016 жолына 110.09.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 110.00.017 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 18) тармақшаға сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 110.00.018 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 19) тармақшаға сәйкес роялти түріндегі салық төлеуші алған кіріс көрсетіледі;

19) 110.00.019 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 20) тармақшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған шығыстардан кірістердің асу сомасы көрсетіледі;

20) 110.00.020 жолында 110.00.001 - 110.00.019 жолдарында көрсетілмеген, Салық кодексінің 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілетін салық төлеушінің кірісі көрсетіледі;

21) 110.00.021 жолында 110.00.001 - 110.00.020 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

15. "Жылдық жиынтық кірісті түзету" бөлімінде:

1) 110.00.022 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісті түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі, ол 110.00.022A - 110.00.022E жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

2) 110.00.023 жолында 110.00.021 және 110.00.022 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын түзету есебімен жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі.

16. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 110.00.024 жолына 110.11.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 110.00.025 жолына 110.12.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.00.026 жолына 110.13.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 110.00.027 жолына 110.14.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 110.00.028 жолына 110.15.001E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 110.00.029 жолына 110.17.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 110.00.030 жолына 110.17.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 110.00.031 жолына 110.18.001D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 110.00.032 жолына 110.19.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 110.00.033 жолына 110.09.002B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 110.00.034 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес есептелген шектерде мемлекеттік бюджетке төленген салықтардың сомасы көрсетіледі;

12) 110.00.035 жолына 110.21.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 110.00.036 жолында 110.00.036A - 110.00.036F жолдарының сомасын қосумен айқындалатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

14) 110.00.036A жолына 110.22.004E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 110.00.036B жолына 110.22.005E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 110.00.036C жолына 110.23.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 110.00.036D жолына 110.22.041 және 110.22.005G жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

18) 110.00.036E жолына 110.22.004H және 110.22.005F жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

19) 110.00.036F жолына 110.22.004F және 110.22.004E жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

20) 110.00.037 жолында 110.00.024 - 110.00.036 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

17. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:

1) 110.00.038 жолында 110.00.023 және 110.00.037 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

2) 110.00.039 жолында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көшіруге жатпайтын, Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарды шегерімге жатқызу нәтижесінде салық төлеуші алған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер 110.00.036С жолы бойынша сома 110.00.038 жолының сомасынан астам немесе тең болса, онда 110.00.039 жолында 110.00.038 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 110.00.036С жолы бойынша сома 110.00.038 жолы бойынша сомадан аз болса, 110.00.039 жолына 110.00.036С жолының сомасы көшіріледі;

3) 110.00.040 жолында кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын (110.00.038 - 110.00.039 + 110.02.002) үйлер, құрылыстар мен ғимараттарды сату кезінде алынған залал сомасынан қалыптасқан және көшіруге жатпайтын залал сомасына азайтылған есепті салық кезеңінің нәтижелері бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі;

4) 110.00.041 жолында 110.00.038 х 2 % + (110.00.041D - 110.00.041G) - 110.00.041H сомаларының шамасында Салық кодексінің 122-бабына сәйкес ( 110.00.041A - 110.00.041C сома) салық салынатын кірістен (кіріске) алынып тастайтын (енгізілетін) шығыстардың (кірістердің) жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 110.00.041A жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін ұстап тұруға нақты шеккен шығыстар сомасы көрсетіледі;

6) 110.00.041B жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға тегін берілген мүлік сомасы көрсетіледі;

7) 110.00.041C жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғаларға берілетін адрестік әлеуметтік көмек көрсетіледі;

8) 110.00.041D жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) 110.00.041E жолында Салық кодексінің 122-бабының 4 немесе 4-1-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

10) 110.00.041F жолында Салық кодексінің 122-бабының 4-тармағына сәйкес кіріс сомасы көрсетіледі;

11) 110.00.041G жолында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабындағы 1-тармаққа сәйкес орташа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттер бойынша, ипотекалық кредиттер бойынша және тұрғын үй-жайлардың лизингі бойынша сыйақылар жөніндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

12) 110.00.041Н жолында Салық кодексінің 122-бабының 5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде 110-баптың 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі.

Егер 110.00.041А - 110.00.041С жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен екі процентінен кемінің сомасын құраса, онда салық салынатын кірістен алып тастауға салық салынатын кірістен екі процент мөлшерінде айқындалған сома жатады;

14) 110.00.042 жолында Салық кодексінің 123-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залал сомасы көрсетіледі;

15) 110.00.043 жолында 110.00.038, 110.00.041 және 110.00.042 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдар мен түзетулерді ескеріп салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 110.00.042 жолында көрсетілген сома бұрынғы екі жолдың айырмасынан үлкен болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 110.27.001 жолына көшіріледі.

18. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 110.00.044 жолында 110.27.002 жолында айқындалған есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 110.00.045 жолында 110.27.003 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеушімен жүргізілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

3) 110.00.046 жолында 110.27.004 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші жүргізген шегерімдер сомасы көрсетіледі;

4) 110.00.047 жолында 110.27.005 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін төленген аванстық төлемдер көрсетіледі;

5) 110.00.048 жолын толтыру кезінде 110.27.006 жолында айқындалған есепке алуға (қайтаруға жататын) тиіс артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

6) 110.00.049 жолын толтыру кезінде 110.00.007 жолында айқындалған есепке жатқызуға (қайтаруға) жатқызылған артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

110.00.047 жолын толтыру кезінде сома салық органы мен салық төлеуші куәландырған салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жағдайы туралы салыстыра тексеру актісінің негізінде көрсетіледі.

**3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістер - 110.01 нысанын жасау**

19. Осы нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды , қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

20. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

21. "Кірістер" бөлімінде:

1) 110.01.001 жолында тауарларды сатудан кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 110.01.002 жолында жұмыстарды орындаудан кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 110.01.003 жолында қызмет көрсетулерден кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 110.01.003A - 110.01.003Q жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

4) 110.01.003Q - 110.01.003Q жолдарында қызмет көрсетулердің тиісті түрлерін көрсетуден кірістер көрсетіледі;

5) 110.01.004 жолында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жалпы сомасы көрсетіледі. 110.01.001 - 110.01.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

22. 110.01.004 жолының шамасы 110.00.001 жолына көшіріледі.

## 4. Үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс - 110.02 нысанын жасау

23. Осы нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірісті айқындауға арналған.

24. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

25. "Үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сату" бөлімінде:

1) 110.02.001 жолы үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.02.002 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.02.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үйлерді,

ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

26. "Амортизацияға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

110.02.004 жолы үйлер, ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

27. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 110.02.005 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акцияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.02.006 жолы берешек бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.02.007 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан облигацияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 110.02.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларын сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 110.02.009 жолы басқада берешек бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 110.02.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигацияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 110.02.011 жолы 110.02.010 жолының сомасына азайтылған 110.02.006, 110.02.009 жолдарының сомасы мен (немесе) әртүрлілігі ретінде айқындалатын (кіріске немесе залалға тәуелді) шеккен залалдар сомасын ескеріп "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акциялар мен агент облигацияларын қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

28. "Жиыны" бөлімінде:

110.02.012 жолында үйлер, ғимараттар, құрылыстар сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ, 110.02.001, 110.02.004, 110.02.005, 110.02.007, 110.02.008 және 110.02.011 жолдарының сомасы ретінде

айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жататын активтер көрсетіледі.

29. 110.02.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан салық төлеушінің залал алуы кезінде осы залал Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі.

110.02.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

110.02.005 және 110.02.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3) тармақшаға сәйкес 110.00.022C жолына көшіріледі.

110.02.008 жолында кірісті алу кезінде осы сома 110.00.022D жолына көшіріледі.

Үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс, сондай-ақ 110.02.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтер 110.00.002 жолына көшіріледі.

30. 110.02.001, 110.02.002, 110.02.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған үйлердің, ғимараттардың, құрылыстардың атауы көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде С бағанында бұрынғы салық кезеңінің 110.22.001 және 110.22.002 жолдарына қосымша нысанның Р бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес үйлердің, ғимараттардың, құрылыстардың қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда 110.02.001 және 110.02.002 жолдарына қосымша нысандар С бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

110.02.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы

110.02.001 жолына, 110.02.002 жолына қосымша нысан Е бағаны 110.02.002 жолына, 110.02.003 жолына қосымша нысан Е бағаны 110.02.003 жолына көшіріледі.

31. 110.02.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында үйлер, ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздары қоспағанда Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында аталған баптың 2-тармағына сәйкес объектілердің теңгермелік құны көрсетіледі;

4) D бағанында объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар Е бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында есептелмейді.

110.02.004 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.02.004 жолына көшіріледі.

32. 110.02.005, 110.02.006 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында берешек бағалы қағаздардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

110.02.005 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.02.005 жолына, 110.02.006 жолына - 110.02.006 жолына қосымша нысан Е бағаны көшіріледі.

33. 110.02.007, 110.02.008, 110.02.009 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

мемлекеттік бағалы қағаздар: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұлттық жинақ облигациялары, басқа мемлекеттік бағалы қағаздар;

қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде орналасқан облигациялар;

өзге де мемлекеттік емес берешек бағалы қағаздар. Бұл ретте, бағалы қағаздардың аталған түрлері бойынша деректер біртұтас сомалармен көрсетіледі;

3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың атаулы құны көрсетіледі;

4) D бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздарды қоспағанда берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрініс таппаған купон сомасы 110.08.002 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

G = (Е/жүгіну мерзімі (күндер)) х (иелену кезеңі (күндер));

8) Н бағанында D және G бағандарының сомасы (H=(F - (D+G))) және F бағаны бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын берешек бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

110.02.007 жолына қосымша нысан Н бағанының жиынтық шамасы 110.02.007 жолына, 110.02.008 жолына қосымша нысан Н бағаны 110.02.008 жолына, 110.02.009 жолына қосымша нысан Н бағаны 110.02.009 жолына көшіріледі.

34. 110.02.010 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;

3) С бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін Е бағанында айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал ) көрсетіледі. Осы бағанға 110.02.006, 110.02.008, 110.02.009 жолдарының сомасы көшіріледі;

5) Е бағанында одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандарының сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағымен белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің С бағанына көшіріледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге

жатпайтын залал көрсетіледі.

110.02.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 110.02.010 жолына көшіріледі.

## 5. Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер - 110.03 нысанын жасау

35. Осы нысан Салық кодексінің 84-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

36. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

37. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

110.03.01 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

38. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

110.03.002 жолы кіріске енгізілетін қызметкерлердің күмәнді міндеттемелерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

39. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы":

110.03.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 110.03.001С және 110.03.002А жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

40. 110.03.003 жолының шамасы 110.00.004 жолына көшіріледі.

41. 110.03.01 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор - заңды тұлғаның (тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші) толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор - жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;

6) F бағанында қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын

қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында G бағанында көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасын алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.03.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.03.001A жолына, H бағаны - 110.03.001B жолына, I бағаны - 110.03.001C жолына көшіріледі.

42. 110.03.02 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 149-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалған қызметкерлердің кірісі көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірісінің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірістерінен міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында қызметкерлерге кірісті есептеу күні көрсетіледі;

6) F бағанында қызметкерге төленген кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында міндетті зейнетақы қорларына аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында қызметкерге кірісті төлеу күні көрсетіледі;

9) I бағанында міндетті зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу күні көрсетіледі;

10) J бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және қызметкерлердің кірістері бойынша кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.03.002 жолына қосымша нысан J бағанының жиынтық шамасы 110.03.002A жолына, K бағаны - 110.03.002B жолына көшіріледі.

## 6. Мүлікті жалға беруден кірістер - 110.04 нысанын жасау

43. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабындағы 2-тармақтың 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де мүлікті жалға беруден кірістерді айқындауға арналған.

44. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

45. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

110.04.001 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

46. 110.04.001 жолының шамасы 110.00.005 жолына көшіріледі.

47. 110.04.01 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;

3) С бағанында жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі/ осы Ережелердің 205-тармағына сәйкес резиденттік елі коды;

4) D бағанында жалға алу шартын жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік үшін (тысқары орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда Е бағанында салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

110.04.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.04.001А жолына көшіріледі.

## 7. Жасалған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен кірістер - 110.05 нысанын жасау

48. Осы нысан Салық кодексінің 85-бабына сәйкес банктердің құрылған провизиялары мөлшерлерінің кемуінен кірістерді айқындауға арналған.

49. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

50. "Міндеттемелерді орындау кезінде талаптар мөлшерін өзгерту" бөлімінде:

110.05.001 жолы міндеттемелерді орындау кезінде талаптар мөлшерін өзгерту кезіндегі жиынтық соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

51. "Талап ету құқығына жол беру ақысы, жаңартпа, қайта табыстау туралы шарт негізінде және (немесе) өзге негіздерде талап етулер мөлшерінің өзгеруі" бөлімінде:

110.05.002 жолы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген цессия шартын жасау жолымен талап құқығына жол беру ақысы, жаңартпа, қайта табыстау туралы шарт негізінде және (немесе) өзге негіздерде талап етулер

мөлшерінің өзгеруі кезінде жиынтық соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

52. "Талаптарды қайта жіктеу кезінде провизиялар мөлшерінің өзгеруі" бөлімінде:

110.05.003 жолы талаптарды қайта жіктеу кезінде провизиялар мөлшерінің өзгеруі кезіндегі жиынтық соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

53. "Барлығы" бөлімінде:

110.05.004 жолы 110.05.001D, 110.05.002D, 110.05.003F жолдар сомасы ретінде айқындалатын құрылған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен кірістің жалпы сомасын көрсетуге арналған.

54. Күмәнді және үмітсіз активтер, шартты міндеттемелер бойынша сомалар тиісті жолдарда көрсетіледі.

Құрылған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен кірістерді айқындау кезінде үмітсіз активтер деп теңгермеде де бар, теңгерме үшін есептелетін де активтер танылады (2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап теңгерме үшін есептен шығарылған).

55. 110.05.004 жолының шамасы 110.00.006 жолына көшіріледі.

56. 110.05.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;

3) C бағанына бұрынғы салық кезеңдері үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан C бағанынан бұрынғы салық кезеңдерінің соңына талаптардың жалпы сомасы көшіріледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген орындалған талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында C бағаны бойынша тиісті сомаларға D бағаны бойынша сомалардың қатынасы ретінде айқындалатын орындалған талаптардың бөлшегінің үлес салмағын көрсетеді;

6) F бағанына бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан H бағанынан бұрынғы салық кезеңінде шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында F және E бағандары бойынша сомалар ретінде айқындалатын талаптардың тоқтатылған бөлігі жөніндегі шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.05.001 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 110.05.001A жолына, D бағаны - 110.05.001B жолына, F бағаны - 110.05.001C жолына, G бағаны - 110.05.001D жолына көшіріледі.

57. 110.05.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;

3) C бағанына бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан C бағанынан бұрынғы салық кезеңінің соңына талаптардың жалпы сомалары көшіріледі;

4) D бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген цессия шартын жасау жолымен талап құқығына жол беру ақысы, жаңартпа шарты, қайта табыстау туралы шарт негізінде және (немесе) өзге негіздерде C бағанында көрсетілген тоқтатылған талаптардың жалпы сомаларын көрсетеді;

5) E бағанында C бағаны бойынша тиісті сомаларға D бағаны бойынша сомалардың қатынасы ретінде айқындалатын талаптардың тоқтатылған бөлшегінің үлес салмағын көрсетеді;

6) F бағанына бұрынғы салық кезеңінен 110.15.001 жолына қосымша нысан H бағанынан бұрынғы салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көшіріледі;

7) G бағанында F және E бағандары бойынша сомалар ретінде айқындалатын талаптардың тоқтатылған бөлігі жөніндегі шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.05.002 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 110.05.002A жолына, D бағаны - 110.05.002B жолына, F бағаны - 110.05.002C жолына, G бағаны - 110.05.002D жолына көшіріледі.

58. 110.05.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;

3) C бағанына бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан C бағанынан бұрынғы салық кезеңінің соңына талаптардың жалпы сомалары көшіріледі;

4) D бағанында 110.05.001 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында есептелген талаптардың есепті салық кезеңінің ішінде орындалған жалпы сомалар көрсетіледі;

5) E бағанында 110.05.002 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында есептелген талаптардың есепті салық кезеңінің ішінде тоқтатылған жалпы сомалар көрсетіледі;

6) F бағанына талаптарды қайта мамандандыру кезінде C есептелгеннің санынан есепті салық кезеңінің соңына талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында C бағаны мен D, E, F бағандары бойынша сомалар ретінде айқындалатын талаптардың кемітілген мөлшер сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, осы қосымшада осы баған бойынша оң айырма табылатын талаптар ғана

көрсетілуі тиіс. Теріс айырма қалыптасатын талап 110.15 нысанында көрсетіледі;

8) H бағанында уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған резервтеу мөлшері көрсетіледі;

9) I бағанында G және H бағандары бойынша сома ретінде айқындалатын талаптардың қайта мамандандырылған бөлшегі бойынша шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.05.003 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 110.05.003A жолына, D бағаны - 110.05.003B жолына, E бағаны - 110.05.001C жолына, F бағаны - 110.05.003D жолына, G бағаны - 110.05.003E жолына, I бағаны - 110.05.003F жолына көшіріледі.

## 8. Тегін алынған мүлік (жұмыстар, қызмет көрсетулер) - 110.06 нысанын жасау

59. Осы нысан Салық кодексінің 90-бабына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлікті қоспағанда, салық төлеуші тегін алған мүлік, жұмыстар мен қызмет көрсетулер түріндегі кірісті және мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған субсидияларды айқындауға арналған.

60. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

61. "Мүлік" бөлімінде:

110.06.001 жолы есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші тегін алған мүлік сомасы туралы мәлімет көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

62. 110.06.001 жолының шамасы 110.00.013 жолына көшіріледі.

63. 110.06.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 205-тармағына сәйкес мүлікті (жұмысты, қызмет көрсетуді) жеткізуші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер атауы көрсетіледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген мүлік алынған, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген құжат нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер құны көрсетіледі.

110.06.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.06.001 жолына көшіріледі.

## 9. Дивидендтер - 110.07 нысанын жасау

64. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де салық төлеуші алған дивидендтер түріндегі кірісті айқындауға арналған.

Оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кіріс дивиденд болып табылады.

65. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

66. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 110.07.01 жолы Қазақстан Республикасының шегінде алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.07.02 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 110.26.001A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.07.03 жолы 110.07.001 және 110.07.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

67. 110.07.003 жолының шамасы 110.00.014 жолына көшіріледі.

68. 110.07.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында дивидендтер алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

3) C бағанында дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтерді төлеу көзінен корпорациялық табыс салығын ұстап қалу туралы растаушы құжатты беру нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтерді төлеген заңды тұлға береді;

5) E бағанында растаушы құжаттар болған кезде, ұстап қалынған салық сомасын қоспағанда, дивидендтердің алынған сомасы көрсетіледі.

110.07.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.07.001 жолына көшіріледі.

## 10. Сыйақы - 110.08 нысанын жасау

69. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 16) тармақшаға сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тыс жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді

айқындауға арналған. Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 2-тармақшаға сәйкес кірістер сыйақылар болып табылады.

70. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

71. "Кредиттер, активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.08.001 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларынан басқа 10-баптың 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес кредиттар мен активтердің басқа да түрлері бойынша сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

72. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.08.002 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

73. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.08.003 жолы Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша алынуға (алынған) жататын сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

74. "Резидент еместерден сыйақылар" бөлімінде:

110.08.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 110.26.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі.

75. "Барлығы" бөлімінде:

110.08.005 жолы 110.08.001, 110.08.002А және 110.08.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

76. 110.08.005 жолының шамасы 110.00.015 жолына көшіріледі.

77. 110.08.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сыйақы түрі көрсетіледі;

110.08.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.08.001 жолына көшіріледі.

78. 110.08.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында "Бағалы қағаздар туралы" Заңға және Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес берешек бағалы қағаздардың

түрі көрсетіледі:

Мемлекеттік бағалы қағаздар: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұлттық жинақ облигациялары, басқа Мемлекеттік бағалы қағаздар;

өзге де Мемлекеттік емес берешек бағалы қағаздар. Бұл ретте, бағалы қағаздардың аталған түрлері бойынша деректер біртұтас сомалармен көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз купонның есептелген сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. D және C бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

110.08.002 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 110.08.002A жолына, D бағаны - 110.08.002B жолына, E бағаны - 110.08.002C, 110.08.003 жолына қосымша нысанның C бағаны 110.08.003A, D бағаны-110.08.003B жолына, E бағаны - 110.08.003C жолына көшіріледі.

## 11. Бағамдық айырма - 110.09 нысанын жасау

79. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық кіріс енгізілуге жататын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асу сомасын, немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асу сомасын айқындауға арналған.

80. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

81. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

110.09.001 жолы есепті салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырма сомаларының жалпы сомалары туралы мәліметті көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

82. "Бағамдық айырманың есебі" бөлімінде:

1) 110.09.002A жолы 110.09.001A және 110.09.001B жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

2) 110.09.002B жолы 110.09.001B және 110.09.001A жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын теріс бағамдық айырма сомасының оң

бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған.

83. 110.09.002A жолының шамасы 110.00.016 жолына көшіріледі.

110.09.002B жолының шамасы 110.00.033 жолына көшіріледі.

84. 110.09.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында нәтижесінде бағамдық айырма құралған шетел валютасындағы операциялардың атауы көрсетіледі:

валюталық шоттар бойынша;

валюталық кредиттер бойынша;

сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар бойынша;

жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша;

өзге де операциялар бойынша;

110.09.001 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 110.09.001A жолына, D бағаны - 110.09.001B жолына көшіріледі.

## 12. Еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар - 110.10 нысанын жасау

85. Осы нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс еңбекақыны төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақыны төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады.

86. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

87. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.10.001 жолында сатумен айналысатын әкімшілік персоналы мен қызметкерлерге тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндірісінде тікелей айналысатын қызметкерлердің есептелген еңбекақысының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.10.001A - 110.10.001D жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

2) 110.10.002 жолында 110.10.001 жолында көрсетілген еңбекақыдан басқа Салық кодексінің 149, 154-баптарына сәйкес айқындалатын кірістер көрсетіледі;

3) 110.10.003 жолында 110.10.001 және 110.10.002 жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар. Мысалы: жұмыс беруші заңды тұлғаны қайта құрумен, қызметкерлердің штатын қысқартумен

байланысты қызметкерлерге төлемдер. 110.10.003A - 110.10.003D жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 110.10.004 жолында 110.10.001 - 110.10.003 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 110.10.005 жолында негізгі қаражаттарды жөндеуге қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

6) 110.10.006 жолында жұмыс беруші төлейтін және шегерімге жатқызылуға жататын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар сомасы көрсетіледі. 110.10.004 - 110.10.005 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады.

88. 110.10.006 жолының шамасы 110.11.004 жолына көшіріледі.

## 13. Қаржы қызмет көрсетулерін (тауарларды, жұмыстарды) сату бойынша шығыстар - 110.11 нысанын жасау

89. Осы нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуға тиіс сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар сомасын және Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес жылдық жиынтық кіріске (кірістен) енгізуге (алып тастауға) жататын активтерді бағалау әдісінің өзгеруінен кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

ТМҚ есепке алу Салық кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

90. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

91. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.11.001 жолында есепті салық кезеңінің басына ТМҚ құны бұрынғы салық кезеңінің соңына ТМҚ құны болып табылады. Деректер бұрынғы салық кезеңі үшін 110.11.062 тиісті жолынан көшіріледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол есепті салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеуші есепті салық кезеңінің басында болмауы мүмкін;

2) 110.11.002 жолы есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 110.11.002 жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады;

3) 110.11.003 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын. Қосалқы бөлшектер және (немесе) тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысандар негізінде толтырылатын 110.11.003A, 110.11.003B, 110.11.003C, 110.11.003D, 110.11.003E, 110.11.003F, 110.11.003G, 110.11.003H, 110.11.003J, 110.11.003K, 110.11.003L, 110.11.003M, 110.11.003N, 110.11.003O, 110.11.003P, 110.11.003R, 110.11.003S жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 110.11.004 жолына 110.10.06 жолында айқындалған еңбекақыны төлеу жөніндегі шығыстар сомасы көшіріледі;

5) 110.11.005 жолында 110.11.003 жолында ескерілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығару мен сату бойынша шығыстардың басқа да барлық сомасы көрсетіледі;

6) 110.11.005A жолында 110.11.005B-110.11.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. I жолында Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, іссапар және кері орнына жолға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.005C жолында Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.11.005D және 110.11.005E жолдарда Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 3) және 4) тармақшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және тысқары іссапарлар бойынша төленетін күндік тиісті сома көрсетіледі;

7) 110.11.005F жолында Салық кодексінің 93-бабындағы 2-тармаққа сәйкес жүргізілген өкілдік шығыстарының нақты сомасы көрсетіледі;

8) 110.11.005G жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыстар сомасы көрсетіледі.

110.11.003 - 110.11.005 жолдарында келтірілетін деректер 110.11.024 - 110.11.036 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

9) 110.11.006 жолында 110.11.003 - 110.11.005C сомасы + (110.11.001 - 110.11.002) сатылған қаржылық қызмет көрсетулер (тауарлар, жұмыстар) бойынша шығыстарға енгізілген ТМҚ жиынтық сомасы мен басқа да шығыстар көрсетіледі;

10) 110.11.007 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет

көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

11) 110.11.008 жолында банк қызметінің мақсатында емес салық төлеуші пайдалған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

12) 110.11.009 жолында 110.11.006 жолының сомасынан 110.11.007 және 110.11.008 жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын сатылған қаржы қызмет көрсетулері, тауарлары, жұмыстары бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

13) 110.11.010A жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ өзіндік құнын бағалаудың қолданылатын әдісі көрсетіледі;

14) 110.11.010B жолында пайдаланылатын бағалау әдісінің өзгеру фактісі көрсетіледі. Осы жолды ТМҚ өзіндік құнын олардың бағалау әдісін өзгертуі кезінде салық төлеуші толтырады;

15) 110.11.011 жолында 110.11.010D жолының сомасынан 110.11.010C жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын ТМҚ өзіндік құнының бағалау әдісінің өзгеруі кезінде алынған кіріс (шығыс) сомасы көрсетіледі.

16) 110.11.012 жолы анықтамалық түрінде толтырылады, есепті салық кезеңі үшін іссапарларда қызметкерлер жүргізген іссапарлар саны мен күндерінің саны көрсетіледі.

92. 110.11.009 жолының шамасы 110.00.024 жолына көшіріледі.

110.11.011 жолының шамасы Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес 110.00.02E жолына көшіріледі.

93. 110.11.003A, 110.11.003B, 110.11.003C, 110.11.003D, 110.11.003E, 110.11.003F, 110.11.003G, 110.11.003H, 110.11.003J, 110.11.003K, 110.11.003L, 110.11.003M, 110.11.003N, 110.11.003O, 110.11.003P, 110.11.003R, 110.11.003S жолдарына қосымша нысандар.

1) A бағанында жолдың тіркеу нөмірі;

2) B бағанында кірістерді алушы осы Ереженің 228-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік етуші елдің коды көрсетіледі. Бұл ретте жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қатысты жүргізілген шығыстар бойынша B бағанында олардың саны, ал C бағанының деректері бірыңғай сомамен көрсетіледі;

3) C бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі.

110.11.003A жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 110.11.003A жолына көшіріледі, 110.11.003B жолына қосымша нысанның C бағаны 110.11.003B жолына көшіріледі, 110.11.003C жолына қосымша нысанның C бағаны 110.11.003C жолына көшіріледі, 110.11.003D жолына қосымша нысанның C бағаны 110.11.003D жолына көшіріледі, 110.11.003E жолына қосымша нысанның C бағаны 110.11.003E жолына көшіріледі, 110.11.003F жолына қосымша нысанның C бағаны 110.11.003F жолына көшіріледі,

110.11.003G жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003G жолына көшіріледі, 110.11.003H жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003H жолына көшіріледі, 110.11.003J жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003J жолына көшіріледі, 110.11.003K жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003K жолына көшіріледі, 110.11.003L жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003L жолына көшіріледі, 110.11.003M жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003M жолына көшіріледі, 110.11.003N жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003N жолына көшіріледі, 110.11.003O жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003O жолына көшіріледі, 110.11.003P жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003P жолына көшіріледі, 110.11.003R жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003R жолына көшіріледі, 110.11.003S жолына қосымша нысанның С бағаны 110.11.003S жолына көшіріледі.

## 14. Сыйақы бойынша шығыстар - 110.12 нысанын жасау

94. Осы нысан Салық кодексінің 94-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

95. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

96. "Кредиттер (заемдар), депозиттер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 110.12.001 жолы салық төлеушінің резидентке төлейтін депозиттері, кредиттері (заемдары) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 110.12.001 жолы салық төлеушінің резидент емеске төлейтін депозиттері, кредиттері (заемдары) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

97. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.12.003 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

98. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.12.004 жолы есепті салық кезеңінің әр айының соңына өзіндік капиталдың орташа арифметикалық сомасына тең болатын өзіндік капиталдың орташа жылдық сомасын көрсетуге арналған;

2) 110.12.005 жолы есепті салық кезеңінің әр айының ішінде сыйақы төленетін міндеттемелердің ең жоғарғы орташа арифметикалық сомасына тең

болатын міндеттемелердің орташа жылдық сомасын көрсетуге арналған;

3) 110.12.006 жолы қаржы органдары үшін 7-ге тең болатын шекті коэффициентті көрсетуге арналған.

99. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 110.12.007 жолында 110.12.001B және 110.12.003D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резиденттерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 110.12.008 жолында 110.12.001B және 110.12.003G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 110.12.008 жолында 110.12.007 және 110.12.008 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 110.12.010 жолында 110.12.007 + 110.12.004/110.12.005 x 110.12.006 x 110.12.008 формуласы бойынша айқындалатын шегерімге жатқызылатын сыйақылардың шекті сомасы көрсетіледі;

5) 110.12.010 жолында 110.12.009 және 110.12.010 жолдары бойынша сомалардың ең азы ретінде айқындалатын сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

100. 110.12.011 жолының шамасы 110.00.0025 жолына көшіріледі.

101. 110.12.001, 110.12.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кредитор/депозитор ұйымның атауы көрсетіледі. Бұл ретте, B бағанында жеке тұлғаларға берілген/жеке тұлғалардан алынған кредиттер (заемдар)/депозиттер бойынша, сондай-ақ заңды тұлғалардың депозиттері бойынша кредит (заем)/депозит түрі көрсетіледі, D, E, G, I, J бағандары толтырылмайды, ал F, H, K, L бағандарының деректері біртұтас сомалармен көрсетіледі;

3) C бағанында кредиттор/депозитор - ұйым салық төлеушісінің (заңды/жеке тұлғалардың саны) тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 205-бабына сәйкес резиденттік елі коды көрсетіледі;

4) D бағанында кредиттік/депозиттік шарты жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында алынған кредит (заем)/депозит сомасы көрсетіледі. Кредитті (заем)/депозитті шетел валютасында алу кезінде кредит (заем)/депозит алу мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен кредит (заем)/депозит теңгеге қайта саналады;

6) F бағанында онда белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгерісінен сақтану тәсілі

ретінде хеджерлеуді қолдану кезінде пайда болатын айырма, осы бағанда көрсетілуге жатады. Сыйақыларды шетел валютасында төлеу кезінде сыйақыларды төлеу мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен сыйақылар теңгеге қайта саналады. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ағымында төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есептік салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен теңгеге қайта саналады;

110.12.001 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 110.12.001A жолына, F бағаны - 110.12.001B жолына, 110.12.002 жолына қосымша нысанның E бағаны 110.12.002A жолына, F бағаны - 110.12.002B жолына көшіріледі.

102. 110.12.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында эмиссиялар бойынша бөлшектеп берешек бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі;

3) C бағанында берешек бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеудің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздың атаулы құны көрсетіледі. Берешек бағалы қағазды шетел валютасында шығару кезінде берешек бағалы қағаздың атаулы құны берешек бағалы қағазды сату мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен теңгеге қайта саналады;

5) E бағанында резидентке сыйақы төлеу кезінде есепке алынатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында резидентке төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырма) (F + E) ретінде айқындалатын сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгерісінен сақтану тәсілі ретінде хеджерлеуді қолдану кезінде пайда болатын айырма, осы бағанда көрсетілуге жатады. Сыйақыларды шетел валютасында төлеу кезінде сыйақыларды төлеу мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен сыйақылар теңгеге қайта саналады. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ағымында төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есептік салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен теңгеге қайта саналады;

8) H бағанында резидент емеске сыйақы төлеу кезінде есепке алынатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында резидент емеске төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында купон мен дисконттың (сыйақының) сомасы (айырмасы)

ретінде айқындалатын резидент емеске төленетін сыйақының жалпы сомасы (I + H) көрсетіледі. Валюта бағамының өзгерісінен сақтану тәсілі ретінде хеджерлеуді қолдану кезінде пайда болатын айырма, осы бағанда көрсетілуге жатады. Сыйақыларды шетел валютасында төлеу кезінде сыйақыларды төлеу мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен сыйақылар теңгеге қайта саналады. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ағымында төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есептік салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен теңгеге қайта саналады.

110.12.003 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 110.12.003A жолына, E бағаны - 110.12.003B жолына, F бағаны - 110.12.003C жолына, G бағаны - 110.12.003D жолына, H бағаны - 110.12.003E жолына, I бағаны 110.12.003F жолына, J бағаны - 110.12.005G жолына көшіріледі.

## 15. Төленген күмәнді міндеттемелер - 110.13 нысанын жасау

103. Осы нысан Салық кодексінің 95-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелердің сомасын айқындауға арналған.

104. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

105. "Күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

110.13.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

106. "Есептен шығарылған міндеттемелер" бөлімінде:

110.13.002 жолы Салық кодексінің 83-бабына сәйкес бұрын танылған кірістердің төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан дербес деректерінің негізінде толтырылады.

107. "Міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

110.13.003 жолы шегерімге жатқызуға тиісті, бұрын кірістер ретінде танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 110.13.001C және 110.13.002C жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

108. 110.13.003 жолының шамасы 110.00.026 жолына көшіріледі.

109. 110.13.001 және 110.13.001 жолдарына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіріске жатқызылған және салық төлеуші бұрын күмәнді міндеттеме деп танылған, сома төленген кредитор - заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі

көрсетіледі;

4) D бағанында кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың ( шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында күмәнді міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

6) F бағанында күмәнді міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында күмәнді міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

8) H бағанында төленген күмәнді міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында бұрын күмәнді міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі F және H бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.13.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.13.001A жолына, H бағаны - 110.13.001B жолына, I бағаны - 110.13.001C жолына көшіріледі.

110.13.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.13.002A жолына, H бағаны - 110.13.002B жолына, I бағаны - 110.13.002C жолына көшіріледі.

## 16. Күмәнді талаптар - 110.14 нысанын жасау

110. Осы нысан Салық кодексінің 96-бабына сәйкес шегерімге жатқызлуы тиіс күмәнді талаптар сомасын айқындауға арналған.

111. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

112. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

110.14.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

113. 110.14.001B жолының шамасы 110.00.027 жолына көшіріледі. 114. 110.14.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушіге берешек үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатылған, жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеушіде бар дебиторлық берешек бойынша құжат ( шот-фактура) күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында осы шығыстарды оларға шегерімге жатқызу туралы өз тіркеу орны бойынша салық органына жіберілген салық төлеуші хабарламасының күні мен нөмірі көрсетіледі. Хабарламада сатып алушының атауы, сатып алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі, шот-фактураның күні мен нөмірі, тауарлардың ( жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны, шегерімге жатқызылған сома көрсетіледі. Хабарламаға ұйымның басшысы, бас бухгалтері қол қоюы және мөрмен куәландырылуы тиіс;

6) F бағанында дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

7) G бағанында Мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

8) H бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске H бағанында көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;

10) J бағанында күмәнді талап болып табылатын және шегерімге жататын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.14.001 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 110.14.001A жолына, J бағаны - 110.14.001B жолына көшіріледі.

## 17. Провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар - 110.15 нысанын жасау

115. Осы нысан Салық кодексінің 97-бабының 2-тармағына сәйкес күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизияларды құру, шартты міндеттемелер жөніндегі шығыстарды айқындауға арналған.

116. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

117. "Шығыстар" бөлімінде:

110.15.001 жолы күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялар, шартты міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

Сенімсіз активтермен провизиялар құру жөніндегі шығыстарды айқындау кезінде активтер деп теңгермеде де және теңгерме үшін есептелетін (2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап теңгерме үшін есептен шығарылған) есепті салық кезеңінің соңына активтер танылады.

118. 110.15.001E жолының шамасы 110.00.028 жолына көшіріледі.

119. 110.15.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;

3) C бағанында есепті салық кезеңінің соңына талаптар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында уәкілетті Мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған резервтеу мөлшері көрсетіледі;

5) E бағанында C және D бағандары сомасының туындысы ретінде айқындалған провизиялар (резервтер) сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан H бағанында айқындалған және бұрынғы салық кезеңінде шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында түзетуді ескеріп шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі. 110.05.003 жолына қосымша нысан I бағанында, 110.05.001, 110.05.002 жолдарына қосымша нысан F бағаны сомасының және G бағаны сомасының айырмасы ретінде айқындалады;

8) H бағанында E және G бағандары сомасының оң айырмасы ретінде айқындалған және есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.15.001 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 110.15.001A жолына, E бағаны - 110.15.001B жолына, F бағаны - 110.15.001C жолына, G бағаны - 110.15.001D жолына, H бағаны - 110.15.001E жолына көшіріледі.

## 18. Ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыстар - 110.16 нысанын жасау

120. Осы нысан Салық кодексінің 98-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс және кіріс алумен байланысты жүргізілген ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған.

121. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

122. "Шығыстар" бөлімінде:

110.16.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

123. 110.16.001 жолының шамасы 110.00.029 жолына көшіріледі.

124. 110.16.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 205-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елі коды көрсетіледі;

4) D бағанында орындалған жұмыстардың түрлері (атауы) көрсетіледі;

5) Е бағанында ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында бұрынғы шегерімге жататын және кірістер алумен байланысты ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

110.16.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.16.001 жолына көшіріледі.

## 19. Сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар - 110.17 нысанын жасау

125. Осы нысан Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын айқындауға арналған.

126. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

127. "Мүліктің баланстық құнының (құны) сомасынан айқындалған шекте шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары" бөлімінде:

110.17.001 жолы сақтандырылатын мүліктің баланстық құнының (құны) сомасынан айқындалған шекте шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың деректері негізінде толтырылады.

128. "Жылдық жиынтық табыс сомасынан айқындалған шекте шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары" бөлімінде:

110.17.002 жолы жылдық жиынтық табыс сомасынан айқындалған шекте шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың деректері негізінде толтырылады.

129. "Жиыны" бөлімінде:

110.17.003 жолында 110.17.001D және 110.17.002E жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі.

130. 110.17.001 жолының шамасы 110.00.030 жолына көшіріледі.

131. 110.17.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген, осы Ережелердің 205-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елі коды көрсетіледі;

4) D бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын қоспағанда, есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеуге жататын (төлеген) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйақылары төленетін сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын сақтандыру тобы көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңі үшін төлеуге жататын (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сақтандыру сыйақыларының шекті нормасы көрсетіледі;

9) I бағанында H бағанында көрсетілген норманы қолдана отырып сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

110.17.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 110.17.001A жолына, H бағаны - 110.17.001B жолына, I бағаны - 110.17.001C жолына көшіріледі.

132. 110.17.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген, осы Ережелердің 205-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елі коды көрсетіледі;

4) D бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын қоспағанда, есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеуге жататын (төлеген) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйақылары төленетін сақтандырушы - салық

төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында осы Ережелердің 206-тармағына сәйкес сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын сақтандыру тобы көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңі үшін төлеуге жататын (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында 110.00.023 жолында көрсетілген жылдық жиынтық табыстың мөлшері көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сақтандыру сыйақыларының шекті нормасы көрсетіледі;

10) J бағанында I (H*I) бағанында көрсетілген норманы қолдана отырып сақтандыру сыйақыларының шекті сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында G және J бағандарында көрсетілген ең аз сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

110.17.002 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 10.27.002A жолына, H бағаны - 110.17.002B жолына, I бағаны - 110.17.002C, J бағаны - 110.17.002D, K бағаны - 110.17.002E жолына көшіріледі.

## 20. Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) жөніндегі жарналар бойынша шығыстар - 110.18 нысанын жасау

133. Осы нысан Салық кодексінің 99-бабының 2-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған.

134. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

135. "Жарналар бойынша шығыстар" бөлімінде:

1) 110.18.001A жолында Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған жеке тұлғалардың кепілдендірілетін салымдарының (депозиттерінің) сомасы көрсетіледі;

2) 110.18.001B жолында "Банк және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес айқындалған жарнаның шекті сомасы көрсетіледі;

3) 110.18.001C жолында Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеке тұлғалардың салымдарын ( депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) қорына енгізуге жататын (енгізілген)

жарна сомасы көрсетіледі;

4) 110.18.001D жолында 110.18.001B және 110.18.001C жолдарының ең аз сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын жарна сомасы көрсетіледі.

136. 110.18.001D жолының шамасы 110.00.031 жолына көшіріледі.

## 21. Әлеуметтік төлемдерге шығыстар - 110.19 нысанын жасау

137. Осы нысан Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

138. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

139. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.19.001 жолында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген есепті салық кезеңі үшін уақытша еңбекке қабілетсіздігінің күндерін төлеуге қызметкерге есептелген сома көрсетіледі;

2) 110.19.002 жолында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүктілігі мен тууы жөніндегі демалыс бойынша қызметкерге есептелген сома көрсетіледі;

3) 110.19.003 жолында есепті салық кезеңі үшін олардың өз еңбек (қызмет) міндеттемелерін орындаумен байланысты қызметкерге келтірілген жарақатты немесе денсаулығына келтірілген өзге залалды өтеуге төлемге жіберілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

4) 110.19.004 жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын өз еңбек (қызмет) міндеттемелерін орындаумен байланысты қызметкерге келтірілген жарақатты немесе денсаулығына келтірілген өзге залалды, және жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіптік жарналар мөлшерінде өтеуге төлем мөлшері көрсетіледі;

5) 110.19.005 жолында олардың өз еңбек (қызмет) міндеттемелерін орындаумен байланысты қызметкерге келтірілген жарақатты немесе денсаулығына келтірілген, және шегерімге енгізілуге жататын жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіптік жарналар, өзге залалды өтеу сомасы көрсетіледі . 110.19.003 және 110.19.004 жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

6) 110.19.006 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстар сомасы көрсетіледі. 110.19.001, 110.19.002 және 110.19.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады

140. 110.19.006 жолының шамасы 110.00.032 жолына көшіріледі.

## 22. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар - 110.20 нысанын жасау

141. Осы нысан Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістерді айқындауға арналған.

142. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

143. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

1) 110.20.001 жолы қайтарылған (қайтарылуға жататын) сақтандыру сыйақыларының сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 110.20.002 жолы Салық кодексінің 89-бабының 1-тармағына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған өзге де кірістерді көрсетуге арналған;

3) 110.20.003 жолы бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістердің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 110.20.001 және 110.20.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

144. 110.20.003 жолының шамасы 110.00.012 жолына көшіріледі.

145. 110.20.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сақтанушы-ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеуші-сақтандырушы есепті салық кезеңі үшін қайтарған (қайтаруға жататын) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) Е бағанында ол бойынша салық төлеуші-сақтандырушы сақтандыру сыйақыларын қайтарған (қайтаруы тиіс) сақтандыру шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында осы Ережелердің 207-тармағына сәйкес сақтандыру класының коды көрсетіледі, оған төлеуші-сақтандырушы қайтаратын сақтандыру сыйақылары кіреді;

7) G бағанында Е бағанында аталған сақтандыру шартының қолданылуының басталу немесе аяқталу күні (сақтандыру сыйақылары сомаларын жылдық жиынтық табысқа енгізу күні) көрсетіледі;

8) Н бағанында есепті салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтаруға жататын) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

110.20.001 жолына қосымша нысан Н бағанының жиынтық шамасы 110.20.001 жолына көшіріледі.

**23. Бюджетке енгізуге жатпайтын айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары - 110.21 нысанын жасау**

146. Осы нысан Салық кодексінің 92-бабындағы 5-тармаққа сәйкес бюджетке енгізуге тиістілерден басқа, шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын айқындауға арналған.

147. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

148. "Айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары" бөлімінде:

110.21.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

149. 110.21.001 жолының шамасы 110.00.035 жолына көшіріледі.

150. 110.21.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оның алдында шаруашылық шарттарының жағдайларын бұзғаны үшін шарт міндеттемелері туындаған ұйым атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген ұйым осы Ереженің 228-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында оған сәйкес салық төлеушіге (салық төлеуші) танылған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) немесе сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

110.21.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.21.001 жолына көшіріледі.

**24. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер - 110.22 нысанын жасау**

151. Осы нысан Салық кодексінің 4-бөлімінің 3-параграфына сәйкес салық салу мақсатында тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ Салық

кодексінің 87-бабына сәйкес шағын топтың теңгермелік құнынан есептен шыққан тіркелген активтердің (I және II активтерден басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

152. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

153. "Үйлер, құрылыстар" бөлімінде:

110.22.001 жолы үйлер, құрылыстар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

154. "Ғимараттар" бөлімінде:

110.22.002 жолы ғимараттар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

155. "Негізгі қаражаттың қалған шағын тобы" бөлімінде:

110.22.003 жолы негізгі қаражаттың қалған шағын тобы бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

156. "Негізгі құралдар бойынша барлығы" бөлімінде:

110.22.004 жолы негізгі құралдар бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 110.22.001, 110.22.002, 110.22.003 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

157. "Материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 110.22.005A жолында өткен салық кезеңі үшін 110.22.005H жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

2) 110.22.005B жолында есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ материалдық емес активтердің жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Бұл бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 110.23.001 жолына қосымша нысанның К бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

3) 110.22.005C жолында Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде материалдық емес активтерді сатудан алынған және/немесе алынуға жататын, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ материалдық емес активтерді есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

4) 110.22.005D жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің соңындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі (110.22.005A + 110.22.005B - 110.22.005C);

5) 110.22.005E жолында Салық кодексінің 107-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі (110.22.005D x 110.22.005J);

6) 110.22.005F жолында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 110 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

7) 110.22.005G жолында Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес егер есепті салық кезеңінің аяғында осы шағын топтың барлық тіркелген активтері жойылса, 110.22.005F жолында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

8) 110.22.005H жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзету есебімен (110.22.005D - 110.22.005E -110.22.005F - 110.22.005G) және амортизациялық аударымдар сомасына кемітілген есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны ретінде айқындалатын шағын топтың құндық теңгермесі көрсетіледі;

9) 110.22.005I жолында 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

10) 110.22.005J жолында салық төлеушілер қолданатын материалдық емес активтер бойынша амортизацияның нормалары, бірақ 110.22.005I жолында көрсетілген шектен жоғары емес процентпен көрсетіледі.

158. "Басқалар" бөлімінде:

1) 110.22.006 жолы шағын топтың құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған. 110.22.003 жолына қосымша нысан J бағанының және 110.22.005D жолының теріс сомаларын қосумен айқындалады;

2) 110.22.007 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге енгізілуге жататын, жалға алушымен жүргізілген жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге және шартқа сәйкес жалға берушімен өтелмейтін шығыстар сомасын көрсетуге арналған.

159. 110.22.004E жолының шамасы 110.00.036A жолына көшіріледі.

110.22.005E жолының шамасы 110.00.036B жолына көшіріледі.

110.22.004I және 110.22.005G жолдарының шамасы 110.00.036D жолына көшіріледі.

110.22.004H және 110.22.005F жолдарының шамасы 110.00.036E жолына көшіріледі.

110.22.004F жолының шамасы 110.00.036F жолына көшіріледі.

110.22.006 жолының шамасы 110.00.009 жолына көшіріледі.

160. 110.22.001, 110.22.002, 110.22.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Салық кодексінің 110-баптың 1-тармағына сәйкес салық төлеуші амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 107-бабы мен 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін негізгі құралдар тобының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында амортизациялық аударымдар есептелетін негізгі құралдардың тиісті тобының амортизациялық шағын тобының нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

6) F бағанында салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ бойынша процентпен, бірақ Е бағанында көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;

7) G бағанында әрбір салық шағын тобы бойынша өткен салық кезеңі үшін 110.22.001, 110.22.002, 110.22.003 жолдарына қосымша нысанның Р бағанының тиісті жолдарынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

8) Н бағанында шағын топтар бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген негізгі активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 110.23.001 жолына қосымша нысанның К бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың қалдық құны көрсетіледі;

9) І бағанында Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде негізгі құралдарды сатудан алынған және/немесе алынуға жататын, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ негізгі құралдардың есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы (G+H-I) айқындалады;

11) К бағанында Салық кодексінің 107-бабының 2 және 3-тармақтарына

сәйкес (JxF) есептелген есепті салық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс негізгі құралдардың әрбір шағын тобы бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес жалпы шыққан шығыстар сомасына тепе-тең негізгі құралдардың тиісті тобының, шағын тобының теңгерімдік құны артатын, L бағанында көрсетілген сомадан асатын негізгі құралдарды жөндеуге салық төлеушінің шыққан нақты шығыстарының сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 100 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

15) O бағанында Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес егер есепті салық кезеңінің аяғында осы шағын топтың барлық тіркелген активтері жойылса, J бағанында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер (J-K+M-N-O) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі.

Жиынтық шама:

110.22.001 жолға қосымша нысанның G бағаны 110.22.001A жолына, H бағаны - 110.22.001B жолына, I бағаны - 110.22.001C жолына, J бағаны - 110.22.001D жолына, K бағаны - 110.22.001E жолына, L бағаны - 110.00.001F жолына, M бағаны - 110.22.001G жолына, N бағаны - 110.22.001H жолына, O бағаны -110.22.001I жолына, P бағаны - 110.22.001J жолына көшіріледі;

110.22.002 жолға қосымша нысанның G бағаны 110.22.003A жолына, H бағаны - 110.22.002B жолына, I бағаны - 110.22.002C жолына, J бағаны - 110.22.002D жолына, K бағаны - 110.22.002E жолына, L бағаны - 110.00.002F жолына, M бағаны - 110.22.002G жолына, N бағаны - 110.22.002H жолына, O бағаны -110.22.002I жолына, P бағаны - 110.22.002J жолына көшіріледі;

110.22.003 жолға қосымша нысанның G бағаны 110.22.003A жолына, H бағаны - 110.22.003B жолына, I бағаны - 110.22.003C жолына, J бағаны - 110.22.003D жолына, K бағаны - 110.22.003E жолына, L бағаны - 110.00.003F жолына, M бағаны - 110.22.003G жолына, N бағаны - 110.22.003H жолына, O бағаны -110.22.003I жолына, P бағаны - 110.22.003J жолына көшіріледі.

161. 110.22.003 жолға қосымша нысанның J бағаны мен 110.22.005D жолы 110.22.006 жолына көшіріледі.

162. 110.22.007 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жылдық жиынтық табыс алу мақсатында негізгі құралы жалға алынған, жалға берушінің (аты-жөні) атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында жылдық жиынтық табыс алу мақсатында қолданылатын, шартқа сәйкес жалға берушімен өтелмейтін олар бойынша жөндеу шығыстары жүргізілгенде жалға алынған негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

5) Е бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес D бағанында көрсетілген негізгі құралдар тобының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында жалгерлік шарттың нөмірі және жасалған күні көрсетіледі, осыған сәйкес негізгі құралдар жалға алынады;

7) G бағанында жалгерлік шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жалгерлік төлем сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында жалға алынған негізгі құралдарды жөндеу үшін жалпы нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) І бағанында жалға берушімен төленуге жататын жөндеу үшін шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Н және І бағандарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жалға берушімен өтелмейтін жөндеу үшін шығыстар сомасы көрсетіледі;

11) К бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге енгізілуге жататын негізгі құралдарды жөндеу үшін нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге енгізілуге жатпайтын және J және К бағандарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын негізгі құралдарды жөндеу үшін нақты шығыстар сомасы көрсетіледі.

110.22.007 жолға қосымша нысанның G бағанының жиынтық шамасы 110.22.007A жолына, Н бағаны - 110.22.007B жолына, І бағаны - 110.22.007C жолына, J бағаны - 110.22.007D жолына, К бағаны - 110.22.007E жолына, L бағаны - 110.00.007F жолына көшіріледі.

## 25. Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар - 110.23 нысанын жасау

163. Осы нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша

амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

164. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

165. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

110.23.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

166. 110.23.001B жолының шамасы 110.00.036C жолға көшіріледі.

167. 110.23.001 жолға қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында тіркелген активтердің атауы көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті тіркелген активті Қазақстан Республикасы аумағында іске қосу күні көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген активтің шағын тобының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағында белгіленген тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі;

7) G бағанында бағанында F бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;

8) H бағанында салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес (G x 2) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі ;

9) I бағанында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі ;

10) J бағанында кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ( I x H) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация

аударымдарының сомалары көрсетіледі;

11) К бағанында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін (I-J) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге жатады және келесі салық кезеңінің 110.22.001, 110.22.002, 110.22.003 жолдарға қосымша нысанның Н бағанының және 110.22.005 жолға қосымша нысанның F бағанының тиісті жолдарына көшіріледі;

12) L бағанында тиісті тіркелген активтің істен шыққан күні көрсетіледі.

110.23.001 жолға қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 110.23.001A жолына, J бағаны - 110.23.001B жолына, К бағаны - 110.23.001C жолына көшіріледі.

## 26. Резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленетін Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстары - 110.24 нысанын жасау

168. Осы нысан резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмаған қызметіне Қазақстан Республикасының көздерінен түскен кіріс және Салық кодексінің 179 , 187 , 198 - 201-1-баптарына сәйкес төлем көзінен табыс салығының сомасын айқындауға арналған.

169. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық агентінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

170. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.24.001 жолы салық кезеңінің басына резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленбеген кірістер сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.24.002 жолы салық кезеңі үшін резидент еместерге есептелген кірістер сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.24.003 жолы салық кезеңі үшін резидент еместерге есептелген кірістен ұсталатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 110.24.004 жолы есептелген кірістер сомалары мен осындай кірістерден ұсталатын табыс салығы сомалары арасындағы айырма ретінде есептелетін, салық кезеңі үшін резидент еместерге төленуге жататын кірістер сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 110.24.005 жолы салық кезеңі үшін резидент еместерге төленген және (

немесе) төленбеген, бірақ салық агентімен бұрынғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған, кірістер сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 110.25.006 жолы Салық кодексінің 181-бабы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге тиісті резидент емес төлеген жеке табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

7) 110.25.007 жолы Салық кодексінің 181-бабы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге тиісті резидент еместерге төленбеген, бірақ салық агентімен бұрынғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған, кірістерден ұсталатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

8) 110.25.008 жолы салық кезеңі үшін Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымына аударылған табыс салығы сомаларын көрсетуге арналған , және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

171. 110.24 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, осы Ереженің 227-бабына сәйкес кірістерінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында салық кезеңінің басында резидент еместерге төленбеген кірістердің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында салық кезеңі үшін есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында кірістерден есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында D және E бағандары көрсеткіштері арасындағы айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін төленуге тиіс кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында өткен салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда резидент емеске төленген және (немесе) төленбеген, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған төленген кірістердің сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге жататын салық кезеңі үшін резидент еместердің төленген кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 181-бабы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке есептеуге тиісті, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған резидент еместердің төленбеген кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес салық кезеңі үшін шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

110.24 қосымшаға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 110.24.001 жолына, D бағаны - 110.24.002 жолына, E бағаны - 110.24.003 жолына , F бағаны-110.24.004 жолына, G бағаны - 110.24.005 жолына, H бағаны -

110.24.006 жолына, I бағаны - 100.25.007 жолына, J бағаны - 100.25.008 жолына көшіріледі.

## 27. Залалдарды көшіру - 110.25 нысанын жасау

172. Осы нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебіне арналған.

173. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

174. "Залалдар" бөлімінде:

110.25.001 жолы келесі салық кезеңдерінен көшірілетін залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

175. 110.25.001 жолының шамасы 110.00.042 жолға көшіріледі.

176. 110.25.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

3) C бағанында өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі. Егер 110.00.038 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (110.00.041 жолы) осы бағанға көшіріледі. Егер 110.00.038 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 110.00.040 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

5) E бағанында келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандарының және 110.02.002 жолында (110.00.038 жолының оң мәнінде) көрсетілген үйлер, құрылыстар және ғимараттарды сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының C бағанына көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

Тиісті салық кезеңі үшін 110.25.001 жолына қосымша нысанның C бағанының шамасы 110.25.001 жолына көшіріледі.

## 28. Шетелдік салықты есепке жатқызу - 110.26 нысанын жасау

177. Осы нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел Мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды ұстағанын және (немесе) төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел елдеріндегі көздерден алынған кіріс және ұсталған және (немесе) төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы қажет.

178. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

179. "Дивидендтер" бөлімінде:

110.26.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған дивидендтерден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

180. "Сыйақылар" бөлімінде:

110.26.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған сыйақылардан салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

181. "Роялти" бөлімінде:

110.26.003 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған роялтиден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

182. "Халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден түскен кіріс" бөлігінде:

110.26.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден түскен кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

183. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кіріс" бөлігінде:

110.26.005 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және

Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

184. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

110.26.006 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

185. "Барлығы" бөлігінде:

110.26.007 жолы 110.26.001С, 110.26.002С, 110.26.003С, 110.26.004С, 110.26.005С, 110.26.006С жолдарында айқындалғандай соманы төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтық жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

186. 110.26.007 жолының шамасы 110.27.004 жолына көшіріледі.

110.26.001А жолының шамасы 110.07.002 жолына көшіріледі.

110.26.002А жолының шамасы 110.08.003 жолына көшіріледі.

187. 110.26.001, 110.26.002, 110.26.003, 110.26.004 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 205-тармағына орай кіріс төлемі көзі - елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі немесе халықаралық шартқа заңнамамен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында әрбір кіріс төлем көзі - еліне төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, Е бағанының деректері С және D бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және

Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін көбейту ретінде айқындалады.

110.26.001 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 110.26.001A жолына, E бағаны - 110.26.001B жолына, G бағаны - 110.26.001C жолына көшіріледі, 110.26.002 жолға қосымша нысанның C бағаны 110.26.002A жолына, E бағаны - 110.26.002B жолына, G бағаны - 110.26.002C жолына көшіріледі, 110.26.003 жолға қосымша нысанның C бағаны 110.26.003A жолына, E бағаны - 110.26.003B жолына, G бағаны - 110.26.003C жолына көшіріледі, 110.26.004 жолға қосымша нысанның C бағаны 110.26.004A жолына, E бағаны - 110.26.004B жолына, G бағаны - 110.26.004C жолына көшіріледі.

188. 110.26.005 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 202-тармағына орай тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын сома кіріс түрлерінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ережелердің 203-тармағына орай кірістің төлем көзі - елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында тиісті төлем көзі - ел немесе халықаралық шарт заңнамасында белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерін жүргізу ретінде айқындалады;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, H бағанның деректері C және G бағандарының деректерін жүргізу ретінде айқындалады.

110.26.005 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 110.26.005A жолына, F бағаны - 110.26.005B жолына, H бағаны - 110.26.005C жолына көшіріледі.

189. 110.26.006 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 203-тармағына орай кірістің төлем көзі - елі коды көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңінің ішінде олардың салық заңнамаларына сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша салық төлеуші есептеген салық салынатын кірістің (пайданың) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - ел немесе халықаралық шарт заңнамасында белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір кірістің төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының деректерін жүргізу ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін жүргізу ретінде айқындалады.

110.26.006 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 110.26.006A жолына, E бағаны - 110.26.006B жолына, G бағаны - 110.26.006C жолына көшіріледі.

## 29. Салық міндеттемесін есептеу - 110.27 нысанын жасау

190. Осы нысан салық төлеушінің корпорациялық табыс салығын есептеуіне және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар, сондай-ақ есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды көрсетуге арналған.

191. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

192. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 110.27.001 жолында 110.00.043 жолда айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 110.27.002 жолында Салық кодексінің 135-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша корпорациялық табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

3) 110.27.003 жолында 110.27.003А және 110.27.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін есепке жатқызу жүргізілген жалпы сома көрсетіледі;

4) 110.27.003А жолында Салық кодексінің 129-бабына сәйкес берілген Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға қабылданған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 110.26.007 жолында айқындалған сома көшіріледі;

5) 110.27.003В жолында Қазақстан Республикасында есептелген (төленген) ұтыс сомаларынан ұсталған салық сомасы көрсетіледі;

6) 110.27.004 жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.27.002 және 110.27.003 жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 110.27.005 жолында 110.27.005А және 110.27.005В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төленген аванстық төлемдер көрсетіледі;

8) 110.27.005А жолында есепті салық кезеңінің корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде бұрынғы салық кезеңінен және салықтың басқа түрлерінен көшірілген артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

9) 110.27.005В жолында есепті салық кезеңі үшін салық төлеушімен жүргізілген аванстық төлемдердің жиынтық шамасы көрсетіледі;

10) 110.27.006 жолында төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 110.27.004 жолында көрсетілген есептелген корпорациялық табыс салығы сомасы мен 110.27.005 жолында көрсетілген аванстық төлемдер жүргізілген сома арасындағы айырма ретінде айқындалады.

11) 110.27.007 жолында егер, 110.27.005 жолында көрсетілген төленген аванстық төлемдер шамасы 110.27.004 жолында көрсетілген корпорациялық табыс салығының шамасынан астам болған жағдайда айқындалатын артық төленген салық сомасы көрсетіледі. 110.27.005 және 110.27.004 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалады.

193. 110.27.002 жолының шамасы 110.00.044 жолына көшіріледі.

110.27.003 жолының шамасы 110.00.045 жолына көшіріледі.

110.27.004 жолының шамасы 110.00.046 жолына көшіріледі.

110.27.005 жолының шамасы 110.00.047 жолына көшіріледі.

110.27.006 жолының шамасы 110.00.048 жолына көшіріледі.

110.27.007 жолының шамасы 110.00.049 жолына көшіріледі.

**30. Бухгалтерлік теңгерме - 110.28 нысанын жасау**

194. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

**31. Қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есеп - 110.29 нысанын жасау**

195. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

**32. ҚЖ/РӨ кестесі - Резервтердегі (провизиялардағы) өзгерістер кестесі - 110.30 нысанын жасау**

196. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

**33. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациямен қаржы-шаруашылық қорытындылары туралы есепті салыстыру - 110.31 нысанын жасау**

197. Осы нысан олардың арасындағы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы есеп және салық салынатын кіріс бойынша айқындалған және айырмашылықтарды айқындау жолымен Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация негізінде айқындалған таза кірісті салыстыруға арналған.

Осы қосымшадағы айырмашылықты айқындау үшін бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі заңнамасына, салық заңнамаларының ережелері бойынша айқындалған кіріс пен шегерімдерге сәйкес есепті салық кезеңіне жасалған қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындылары туралы есепте салық төлеуші айқындаған кірістерді (залалдарды) салыстыру жүргізіледі.

198. I бағанын толтыру кезінде декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

199. II бағанын толтыру кезінде бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі жөніндегі заңнамаға сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

200. III бағанында 110.31.001, 110.31.002, 110.31.003 жолдардан басқа, I және II бағандардың айырмасы көрсетіледі.

201. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

202. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.31.001 жолында қаржы есептемесі бойынша таза кіріс (залал) көрсетіледі;

2) 110.31.002 жолында Декларация бойынша корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 110.00.044 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.31.003 жолында 110.00.043 жолында көрсетілген Декларация бойынша салық салынатын кіріс көрсетіледі;

4) 110.31.004 жолында:

I бағанына 110.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

5) 110.31.005 жолында:

I бағанда 110.31.005A-110.31.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын активтерді сату кезінде құнның өсуінен түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

II бағанда 110.31.005A-110.31.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын бухгалтерлік есеп деректері бойынша 110.31.004 жолда көрсетілген тауарлардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) басқа, активтерді сатудан түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 110.31.005A жолда:

I бағанға 110.02.001; 110.02.002 және 110.02.003 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

7) 110.31.005B:

I бағанға 110.02.004 жолда көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан басқа, негізгі құралдардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

8) 110.31.005C жолында:

II бағанда материалдық емес активтерді өткізуден түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

9) 110.31.005D жолында:

I бағанда 110.02.005-110.002.009 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шама көрсетіледі;

II бағанда бағалы қағаздарды сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

10) 110.31.005E жолында:

басқа да активтерді сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

11) 110.31.006 жолында:

I бағанға 110.00.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда есептен шығару міндеттемесінен түскен кіріс көрсетіледі;

12) 110.31.007 жолында:

I бағанға 110.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 110.31.008 жолында:

I бағанға 110.00.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда мүлікті жалға бергеннен түскен кіріс көрсетіледі;

14) 110.31.009 жолында:

I бағанға 110.00.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жасалған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен алынған сома көрсетіледі;

15) 110.31.010 жолында:

I бағанға 110.00.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда борыштың талаптан қайтудан түскен кірісі көрсетіледі;

16) 110.31.011 жолында:

I бағанға 110.00.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін алынған кірістер сомасы көрсетіледі;

17) 110.31.012 жолында:

I бағанға 110.00.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жалпы үлестік меншіктен түскен кірісті бөлу кезінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

18) 110.31.013 жолында:

I бағанға 110.00.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұлдар, өсімақылар және басқа да санкция түрлері бойынша кіріс көрсетіледі;

19) 110.31.014 жолында:

I бағанға 110.00.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда бұрын жүргізілген шығыс бойынша алынған өтемақылар көрсетіледі;

20) 110.31.015 жолында:

I бағанға 110.00.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер, соның ішінде тауарлық-материалдық құндылықтардың артығынан тегін алынған мүлік, сондай-ақ оларды тарату кезіндегі негізгі құралдардан бөлшектеу, талқылау кезінде алынған тауарлық-материалдық қорлар түріндегі кіріс көрсетіледі;

21) 110.31.016 жолында:

I бағанға 110.00.014 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда дивиденд түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

22) 110.31.017 жолында:

I бағанға 110.00.015 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда сыйақы түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

23) 110.31.018 жолында:

I бағанға 110.00.016 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда оң бағамдық айырмашылық сомасы көрсетіледі;

24) 110.31.019 жолында:

I бағанға 110.00.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ұтыс түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

25) 110.31.020 жолында:

I бағанға 110.00.018 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда роялти түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

26) 110.31.021 жолында:

I бағанға 110.00.019 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда әлеуметтік саладағы объектілерді пайдалану кезіндегі шығыстардан кірістің артығынан алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

27) 110.31.022 жолында:

I бағанға 110.00.009 және 110.00.020 жолдарының сомасы ретінде айқындалған мөлшер көшіріледі;

II бағанда 110.31.004-110.31.021 жолдарында көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да кірістер көрсетіледі;

28) 110.31.023 жолында:

I бағанда 110.00.022 жолдан көшірілетін жылдық жиынтық кірістің түзетілген сомасы көрсетіледі;

29) 110.31.024 жолында:

I бағанда кірістің жалпы сомасы (110.31.004-110.31.022 жолдардың сомасы алынған 110.31.023 жолы) көрсетіледі;

II бағанда кірістің жалпы сомасы (110.31.004-110.31.022 жолдардың сомасы) көрсетіледі;

30) 110.31.025 жолында:

I бағанға 110.00.024 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны ретінде айқындалған, кезеңнің шығысы және басқа да жолдарда көрсетілген шығыстарды есептемегенде, негізгі емес қызмет бойынша шығыстар шамасы көрсетіледі;

31) 110.31.025А жолында:

I бағанға 110.00.005А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда 110.12.005АI-110.11.005АIV жолдарындағы сома ретінде айқындалатын іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

32) 110.31.025AI жолында:

I бағанға 110.11.005AI жолынан сома көшіріледі;

II бағанда бронь үшін шығысты төлеуді қоса алғанда, іссапар орны мен кері жолға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

33) 110.31.025AII жолында:

I бағанға 110.11.005AII жолынан сома көшіріледі;

II бағанда бронь үшін шығысты төлеуді қоса алғанда, тұрғын үй жалдауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

34) 110.31.025AIII жолында:

I бағанға 110.11.005AIII жолынан сома көшіріледі;

II бағанда Қазақстан Республикасы шегіндегі іссапар бойынша тәуліктік мөлшері көрсетіледі;

35) 110.31.025AIV жолында:

I бағанға 110.11.005AIV жолынан сома көшіріледі;

II бағанда Қазақстан Республикасы шегіндегі іссапар бойынша тәуліктік мөлшері көрсетіледі;

36) 110.31.025B жолында:

I бағанға 110.11.005B жолынан сома көшіріледі;

II бағанда өкілеттік шығыстар сомасы көрсетіледі;

37) 110.31.026 жолында:

I бағанға 110.00.025 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда сыйақы бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

38) 110.31.027 жолында:

I бағанға 110.00.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

39) 110.31.028 жолында:

I бағанға 110.00.027 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда күмәнді борыш бойынша резерв көрсетіледі;

40) 110.31.029 жолында:

I бағанға 110.00.028 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда резервтік қорларға аударымдар сомасы көрсетіледі;

41) 110.31.030 жолында:

I бағанға 110.00.029 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ғылыми-зерттеуге, жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

42) 110.31.031 жолында:

I бағанға 110.00.030 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда сақтандыру сыйақылар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

43) 110.31.032 жолында:

I бағанға 110.00.031 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру ( сақтандыру) жөніндегі жарналар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

44) 110.31.033 жолында:

I бағанға 110.00.032 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда әлеуметтік төлемдерге шығыстар сомасы көрсетіледі;

45) 110.31.034 жолында:

I бағанға 110.00.033 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда теріс бағамдық айырмашылықтар сомасы көрсетіледі;

46) 110.31.035 жолында:

I бағанға 110.00.034 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кірісті айқындағанға дейін пайдаланылған салықтардан басқа, салықтар және Қазақстан Республикасында төленген корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ басқа елдерде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

47) 110.31.036 жолында:

I бағанға 110.00.035 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұл, өсімақы, тұрақсыздық айыбы деп көрсетілген немесе танылған сома көрсетіледі;

48) 110.31.037 жолында:

I бағанға 110.00.036A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

49) 110.31.038 жолында:

I бағанға 110.00.036B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

50) 110.31.039 жолында:

I бағанға 110.00.036C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

51) 110.31.040 жолында:

I бағанға 110.00.036 D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

52) 110.31.041 жолында:

I бағанға 110.00.036E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

53) 110.31.042 жолында:

I бағанға 110.00.036F жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жөндеуге кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

54) 110.31.043 жолында:

II бағанда негізгі құралдардың жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

55) 110.31.044 жолында:

II бағанда материалдық емес активтердің жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

56) 110.31.045 жолында:

II бағанда тауарлық-материалдық құндылықтар нормативтен тыс ысырап, бүлінген және жетпеген, сондай-ақ басқа да өндірістік емес шығыстар және ысырап сомасы көрсетіледі;

57) 110.31.046 жолында:

II бағанда айыпкер белгіленбеген немесе егер айыпкер жақтың есебінен қажетті соманы өтеу мүмкін болмаған жағдайда, талан-тараждан түскен залал көрсетіледі;

58) 110.31.047 жолында:

II бағанда бухгалтерлік есеп деректері бойынша өндірістік қуаттық пен консервацияда болып табылатын объектілерді ұстап тұруға шығындар сомасы көрсетіледі;

59) 110.31.048 жолында:

II бағанда жұмысшылардың еңбек демалыстарын төлеуге резервтегі сома көрсетіледі;

60) 110.31.049 жолында:

II бағанда негізгі құралдарды жөндеуге алда тұрған шығыстарға резервтегі сома көрсетіледі;

61) 110.31.050 жолында:

II бағанда 110.31.025-110.31.049 жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

62) 110.31.051 жолында:

I бағанда 110.00.041 жолдан көшірілетін салық салынатын кірістің түзету сомасы көрсетіледі;

63) 110.31.052 жолында:

I бағанда 110.31.025-110.31.051 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

II бағанда 110.31.025-110.31.050 жолдарының қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

64) 110.31.053 жолында:

III бағанда III бағанның 110.31.024 және 110.31.052 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын кірістер мен шығыстар арасындағы айырма көрсетіледі;

65) 110.31.054 жолында:

III бағанда 110.31.053 жолдың сомасына түзетілген 110.31.001 және 110.31.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріс көшіріледі. Осы сома 110.00.043 жолда көрсетілген салық салынатын сомаға сәйкес келуі қажет.

## 34. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 110.32 және 110.33 нысандарын жасау

203. Осы нысандар бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

## 35. Кірістер, елдер мен сақтандыру сыныптары түрлерінің кодтары

204. Декларацияны толтыру кезінде кірістер түрлеріне келесі кодтау қолданылсын:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасындағы тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасындағы аумағында орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

1021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар;

1022 - заңды тұлға - резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасындағы аумағында орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелерін резидент еместердің орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - заңды тұлға - резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты

мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент - эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - резидент - эмитенттерден, егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекемесі арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстардың өтем нысанындағы табыстары немесе Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың өзге де материалдық пайдалары, оның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға жұмсалған шығыстар, отбасы мүшелерінің

демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 -Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін табыстар;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда), агенттік, ақпараттық қызмет көрсетуден алынатын табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге немесе резидент еместерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда), агенттік, ақпараттық қызмет көрсетуден алынатын табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - бағамдық оң айырма;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан артуы;

1330 - степендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алған табыстары;

1350 - Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған табыстар резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстар.

2) Қазақстан Республикасы шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

2022 - заңды тұлға - резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар ;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары ( айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - заңды тұлға - резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар ;

2070 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша

сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке еңбек шарты ( келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

2131 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметтен түскен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент емес заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

2150 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасы шегінен тыс қызметтен төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін ( алынған) табыстар;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде алынатын өзге де табыстар.

205. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің 26.09.1995 жылғы 127-П бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 сәуірде N 291 тіркелген "Әлем елдерінің жіктемесі" Жүк кеден декларациясын толтыру тәртібі туралы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

206. Декларацияны толтыру кезінде сақтандыру топтарының мынадай кодталуын пайдалану керек:

1) 01 - автомобиль көлігін сақтандыру;

2) 02 - темір жол көлігін сақтандыру;

3) 03 - әуе көлігін сақтандыру;

4) 04 - су көлігін сақтандыру;

5) 05 - жүктерді сақтандыру;

6) 06 - осы тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда мүлікті сақтандыру;

7) 07 - кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру;

8) 08 - автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

9) 09 - темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

10) 10 - әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11) 11 - су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

12) 12 - тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

13) 13 - шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

14) 14 - осы тармақтың 8)-12)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 110.00, 110.01, 110.02, 110.03, 110.04, 110.05, 110.06, 110.07, 110.08, 110.09, 110.10, 110.11, 110.12, 110.13, 110.14, 110.15, 110.16, 110.17, 110.18, 110.19, 110.20, 110.21, 110.22, 110.23, 110.24, 110.25, 110.26, 110.27, 110.28, 110.29, 110.30, 110.31, 110.32, 110.33 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (120.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістерді, сондай-ақ сақтандыру сыйақыларын орналастырудан кірістерді мәлімдеуіне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының корпорациялық табыс салығын есептеуіне арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (120.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (120.01 - 120.07 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және былғауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанның көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштер көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарлаумен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

11. Декларацияға 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларация жасау (120.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрлерінің коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: Қызмет. негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. | балық ма | балық аулау | өсіру |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | |
| Өндіріл. | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 | |
| ген өнім. | | | | | | | | | |
| дердің | | | | | | | | | |
| (тауар. | | | | | | | | | |
| лар, | | | | | | | | | |

қызмет | | | | | | | |
көрсету. | | | | | | | |
лер) | | | | | | | |
көлемі, | | | | | | | |
мың теңге| | | | | | | |
_____|___|_____|_____|_____|_____|_____|_____

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар, ЭҚЖЖ мәліметтерінде негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

5) Декларацияның түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның

негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

6) валюта коды;

7) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

13. "Сақтандыру сыйақылары түріндегі кіріс" бөлімінде:

1) 120.00.001 жолында 120.01.009 жолында айқындалған жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде сақтандырушылардан және қайта сақтандырушылардан алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.002 жолында 120.01.010 жолында айқындалған жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде сақтандырушылардан және қайта сақтандырушылардан алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 120.00.003 жолында 120.01.003А және 120.00.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 120.00.003А жолында Салық кодексінің 117-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сомадан 4% ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.001 жолы сомасы және 4% ставка туындысы ретінде айқындалады;

5) 120.00.003В жолында Салық кодексінің 117-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сомадан 2% ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.002 жолы сомасы және 2% ставка туындысы ретінде айқындалады;

6) 120.00.004 жолында есепті салық кезеңі үшін салықты төлеу есебіне салық төлеуші енгізген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.004А және 120.00.004В жолдарының жиынтығы ретінде айқындалады;

7) 120.00.004А жолында есепті салық кезеңі үшін салықты төлеу есебіне бұрынғы салық кезеңінен және басқада салық түрлерінен көшірілген артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

8) 120.00.004В жолында есепті салық кезеңі үшін енгізілген сомалардың жиынтық шамасы көрсетіледі.

14. "Басқа да кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.00.005 жолында 120.02.010 жолында айқындалған салық салынатын кірістің (залалдың) қорытынды сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.006 жолында Салық кодексінің 123-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген өзге де іс-әрекеттерден алынған залалдың сомасы көрсетіледі;

3) 120.00.007 жолында 120.00.005 және 120.00.006 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын алынған залалдарды есепке алу салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

4) 120.00.008 жолында Салық кодексінің 135-бабының 1-тармағына сәйкес салық салынатын кірістен басқада кірістер бойынша 30 % ставка бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі. 120.00.007 жолының сомасы және 30 % ставка туындысы ретінде айқындалады;

5) 120.00.009 жолында 120.00.009А және 120.00.009В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төленген аванстық төлемдер көрсетіледі;

6) 120.00.009А жолында есепті салық кезеңінде корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде бұрынғы салық кезеңінен және басқада салық түрлерінен көшірілген артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

7) 120.00.009В жолында есепті салық кезеңі үшін салық төлеушімен жүргізілген аванстық төлемдердің жиынтық шамасы көрсетіледі.

15. "Салық міндеттемесі есебі" бөлімінде:

1) 120.00.010 жолында 120.00.003 + 120.00.008 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін есептелген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.011 жолында Салық кодексінің 129-бабына сәйкес осы Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табысты төлеу кезінде есепке жатқызуға қабылданған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 120.04.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

3) 120.00.012 жолында есепті салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығының жалпы есептелген сомасы көрсетіледі. 120.00.010 және 120.00.011 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

4) 120.00.013 жолында 120.00.004 + 120.00.009 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін төленген аванстық төлемдер және корпоративтік табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 120.00.014 жолында төленуге жататын корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі. 120.00.012 жолында көрсетілген есептелген корпоративтік табыс салығы сомасы мен 120.00.013 жолында көрсетілген аванстық төлемдер

жүргізілген және төленген салық сомалары арасында айырма ретінде айқындалады;

6) 120.00.015 жолында егер 120.00.013 жолында көрсетілген жүргізілген аванстық төлемдер және төленген салық сомалары шамасы 120.00.012 жолында көрсетілген есептелген корпоративтік табыс салығы сомасы шамасынан жоғары болған жағдайда айқындалатын артық төленген салық сомасы көрсетіледі. 120.00.013 және 120.00.012 жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады.

120.00.013 жолын толтыру кезінде сома салық органымен және салық төлеушімен куәландырылған, салық міндеттемелерінің орындалуы бойынша бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы салық төлеушінің дербес шотынан көшірме негізінде көрсетіледі.

### 3. Сақтандыру қызметінен кірістер - 120.01 нысанын жасау

16. Осы нысан Салық кодексінің 115-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеушімен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде сақтандырушылардан және қайта сақтандырушылардан алынуға жататын (алынған), сондай-ақ салық салынуға жатпайтын кірістер, сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістердің сомасын айқындауға арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

18. "Сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.001 жолында 120.00.002 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабындағы 3-тармақта және Заңның 6-бабындағы 2-тармақта көрсетілген класстар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 120.01.002 жолында Заңның 6-бабындағы 2-тармақта көрсетілген класстар бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 120.01.003 жолында 120.01.004 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 3-тармағында және Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 120.01.004 жолында Заңның 6-бабындағы 2-тармаққа сәйкес көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 120.01.005 жолында 120.01.006 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырғыш-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 120.00.006 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырғыш-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 120.01.007 жолында 120.01.008 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырғыш-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

8) 120.01.008 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырғыш-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

9) 120.01.009 жолында 120.01.010 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.001, 120.01.003 және 120.01.005, 120.01.007 ((120.01.001 + 120.01.003) - (120.01.005 + 120.01.007)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

10) 120.01.010 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.002, 120.01.004 және 120.01.006, 120.01.008 (( 120.01.002 + 120.01.004) - (120.01.006 + 120.01.008)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

11) 120.01.011 жолдарында Салық кодексінің 89-бабының 2-тармағына сәйкес әрекетінің бітуі бойынша немесе жинақтаушы емес сақтандыру шартының мерзімінен бұрын бітуі кезінде сақтандыру ұйымымен

сақтандырғышқа қайтарылуға жататын (қайтарылған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

19. "Салық салынуға жатпайтын кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.012 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сақтандыру шарты бойынша қабылданған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бір жағы болып табылатын және сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға бергенде қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылардан алынуға жататын (алынған) кірістердің комиссиялық түрдегі сыйақылар сомасы көрсетіледі.

2) 120.01.013 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін депозитке, бағалы қағаздарға және басқа қаржылық құралдарға орналастырудан алынуға жататын (алынған) инвестициялық кірістер (дивидендтер, сыйақылар түріндегі кірістер), сондай-ақ оң бағамдық айырма түріндегі кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 120.01.014 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарымен байланысты дебиторлық және кредиторлық қарыздар бойынша пайда болатын оң бағамдық айырма түріндегі кірістер сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.015 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес сақтандыру жағдайын реттеу бойынша сақтандыру төлемдерінде және шығыстарында қайта сақтандырушы үлесі түріндегі кірістер сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.016 жолында Салық кодексінің 115-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша үшінші жақтардан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 289 және 840-баптарына орай суброгация (кері талап) ретінде талаптар бойынша алынған кірістер сомасы көрсетіледі;

6) 120.01.017 жолында Салық кодексінің 115-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының 1-қаңтарға дейін қолданылған салық заңдылығына орай шегерімге жатқызылған сақтандыру резервтеріне аударым сомаларын қоспағандағы есепті салық кезеңі ішінде сақтандыру резервтері мөлшерінің азаю сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.018 жолында Салық кодексінің 115-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес сақтандыру жинақтау шарттары бойынша сақтандырушымен берілген займдар бойынша Заңның 12-бабының 1-тармағына орай алынуға жататын (алынған) кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.019 жолында Салық кодексінің 115-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының 1-қаңтарға дейін қолданылған

салық заңдылығына орай олар бойынша шығыстар шегерімге жатқызылған күмәнді міндеттемелерді қоспағандағы сақтандыру қызметінің күмәнді міндеттемелері бойынша кірістер сомасы көрсетіледі;

9) 120.01.020 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандырушысымен жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларының төлеміне сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын сақтандыру ұйымының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен жүзеге асырылатын өтемақылық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

10) 120.01.021 жолында 120.01.012-120.01.020 жолдарының жиынтығы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 115-бабының екінші бөлімінің 1-тармағына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі.

20. "Басқа ақпарат" бөлімінде:

120.01.022 жолында салық төлеуші жұмыс істейтін және уәкілетті органның лицензиясы бар сақтандыру саласы көрсетіледі.

21. 120.01.009 жолының шамасы 120.00.001 жолына көшіріледі.

120.01.010 жолының шамасы 120.00.002 жолына көшіріледі.

22. 120.01.001, 120.01.002, 120.01.003, 120.01.004, 120.01.005, 120.01.006, 120.01.007, 120.01.008, 120.01.009, 120.01.010, 120.01.011 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сақтандырушының (қайта сақтандырушының, қайта сақтанушының) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы көрсетіледі. Жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша бұл кезде В бағанында "Жеке тұлғалар", С бағанында - олардың саны көрсетіледі, D бағаны толтырылмайды, ал Е бағаны бірыңғай сомамен көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі/осы Ережелердің 35-бабына сәйкес резиденттік елі коды;

4) D бағанында сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының нөмірі және жасалған күні көрсетіледі;

5) Е бағанында сақтандыру сыйақысының сомасы көрсетіледі.

120.01.001 жолына қосымша нысанның Е бағанының қорытынды шамасы 120.02.001 жолына көшіріледі, 120.01.002 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.002 жолына көшіріледі, 120.01.003 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.003 жолына көшіріледі, 120.01.004 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.004 жолына көшіріледі, 120.01.005 жолына қосымша нысанның Е бағаны

120.02.005 жолына көшіріледі, 120.01.006 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.006 жолына көшіріледі, 120.01.007 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.007 жолына көшіріледі, 120.01.008 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.008 жолына көшіріледі, 120.01.011 жолына қосымша нысанның Е бағаны 120.02.011 жолына көшіріледі.

**4. Өзге де қызметтерден кірістер - 120.02 нысанын жасау**

23. Осы нысан Салық кодексінің 115-бабының 2-тармағына сәйкес Заңның 11-бабының 2-тармағына орай түрлері айқындалған салық кезеңі ішінде алынуға жататын (алынған), және салық салынатын кірісті (залалды), өзге де қызметтен кірістерді салық төлеушімен айқындауға арналған.

24. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

25. "Өзге де кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.02.001 жолында Салық кодексінің 81-бабына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабының 2-тармағының 3)-8) тармақшаларында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан салық төлеушімен алынуға жататын (алынған) кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.02.002 жолында Салық кодексінің 82-бабына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабының 2-тармағының 1, 3)-5) тармақшаларында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезіндегі құнның өсуінен, сондай-ақ қаржылық құралдарды сату кезіндегі жалпы кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 120.02.003 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабының 2-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасында сонымен бірге оның аумағынан тыс жерлерде мүлікті жалға беруден түскен кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 120.02.004 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабының 2-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша жалпы үлестік меншіктен түскен кірістерді бөлістіру кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

5) 120.02.005 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық табысқа енгізілетін, бірақ 120.00.001-120.00.004 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің кірістері көрсетіледі;

6) 120.02.006 жолында 120.00.001-120.00.005 жолдарының сомаларын

қосумен айқындалатын басқа да кірістердің (жылдық жиынтық табыстың) жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 120.02.007 жолында бухгалтерлік есептілік деректеріне сәйкес есепті салық кезеңі үшін нақты шегерілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 120.02.008 жолында 120.02.006 жолының сомасы және 120.02.009, 120.02.010, 120.02.020, 120.02.006 жолдарының сомасы қатынасы ретінде айқындалатын жалпы кірістер сомасындағы өзге де қызметтен кірістер сомасының үлес салмағы көрсетіледі;

9) 120.02.009 жолында 120.02.007 және 120.02.008 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 115-бабының 2-тармағының екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызуға жататын шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 120.02.010 жолында 120.02.006 және 120.02.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын өзге де қызметтен алынған салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі.

26. 120.02.010 жолының шамасы 120.00.005 жолына көшіріледі.

## 5. Залалдарды көшіру - 120.03 нысанын жасау

27. Осы нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес өзге де қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебіне арналған.

28. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

29. "Залалдар" бөлімінде:

120.03.001 жолы келесі салық кезеңдерінен көшірілетін залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

30. 120.03.001 жолының шамасы 120.00.006 жолға көшіріледі.

31. 120.03.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

3) С бағанында өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында 120.00.005 жолында көрсетілген есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі.

5) Е бағанында келесі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандарының сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының С бағанына

көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

120.03.001 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 120.03.001 жолына көшіріледі.

## 6. Шетелдік салықты есепке жатқызу - 120.04 нысанын жасау

32. Осы нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес салық төлеушімен Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген шетелдік мемлекеттердегі көздерден алынған және Қазақстан Республикасында корпорациялық табысты төлеу кезінде есепке жатқызылатын кірістер бойынша табыс салығының және табыстарға салықтардың (бұдан әрі - табыс салықтары) сомасын айқындауға арналған.

Салық төлеушімен Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген табыс салығын есепке жатқызу салықтардың ұсталғанын және (немесе) төленгенін растайтын құжаттар бар болған кезде жүргізіледі. Мұндай құжат шетелдік мемлекеттегі көздерден алынған кірістер мен ұсталған және (немесе) төленген салықтардың сомалары туралы шетел мемлекетінің салық органы куәландырылған анықтама бола алады.

33. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) Декларация берілетін салық кезеңін.

34. "Дивидендтер" бөлімінде:

120.04.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын дивидендтерге салынатын салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

35. "Сыйақылар" бөлімінде:

120.04.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын сыйақыларға салынатын салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

36. "Роялти" бөлімінде:

120.04.003 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын роялтиге салынатын салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

37. "Тұрақты мекеме құрусыз қызметтен алынатын өзге де кірістер" бөлімінде :

120.04.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын тұрақты мекеме құрусыз қызметтен алынатын өзге де кірістерге салынатын салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

38. "Тұрақты мекеме арқылы қызметтен алынатын салық салынатын кіріс ( п а й д а ) " б ө л і м і н д е :

120.04.005 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын тұрақты мекеме арқылы қызметтен шетелдік мемлекеттердегі көздерден алынған салық салынатын кіріске (пайдаға) салынатын салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

3 9 . " Б а р л ы ғ ы " б ө л і м і н д е :

120.04.006 жолы 120.04.001С, 120.04.002С, 120.04.003С, 120.04.004С, 120.04.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

40. 120.04.006 жолының шамасы 120.00.011 жолына көшіріледі.

41. 120.04.001, 120.04.002, 120.04.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 48-тармағына сәйкес кірістерді төлеу к ө з і - е л і н і ң к о д ы к ө р с е т і л е д і ;

3) С бағанында әрбір төлем көзі-елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кірістердің сомалары көрсетіледі. Егер салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бір шетелдік мемлекетте бірнеше көзден кіріс алатын болса, онда аталған шетелдік мемлекет бойынша есептелген кірістердің ж а л п ы с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

4) D бағанында тиісті төлем көзі-елінің заңнамасында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі.

5) Е бағанында кірістерді төлеудің әрбір көзі-елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте Е бағанының деректері С және D бағандары деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес кірістердің әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын

төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын табыс салығының ставкалары көрсетіледі.

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес кірістердің әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын табыс салығының сомалары көрсетіледі. Бұл ретте G бағанының деректері C және F бағандары деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

120.04.001 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 120.04.001A жолына, E бағаны - 120.04.001B жолына, G бағаны - 120.04.001C жолына көшіріледі, 120.04.002 жолына қосымша нысанның C бағаны 120.04.002A жолына, E бағаны - 120.04.002B жолына, G бағаны - 120.04.002C жолына көшіріледі, 120.04.003 жолына қосымша нысанның C бағаны 120.04.003A жолына, E бағаны - 120.04.003B жолына, G бағаны - 120.04.003C жолына көшіріледі.

42. 120.04.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 47-тармағына сәйкес оның сомасы тұрақты мекеме құрусыз жүзеге асырылатын қызметтен алынған кірісті төлеу көзі-елі бойынша ашылатын кіріс түрлерінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ережелердің 48-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі-елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында әрбір төлем көзі-елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кірістердің сомалары көрсетіледі. Егер салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бір шетелдік мемлекетте бірнеше көзден кіріс алатын болса, онда аталған шетелдік мемлекет бойынша есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында тиісті төлем көзі-елінің заңнамасында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

6) F бағанында кірістерді төлеудің әрбір көзі-елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте F бағанының деректері D және C бағандары деректерінің туындысы ретінде айқындалады;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес кірістердің әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес кірістердің әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен

тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын табыс салығының сомалары көрсетіледі. Бұл ретте H бағанының деректері D және G бағандары деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

120.04.004 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 120.04.004A жолына, F бағаны - 120.04.004B жолына, H бағаны - 120.04.004C жолына көшіріледі.

43. 120.04.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 48-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі-елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңі ішінде олардың салық заңнамасына сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша салық төлеушімен есептелген салық салынатын кіріс (пайда) сомалары көрсетіледі. Егер салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бір шетелдік мемлекетте бірнеше көзден салық салынатын кіріс алған болса, онда аталған шетелдік мемлекет бойынша есептелген салық салынатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі-елінің заңнамасында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі.

5) E бағанында кірістерді төлеудің әрбір көзі-елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте F бағанының деректері C және D бағандары деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес кірістердің әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын табыс салығының ставкалары көрсетіледі.

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес кірістердің әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын табыс салығының сомалары көрсетіледі. Бұл ретте G бағанының деректері C және F бағандары деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

120.04.005 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 120.04.005A жолына, E бағаны - 120.04.005B жолына, G бағаны - 120.04.005C жолына көшіріледі.

## 7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бухгалтерлік теңгермесі - 120.05 нысанын жасау

44. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есеп беруі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп беруі болып табылады.

## 8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беру - 120.06 нысанын жасау

45. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есеп беруі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп беруі болып табылады.

Осы нысанды жасау кезінде мынадай кодтауды басшылыққа алыңыз:

120.06.001 Сақтандыру сыйлықақылары, жалпы сомасы

120.06.002 Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары

120.06.003 Сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы

120.06.004 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің өзгеруі, жалпы сомасы

120.06.005 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінде қайта сақтанушы үлесінің өзгеруі

120.06.006 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервінің таза сомасы

120.06.007 Еңбек сіңірілген сыйлықақылардың таза сомасы

120.06.008 Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер

120.06.009 Сыйақы алумен байланысты кірістер, оның ішінде:

А бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон/дисконт) түріндегі кірістер

В орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістер

120.06.010 Қаржылық активтермен операциялар (нетто) бойынша кірістер (залалдар) оның ішінде:

А бағалы қағаздарды (нетто) сатып алу/сатудан кірістер (залалдар)

В "РЕПО" операцияларынан кірістер (залалдар)

120.06.011 Қайта бағалаудан (нетто) кірістер (залалдар), оның ішінде:

А саудаға арналған және сату үшін қолдағы бар бағалы қағаздар (нетто) құнының өзгеруінен кірістер (залалдар)

В шетелдік валютаны (нетто) қайта бағалаудан кірістер (залалдар)

120.06.013 Басқа да заңды тұлғалардың капиталына қатысудан кірістер

120.06.014 Инвестициялық қызметтен өзге де кірістер

120.06.015 Басқадай қызметтен өзге де кірістер

120.06.016 Кірістердің жиынтығы

120.06.017 Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар, жалпы сомасы

120.06.018 Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстар

120.06.019 Кері талап бойынша өтеу (нетто)

120.06.020 Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар

120.06.021 Сақтандыру залалдарын реттеу бойынша шығыстар

120.06.022 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған залалдар резервінің өзгеруі, жалпы сомасы

120.06.023 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған залалдар резервінде қайта сақтанушы үлесінің өзгеруі

120.06.024 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған залалдар резерві өзгерулерінің таза сомасы

120.06.025 Аннуитет шарттары бойынша болмаған залалдар резервінің өзгеруі

120.06.026 Аннуитет шарттары бойынша болмаған залалдар резервінде қайта сақтанушы үлесінің өзгеруі

120.06.027 Аннуитет шарттары бойынша болмаған залалдар резерві өзгерулерінің таза сомасы

120.06.028 Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінің өзгеруі, жалпы сомасы

120.06.029 Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінде қайта сақтанушы үлесінің өзгеруі

120.06.030 Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві өзгерулерінің таза сомасы

120.06.031 Мәлімделген бірақ реттелмеген залалдар резервінің өзгеруі, жалпы сомасы

120.06.032 Мәлімделген бірақ реттелмеген залалдар резервінде қайта сақтанушы үлесінің өзгеруі

120.06.033 Мәлімделген бірақ реттелмеген залалдар резерві өзгерулерінің таза сомасы

120.06.034 Қосымша резервтердің өзгеруі, жалпы сомасы

120.06.035 Қосымша резервтерде қайта сақтанушы резервінің өзгеруі

120.06.036 Қосымша резервтер өзгерулерінің таза сомасы

120.06.037 Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақыларды төлеу бойынша шығыстар

120.06.038 Сыйақыны төлеумен байланысты шығыстар, оның ішінде:

А бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығыстар

120.06.039 Күмәнді борыштар бойынша резервтерге шығыстар

120.06.040 Күмәнді борыштар бойынша резервтерді қалпына келтіру

120.06.041 Күмәнді борыштар бойынша резервтерге таза шығыстар

120.06.042 Жалпы және әкімшілік шығыстар, оның ішінде:

А еңбекке ақы төлеуге және іссапар шығыстары

В ағымдағы салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер (

корпорациялық табыс салығынан басқа)

C Ағымдағы жалдау бойынша шығыстар

D амортизациялық аударымдар және тозу

120.06.043 Басқадай шығыстар

120.06.044 Шығыстардың жиынтығы

120.06.045 Корпорациялық табыс салығын төлеуге дейін таза табыс (залал) жиынтығы

120.06.046 Корпорациялық табыс салығы, оның ішінде:

A негізгі қызметтен корпорациялық табыс салығы

B өзге де қызметтен корпорациялық табыс салығы

120.06.047 Салықтарды төлегеннен кейін таза табыс (залал)

## 9. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 120.07 нысанын жасау

46. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

## 10. Кірістер мен елдер түрлерінің коды

47. Есепті толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1022 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан

Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар ( шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент - эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе

өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы

қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен табыстар;

2131 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса

а л ғ а н д а ;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де табыстар.

48. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы N 219 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 09.06.2003 жылғы N 2355 тіркелген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

_____

*РҚАО-ның ескертуі: 120.00, 120.01, 120.02, 120.03, 120.04, 120.05, 120.06, 120.07 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"С а л ы қ е с е п т і л і г і н ж а с а у е р е ж е л е р і н б е к і т у т у р а л ы" Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң С а л ы қ к о м и т е т і Т ө р а ғ а с ы н ы ң 2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы N 4 9 3 б ұ й р ы ғ ы м е н бекітілген

## Корпорациялық табыс салығы бойынша есеп жасау ережелері (121.00-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістерді, сондай-ақ сақтандыру сыйақыларын орналастырудан кірістерді мәлімдеуіне және ай қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Е с е п т і ж а с а у к е з і н д е:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есепті жасау (121.00-нысан)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін есепті ай.

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрлерінің коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол\|ко.\|ды | Есепті кезең үшін | оның ішінде: Қызмет. | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері |
|---|---|---|---|---|

| | барлығы | тің негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. ма | балық аулау | балық өсіру |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім. дердің (тауар. лар, қызмет көрсету. лер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін

тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

Егер ұйыммен бұрын 1-ӨН және 2-ШК нысандарының есептілігі берілмеген болса, онда тек негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын толтыру қажет;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Есеп берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" тор көзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді.

6) Хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады.

7) валюта коды.

9. "Сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.001 жолында 121.00.002 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабындағы 2-тармақта және Заңның 6-бабындағы 3-тармақта көрсетілген класстар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.002 жолында Заңның 6-бабындағы 2-тармақта көрсетілген топтар бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.003 жолында 121.00.004 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 3-тармағында және Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген топтар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 120.00.004 жолында Заңның 6-бабындағы 2-тармаққа сәйкес көрсетілген топтар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының

сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.005 жолында 121.00.006 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген топтар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.006 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырғыш-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

7) 121.00.007 жолында 121.00.008 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3 тармақтарында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) 121.00.008 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидентпен төленген сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

9) 121.00.009 жолында 121.00.010 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3 тармақтарында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.001, 121.00.003 және 121.00.005, 121.00.007 ((121.00.001 + 121.00.003) - (121.00.005 + 121.00.007)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

10) 121.00.010 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген кластар бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.002, 121.00.004 және 121.00.006, 121.00.008 (( 121.00.002 + 121.00.004) - (121.00.006 + 121.00.008)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

11) 121.00.011 жолында 12100.011А және 121.00.011В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

12) 121.00.011А жолында Салық кодексінің 117-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сомадан 4% ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.009

жолы сомасы және 4% ставка туындысы ретінде айқындалады;

13) 121.00.011В жолында Салық кодексінің 117-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сомадан 2 % ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.010 жолы сомасы және 2 % ставка туындысы ретінде айқындалады;

14) 121.00.012 жолында есепті кезең үшін салықты төлеу есебіне салық төлеуші енгізген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

15) 121.00.013 жолында төленуге жататын корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі. 121.00.011 жолында көрсетілген есептелген корпоративтік табыс салығы сомасы мен 121.00.012 жолында көрсетілген төленген салық сомасы сомалары арасында айырма ретінде айқындалады;

16) 121.00.014 жолында егер 121.00.012 жолында көрсетілген төленген салық сомалары шамасы 121.00.011 жолында көрсетілген есептелген корпоративтік табыс салығы сомасы шамасынан жоғары болған жағдайда айқындалатын артық төленген салық сомасы көрсетіледі. 121.00.012 және 121.00.011 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 121.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (130.00-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоғамдық мүддеде қызметін жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сәйкес келетін пәтер (үй-жайлар) иелерінің кооперативтерінен басқа, акционерлік қоғамдар, мекемелер мен тұтынушы кооперативтерді қоспағанда, депозиттер бойынша сыйақылар, грант, кіру және мүшелік жарналары, кондоминиум қатысушыларының жарналары, қайырымдылық көмегі, өтеусіз

берілген мүлік, коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде аударымдар мен қайырымдылықтар түріндегі кірістерді мәлімдеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды:

1) осындай ретінде кірісті алу мақсаты жоқ;

2) қатысушылар арасында алынған таза кірісті немесе мүлікті бөлмейді.

2. Декларация Декларацияның өзінен (130.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (130.01 - 130.07 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанның көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштер көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (130.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрлерінің коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | негізгі қызмет түрі | сауда | аңшылық | жарна. | балық ма | балық аулау | балық өсіру |
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім. дердің (тауар. лар, | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

қызмет | | | | | | | |
көрсету. | | | | | | | |
лер) | | | | | | | |
көлемі, | | | | | | | |
мың теңге| | | | | | | |
_____|__|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

5) Декларацияның түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді

қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және " Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация берілген жағдайда толтырылады.

7) валюта коды;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

9) Корпорациялық табыс салығы декларациясында көрсетілген қызметтен кірістер болуы кезінде "100 нысаны бойынша декларация" торкөзі белгіленеді. Бұл ретте, Салық кодексінің 120-бабының 4-тармағына сәйкес Салық кодексінің 67-бабына сәйкес бөлек есептілік жүргізіледі;

10) пәтер (үй-жайлар) иелерінің кооперативтерінен басқа, акционерлік қоғамдар, мекемелер және тұтынушы кооперативтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес коммерциялық болып табылмайтын ұйым растауға аталған шарттарға жауап береді және тиісті торкөздер белгіленеді.

13. "Кірістер" бөлімінде:

1) 130.00.001 жолында 130.01.001 жолында айқындалған депозиттер бойынша сыйақы түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 130.00.002 жолында 130.02.001 жолында айқындалған грант түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

3) 130.00.003 жолында кіру жарналары түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

4) 130.00.004 жолында мүшелік жарналар түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі (пәтерлер (үй-жайлар) иелерінің кооперативтері кондоминиум қатысушыларының жарналары түріндегі кірісін көрсетеді);

5) 130.00.005 жолында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған қайырымдылық көмегі түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

6) 130.00.006 жолында 130.03.001 жолында айқындалған өтеусіз берілген мүлік түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

7) 130.00.007 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

8) 130.00.008 жолында кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 130.00.001 - 130.00.007 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

14. "Шегерімдерді есептеу" бөлімінде:

1) 130.00.009 жолында 100.00.023 жолының сомасы мен 130.00.008 және

100.00.023 жолдары сомасының қатынасы ретінде айқындалатын кірістердің жалпы сомасында Салық кодексі 120-бабының 4-тармағына сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте салық салынуға жататын кірістердің үлес салмағы көрсетіледі;

2) 130.00.010 жолында 100.00.037 және 100.00.037В жолдарының туындысы ретінде айқындалатын Салық кодексі 120-бабының 5-тармағына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы көрсетіледі.

15. 130.00.010 жолының шамасы 100.00.037В жолына көшіріледі.

## 3. Депозиттер бойынша сыйақылар - 130.01 нысанын жасау

16. Осы нысан депозиттер бойынша сыйақылар түріндегі алынған кірістер сомасын айқындауға арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

18. "Депозиттер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

130.01.001 жолында сыйақылар түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

19. 130.01.001 жолының шамасы 130.00.001 жолына көшіріледі.

20. 130.01.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сыйақы төлеген заңды (жеке) тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 37-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында депозиттер бойынша алынған сыйақының сомасы көрсетіледі;

130.01.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.01.001 жолына көшіріледі.

## 4. Гранттар - 130.02 нысанын жасау

21. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 4) тармақшасына сәйкес грант түрінде алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

22. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

23. "Гранттар" бөлімінде:

130.02.001 жолында грант түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

24. 130.02.001 жолының шамасы 130.00.002 жолына көшіріледі.

25. 130.02.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында грант төлеген заңды (жеке) тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 37-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында алынған грант сомасы көрсетіледі.

130.02.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.02.001 жолына көшіріледі.

## 5. Өтеусіз берілген мүлік - 130.03 нысанын жасау

26. Осы нысан өтеусіз берілген мүлік түрінде алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

27. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

28. "Мүлік" бөлімінде:

130.03.001 жолында өтеусіз берілген мүлік түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

29. 130.03.001 жолының шамасы 130.00.006 жолына көшіріледі.

30. 130.03.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында өтеусіз мүлікті берген заңды (жеке) тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 35-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында өтеусіз берілген мүлік сомасы көрсетіледі.

130.03.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.03.001 жолына көшіріледі.

## 6. Бухгалтерлік теңгерме - 130.04 нысанын жасау

31. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есеп беру бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржы есеп беруі болып табылады.

## 7. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 130.05 нысанын жасау

32. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есеп беру бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржы есеп беруі болып табылады.

33. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

34. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

130.05.001 - 130.05.011 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл ретте, 130.05.001 - 130.05.003 жолдары қосымша нысан негізінде толтырылады.

35. 130.05.001, 130.05.002, 130.05.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кіріс көрсетіледі;

4) D бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын жиынтық кіріс көрсетіледі.

130.05.001, 130.05.002, 130.05.003 жолдарына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 130.05.001 жолына, D бағаны - 130.05.002 жолына, Е бағаны - 130.05.003 жолына көшіріледі.

## 8. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 130.06 және 130.07 нысандарын жасау

36. Осы нысандар бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

## 9. Елдер коды

37. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы N 219 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 09.06.2003 жылғы N 2355 тіркелген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 130.00, 130.01, 130.02, 130.03, 130.04, 130.05, 130.06, 130.07 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (140.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сәйкес келетін ұйымдардың кірістерін мәлімдеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін көздейді:

1) салық кезеңі үшін мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санынан кемінде 51 проценті болатын;

2) салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда - кемінде 35 процент) құрайтын ұйымдар жатады.

Жоғарыда аталған шарттарға сәйкес келетініне қарамастан акцизделетін тауарларды өндіру мен сату бойынша қызметтен және қызметтің акциздік түрлерінен кірістер алатын ұйымдар салық салудың осы тәртібін қолданбайды және 100.00 нысаны бойынша корпорациялық табыс салығын береді.

2. Декларация Декларацияның өзінен (140.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (140.01 - 140.10 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияларды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанның көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштер көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (140.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрлерінің коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің

қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - к е с т е

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол. ко. | Есепті кезең үшін | оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қызмет. барлығы | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | | |
| | | | тің негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. ма | балық аулау | балық өсіру |
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім. дердің (тауар. лар, қызмет көрсету. лер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация берілген жағдайда толтырылады.

7) валюта коды;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) "А" торкөзінде есепті салық кезеңі үшін қызметкерлер мен мүгедек қызметкерлердің саны көрсетіледі;

"В" торкөзінде есепті салық кезеңі үшін қызметкерлер мен мүгедек қызметкерлердің (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар осы мүгедек қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстарды көрсетеді және тиісті торкөзді белгілейді) еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі;

акцизделетін тауарлар мен қызметтің акцизделетін түрлерін өндіру және сату бойынша қызметін жүзеге асыратын ұйымды растау "C" торкөзінде белгіленеді;

Декларацияда көрсетілген өз қызметін жүзеге асыруға кірістерді жіберетін ұйымды растау "D" торкөзінде белгіленеді;

егер ұйым есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған болған жағдайда "E" торкөзі белгеленеді.

13. "Кірістер" бөлімінде:

1) 140.00.001 жолына 140.01.001C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 140.00.002 жолына 140.02.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 140.00.003 жолына Салық кодексінің 83-бабымен айқындалған және міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Осы жол бойынша тарату декларациясын жасау кезінде заңды тұлғаны тарату кезінде кредиторлық берешекті есептен шығарудан алынған кіріс көрсетіледі;

4) 140.00.004 жолына 140.03.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 140.00.005 жолында егер сома Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 12) тармақшаға сәйкес айқындалған бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот тағайындаған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімдер және санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

6) 140.00.006 жолына 140.04.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 140.00.007 жолына 140.05.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 140.00.008 жолына 140.06.002A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 140.00.009 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 18) тармақшаға сәйкес айқындалған ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 140.00.010 жолында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 4) тармақшаға сәйкес айқындалған грант түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

11) 140.00.011 жолында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес айқындалған қайырымдылық көмегі түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

12) 140.00.012 жолында өтеусіз берілген мүлік түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

13) 140.00.013 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

14) 140.00.014 жолында 140.00.001 - 140.00.013 жолдарында ескерілмеген басқа да кірістер көрсетіледі.

15) 140.00.015 жолында кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 140.00.001 - 140.00.014 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

## 3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен кіріс - 140.01 нысанын жасау

14. Осы нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды , қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

16. "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату" бөлімінде: 140.02.001 жолы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады.

17. 140.01.001C жолының шамасы 140.00.001 жолына көшіріледі.

18. 140.01.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеуші Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес жүзеге асыратын қызмет түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша әрбір жолда тиісті топты (классты) көрсетеді;

3) C бағанында есепті салық кезеңінің ішінде сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзету сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағындағы 4)тармақшаға сәйкес егер сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлем шарты жағдайларымен шетел валютасындағы белгілі сомаға тең сомада жүргізілсе, оларды төлеу кезінде сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны түзетуге жатады;

5) E бағанында аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін жүргізілген түзетуден кейін сатылған тауарлардың ( жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. C және D бағандары сомасы ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда E бағанына C бағанында көрсетілген деректер көшіріледі.

140.01.001 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 140.01.001A жолына, D бағаны - 140.01.001B жолына, E бағаны - 140.01.001C жолына көшіріледі.

## 4. Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен алынатын кіріс - 140.02 нысанын жасау

19. Осы нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімімен алынатын кірісті айқындауға арналған.

20. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

21. "Негізгі құралдарды сату" бөлімінде:

140.02.001 жолы негізгі құралдарды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

22. "Материалдық емес активтерді сату" бөлімінде:

140.02.002 жолы материалдық емес активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

23. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 140.02.003 жолы борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 140.02.004 жолы борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

24. "Барлығы" бөлімінде:

140.02.005 жолында 140.02.001 - 140.02.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (кірісті алу кезінде) негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен алынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

25. 140.02.005 жолының шамасы 140.00.002 жолына көшіріледі.

26. 140.02.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сатылған негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында негізгі құралдардың теңгермелік құны көрсетіледі.

4) D бағанында аталған объектілердің сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар E бағанының жиынтық шамасын

айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.02.001 жолына көшіріледі.

27. 140.02.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында материалдық емес теңгермелік құны көрсетіледі;

4) D бағанында материалдық емес активтердің сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудың кірісі (залалы) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар Е бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.02.002 жолына көшіріледі.

28. 140.02.003 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі;

4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудың кірісі (залалы) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар Е бағанының жиынтық шамасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.003 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.02.003 жолына көшіріледі.

29. 140.02.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылатын борыштық бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында борыштық бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

4) D бағанында борыштық бағалы қағаздардың айналыс мерзімі (күн) көрсетіледі;

5) Е бағанында борыштық бағалы қағаздардың атаулы құны көрсетіледі;

6) F бағанында купон сомасын енгізетін, құн бойынша сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін, құн бойынша сатып алынған борыштық бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген, купон сомасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында борыштық бағалы қағаздардың сатып алынған күні

көрсетіледі;

8) H бағанында E және F бағандары сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын дисконттың немесе сыйақының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін оларды сату кезіндегі сатып алушыдан алынған купон ескерілмей борыштық бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілмеген купон сомасы 140.05.002 жолына қосымша нысандағы G бағанындағы тиісті жолдарда көрсетіледі;

10) J бағанында борыштық бағалы қағаздардың сатылған күні көрсетіледі;

11) K бағанында былай есептелетін борыштық бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі:

K = ( H / D ) x ( J - G ), мұнда

(J-G) - борыштық бағалы қағазды иелену кезеңіндегі құн саны;

12) L бағанында L=(I-F+K)) формуласы бойынша айқындалатын борыштық бағалы қағаздарды сатудың кірісі (залалы) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар L бағанының жиынтық шамасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.004 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 140.02.004 жолына көшіріледі.

## 5. Мүлікті жалға беруден алынған кірістер - 140.03 нысанын жасау

30. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 5) тармақшаға сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары аумақтарда да мүлікті жалға беруден кірістерді айқындауға арналған.

31. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

32. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

140.03.001 нысаны мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

33. 140.03.001 жолының шамасы 140.00.004 жолына көшіріледі.

34. 140.03.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында жалға беруші жалға берген мүліктің түрі көрсетіледі;

3) C бағанында салық төлеуші жалға алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі / осы Ережелердің 63-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды;

4) D бағанында жалға алу шартының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға

беруші алуы тиіс (алған) жал төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары аумақта мүлік үшін жал төлемін алса (алуға жататын), онда Е бағанында салық сомасын қоса алғанда , есептелген жал төлемінің сомасы көрсетіледі.

140.03.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.03.001 жолына көшіріледі.

## 6. Дивидендтер - 140.04 нысанын жасау

35. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 15) тармақшаға сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасында да, одан тысқары аумақта да алған дивидендтер түріндегі кірісін айқындауға арналған.

Дивидендтер оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 6) тармақшаға сәйкес айқындалатын кіріс болып табылады.

36. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

37. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 140.04.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінде алынған дивидендтер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 140.04.002 жолы Қазақстан Республикасынан тысқары аумақта алынған дивидендтер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 140.04.003 жолы 140.04.001 және 140.04.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

38. 140.04.003 жолының шамасы 140.00.006 жолына көшіріледі.

39. 140.04.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында одан дивидендтер алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында дивидендтер төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтердің төлем көзінен корпорациялық табыс салығының ұсталғаны растаушы құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтер төлеген заңды тұлға береді;

5) Е бағанында растаушы құжаттар болған жағдайда, ұсталған салық сомасын қоспағанда, алынған дивидендтер сомасы көрсетіледі.

140.04.001 жолы қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.04.001 жолына көшіріледі.

40. 140.04.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында одан дивидендтер алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген заңды тұлғаның осы Ережелердің 63-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтерді төлеу көзінен табыс салығының (кіріс салығы) ұсталғаны туралы растаушы құжатты беру нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтерді төлеген заңды тұлға береді;

5) Е бағанында ұсталған салықты қоса алғанда, дивидендтердің төленген сомасы көрсетіледі.

140.04.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.04.002 жолына көшіріледі.

## 7. Сыйақылар - 140.05 нысанын жасау

41. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 16) тармақшаға сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасында да, одан тысқары аумақта да алынуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірісін айқындауға арналған. Сыйақы Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес айқындалатын кірістер болып табылады.

42. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

43. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

140.05.001 жолы борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ резидент еместерден сыйақы сомасы бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақыларды қоспағанда активтер бойынша сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

44. "Борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

140.05.002 жолы борыштық бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

45. "Резидент еместерден сыйақы" бөлімінде:

140.05.003 жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

46. "Барлығы" бөлімінде:

140.05.004 жолы 140.05.001A, 140.05.002C және 140.05.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

47. 140.05.004 жолының шамасы 140.00.007 жолына көшіріледі.

48. 140.05.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сыйақы түрлері көрсетіледі;

3) C бағанында одан сыйақы алынған заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

5) E бағанында төлем көзінен корпорациялық табыс салығын ұстау туралы растаушы құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжат сыйақы төлеген заңды тұлғаға беріледі;

6) F бағанында төлем көзінен ұсталатын, корпорациялық табыс салығының сомасын ескеріп, есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында осы салық ұсталғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақыны төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

140.05.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 140.05.001A жолына, G бағаны - 140.05.001B жолына көшіріледі.

49. 140.05.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 8) тармақшасына сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

3) C бағанында одан сыйақы алынған (алынуға жататын) заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында сыйақыны төлем көзінен корпорациялық табыс салығының ұсталғаны туралы растау құжатын берудің нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақы төлеген заңды тұлға-эмитент береді;

6) F бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында дисконт немесе сыйақы есебінсіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында төлем көзінен эмитент ұстаған корпорациялық табыс салығының сомасын ескеріп сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. G және F бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

9) I бағанында осы салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар болса, Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағындағы 6) тармақшаға сәйкес салық төлеушіге

төленуі тиіс (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитент ұстаған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

140.05.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 140.05.002A жолына, G бағаны - 140.05.002B жолына, H бағаны - 140.05.002C жолына, I бағаны - 140.05.002D жолына көшіріледі.

50. 140.05.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары алынуға жататын (алынған) төленетін сыйақы түрі көрсетіледі;

3) C бағанында одан сыйақы алынған резидент емес - заңды тұлғаның толық атауы, резидент емес жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген тұлғаның осы Ережелердің 63-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында сыйақыны төлеу көзінен корпорациялық табыс салығының ( кіріс салығы) ұсталғаны туралы растаушы құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақы төлеген заңды тұлға береді;

6) F бағанында сыйақы төлеу көзінде ұсталған табыс салығының сомасын қоса алғанда (кіріс салығы), резидент еместің есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі.

140.05.003 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 140.05.003 жолына көшіріледі.

## 8. Бағамдық айырма - 140.06 нысанын жасау

51. Осы нысан Салық кодексі 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілуі тиіс оң бағамдық сомасын айқындауға арналған.

52. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

53. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

140.06.001 жолы есепті салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырмалардың жалпы сомалары туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

54. "Бағамдық айырманы есептеу" бөлімінде:

1) 140.06.002A жолы 140.06.001A және 140.06.001B жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуін көрсетуге арналған;

2) 140.06.002B жолы 140.06.001A және 140.06.001B жолдарының теріс айырмасы ретінде айқындалатын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін көрсетуге арналған;

55. 140.06.002A жолының шамасы 140.00.008 жолына көшіріледі.

56. 140.06.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында нәтижесінде бағамдық айырма құралған шетелдік валютадағы операциялардың атауы көрсетіледі:

валюталық шоттар бойынша;

валюталық несиелер бойынша;

сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар бойынша;

өзге де операциялар бойынша;

C бағанында есепті салық кезеңі ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған, оң бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

D бағанында есепті салық кезеңі ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған, теріс бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

140.06.001 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 140.06.001A жолына, D бағаны - 140.06.001B жолына көшіріледі.

## 9. Бухгалтерлік теңгерме - 140.07 нысанын жасау

57. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп беруі болып табылады.

## 10. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 140.08 нысанын жасау

58. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп беруі болып табылады.

59. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

60. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

140.08.001 - 140.08.011 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл ретте, 140.08.001 - 140.08.003 жолдары қосымша нысан негізінде толтырылады.

61. 140.08.001, 140.08.002, 140.08.003 жолдарына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кіріс көрсетіледі;

4) D бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын жиынтық кіріс көрсетіледі.

140.08.001, 140.08.002, 140.08.003 жолдарына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 140.08.001 жолына, D бағаны - 140.08.002 жолына, Е бағаны - 140.08.003 жолына көшіріледі.

**11. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 140.09 және 140.10 нысандарын жасау**

62. Осы нысандар бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

**12. Елдер коды**

63. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы N 219 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 09.06.2003 жылғы N 2355 тіркелген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 140.00, 140.01, 140.02, 140.03, 140.04, 140.05, 140.06, 140.07, 140.08, 140.09, 140.10 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (150.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қызметтің айрықша түрі мыналар болып табылатын әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды:

1) косметологиялық қызметтерді қоспағанда, медициналық қызмет көрсету;

2) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; бастауыш, негізгі, орта, қосымша жалпы білім беру;

білім беру; бастауыш, орта, жоғары және жоғары орта оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру; қызметтің осы түрлерін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласында қызмет көрсету;

3) ғылым, спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық шараларынан басқа), мәдениет (шоу-бизнесті қоспағанда) саласында қызмет, тарихи және мәдени мұраны, мұрағаттық құндылықтарды сақтау бойынша, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді қорғау және оларды әлеуметтік қамсыздандыру саласында қызмет көрсету;

4) кітапхана қызметін көрсету.

2. Декларация Декларацияның өзінен (150.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (150.01 - 150.04 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияларды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанның көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштер көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (150.00-Нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес ресми атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрлерінің коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - кесте

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол\|ко.\|ды | Есепті кезең үшін | оның ішінде: Қызмет. | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері |
|---|---|---|---|---|

| | барлығы | тің негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. ма | балық аулау | балық өсіру |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім. дердің (тауар. лар, қызмет көрсету. лер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

---

мұндағы, мысалы, құрылыстың үлесі 150 000,0 (I-кестенің 2-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 1-бағаны) х 100 ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107 жолдарының деректерін негізінде жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге

де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

6) валюта коды;

7) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

8) ұйым мынаны растауда:

әлеуметтік салада қызметін жүзеге асырады, тиісті торкөз белгіленеді және Салық кодексінің 121-бабының 1-тармағының ережелеріне сәйкес ұйымның қызмет түрін көрсетеді;

қызметтің аталған түрін жүзеге асыруға кірістерді бағыттайды, тиісті торкөз белгіленеді.

13. "Негізгі қызметтен кірістер" бөлімінде:

1) 150.00.001 жолында Салық кодексінің 81-бабына сәйкес айқындалатын, қызметтің аталған түрінен кірістерді салық төлеуші алуға жататын (алынған) жалпы сома көрсетіледі;

2) 150.00.002 жолында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 4) тармақшасына сәйкес айқындалған грант түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

3) 150.00.003 жолында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған қайырымдылық көмегі түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

4) 150.00.004 жолында өтеусіз алынған мүлік түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

5) 150.00.005 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

6) 150.00.006 жолында негізгі қызметтен алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.00.001 - 150.00.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

14. "Негізгі емес қызметтен кірістер" бөлімінде:

1) 150.00.007 жолында Салық кодексінің 81-бабына сәйкес айқындалатын негізгі емес қызмет түрлері бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан салық төлеушімен алынуға жататын (алынған) кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 150.00.008 жолында Салық кодексінің 82-бабына сәйкес айқындалатын негізгі емес қызмет түрлері бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезіндегі құнның өсуінен жалпы кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 150.00.009 жолында Салық кодексінің 83-бабына сәйкес айқындалатын міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Тарату Декларациясын жасау кезінде осы жол бойынша, сонымен бірге заңды тұлғаны тарату кезінде кредиторлық қарызды есептен шығарудан алынған кірістер көрсетіледі;

4) 150.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жалдық шартқа орай жалға берушімен алынуға жататын (алынған) жалдық төлем сомасы көрсетіледі;

5) 150.00.010 жолында бюджеттен қайтарылғаннан басқа сот үкімі шығарылған немесе айыппұлдар, өсімдер және санкциялардың басқа да түрлерімен борышқор деп мойындалған сома көрсетіледі, егер бұл сома Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылмаған болса;

6) 150.00.012 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес төлем көзінде ұсталған корпоративтік табыс салығын есепке ала алынған дивидендтер сомасы көрсетіледі;

7) 150.00.013 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес төлем көзінде ұсталған корпоративтік табыс салығын есепке ала есептелген сыйақылардың сомасы көрсетіледі;

8) 150.00.014 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілуге жататын оң бағамдық айырма сомасы көрсетіледі;

9) 150.00.015 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 150.00.016 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық табысқа енгізілетін негізгі емес қызметтен салық төлеушінің басқа да кірістері көрсетіледі;

11) 150.00.017 жолында 150.00.001-150.00.005 жолдарының сомасы ретінде

айқындалатын негізгі емес қызметтен алынған жалпы кірістер сомасы көрсетіледі.

15. "Кірістердің барлығы" бөлімінде:

1) 150.00.018 жолында салық төлеушімен алынған және 150.00.006-150.00.017 жолдарын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 150.00.010 жолында 150.00.006 және 150.00.018 жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын жалпы кірістер сомасындағы негізгі емес қызметтен кірістер сомасының үлес салмағы көрсетіледі.

## 3. Бухгалтерлік теңгерме - 150.01 нысанын жасау

16. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп беруі болып табылады.

## 4. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 150.02 нысанын жасау

17. Осы нысан бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есеп беруі болып табылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

19. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

150.02.001 - 150.02.011 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл ретте, 150.02.001 - 150.02.003 жолдары қосымша нысан негізінде толтырылады.

20. 150.02.001, 150.02.002, 150.02.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кіріс көрсетіледі;

4) D бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын жиынтық кіріс көрсетіледі.

150.02.001, 150.02.002, 150.02.003 жолдарына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 150.02.001 жолына, D бағаны - 150.02.002 жолына, Е бағаны - 150.02.003 жолына көшіріледі.

**5. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 150.03 және 150.04 нысандарын жасау**

21. Осы нысандар бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген салық төлеушінің қаржылық есебі болып табылады.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 150.00, 150.01, 150.02, 150.03, 150.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Жеке табыс салығы бойынша декларация жасау ережесі (200.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Кодексі) сәйкес әзірленген және жеке тұлғалардың бір жолғы ірі сатып алулардан кірістерді мәлімдеуге, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден табыстар алатын және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетел банктеріндегі шоттарда ақшасы бар жеке кәсіпкерлерді қоспағанда, төлем көзінен салық салынбайтын кірістері бар жеке тұлғалардың жеке табыс салығын есептеуге, сондай-ақ Кодекстің 144-бабының 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген, осы тармақшада белгіленген шектен асатын жеке тұлғалардың кірістерінің мөлшерін мәлімдеу үшін Жеке табыс салығы бойынша декларация ( бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (200.00-нысан) және жеке табыс салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (200.01 және 200.05-нысандар) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын

пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысанның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Декларацияға қосымша парақта бар жолдарда көрсеткіштер саны артық болған жағдайда, қосымшаның ұқсас парағы толтырылады.

8. Тиісті қосымша нысанда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

9. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның " Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде ия болмаса электрондық почта бойынша электрондық түрде Салық кодексінің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес - салық төлеуші Декларацияны қабылдағаны (жеткізгені) туралы хабарламаны салық органында ия болмаса электрондық почта бойынша алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (200.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

Декларацияны беру үшін салық кезеңі салық жылы болып табылады. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі. Егер салық кезеңінің ұзақтығы мынаны құраса:

күнтізбелік жылдан аз болса - онда "Ай" тор көзінде Декларация берілетін

айлар саны көрсетіледі, ал "Жыл" тор көзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

толық күнтізбелік жыл болса, онда "Ай" тор көзі толтырылмайды, ал "Жыл" тор көзінде Декларация берілетін салық жылы көрсетіледі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі;

3) салық төлеушінің аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша қызмет түрлерінің коды және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: Қызмет. негізгі түрі | сауда қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | аңшылық және | жарна. ма | балық аулау | балық өсіру |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім.дердің (тауарлар, | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

қызмет | | | | | | | |
көрсету. | | | | | | | |
лердің) | | | | | | | |
көлемі, | | | | | | | |
мың теңге| | | | | | | |
_____|___|_____|_____|_____|_____|_____|_____

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның

негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді.

6) хабарлама нөмірі мен күні хабарлама бойынша қосымша Декларацияны ұсынған жағдайда толтырылады;

7) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың тиісті тор көзі белгіленеді.

14. "Кірістердің түрлері" бөлімінде:

1) 200.00.001 жолына 200.01.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 200.00.002 жолында 200.00.002A және 200.00.002B жолдарындағы сома ретінде айқындалатын, төлем көзінен салық салынбайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 200.00.002A жолына 200.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 200.00.002B жолына 200.02.018B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 200.00.002C жолына 200.03.042C жолында көрсетілген сома көшіріледі.

15. "Салық салынбайтын кірістер" бөлімінде:

1) 200.00.003 жолында 200.02.022B және 200.02.012 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық салуға жатпайтын кірістер сомасы көрсетіледі;

2) 200.00.004 жолына 200.02.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

16. "Салықты есептеу" бөлімінде:

1) 200.00.005 жолында 200.00.002, 200.00.003 және 200.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша салық салуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

2) 200.00.006 жолына 200.01.001C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 200.00.007 жолында Кодекстің 164-бабына сәйкес есептелген төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 200.00.008 жолында Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Кодекстің 173-бабына сәйкес салықты төлеу кезінде есепке алынатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 200.00.009 жолында төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша салық кезеңі үшін төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Салық сомасы 200.00.007 және 200.00.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 200.00.010 жолында аванстық төлемдер сомасын қоса, төлем көзіне салық салынбайтын кірістер бойынша төленген салық сомасы, сондай-ақ Кодекстің 39-бабына сәйкес жеке табыс салығын төлеу есебінен жүргізілген есептер көрсетіледі. Жеке табыс салығын төлеу Кодекстің 164 , 165-баптарына сәйкес

жүргізіледі.

7) 200.00.011 жолында 200.00.009 және 200.00.010 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын төлеуге тиісті салық сомасы көрсетіледі;

8) егер 200.00.010 жолында көрсетілген сома 200.00.009 жолында көрсетілген сомадан артық болған жағдайда, онда 200.00.012 жолында 200.00.010 және 200.00.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын артық төленген салық сомасы көрсетіледі.

17. "Қазақстан Республикасының шегінде орналасқан шетел банктерінің есебіндегі ақша" бөлімінде:

1) 200.00.013 жолында Қазақстан Республикасының шегіндегі орналасқан шетел банктерінің есебіндегі ақша сомасы көрсетіледі.

18. "Адвокаттың/жеке нотариустың кірістерінен салық есептеу" бөлімінде:

1) 200.00.014 жолына 200.04.001 немесе 200.05.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 200.00.015 жолында 200.00.014 немесе 200.00.003 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салуға жататын адвокаттың немесе жеке нотариустың кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 200.00.016 жолында Кодекстің 145-бабының 3-тармағында белгіленген жеке табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

4) 200.00.017 жолында 200.00.015 немесе 200.00.016 жолдары ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін төлеуге тиісті жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 200.00.018 жолында Кодекстің 39-бабына сәйкес жеке табыс салығын төлеу есебінен төленген салық және жүргізілген есептер сомасы көрсетіледі. Салықты төлеу Кодекстің 168-бабына сәйкес жүргізіледі;

6) 200.00.019 жолында 200.00.0017 немесе 200.00.018 жолдардың айырмасы ретінде айқындалатын төлеуге тиісті салық сомасы көрсетіледі;

7) егер 200.00.018 жолында көрсетілген сома 200.00.017 жолында көрсетілген сомадан артық болған жағдайда, онда 200.00.020 жолында 200.00.018 немесе 200.00.017 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын артық төленген салық сомасы көрсетіледі.

## 3. Төлем көзінен салық салынатын кірістер - 200.01-нысанын жасау

19. Осы нысанды Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес жекетабыс салығы бойынша жеңілдік алу үшін жеке тұлғалар, Кодекстің 144-бабының 1-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген кірістерден басқа, төлем көзінен салық салынатын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу мен ұстау бойынша салық агенттері берген құжатты салық органына береді.

20. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 200.01.001B жолында 200.01.002B - 200.01.005B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен салық салынатын есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.01.001B жолында көрсетілген сома 200.00.001 жолына көшіріледі;

2) 200.01.001C жолында 200.01.002C - 200.01.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен салық салынатын кірістерден ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.01.001C жолында көрсетілген сома 200.00.006 жолына көшіріледі;

3) 200.01.002A - 200.01.005A жолдарында Кодекстің 149-бабында көрсетілген кірістерден басқа, Кодекстің 146-бабына сәйкес төлем көзінен салық салынатын кірістердің есепті кезеңі үшін есептелген түрлері көрсетіледі. Есептелген кірістердің түрлері салық агенттері берген құжаттар негізінде көрсетіледі;

4) 200.01.002B - 200.01.005B және 200.01.002C - 200.01.005C жолдарында салық агенттері берген құжаттар негізінде төлем көзінен салық салынатын есептелген кірістер мен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

## 4. Мүліктік және өзге де кірістер - 200.02-нысанын жасау

21. Осы нысан Кодекстің 166 және 170-баптарында айқындалған жеке тұлғалардың мүліктік және өзге де кірістерін мәлімдеуге, сондай-ақ жеке тұлғалардың салық салуға жатпайтын кірістері мен төлем көзінен салық салынатын кірістерге салық салу кезінде бұрын ескерілгеннен басқа, Кодекстің 144 және 152-баптарына сәйкес айқындалған салық шегерімдерін мәлімдеуге арналған.

22. "Мүліктік кіріс" бөлімінде:

1) 200.02.001 жолында 200.02.002D, 200.02.012, 200.02.013 және 200.02.014C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүліктік кірістің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.02.001 жолында көрсетілген сома 200.00.002A жолына көшіріледі.

23. "Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған бағалы қағаздардан басқа, мүлікті өткізу кезіндегі құнның өсуі" бөлімінде:

1) 200.02.002D жолында 200.02.003D және 200.02.006D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған мүлікті өткізу кезіндегі құн өсуі түрінде алынған кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.02.003A - 200.02.006A жолдарында бағалы қағаздардан басқа, Кодекстің 166-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес құн өсуінен өткізу кезінде алынған кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған мүліктің атауы көрсетіледі;

3) 200.02.003B - 200.02.006B жолдарында өткізілетін мүліктің, бірақ оны

сатып алу құнынан төмен емес бағалау құны көрсетіледі;

4) 200.02.003C - 200.02.006C жолдарында мүліктің өткізу құны көрсетіледі;

5) 200.02.003D - 200.02.006D жолдарында Кодекстің 166-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған, мүлікті өткізу кезінде алынған құнның өсуінен кіріс айқындалады.

24. "Бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құнның өсуі" бөлімінде:

1) 200.02.007 жолына салық кезеңі үшін 200.02.007 жолына қосымша нысанның 001E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 200.02.008 жолына салық кезеңі үшін 200.02.008 жолына қосымша нысанның 001E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 200.02.009 жолына салық кезеңі үшін 200.02.009 жолына қосымша нысанның 001L жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 200.02.010 жолына салық кезеңі үшін 200.02.010 жолына қосымша нысанның 001L жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 200.02.011 жолына салық кезеңі үшін 200.02.011 жолына қосымша нысанның 001L жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 200.02.012 жолында қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болып табылатын акциялар мен облигацияларды және 200.02.007, 200.02.009 және 200.02.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мемлекеттік бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі;

7) 200.02.013 жолында 200.02.008 және 200.02.011 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын басқа да бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі.

25. 200.02.007, 200.02.008 жолдарына қосымша нысандар берешек бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құнның өсуін айқындауға арналған.

26. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

27. "Қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болып табылатын акцияларды өткізу" және "Басқа да бағалы қағаздарды өткізу" бөлімдерінде:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында өткізілген бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

4) D бағанында бағалы қағаздарды өткізу құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі.

200.02.007 жолына қосымша нысанның 001E жолы 200.02.007 жолына, 200.02.008 жолына қосымша нысан 001E жолы - 200.02.008 жолына көшіріледі.

28. 200.02.009, 200.02.010, 200.02.011 жолдарына қосымша нысандар қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болып табылатын облигацияларды , мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқа да берешек бағалы қағаздарды өткізу

кезіндегі құнның өсуін айқындауға арналған.

29. Қор биржасының "А" және "В" ресми тізімдерінде болып табылатын облигацияларды өткізу", "Мемлекеттік бағалы қағаздарды өткізу" және "Басқа да берешек бағалы қағаздарды өткізу" бөлімдерінде:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында өткізілген берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздардың айналыс мерзімі (күнмен) көрсетіледі;

5) Е бағанында берешек бағалы қағаздардың атауы құны көрсетіледі;

6) F бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа, берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон сомасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағаздарды сатып алған күн көрсетіледі;

8) Н бағанында Е және F бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын, дисконт не сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлемі күніне дейін оларды өткізу кезінде сатып алушыдан алынған купонның есебінсіз бағалы берешек қағаздарды өткізу құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілмеген купон сомасы 200.02-нысанының "Өзге де кірістер" бөлімінің тиісті жолдарында көрсетіледі;

10) J бағанында берешек бағалы қағаздарды өткізу күні көрсетіледі;

11) К бағанында мынадай ретінде есептелетін берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконттың немесе сыйақының амортизация сомасы көрсетіледі:

К = (Н/D) х (J-G), онда

(J-G) - күндердегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанында L=(I-(F+К))хС) формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі.

200.02.009 жолында қосымша нысанның 001L жолы 200.02.009 жолына, 200.02.010 жолына қосымша нысанның 001L жолы 200.02.010 жолына, 200.02.011 жолына қосымша нысанның 001L жолы 200.02.011 жолына көшіріледі.

30. "Мүлікті жалға беруден кіріс" бөлімінде:

1) 200.02.014С жолында 200.02.015С - 200.02.017С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлікті жалға беруден алынған кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.02.015А - 200.02.017А жолдарында оның орналасқан жерін көрсете отырып, жалға берілген мүлік көрсетіледі;

3) 200.02.015B - 200.02.017B жолдарында есепті салық кезеңінде мүлікті жалға беру кезеңі көрсетіледі;

4) 200.02.015C - 200.02.017C жолдарында мүлікті жалға беруден алынған кіріс көрсетіледі.

31. "Өзге де кірістер" бөлімінде:

1) 200.02.018B жолында 200.02.019B - 200.02.021B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын алынған өзге де кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.02.018B жолында көрсетілген сома 200.00.002B жолына көшіріледі;

2) 200.02.019A - 200.02.021A жолдарында салық төлеуші алған өзге де кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 200.02.019B - 200.02.021B жолдарында алынған өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі.

32. "Салық салуға жатпайтын кірістер" бөлімінде "A" және "B" қор биржаларының ресми тізіміндегі акциялар мен облигацияларды, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан кірістерден басқа салық салуға жатпайтын кірістер көрсетіледі:

1) 200.02.022 жолында 200.02.023B - 200.02.025 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық салуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.02.022B жолында көрсетілген сома 200.00.003 жолына көшіріледі;

2) 200.02.023A - 200.02.025A жолдарында Кодекстің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын және төлем көзіне салық салынбайтын кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 200.02.023B - 200.02.025B жолдарында салық салуға жатпайтын кірістер сомасы көрсетіледі.

33. "Салық шегерімдері" бөлімінде:

1) 200.02.026 жолында 200.02.027 - 200.02.032 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Кодекстің 164-бабына сәйкес төлем көзіне салық салынбайтын кірістерден шегерімге жататын жалпы сома көрсетіледі. 200.02.026 жолында көрсетілген сома 200.00.004 жолына көшіріледі;

2) 200.02.027 жолында Қазақстан Республикасының зейнеткерлік заңнамасына сәйкес айқындалатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

3) 200.02.028 жолында айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі салық шегерімінің сомасы көрсетіледі;

4) 200.02.029 жолында асырауындағы отбасы мүшелеріне салық шегерімдерінің сомасы көрсетіледі;

5) 200.02.030 жолында шегерімге белгіленген шекте жатқызылған ерікті кәсіби зейнетақы жарналардың сомасы көрсетіледі;

6) 200.02.031 жолында шегерімге жатқызылған ерікті кәсіби зейнетақы

жарналардың сомасы көрсетіледі;

7) 200.02.032 жолында шегерімге белгіленген шекте жатқызылған Сақтандыру сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

**5. Бір жолғы ірі сатып алуды жасауға пайдаланылған ақша - 200.03-нысанын жасау**

34. Осы нысан Кодекстің 171-бабына сәйкес үй құрылысы және осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын сатып алудан басқа, 2000 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға салық кезеңінде салық төлеуші жасаған ірі бір жолғы сатып алуды мәлімдеуге арналған.

35. "Сатып алынған мүлік" бөлімінде:

1) 200.03.001C жолында 200.03.002C - 200.03.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңінде жасалған ірі бір жолғы сатып алулардың құны көрсетіледі;

2) 200.03.002A - 200.03.005A жолдарында сатып алынған мүліктің атауы көрсетіледі;

3) 200.03.002B - 200.03.005B жолдарында сатып алынған мүліктің күні көрсетіледі;

4) 200.03.002C - 200.03.005C жолдарында сатып алынған мүліктің құны көрсетіледі.

36. "Ірі бір жолғы сатып алу жасауға пайдаланылған ақша көздері" бөлімінде:

1) 200.03.006B жолында ірі бір жолғы сатып алулар жасауға пайдаланылған ақшаның жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.03.007A - 200.03.018A жолдарында ірі бір жолғы сатып алулар жасауға пайдаланылған ақшаның жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 200.03.007B - 200.03.018B жолдарында ақша сомасы көрсетіледі.

**6. Адвокаттың кірісі - 200.04-нысанын жасау**

37. Осы нысан Кодекстің 167-бабына сәйкес айқындалатын кірістерді адвокаттардың мәлімдеуіне арналған. Кірістер көрсетілген қызметтер бойынша айқындалады.

38. "Кірістің барлығы" бөлімінде:

1) 200.04.001 жолында есепті салық кезеңінде адвокаттың, оның ішінде есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.04.001 жолы 200.04.002 - 200.04.005 жолдарына сәйкес келетін сома ретінде айқындалады.

39. "Көрсетілген қызметтер бойынша кіріс" бөлімінде:

1) 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында есепті салық кезеңі үшін, оның ішінде есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кірістердің сомасын көрсете отырып, адвокат көрсеткен қызмет көрсетулердің түрі көрсетіледі;

2) 200.04.005 жолында 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша адвокаттардың кірістері көрсетіледі. 200.04.005 тиісті жолына есепті салық кезеңі үшін 200.04.005 жолына қосымша нысан 01 жолында көрсетілген сомалар көшіріледі.

40. 200.04.005 жолына қосымша нысан 200.04 нысанының 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша адвокаттардың кірістерін көрсетуге арналған.

41. Ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі.

42. "Көрсетілген қызмет көрсетулер бойынша кірістер" бөлімінде:

1) 01 жолында есепті салық кезеңінің 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында көрсетілмеген, оның ішінде тиісті жолдардың сомасы ретінде айқындалатын әрбір ай үшін қызмет көрсетулердің басқа түрлерінен адвокат алған кірістердің жиынтық сомасы көрсетіледі. 01 жолында көрсетілген сома 200.04 нысанының 200.04.005 тиісті жолдарына көшіріледі;

2) одан кейінгі жолдарда жолдың кезекті рет нөмірі қойылады және алынған кірістердің тиісті сомасы көрсетіледі.

## 7. Жеке нотариустың кірісі - 200.05 нысанын жасау

43. Осы нысан Кодекстің 167-бабына сәйкес айқындалатын кірістерді жеке нотариустардың мәлімдеуіне арналған. Кірістер көрсетілген қызмет көрсетулердің түрлері бойынша айқындалады.

44. "Кірістің барлығы" бөлімінде:

1) 200.05.001 жолында есепті салық кезеңі үшін, оның ішінде есепті салық кезеңінің әрбір айлары үшін жеке нотариус алған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.05.001 жолы 200.05.002 - 200.05.005 жолдарына сәйкес келетін сома ретінде айқындалады.

45. "Көрсетілген қызмет көрсетулер бойынша кіріс" бөлімінде:

1) 200.05.002 - 200.05.004 жолдарында есепті салық кезеңі үшін, оның ішінде, есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кірістердің сомасын көрсете отырып, жеке нотариустар көрсеткен қызмет көрсетулердің түрлері көрсетіледі;

2) 200.05.005 жолында 200.05.002 - 200.05.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша жеке нотариустардың кірістері көрсетіледі. 200.05.005 тиісті жолына есепті салық кезеңі үшін 200.05.005 жолына қосымша нысан 01 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

46. 200.05.005 жолына қосымша 200.05 нысанының 200.05.002 - 200.05.004 жолдарында көрсетілген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша жеке нотариустардың кірістерін көрсетуге арналған.

47. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

48. "Көрсетілген қызмет көрсетулер бойынша кіріс" бөлімінде:

1) 01-жолында есепті салық кезеңі үшін, соның ішінде тиісті жолдардың

сомасы ретінде айқындалатын, әрбір ай үшін 200.05.002 - 200.05.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлерінен жеке нотариустар алған кірістердің жиынтық сомасы көрсетіледі. 01 жолында көрсетілген сома 200.05 нысанының 200.05.005 тиісті жолына көшіріледі;

2) одан кейінгі жолдарға жолдың кезекті рет нөмірі қойылады және алынған кірістердің тиісті сомасы көрсетіледі.

_____

*РҚАО-ның ескертуі: 200.00, 200.01, 200.02, 200.03, 200.04, 200.05 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Төлем көзінен салық салынатын, төленген кірістер бойынша жеке табыс салығы бойынша Есепті жасау ережелері (201.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 145-бабының 1 және 1-1-тармақтарында белгіленген ставкалар бойынша жеке тұлғалар есептеген және төлеген төлем көзінен салық салынатын жеке табыс салығы бойынша кірістерді, Салық кодексінің 24-тарауына сәйкес бюджетке есептелген және аударылған жеке табыс салығын; жұмыс берушінің қызметкерлердің кірістерін төлеуге шығыстарды, ол бойынша Салық кодексінің 50-тарауында көзделген тәртіппен әлеуметтік салық есептелетін ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша жеке тұлғаларға төлемдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын шаруа (фермер қожалықтары) мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалардан басқа, салық агенттерінің Төлем көзінен салық салынатын төленген кірістер бойынша жеке табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау ережелерін айқындайды.

2. Есеп Есептің (201.00-нысан) өзінен және қосымша нысаннан тұрады.

3. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды. Қосымша нысандарда көрсетілуі тиіс көрсеткіштер жоқ жағдайда, қосымша нысан берілмейді.

6. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" қосымша нысан бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген сәйкес деректер көрсетіледі.

7. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

9. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есепті жасау (201.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі. Есеп берілетін салық кезеңі болып есепті тоқсан табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес салық агентінің аты-жөні немесе толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - к е с т е

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол| ко.| ды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: Қызмет. тің негізгі түрі | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері сауда | аңшылық | жарна. | балық ма | балық аулау | балық өсіру |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім.дердің (тауар.лар, қызмет көрсету.лердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |

| 5010 | 20,0 |
| --- | --- |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есеп салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

Одан кейінгі есепті беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Ұяшықтар хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады.

11. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 201.00.001A, 201.00.001B және 201.00.001C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларына салық агенті есептеген көрсетілген кірістерге жеке табыс салығын салуға болатын не болмайтынына қарамастан жеке тұлғаларға, оның ішінде ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша жұмыс берушілерге, жалдау, мердігерлікке төленген кірістер, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары және

жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.00.001D жолында 201.00.001A, 201.00.001B және 201.00.001C жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген кірістер көрсетіледі.

201.00.001E жолында есепті кезең Есебінің 201.00.003D және бұрынғы кезеңнің Есебінің 201.00.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап есептелген кірістер көрсетіледі;

2) 201.00.002A, 201.00.002B және 201.00.002C жолдарында 201.00.001 сәйкес жолдарында көрсетілген есептелген кірістер мен Салық кодексінің 144 және 152-баптарында белгіленген салық салынбайтын кірістердің арасындағы айырма ретінде болатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін төлем көзінен салық салынатын кірістер көрсетіледі.

201.00.002D жолында 201.00.002A, 201.00.002B және 201.00.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін жеке табыс салығы салынатын кірістер көрсетіледі.

201.00.002E жолында есепті кезең Есебінің 201.00.002D және бұрынғы кезең Есебінің 201.00.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап төлем көзінен салық салынатын кірістер көрсетіледі;

3) 201.00.003A, 201.00.003B және 201.00.003C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

201.00.003D жолында 201.00.003A, 201.00.003B және 201.00.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

201.00.003E жолында Есепті кезеңнің есебі 201.00.003D және Бұрынғы кезеңнің есебі 201.00.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі;

4) 201.00.004 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ салық агенті бекіткен Есеп беру мерзіміне дейін төленбеген кірістер сомасы көрсетіледі.

201.00.004 жолында міндетті, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйақыларын және жеке табыс салығын есепке алусыз сомалар көрсетіледі;

5) 201.00.005A және 201.00.005B және 201.00.005C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларында жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі. Бұл ретте аталған төлемдер Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 3)-6) тармақшаларында айқындалған міндетті, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйақыларын, сондай-ақ еңбекақы төлем түрінде төленетін 6), 8), 11), 12), 23), 27) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда Салық кодексінің 144-бабына сәйкес жеке тұлғалардың салық салуға жатпайтын кірістерін қамтымайды.

201.00.005D жолында 201.00.005A, 201.00.005B және 201.00.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңінде жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі.

201.00.005E жолында Есепті кезеңнің есебі 201.00.005D және Бұрынғы кезеңнің есебі 201.00.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі;

6) 201.00.006A, 201.00.006B және 201.00.006C жолдарында жеке тұлғаларға төленген кірістерден есептелген, және есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

201.00.006D жолында 201.00.006A, 201.00.006B және 201.00.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жеке тұлғаларға төленген кірістерден есептелген, және есепті кезеңде бюджетке аударылуға жататын, жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

201.00.006E жолында Есепті кезеңнің есебі 201.00.006D және Бұрынғы кезеңнің есебі 201.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап бюджетке аударылуға жататын, кірістерден есептелген, жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

12. "Міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 201.00.007A, 201.00.007B және 201.00.007C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі.

201.00.007D жолында 201.00.007A, 201.00.007B және 201.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі.

201.00.007E жолында Есепті салық кезеңінің есебі 201.00.007D және Бұрынғы салық кезеңі үшін есептің 201.00.007E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі;

2) 201.00.008A, 201.00.008B және 201.00.008C жолдарында қызметкерлерге төленген кірістерден есептелген және зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айларында жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

201.00.008D жолында 201.00.008A, 201.00.008B және 201.00.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, қызметкерлерге төленген кірістерден есептелген және есепті салық кезеңі үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

201.00.008E жолында Есепті салық кезеңінің есебі 201.00.008D және Бұрынғы салық кезеңі үшін есептің 201.00.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, қызметкерлерге төленген кірістерден есептелген және жыл басынан бастап жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

13. 201.00 нысанына қосымша нысан әрбір жеке тұлға бойынша көрсетуге арналған: есептелген және салық салынбайтын кірістер, міндетті және ерікті зейнетақы жарналары, Салық кодексінің 152-бабына сәйкес шегерімге жатқызу, жеке табыс салығы және төленген кірістер.

14. Ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі:

1) "00001 Барлығы" жолы тек бірінші бетте толтырылады. 00001F, 00001G, 00001H, 00001I, 00001J, 00001K, 00001L, 00001M, 00001N, 00001O, 00001P, 00001Q жолдарында есептелген кірістердің жиынтық сомасы; салық салуға жатпайтын кірістер; салық шегерімдері; жеке табыс салығы және төленген кірістер; одан кейінгі жолдарға сәйкес келетін сома ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын кірістер және әлеуметтік салық;

2) A бағанында кезекті рет нөмірі қойылады;

3) B бағанында кірістер есептелген және төленген жеке тұлғалардың аты-жөні көрсетіледі;

4) C бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлға салық төлеушілердің тиісті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) D бағанында тор ұяшық "x" белгісімен, егер B бағанында көрсетілген жеке тұлға Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмаса және Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты болмаған жағдайда белгіленеді. Басқа жағдайларда ұяшық толтырылмайды.

6) E ұяшығы

егер жеке тұлға олардың қызметімен байланысты кіріс алған жеке кәсіпкер, адвокат немесе жеке нотариус болып табылатын болса "1" деген белгі белгіленеді;

егер жеке тұлға Салық кодексінің 144-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес жеңілдіктер алуға үміткер болып табылса "2" деген белгі белгіленеді.

Қалған жағдайларда ұяшық толтырылмайды.

7) F бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті кезең үшін есептелген кірістер көрсетіледі;

8) G бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістері көрсетіледі;

9) H бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген шегерімдер көрсетіледі;

10) I бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелген міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

11) J бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес белгіленген мөлшерде шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

12) K бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес белгіленген мөлшерде шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

14) M бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есепті салық кезеңінде есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) N бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті салық кезеңінде төленген кірістерінің сомасы көрсетіледі;

16) O бағанында міндетті зейнетақы жарналарын қоспағанда Салық кодексінің 316-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуметтік салық салынбайтын кірістер көрсетіледі;

17) P бағанында F бағаны алу және I бағаны алу және O бағаны алу ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын кірістердің барлығы көрсетіледі;

18) Q бағанында есепті кезең үшін B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 201.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Төлем көзіне салық салынатын, төленген кірістер бойынша жеке табыс салығының есебін жасау ережелері (201.02-нысан)

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес

әзірленген және жеке тұлғаларға есептелген және төленген, жеке табыс салығының, Салық кодексінің 24 тарауына сәйкес бюджетке есептелген және аударылған, Салық кодексінің 145-бабының 2-тармағымен белгіленген ставкалар бойынша төлем көзіне салық салынатын дивидендтерді, сыйақыларды, ұтыстарды (бұдан әрі - дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар) көрсетуге арналған, салық агенттерінің Төлем көзіне салық салынатын, төленген кірістер бойынша жеке табыс салығының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде " - " белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

**2. Есепті жасау (201.02-нысан)**

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі. Есеп берілетін салық кезеңі болып есепті тоқсан табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі.

3) құрылтай құжаттарына сәйкес салық агентінің аты-жөні немесе толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық

белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол ко. | Есепті кезең үшін | Оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қызмет. қосалқы барлығы | (басқа да) қызмет түрлері | | | | |
| | | | тің негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. ма | балық аулау | балық өсіру |
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндіріл. ген өнім. дердің (тауар. лар, қызмет көрсету. лердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |

| 5010 | 20,0 |
| --- | --- |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

4) Есеп түрі. Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есеп салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

Келесі Есептерді беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда "Қосымша " торкөзі белгіленеді.

"Оның ішінде хабарлама бойынша: салық тексеруінің қорытындысы бойынша" деген торкөз егер салық төлеуші оның негізінде бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілетін Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген хабарламаны алса белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "оның ішінде хабарлама бойынша: салық тексеруінің қорытындысы бойынша" және "Қосымша" деген торкөздерді бір уақытта белгілейді.

6) хабарламаның номері мен күні. Хабарлама бойынша қосымша Есепті табыс ету кезінде тор көз толтырылады.

9. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 201.02.001A, 201.02.001B және 201.02.001C жолдарында жеке табыс салығын қоса алғанда, есепті кезеңінің 1, 2, және 3 айлары үшін салық агенті есептеген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі;

201.02.001D жолында көрсетілген 201.02.001A, 201.02.001B және 201.02.001C

жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомасы көрсетіледі.

201.02.001E жолында есепті кезең Есебінің 201.02.001D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомасы көрсетіледі.

2) 201.02.002A, 201.02.002B және 201.02.002C жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айлары үшін жеке табыс салығы салынатын дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.002D жолында 201.02.002A, 201.02.002B және 201.02.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін, жеке табыс салығы салынатын жыл басынан есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.002E жолында есепті кезең Есебінің 201.02.002D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жеке табыс салығы салынатын жыл басынан есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

3) 201.02.003A, 201.02.003B және 201.02.003C жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.02.003D жолында 201.02.003A, 201.02.003B және 201.02.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін, есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.02.003E жолында есепті кезең Есебінің 201.02.003D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

4) 201.02.004 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ есепті кезең соңына салық агентімен төлемеген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

5) 201.02.005A, 201.02.005B және 201.02.005C жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айларда жеке тұлғаларға төленген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.005D жолында жолында 201.02.005A, 201.02.005B және 201.02.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңде жеке тұлғаларға төленген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.005E жолында есепті кезең Есебінің 201.02.005D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңде жеке тұлғаларға төленген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

6) 201.02.006A, 201.02.006B және 201.02.006C жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айларда жеке тұлғаларға төленген және бюджетке аударуға тиісті дивидендтер, сыйақылар, ұтыстардан есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.02.006D жолында 201.02.006A, 201.02.006B және 201.02.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңде жеке тұлғаларға төленген және бюджетке аударуға тиісті дивидендтер, сыйақылар, ұтыстардан есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

201.02.006E жолында есепті кезең Есебінің 201.02.006D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан жеке тұлғаларға төленген және бюджетке аударуға тиісті дивидендтер, сыйақылар, ұтыстардан есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

_____

*РҚАО-ның ескертуі: 201.02 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Төлем көзінен салық салынатын, төленген кірістер бойынша жеке табыс салығы бойынша есепті жасау ережелері (201.03-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен шаруа (фермер) қожалықтары - салық агенттерінің Салық кодексінің 145-бабының 1-тармағымен белгіленген ставкалар бойынша төлем көзіне салық салынатын, кірістерді (бұдан әрі - төлем көзіне салық салынатын кірістер) жеке тұлғаларға есептелген және төленген, Салық кодексінің 24-тарауына сәйкес бюджетке есептелген және аударылған жеке табыс салығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын көрсетуге арналған жеке табыс салығының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін көздейді
.

2. Есеп Есептің өзінен (201.03-нысан) және қосымша нысаннан тұрады.

3. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен,

баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды. Қосымша нысандарда көрсетілуі тиіс көрсеткіштер жоқ жағдайда, қосымша нысан берілмейді.

6. Қосымша нысанның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген сәйкес деректер көрсетіледі.

7. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

9. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есепті жасау (201.03-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі. Есеп беру үшін есепті кезең болып жыл табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес салық агентінің аты-жөні немесе толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім")

100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (жылдық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - к е с т е

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол| ко.| ды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. ма | балық аулау | балық өсіру |
| | | | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | | |
| Өндіріл ген өнім. дердің (тауар. лар, қызмет көрсету. лердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 | | |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық, бюджеттік және өзге де ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек қана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Есеп түрі. Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есеп салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

Келесі Есептерді беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда "Қосымша " торкөзі белгіленеді.

"Оның ішінде хабарлама бойынша: салық тексеруінің қорытындысы бойынша" деген торкөз егер салық төлеуші оның негізінде бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілетін Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген хабарламаны алса белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "оның ішінде хабарлама бойынша: салық тексеруінің қорытындысы бойынша" және "Қосымша" деген торкөздерді бір уақытта белгілейді.

"Оның ішінде хабарлама бойынша: салық тексеруінің қорытындысы бойынша" деген торкөз егер салық төлеуші оның негізінде бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілетін Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген хабарламаны алса белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "оның ішінде хабарлама бойынша: салық тексеруінің қорытындысы бойынша" және "Қосымша" деген торкөздерді бір уақытта белгілейді.

Салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда "Тарату" торкөзі белгіленеді.

11. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 201.03.001A, 201.03.001B және 201.03.001C жолдарында міндетті зейнетақылық жарналарды және жеке табыс салығын қоса, есепті кезең үшін сәйкес 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін салық агентімен есептелген кірістер көрсетіледі;

2) 201.03.002A, 201.03.002B және 201.03.002C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін төлем көзінде салық салынатын кірістер көрсетіледі;

3) 201.03.003A, 201.03.003B және 201.03.003C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі;

4) 201.03.004 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ есепті кезеңнің соңына салық агентімен төленбеген кірістер көрсетіледі;

5) 201.03.005A, 201.03.005B және 201.03.005C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңінде жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі;

6) 201.03.006A, 201.03.006B және 201.03.006C жолдарында табыстардан есептелген, заңды тұлғаларға төленген, және сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңінде бюджетке аударылуға жататын жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

12. "Міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 201.03.007A, 201.03.007B және 201.03.007C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін жинақтау зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасы ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі;

2) 201.03.008A, 201.03.008B және 201.03.008C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңінде Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес, қызметкерлердің төленген кірістерінен есептелген және жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуға жататын міндетті зейнетақы жарнасының сомасы көрсетіледі.

13. 201.03 нысанына қосымша нысан әрбір жеке тұлға бойынша көрсетуге арналған: есептелген және салық салынбайтын кірістер, салық шегерімдері, жеке табыс салығы және төленген кірістер.

14. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі:

1) "00001 Барлығы" жолы тек бірінші бетте толтырылады. 00001E, 00001F, 00001G, 00001H, 00001I және 00001J жолдарында одан кейінгі жолдарға сәйкес келетін сома ретінде айқындалатын, есептелген кірістердің жиынтық сомасы; салық салуға жатпайтын кірістер; міндетті зейнетақы жарналары; шегерімге жатқызылатын ерікті зейнетақы жарналары; жеке табыс салығы мен төленген кірістер көрсетіледі;

2) А бағанында кезекті рет нөмірі қойылады;

3) В бағанында есептелген, кірістер төленген жеке тұлғалардың аты-жөні көрсетіледі;

4) С бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлға салық төлеушілердің тиісті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) D бағанында тор ұяшық "х" белгісімен, егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмаса және Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты болмаған жағдайда белгіленеді. Басқа жағдайларда ұяшық толтырылмайды;

6) Е бағанында ұяшық

егер жеке тұлға олардың қызметімен байланысты кіріс алған жеке кәсіпкер, адвокат немесе жеке нотариус болып табылатын болса "1" деген белгі белгіленеді;

егер жеке тұлға Салық кодексінің 144-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес жеңілдіктер алуға үміткер болып табылса "2" деген белгі белгіленеді.

Қалған жағдайларда ұяшық толтырылмайды;

7) F бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға салық кезеңі үшін есептелген кірістер көрсетіледі;

8) G бағанында Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістер сомасы көрсетіледі;

9) Н бағанында Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген салық шегерімдері көрсетіледі;

10) І бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелген міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

11) J бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

12) К бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары көрсетіледі;

13) L бағанында 152-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес мөлшерде шегерімге жатқызылатын өмір мен денсаулықты жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жеке тұлға өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақыларының сомалары көрсетіледі;

14) М бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есепті салық кезеңінде есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) N бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті салық кезеңінде төленген кірістерінің сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 201.03 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Жеке табыс салығы бойынша декларация жасау ережесі (210.00-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленген және Кодекстің 6-бөліміне сәйкес төлем көзіне салық салынбайтын, кірістер, ірі бір жолғы сатып алулар мен кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді мәлімдеуге, сондай-ақ меншік құқығындағы және салық салу объектісі болып табылатын мүлік туралы мәліметтерді беруге арналған Жеке табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны мынадай жеке тұлғалар береді:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары;

2) судьялар;

3) мерзімді әскери қызметін өтейтін әскери қызметкерлерден басқа, мемлекеттік қызметкерлер үшін заңнама нормалары таралатын тұлғалар;

4) жұмыстан босағаннан кейін үш жыл ішінде теріс себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған тұлғалар;

5) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың жұбайы (зайыбы).

2. Декларация Декларацияның өзінен (210.00-нысан) және жеке табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (210.01-210.04 нысандар) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Кодексінің 69-бабының 1-тармағына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазартуға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштер санының асуы жағдайында, қосымшаның осындай парағы толтырылады.

8. Қосымшалар мен қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

9. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен электрондық түрде немесе электрондық почта бойынша салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

10. Декларацияға Кодекстің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (210.00 нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі. Декларацияны беру үшін салық кезеңі есепті тоқсан болып табылады. Егер салық кезеңінің ұзақтығы мынаны құраса:

күнтізбелік жылдан азы - онда "Ай" торкөзінде Декларация берілетін айлар саны көрсетіледі, ал "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

толық күнтізбелік жыл, "Ай" торкөзі толтырылмайды, ал "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі;

3) салық төлеушінің аты-жөні;

4) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет

Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" тор көзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату жағдайында (қайта құру) "Тарату" торкөзі белгіленеді.

Қалған жағдайларда - "кезекті" торкөзі белгіленеді;

5) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың тиісті тор көзі белгіленеді.

12. "Кірістердің түрлері" бөлімінде:

1) 210.00.001 жолына 200.01.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 210.00.002 жолында 210.00.002A, 210.00.002B және 210.00.002C жолдарының сома ретінде айқындалатын, төлем көзіне салық салынбайтын кірістердің сомасы көрсетіледі. Егер осы Ереженің 1-тармағындағы 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер арнайы салық режимдері үшін белгіленген, Жеке табыс салығы бойынша (200.00-нысан) және (немесе) салық есеп беруі берілген жағдайда, онда осы жол бойынша жоғарыда аталған салық есеп беруінде көрсетілген кірістер сомасына ұлғайтылған 200.00.002 және 200.00.014 (200.00-нысан) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сома көрсетіледі;

3) 210.00.002A жолына 210.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 210.00.002B жолына 210.02.010B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 210.00.003 жолына 210.01.001D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 210.00.004 жолына Кодекстің 164-бабына сәйкес айқындалатын, төлем көзіне салық салынатын кірістер бойынша салық сомасы көрсетіледі;

7) 210.00.005 жолына есепті салық кезеңі үшін төленген төлем көзіне салық салынатын кірістер бойынша салық сомасы көрсетіледі;

8) 210.00.006 жолында 200.00.004 және 200.00.005 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі.

### 3. Төлем көзіне салық салынатын кірістер; меншік құқығындағы мүлік - 210.01 нысанын жасау

13. Осы нысан Кодекстің 146 - 162-бабына сәйкес төлем көзіне салық салынатын кірістерді, сондай-ақ меншік құқығындағы жеке тұлғаға тиісті және салық салу объектісі болып табылатын мүлікті мәлімдеуге арналған.

14. "Төлем көзіне салық салынатын кірістер" бөлімінде:

1) 210.01.001B жолында 210.01.002B - 210.01.006B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзіне салық салынатын есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 210.01.001B жолында көрсетілген сома 210.00.001 жолына көшіріледі;

2) 210.01.001C жолында 210.01.002C - 210.01.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзіне салық салынатын кірістерден ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 210.01.001D жолында 210.01.002D - 210.01.006D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 210.01.001D жолында көрсетілген сома 210.00.003 жолына көшіріледі;

4) 210.01.002A - 210.01.006A жолдарында төлемнің әр көзі бойынша Кодекстің 146-бабына сәйкес төлем көзіне салық салынатын алынған кірістердің түрлері көрсетіледі;

5) 210.01.002B - 210.01.006B, 210.01.002C - 210.01.006C, 210.01.002D - 210.01.006D жолдарында салық агенттері берген құжаттар негізінде есептелген кірістер, ұсталған міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

15. "Меншік құқығындағы мүлік" бөлімі:

1) 210.01.007 жолында жинақтаушы зейнетақы қоры берген, көшірме негізіндегі есепті салық кезеңінен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтау сомасы көрсетіледі;

2) 210.01.008 жолында жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін көрсете отырып, зейнетақы жинақтаудан басқа, салық салу объектілері болып табылатын, меншік құқығына тиесілі мүлік, сондай-ақ көлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі көрсетіледі.

16. "Қазақстан Республикасынан тысқары шетел банктерінде орналасқан ақша" бөлімінде:

1) 210.00.009 жолында Қазақстан Республикасынан тысқары шетел банктерінде орналасқан ақша көрсетіледі.

## 4. Мүліктік кірістер - 210.02-нысанын жасау

17. Осы нысан Кодекстің 170-бабына сәйкес айқындалған, алынған мүлік және өзге де кірістерді көрсетуге арналған.

18. "Мүліктік кіріс" бөлімінде:

1) 210.02.001 жолында 210.02.002D және 210.02.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлік кірісінің жалпы сомасы көрсетіледі. 210.02.001 жолында көрсетілген сома 210.00.002A жолына көшіріледі.

19. "Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын мүлікті сату кезіндегі құн

өсімін айқындау" бөлімінде:

1) 210.02.002D жолында 210.02.003D және 210.02.006D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын мүлікті сату кезіндегі құн өсімінің түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 210.02.003A - 210.02.006A жолдарында құн өсімі алынған сату кезіндегі кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын мүлік атауы көрсетіледі;

3) 210.02.003B - 210.02.006B жолдарында сатылатын мүліктің бағалау (сатып алу құны) құны көрсетіледі;

4) 210.02.003C - 210.02.006C жолдарында мүлікті сату құны көрсетіледі;

5) 210.02.003D - 210.02.006D жолдарында Кодекстің 166-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын, мүлікті сату кезінде алынған құн өсімінен кіріс көрсетіледі.

20. "Мүлікті жалға беруден кіріс" бөлімінде:

1) 210.02.007C жолына 210.02.008C және 210.02.009C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлікті жалға беруден алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 210.02.008A және 210.02.009A жолдарында оның орналасқан жерін көрсете отырып, жалға берілген мүлік атауы көрсетіледі;

3) 210.02.008B және 210.02.009B жолдарында мүлікті жалға беру кезеңі көрсетіледі;

4) 210.02.008C және 210.02.009C жолдарында мүлікті жалға беруден алынған кіріс көрсетіледі.

21. "Өзге де кірістер" бөлімінде:

1) 210.02.010B жолында 210.02.011B - 210.02.013B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын алынған өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі;

2) 210.02.011A - 210.02.013A жолдарында Кодекстің 170-бабына сәйкес алынған өзге де кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 210.02.011B - 210.02.013B жолдарында алынған өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі.

## 5. Бір жолғы ірі сатып алулар жасауға пайдаланылған ақшалар - 210.03-нысанын жасау

22. Осы нысан үй құрылысы және осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын сатып алудан басқа, 2000 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға салық кезеңінде салық төлеуші жасаған ірі бір жолғы сатып алуды мәлімдеуге арналған.

23. "Сатып алынған мүлік" бөлімінде:

1) 210.03.001C жолында 210.03.002C - 210.03.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық жылында жасалған ірі бір жолғы сатып алулардың жалпы құны көрсетіледі;

2) 210.03.002A - 210.03.005A жолдарында сатып алынған мүліктің атауы

көрсетіледі;

3) 210.03.002B - 210.03.005B жолдарында сатып алынған мүліктің күні көрсетіледі;

4) 210.03.002C - 210.03.005C жолдарында сатып алынған мүліктің құны көрсетіледі.

24. "Ірі бір жолғы сатып алу жасауға пайдаланылған ақша көздері" бөлімінде:

1) 210.03.006B жолында ірі бір жолғы сатып алулар жасауға пайдаланылған ақшаның жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 210.03.007A - 210.03.018A жолдарында ірі бір жолғы сатып алулар жасауға пайдаланылған ақша көздері көрсетіледі;

3) 210.03.007B - 210.03.018B жолдарында ақша сомасы көрсетіледі.

## 6. Меншік құқығындағы мүлік - 210.04-нысанын жасау

25. Осы нысан "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес мерзімді әскери қызметін өтейтін әскери қызметкерден басқа мемлекеттік лауазым немесе мемлекеттік не оларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты үміткер (бұдан әрі - үміткер) болып табылатын тұлғалардың меншік құқығындағы мүлкін мәлімдеуге арналған.

26. "Қаржы қаражаттары" бөлімінде:

1) 210.04.001A жолында Декларацияны беру сәтінде бар ұлттық және шетел валютасындағы қолма-қол ақша көрсетіледі;

2) 210.04.001B жолында қолма-қол ақша сомасы көрсетіледі;

3) 210.04.002A жолында банк мекемелерінің, үміткерлердің салымдары бар Қазақстан Республикасынан тысқары банк мекемелеріндегі атауы көрсетіледі;

4) 210.04.002B жолында валюта коды көрсетіледі;

5) 210.04.002C жолында салымдар сомасы көрсетіледі;

6) 210.04.003A жолында бағалы қағаздардың, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары түрлері көрсетіледі;

7) 210.04.003B жолында бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

8) 210.04.003C жолында бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

9) 210.04.004A жолында үміткерлер жеке өзі немесе басқа тұлғалармен бірге иелік етуге құқылы өзге де қаржы қаражаттары көрсетіледі;

10) 210.04.004B жолында қаржы қаражаттары көрсетіледі.

27. "Меншік құқығындағы мүлік" бөлімінде:

1) 210.04.005 жолында жинақтаушы зейнетақы қоры берген көшірме негізіндегі Декларация беру күніне зейнетақы жинақтарының сомасы көрсетіледі;

2) 210.04.006A - 210.04.011A жолдарында зейнетақы жинақтаушыларынан

басқа, салық салу объектісі болып табылатын, меншік құқығындағы орналасқан, оның ішінде жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік, сондай-ақ көлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірін суреттейді;

3) 210.04.006B - 210.04.011B жолдарында суреттелетін мүліктің бағалау құны көрсетіледі.

28. "Жарғылық капиталда қатысу үлесі" бөлімінде үміткер тиісті торкөзі заңды тұлғалардың акционері немесе құрылтайшысы (қатысушы) ретінде өзі тура немесе тікелей қатысу туралы көрсетеді:

1) 210.04.012C жолында барлық заңды тұлғалар бойынша жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің мөлшері көрсетіледі;

2) A бағанында үміткердің қатысу үлесі бар жарғылық капиталдағы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) B бағанында A бағанында көрсетілген салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

4) C бағанында A бағанында көрсетілген заңды тұлғаның қатысу үлесінің мөлшері көрсетіледі.

29. "Басқа да мәліметтер" бөлімінде:

1) 210.04.013B жолында сенімгерлік басқаруға берілген мүліктің жалпы құны көрсетіледі;

2) B бағанында сенімгерлік басқаруға берілген мүлік суреттеледі, сондай-ақ егер үміткер немесе оның жұбайы (жары) осы трастардың бенефициары болып табылатын тиісті банк шоттарындағы нөмірлерін көрсете отырып, олар тіркелген трастар туралы және мемлекеттер туралы мәлімет көрсетіледі;

3) B бағанында A бағанында көрсетілген мүлік құны көрсетіледі;

4) 210.04.014A жолында 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын, мөлшерде үміткерге немесе оның жұбайына (жарына) тиісті материалдық және қаржы қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

5) A бағанында 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын, мөлшерде үміткерге немесе оның жұбайына (жарына) тиісті материалдық және қаржы қаражаттарын ұстап тұру мен уақытша сақтау бойынша үміткердің шарт қатынастары, келісім-шарт пен міндеттемелер (оның ішінде ауызша) бар заңды тұлға көрсетіледі;

6) B бағанында A бағанында көрсетілген заңды тұлға - салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

7) C бағанында жоғарыда аталған материалдық және қаржы қаражаттарының тиісті сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 210.00 210.01, 210.02, 210.03, 210.04 графикалық*

*нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Жеке табыс салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (220.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтарды есептеуді және төлеуді жүзеге асырушы жеке тұлғалар - жеке кәсіпкерлердің, сондай-ақ Салық кодексінің 6 бөліміне сәйкес қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалардың жеке табыс салығын есептеу мен кірістерді мәлімдеуге арналған Жеке табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (220-нысан) және жеке табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу жөніндегі оған қосымшалардан (220.01-ден 220.31-ге дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "

Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде " - " белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде болмаса электрондық почта бойынша электрондық түрде Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес - салық төлеуші Декларацияны қабылдағаны (жеткізгені) туралы хабарламаны салық органында не электрондық почта бойынша алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (220.00 нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе салық төлеушінің атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші) коды көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация бергенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген хабарламаны алып, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

Жеке кәсіпкердің қызметі тоқталған жағдайда "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 114-бабында көзделген жағдайда "Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларацияны табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) резидент емес берген кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді;

10) жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Декларация жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

10А - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

10В - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

11) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Декларация толтырылғанда жер қойнауын пайдаланушы жасаған келісім-шарттың нөмірі мен күні белгіленеді.

13. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне Салық кодексінің 80, 184-баптарына сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

14. "Салық салынатын кірістер есебі" бөлімінде:

1) 220.00.001 жолына 220.01.020 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.00.002 жолына 220.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.00.003 жолына 220.03.020 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.00.004 жолы 220.00.001, 220.00.002 және 220.00.003 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

15. "Салықты есептеу" бөлімінде:

1) 220.00.005 жолына 220.04.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.00.006 жолына 220.31.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.00.007 жолына 220.31.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.00.008 жолына 220.31.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.00.009 жолына 220.31.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.00.010 жолына 220.31.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 220.00.011 жолына 220.31.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

220.00.011 жолын толтыру кезінде сома салық органы мен салық төлеуші куәландырған салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы салық төлеушінің дербес шотынан үзінді көшірім негізінде көрсетіледі.

## 3. Жылдық жиынтық кіріс - 220.01 нысанын жасау

16. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

17. "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу" бөлімінде:

1) 220.01.001 жолына 220.05.001С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.01.002 жолына 220.06.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.01.003 жолына Салық кодексінің 83-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Осы жол бойынша Тарату декларациясын жасау кезінде сонымен қатар жеке кәсіпкердің қызметі аяқталған кезде кредиторлық берешекті есептен шығарудан алынған кіріс те көрсетіледі;

4) 220.01.004 жолына 220.07.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.01.005 жолына 220.08.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.01.006 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес берешекті талап етуді беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

7) 220.01.007 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе тоқтатуға келіскені үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 220.01.008 жолына 220.25.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 220.01.009 жолын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады. Осы жолға 220.09.001D немесе 220.09.002С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 220.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ортақ үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

11) 220.01.011 жолында егер бұл сомалар бұрын Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылмаса, бюджеттен қайтарылған бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдардан басқа сот тағайындаған немесе борышкер мойындаған айыппұлдар, өсімпұлдар мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

12) 220.01.012 жолына 220.23.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 220.01.013 жолына 220.10.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде ізгілік көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құны 220.02.006 жолы бойынша жылдық жиынтық кірістен алынып тасталады;

14) 220.01.014 жолына 220.13.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 220.01.015 жолына 220.11.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 220.01.016 жолына 220.12.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 220.01.017 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 220.01.018 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес салық төлеуші роялти түрінде алған кіріс көрсетіледі;

19) 220.01.019 жолында салық төлеушінің 220.01.001-ден 220.01.018-ге дейінгі жолдарда көрініс таппаған, Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 20) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілетін кірістері көрсетіледі;

20) 220.01.020 жолында 220.01.001-220.01.019 жолдары сомаларын қосу жолымен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

## 4. Салық салынуға жатпайтын кірістер - 220.02 нысанын жасау

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

19. "Салық салынуға жатпайтын кірістер" бөлімінде:

1) 220.02.001 жолында Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы, сондай-ақ 220.02.002 - 220.02.020 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық кірістен алынып тасталатын дивидендтер көрсетіледі;

2) 220.02.002 жолына 220.06.005 және 220.06.007 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.02.003 жолына 220.06.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.02.004 жолында бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзіне салық салынған Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғасынан алынған дивидендтер көрсетіледі;

5) 220.02.005 жолына 220.12.004 жолын алумен 220.12.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.02.006 жолына 220.10.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 220.02.007-ден 220.02.020-ға дейінгі жолдарда 220.02.002-ден 220.02.006-ға дейінгі жолдарда көрсетілмеген және Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын, осы Ережелердің 206-тармақтарына сәйкес кіріс түрлерінің кодтары көрсетіледі.

## 5. Шегерімдер - 220.03 нысанын жасау

20. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

21. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 220.03.001 жолына 220.15.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.03.002 жолына 220.16.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.03.003 жолына 220.17.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.03.04 жолына 220.18.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.03.005 жолын жер қойнауын пайдаланушы толтырады. Осы жолға 220.09.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.03.006 жолына 220.19.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 220.03.007 жолына 220.20.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 220.03.08 жолына 220.21.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 220.03.009 жолын жер қойнауын пайдаланушы толтырады. Осы жолға 220.22.016 және 220.22.019 жолдарын қосу арқылы айқындалатын сома көшіріледі;

10) 220.03.010 жолына 220.13.002B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 220.03.011 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес есептелген шектерде бюджетке төленген салықтардың сомасы көрсетіледі;

12) 220.03.012 жолына 220.24.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 220.03.013 жолында 220.03.013A - 220.03.013F жолдарының сомасын қосумен айқындалатын амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

14) 220.03.013A жолына 220.25.004E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 220.03.013B жолына 220.25.005E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 220.03.013C жолына 220.26.001B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 220.03.13D жолына 220.25.004I және 220.25.005G жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

18) 220.03.013E жолына 220.25.004H және 220.25.005F жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

19) 220.03.013F жолына 220.25.004F және 220.25.007E жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

20) 220.03.014 жолда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес айқындалатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

21) 220.03.015 жолда Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде салық шегерімінің сомасы көрсетіледі;

22) 220.03.016 жолда Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес асырауындағы отбасы мүшелеріне салық шегерімдерінің сомасы көрсетіледі;

23) 220.03.017 жолда Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 4)

тармақшасына сәйкес белгіленген шектерде шегерімге жатқызылатын ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

24) 220.03.018 жолда Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес белгіленген шектерде шегерімге жатқызылатын ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

25) 220.03.019 жолда Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес белгіленген шектерде шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

26) 220.03.020 жолда 220.03.001-ден 220.03.019-ға дейінгі жолдардың сомаларын қосу арқылы айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі .

## 6. Салық салынатын кіріс есебі - 220.04 нысанын жасау

21. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

22. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:

1) 220.04.001 жолына 220.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.04.002 жолына 220.28.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.04.003 жолында 220.04.001 және 220.04.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кірістің (залалдың) жиынтық сомасы көрсетіледі;

4) 220.04.004 жолында 220.04.003 жолында залал алған кезде Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көшіруге жатпайтын Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші алған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер 220.03.013C жолы бойынша сома 220.04.001 жолының сомасынан көбірек немесе тең болса, 220.04.004 жолында 220.04.001 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 220.03.013C жолы бойынша сома 220.04.001 жолы бойынша сомадан аз болса, 220.04.004 жолына 220.03.013C жолының сомасы көшіріледі;

5) 220.04.005 жолында кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын (220.04.003 - 220.04.004 + 220.06.002) үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды сату кезінде алынған залал сомасынан қалыптасқан және көшіруге жатпайтын залал сомасына азайтылған есепті салық кезеңінің нәтижелері бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі;

6) 220.04.006 жолында 220.04.003 x 2 % + (220.04.006C және 220.04.006D жолдарының сомасы) - 220.04.006E) сомаларының шамасында Салық кодексінің 122-бабына сәйкес (220.04.006A және 220.04.006B сомасы) салық салынатын кірістен (кіріске) алынып тастайтын (енгізілетін) шығыстардың (кірістердің)

жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 220.04.006A жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға тегін берілген мүлік сомасы көрсетіледі;

8) 220.04.006B жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғаларға берілетін атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі;

9) 220.04.006C жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 1 22-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 220.04.006D жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

11) 220.04.006E жолында Салық кодексінің 122-бабының 5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі.

Егер 220.04.006A - 220.04.006C жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен екі процентінен кемінің сомасын құраса ( 220.04.003), онда салық салынатын кірістен алып тастауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы жатады. Егер сома салық салынатын кірістен екі проценттен астам құраған жағдайда, онда салық салынатын кірістің екі проценттері мөлшерінде айқындалған сома алып тастауға жатады;

12) 220.04.007 жолында Салық кодексінің 123-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залал сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.29.001 жолында айқындалған залал сомасы көшіріледі;

13) 220.04.008 жолында 220.04.003, 220.04.006 және 220.04.007 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдар мен түзетулерді ескеріп салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 220.04.007 жолында көрсетілген сома бұрынғы екі жолдың айырмасынан үлкен болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 220.00.005 жолына көшіріледі.

## 7. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен кірістер - 220.05 нысанын жасау

34. Осы нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды , қызметтерді) өткізуден түскен кірісті айқындауға арналған.

35. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

36. "Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізу" бөлімінде:

1) 220.05.001 жолы кіріс сомасы енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

220.05.001С жолы 220.01.001 жолына көшіріледі.

37. 220.05.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ ) сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызметтің түрлері көрсетіледі. Бұл ретте , салық төлеуші қызметтің жүзеге асырылатын түрлері бойынша әр жол бойынша тиісті топты (класс) көрсетеді;

3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзету сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 81-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, егер шарт талаптарына сәйкес сатылған тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлем шетел валютасындағы белгілі сомаға тең сомада теңгемен жүргізілсе, оларды төлеу кезінде сатылған тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны түзетуге жатады;

5) Е бағанында аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін, жүргізілген түзетуден кейін сатылған тауарлардың ( жұмыстар, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. С және D бағандарының сомасы (айырмасы) ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда Е бағанына С бағанында көрсетілген деректер көшіріледі.

220.05.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 220.05.001А жолына, D бағаны - 220.05.001В жолына, Е бағаны 220.05.001С жолына көшіріледі.

## 8. Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс - 220.06 нысанын жасау

38. Осы нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қажеті үшін сатып алынған активтерден басқа амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірісті айқындауға арналған.

39. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

40. "Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату" бөлімінде:

1) 220.06.001 жолы үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 220.06.002 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 220.06.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

41. "Амортизациялауға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

220.06.004 жолы үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

42. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 220.06.005 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акцияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 220.06.006 жолы берешек бағалы қағаздардан басқа, өзге бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 220.06.007 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан облигацияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 220.06.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 220.06.009 жолы басқа берешек бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 220.06.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде орналасқан акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 220.06.011 жолы 220.06.010 жолының сомасына азайтылған 220.06.006, 220.06.009 жолдарының сомасымен (немесе) әртүрлілігі ретінде айқындалатын шеккен залалдар сомасын ескеріп "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде

орналасқан акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

43. "Барлығы" бөлімінде:

220.06.012 жолында үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ 220.06.001, 220.06.004, 220.06.005, 220.06.007, 220.06.008 және 220.06.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизациялауға жататын активтер көрсетіледі.

44. Салық төлеуші 220.06.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залал алынған кезде осы залал Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі. Аталған сома 220.04.005 жолының сомасын айқындау кезінде есептелмейді.

220.06.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

220.06.005 және 220.06.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес 220.02.003 жолына көшіріледі.

220.06.008 жолында кірісті алу кезінде осы сома 220.02.003 жолына көшіріледі.

Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс, сондай-ақ 220.06.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтер 220.01.002 жолына көшіріледі.

45. 220.06.001, 220.06.002, 220.06.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың атауы көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде С бағанында бұрынғы салық кезеңінің 220.25.001 және 220.25.002 жолдарына қосымша нысанның Р бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект 220.06.001 және 220.06.002 жолдарына есепті салық кезеңінің

ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда С бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

220.06.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.06.001 жолына, 220.06.002 жолына қосымша нысан Е бағаны 220.06.002 жолына, 220.06.003 жолына қосымша нысан Е бағаны 220.06.003 жолына көшіріледі.

46. 220.06.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында аталған баптың 2-тармағына сәйкес объектілердің теңгермелік құны көрсетіледі;

4) D бағанында объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар Е бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында есептелмейді.

220.06.004 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.06.004 жолына көшіріледі.

47. 220.06.005, 220.06.006 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында берешек бағалы қағаздардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

220.06.005 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.06.005 жолына, 220.06.006 жолына - 220.06.006 жолына қосымша нысан Е бағанына көшіріледі.

48. 220.06.007, 220.06.008, 220.06.009 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздардың айналым мерзімі (күні)

көрсетіледі;

5) Е бағанында берешек бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі;

6) F бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі . Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағаздарды сатып алу күні көрсетіледі;

8) Н бағанында Е және F бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілген купон сомасы 220.12.002 жолына қосымша нысан G бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

10) J бағанында берешек бағалы қағаздарды сату күні көрсетіледі;

11) К бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

К = (Н/D) х (J - G), онда

(J - G) - күндегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанында L=(I - (F + К)) формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағазды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

220.06.007 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 220.06.007 жолына, 220.06.008 жолына қосымша нысан L бағаны 220.06.008 жолына, 220.06.009 жолына қосымша нысан L бағаны 220.06.009 жолына көшіріледі.

49. 220.06.010 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;

3) С бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін Е бағанында айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал ) көрсетіледі. Осы бағанға 220.06.006, 220.06.009 жолдарының сомасы көшіріледі .

5) Е бағанында одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандары сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағымен белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің С бағанына көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру

мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

220.06.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 220.06.010 жолына көшіріледі.

## 9. Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер - 220.07 нысанын жасау

50. Бұл нысан Салық кодексінің 84-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

51. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

52. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

220.07.003 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

53. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

220.07.002 жолы кіріске енгізілетін қызметкерлердің күмәнді міндеттемелерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

54. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

220.07.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 220.07.001С және 220.07.002А жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

55. 220.07.003 жолының шамасы 220.01.004 жолына көшіріледі.

56. 220.07.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор - заңды тұлғаның (тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші) толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор - жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;

6) F бағанында қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында G бағанында көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасының алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.07.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.07.001A жолына, H бағаны - 220.07.001B жолына, I бағаны - 220.07.001C жолына көшіріледі.

57. 220.07.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 149-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалған қызметкерлердің кірісі көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірісінің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында C бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірістерінен міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында қызметкерлерге кірісті есептеу күні көрсетіледі;

6) F бағанында қызметкерге төленген кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында міндетті зейнетақы қорларына аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында қызметкерге кірісті төлеу күні көрсетіледі;

9) I бағанында міндетті зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу күні көрсетіледі;

10) J бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және қызметкерлердің кірістері бойынша кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.07.002 жолына қосымша нысан J бағанының жиынтық шамасы 220.07.002A жолына, K бағаны - 220.07.002B жолына көшіріледі.

## 10. Мүлікті жалға беруден кірістер - 220.08 нысанын жасау

58. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де мүлікті жалға беруден кірістерді айқындауға арналған.

59. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

60. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

220.08.001 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

61. 220.08.001 жолының шамасы 220.01.005 жолына көшіріледі.

62. 220.08.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 207-тармағына сәйкес жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жалға алу шартын жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік үшін (тысқары орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда Е бағанында салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

220.08.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.08.001 жолына көшіріледі.

## 11. Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар - 220.09 нысанын жасау

63. Осы нысан Салық кодексінің 88-бабына сәйкес кен орындарын әзірлеу салдарларын жою жөніндегі нақты шығыстардың сомасынан кен орнын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының асуынан кірістерді, сондай-ақ Салық кодексінің 97-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасын айқындауға арналған.

64. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

65. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударым" бөлімінде:

220.09.001 жолы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бағдарламасының (бұдан әрі - бағдарлама) іс-әрекет етудің барлық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

66. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар" бөлімінде:

220.09.002 жолы есепті кезең үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

67. "Шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар" бөлімінде:

220.09.003 жолы шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

68. 220.09.001D немесе 220.09.002C жолдарының шамасы 220.01.009 жолына көшіріледі.

220.09.003 жолының шамасы 220.03.005 жолына көшіріледі.

69. 220.09.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанына B бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында бағдарламаның қызмет ету мерзіміне белгіленген кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 97-бабының 1-тармағына сәйкес бағдарламаның қызмет ету кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

6) F бағанына бағдарламаның кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында бағдарламаның кезеңі үшін (E-F) кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың жалпы сомасынан бағдарламаның кезеңі үшін шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың асуы нәтижесінде құралған оң айырма түрінде алынған кіріс көрсетіледі.

220.09.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 220.09.001A жолына, E бағаны - 220.09.001B жолына, F бағаны - 220.09.001C жолына, G бағаны - 220.09.001D жолына көшіріледі.

70. 220.09.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанына B бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін бағдарлама шегіндегі кен

орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында есепті салық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

6) F бағанына есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

Егер жер қойнауын пайдаланушы бағдарламада көзделген кезеңде кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша жұмыстарды жүргізбесе, онда осы бағанда көрсетілген сома 220.010.009 жолына көшіріледі.

220.09.002 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 220.09.002A жолына, E бағаны - 220.09.002B жолына, F бағаны - 220.09.002C жолына көшіріледі.

71. 220.09.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанына B бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылуы тиіс жер қойнауын пайдалануға келісім-шартқа сәйкес кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

220.09.003 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 220.09.003 жолына көшіріледі.

## 12. Тегін алынған мүлік (жұмыстар, қызмет көрсетулер) - 220.10 нысанын жасау

72. Осы нысан Салық кодексінің 90-бабына сәйкес салық төлеуші тегін алған мүлік, жұмыстар мен қызмет көрсетулер түріндегі кірісті айқындауға арналған.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде ізгілік көмек түрінде алынған және Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 5, 6) тармақшаларына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құны 220.02.006 жолы бойынша жылдық жиынтық кірістен алынып тасталады.

73. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

74. "Мүлік" бөлімінде:

1) 220.10.001 жолы есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 5, 6) тармақшаларына сәйкес алынған мүліктерден басқа, сондай-ақ жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлік және мемлекет бюджет қаражаттарынан алынған субсидиялардан басқа, тегін

алынған мүліктің (жұмыс, қызмет) құнын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан негізінде толтырылады;

2) 220.10.002 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

3) 220.10.003 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

4) 220.10.004 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші тегін алған мүліктің (жұмыс, қызмет) жалпы құнын көрсетуге арналған 220.10.001 және 220.10.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

220.10.003 жолының шамасы 220.01.013 жолына көшіріледі.

220.10.002 жолының шамасы 220.02.006 жолына көшіріледі.

75. 220.11.001, 220.11.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) осы Ережелердің 207-тармағына сәйкес мүлік (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер атауы көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанында көрсетілген мүлік алынған, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген құжат нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер құны көрсетіледі.

220.10.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.10.001 жолына, 220.10.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.10.002 жолына көшіріледі.

## 13. Дивидендтер - 220.11 нысанын жасау

76. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де салық төлеуші алған дивидендтер түріндегі кірісті айқындауға арналған.

Оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кіріс дивидендтер болып табылады.

77. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

78. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 220.11.001 жолы Қазақстан Республикасының аумағында алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 220.11.002 жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 220.30.001А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.11.003 жолы 220.11.001 және 220.11.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

79. 220.11.003 жолының шамасы 220.01.015 жолына көшіріледі.

80. 220.11.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында дивидендтер алынған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтерді төлеу көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы растаушы құжатты беру нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтерді төлеген заңды тұлға береді;

5) Е бағанында растаушы құжаттар болған кезде, ұстап қалынған салық сомасынан басқа, дивидендтердің алынған сомасы көрсетіледі.

220.11.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.11.001 жолына көшіріледі.

## 14. Сыйақы - 220.12 нысанын жасау

81. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тысқары жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді айқындауға арналған. Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кірістер сыйақылар болып табылады.

82. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

83. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

220.12.001 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларынан басқа сыйақылар сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

84. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

220.12.002 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (

алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

85. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар" бөлімінде:

220.12.003 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

86. "Резидент еместерден сыйақылар" бөлімінде:

220.12.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынуға жататын ( алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 220.30.002A жолында көрсетілген сома көшіріледі.

87. "Барлығы" бөлімінде:

220.12.005 жолы 220.12.001A, 220.12.002C, 220.12.003C және 220.12.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

220.12.005 жолының шамасы 220.01.016 жолына көшіріледі.

220.12.005 жолының шамасы 220.12.004 жолын алумен 220.02.005 жолына көшіріледі.

88. 220.12.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сыйақының түрлері көрсетіледі;

3) C бағанында сыйақы алынған заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында төлем көзінен ұсталатын Жеке табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақыны төлеген заңды тұлға береді;

6) F бағанында төлем көзінен ұсталатын Жеке табыс салығының сомасын ескере отырып есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында осы салықты ұстауды растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақы төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

220.12.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.12.001A жолына, G бағанының жиынтық шамасы 220.12.001B жолына көшіріледі.

89. 220.12.002, 220.12.003 жолдарына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

3) C бағанында сыйақы алынған (алынуға жататын) заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында төлем көзінен ұсталатын Жеке табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақы төлеген эмитент заңды тұлға береді;

6) F бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі.

7) G бағанында дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында эмитент төлем көзінде ұстап қалған Жеке табыс салығының сомасы ескерілген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. G және F бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

9) I бағанында осы салықты ұстап қалғандығын растайтын құжат бар болғанда Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес салық төлеушіге төлеуге жататын (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитент ұстап қалған Жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

220.12.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.12.002A жолына, G бағаны - 220.12.002B жолына, H бағаны - 220.12.002C жолына, I бағаны - 220.12.002D жолына, 220.12.004 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.12.003A жолына, G бағаны - 220.12.003B жолына, H бағаны - 220.12.003C жолына, I бағаны - 220.12.003D жолына көшіріледі.

## 15. Бағамдық айырма - 220.13 нысанын жасау

90. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілуге жататын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан артуын, немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан артуын айқындауға арналған .

91. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

92. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

220.13.001 жолы салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырманың жалпы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

93. "Бағамдық айырманы есептеу" бөлімінде:

1) 220.13.002A жолы 220.13.001A және 220.13.001B жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, оң бағамдық айырма сомасының теріс

бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

2) 220.12.002B жолы 220.13.001B және 220.13.001A жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

220.13.001A жолының шамасы 220.01.014 жолына көшіріледі.

220.13.001B жолының шамасы 220.03.010 жолына көшіріледі.

94. 220.13.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында нәтижесінде бағамдық айырма құралған шетел валютасындағы операциялардың атауы көрсетіледі:

валюталық шоттар бойынша;

валюталық несиелер бойынша;

сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар бойынша;

жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша;

өзге де операциялар бойынша;

3) C бағанында есепті салық кезеңі ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған оң бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған теріс бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

220.13.001 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 220.13.001A жолына, D бағаны - 220.13.001B жолына көшіріледі.

## 16. Еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар - 220.14 нысанын жасау

95. Осы нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады.

96. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

97. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 220.14.001 жолында тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндірісіне тікелей қатысатын қызметкерлерге, әкімшілік персонал мен сатумен айналысатын қызметкерлерге есептелген еңбекақының жалпы сомасы көрсетіледі. 220.14.001A - 220.14.001C жолдарының сомасын қосумен

а й қ ы н д а л а д ы ;

2) 220.14.002 жолында 220.14.001 жолында көрсетілген еңбекақыдан басқа Салық кодексінің 149, 154-баптарына сәйкес айқындалатын кірістер көрсетіледі. 220.14.002A-дан 220.14.002C-ға дейінгі жолдардың сомасын қосумен а й қ ы н д а л а д ы ;

3) 220.14.003 жолында 220.14.001 және 220.14.002 жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі. Мысалы: жеке кәсіпкер қызметін тоқтатуына, қызметкерлердің штатын қысқартумен байланысты қызметкерлерге төлемдер. 220.14.003A-дан 220.14.003C-ға дейінгі жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 220.14.004 жолында 220.14.001 - 220.14.003 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар к ө р с е т і л е д і ;

5) 220.14.005 жолында негізгі құралдарды жөндеумен айналысып жатқан қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

6) 220.14.006 жолында жұмыс беруші төлейтін және шегерімге жатқызылуға жататын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу бойынша шығыстар сомасы к ө р с е т і л е д і .

98. 220.14.006 жолының шамасы 220.15.004 жолына көшіріледі.

## 17. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар - 220.15 нысанын жасау

99. Бұл нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар сомасын айқындауға арналған.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу, шығару мен сату кірісті алу құралы болып табылатын салық төлеушілер есепті салық кезеңінің басына және соңына тауарлық-материалдық қорлардың (бұдан әрі - ТМҚ) құнын к ө р с е т у г е м і н д е т т і .

ТМҚ есебі Салық кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

100. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

101. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 220.15.001 жолында есепті салық кезеңінің басында ТМҚ құны болып бұрынғы салық кезеңінің соңына ТМҚ құны табылады. Деректер бұрынғы салық кезеңі үшін 220.15.002 тиісті жолынан көшіріледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол есепті салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша

айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде есепті салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

2) 220.15.002 жолы есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 220.15.002 жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады;

3) 220.15.003 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылатын 220.15.003A, 220.15.003B, 220.15.003C, 220.15.003D, 220.15.003E, 220.15.003F, 220.15.003H, 220.15.003J, 220.15.003K, 220.15.003L, 220.15.003M, 220.15.003N, 220.15.003O, 220.15.003P жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 220.15.004 жолына 220.14.06 жолында айқындалған еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар сомасы көшіріледі;

5) 220.15.005 жолында 220.15.005A, 220.15.005F және 220.15.005G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын 220.15.003 жолында ескерілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығару мен сату бойынша шығыстардың барлық басқа да сомасы көрсетіледі;

6) 220.15.005A жолында 220.15.005B-дан 220.15.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. 220.15.005B жолында Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, іссапар және кері орнына жолға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 220.15.005C жолында Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 220.15.005D және 220.15.005E жолдарда Салық кодексінің 93-бабының 1-тармағындағы 3) және 4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және тысқары іссапарлар бойынша төленетін күндік тиісті сома көрсетіледі;

7) 220.15.005B жолында Салық кодексінің 93-бабындағы 2-тармаққа сәйкес жүргізілген өкілдік шығыстарының нақты сомасы көрсетіледі;

8) 220.15.005C жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыстар сомасы көрсетіледі.

220.15.003 - 220.15.005 жолдарында келтірілетін деректер 220.03.001 -

220.03.013 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

9) 220.15.006 жолында 220.15.003A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 220.15.007 жолында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) шығысқа қосылған ТМҚ және басқа да шығыстардың жиынтық сомасы, (220.15.001 - 220.15.002) + 220.15.003 - 220.15.006 жолдарының сомасы көрсетіледі;

11) 220.15.008 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

12) 220.15.009 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі емес мақсаттарда пайдаланған ТМҚ, жұмыстар мен қызметтер сомасы көрсетіледі;

13) 220.15.010 жолында 220.15.007 жолының сомасынан 220.15.008 және 220.15.009 жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын сатылған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

14) 220.15.011 жолы анықтамалы түрде толтырылады, есепті салық кезеңі үшін іссапарларда қызметкерлер жүргізген іссапарлар саны мен күндерінің саны көрсетіледі.

102. 220.15.010 жолының шамасы 220.03.001 жолына көшіріледі.

220.15.012 жолының шамасы Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес 220.02.001E жолына көшіріледі.

103. 220.15.003A, 220.15.003B, 220.15.003C, 220.15.003D, 220.15.003E, 220.15.003F, 220.15.003H, 220.15.003J, 220.15.003K, 220.15.003L, 220.15.003M, 220.15.003N, 220.15.003O, 220.15.003P жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кірістерді алушы салық төлеушінің осы Ереженің 205-бабына сәйкес тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі. Бұл ретте жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қатысты жүргізілген шығыстар бойынша B бағанында олардың саны көрсетіледі, ал C бағанының деректері бірыңғай сомада көрсетіледі.

3) C бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі;

220.15.003A жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 220.15.003A жолына, 220.15.003B жолына қосымша нысан C бағаны 220.15.003B жолына, 220.15.003C жолына қосымша нысан C бағанының 220.15.003C жолына, 220.15.003D жолына қосымша нысан C бағанының 220.15.003D жолына, 220.15.003E жолына қосымша нысан C бағанының шамасы 220.15.003E жолына, 220.15.003F жолына қосымша нысан C бағанының 220.15.003F жолына, 220.15.003H жолына қосымша нысан C бағанының 220.15.003H жолына, 220.15.003J жолына қосымша нысан C бағанының шамасы 220.15.003J жолына, 220.15.003K жолына қосымша нысан 220.15.003K жолына, 220.15.003L жолына қосымша нысан C бағанының 220.15.003L жолына, 220.15.003M жолына

қосымша нысан С бағанының шамасы 220.15.003М жолына, 220.15.003N жолына қосымша нысан С бағанының 220.15.003N жолына, 220.15.003О жолына қосымша нысан С бағанының 220.15.003D жолына, 220.15.003С жолына қосымша нысан С бағанының шамасы 220.15.003О жолына, 220.15.003Р жолына қосымша нысан 220.15.003Р жолына көшіріледі.

## 18. Сыйақы бойынша шығыстар - 220.16 нысанын жасау

104. Бұл нысан Салық кодексінің 94-бабына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

105. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

106. "Кредиттер (займдар) бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 220.16.001 жолы салық төлеуші резидентке төлейтін кредиттер (займдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 220.16.002 жолы салық төлеуші резидент емеске төлейтін кредиттер ( займдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

107. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 220.16.003 жолына 220.16.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.16.004 жолына 220.16.002В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.16.005 жолына 220.16.003 және 220.16.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 220.16.006 жолына 220.16.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.16.007 жолында 220.16.005 және 220.16.006 жолдары бойынша ең төменгі сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызылуға тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі;

108. 220.16.007 жолының шамасы 220.03.002 жолына көшіріледі.

109. 220.16.001, 220.16.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор-ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 205-тармағына сәйкес кредитор - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында алынған кредит (займ) сомасы көрсетіледі. Кредитті (займды) шет ел валютасында алғанда кредитті (займды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгемен есептеледі;

6) F бағанында белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес

есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші резидентке төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық осы бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі.

220.16.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.16.001А жолына, F бағаны - 220.16.001В жолына, 220.16.002 жолына қосымша нысан Е бағаны 220.16.002А жолына, F бағаны - 220.16.002В жолына көшіріледі.

## 19. Төленген күмәнді міндеттемелер - 220.17 нысанын жасау

110. Бұл нысан Салық кодексінің 95-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің сомасын айқындауға арналған.

111. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

112. "Күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

220.17.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

113. "Есептен шығарылған міндеттемелер" бөлімінде:

220.17.002 жолы Салық кодексінің 83-бабына сәйкес бұрын кіріс деп танылған, төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

114. "Міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

220.17.003 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс бұрын кіріс деп танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға арналған және 220.17.001С және 220.17.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

115. 220.17.003 жолының шамасы 220.03.003 жолына көшіріледі.

116. 220.17.001 және 220.17.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кіріске жатқызылған және салық төлеуші бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған, сома төленген кредитор - заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың ( шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

6) F бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

8) H бағанында төленген күмәнді міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі F және H бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.17.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.17.001A жолына, H бағаны - 220.17.001B жолына, I бағаны - 220.17.001C жолына көшіріледі.

220.17.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.17.002A жолына, H бағаны - 220.17.002B жолына, I бағаны - 220.17.002C жолына көшіріледі.

## 20. Күмәнді талаптар - 220.18 нысанын жасау

117. Бұл нысан Салық кодексінің 96-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптар сомасын айқындауға арналған.

118. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

119. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

220.18.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

120. 220.18.001B жолының шамасы 220.03.004 жолына көшіріледі.

121. 220.21.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушіге берешек үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатылған, жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеушіде бар дебиторлық берешек бойынша құжат (шот-фактура) күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында осы шығыстарды оларға шегерімге жатқызу туралы өз тіркеу орны бойынша салық органына жіберілген салық төлеуші хабарламасының күні мен нөмірі көрсетіледі. Хабарламада сатып алушының атауы, сатып алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі, шот-фактураның күні мен нөмірі, тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны, шегерімге жатқызылған сома көрсетіледі. Хабарламаға ұйымның басшысы, бас бухгалтері қол қоюы және куәландырылуы тиіс;

6) F бағанында дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

7) G бағанында Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

8) H бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске H бағанында көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;

10) J бағанында күмәнді талап болып табылатын және шегерімге жататын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.18.001 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 220.18.001A жолына, J бағаны - 220.18.001B жолына көшіріледі.

## 21. Ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыстар - 220.19 нысанын жасау

122. Бұл нысан Салық кодексінің 98-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс және кіріс алумен байланысты жүргізілген ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған.

123. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректер көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

124. "Шығыстар" бөлімінде:

220.19.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

125. 220.19.001 жолының шамасы 220.03.006 жолына көшіріледі.

126. 220.19.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 205-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында орындалған жұмыстардың түрлері (атауы) көрсетіледі;

5) Е бағанында ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында бұрынғы шегерімге жататын және кірістер алумен байланысты ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.

220.19.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.19.001 жолына көшіріледі.

## 22. Сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар - 220.20 нысанын жасау

127. Бұл нысан Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын айқындауға арналған.

128. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

129. "Мүліктің құндық балансы (құнынан) сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары" бөлімінде:

220.20.001 жолы сақтандырылатын мүліктің құндық балансы (құнынан) сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызуға тиісті сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

130. "Жылдық жиынтық кіріс сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылары" бөлімінде:

220.22.002 жолы жылдық жиынтық кіріс сомасынан айқындалған шегінде шегерімге жатқызуға тиісті сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

131. "Барлығы" бөлімінде:

220.20.003 жолында 220.20.001D және 220.22.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызуға тиісті сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі.

132. 220.20.003 жолының шамасы 220.03.007 жолына көшіріледі.

133. 220.20.001 жолына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген, осы Ереженің 205-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларынан басқа, есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеуге тиіс (төленген) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйақылары төленетін сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 229-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңі үшін төлеуге тиіс (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылатын мүліктің құндық балансы (құндық балансы жоқ жүктер үшін - құны) көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сақтандыру сыйақыларының шекті нормасы көрсетіледі;

10) J бағанында I (I*H) бағанында көрсетілген нормаларды қолданумен айқындалатын, сақтандыру сыйақыларының шекті сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында G және J бағанында көрсетілген сомадан ең азы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын, сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

220.20.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 220.20.001A жолына, H бағаны - 220.20.001B жолына, J бағаны - 220.20.001C жолына, K бағаны - 220.20.001D жолына көшіріледі.

134. 220.20.002 жолына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген, осы Ереженің 205-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларынан басқа, есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеуге тиіс (төленген) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйақылары төленетін сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 229-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңі үшін төлеуге жататын (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында 220.02.002 жолында көрсетілген, жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сақтандыру сыйақыларының шекті нормасы көрсетіледі;

10) J бағанында I (I*H) бағанында көрсетілген нормаларды қолданумен айқындалатын, сақтандыру сыйақыларының шекті сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында G және J бағанында көрсетілген сомадан ең азы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын, сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

220.20.002 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 220.20.002A жолына, H бағаны - 220.20.002B жолына, I бағаны - 220.20.002C жолына, J бағаны - 220.20.002D жолына, K бағаны - 220.20.002E жолына көшіріледі.

## 23. Әлеуметтік төлемдерге шығыстар - 220.21 нысанын жасау

135. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

136. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

137. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 220.21.001A жолында қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 220.21.001B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеудің мөлшері көрсетіледі;

3) 220.21.001C жолында шегерімге жатқызылуы тиіс қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.21.001A және 220.21.001B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

4) 220.21.002A жолында жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 220.21.002B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеудің мөлшері көрсетіледі;

6) 220.21.002C жолында шегерімге жатқызылуы тиіс жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.21.002A және 220.21.002B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

7) 220.21.003A жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 220.21.003B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге ( бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеудің мөлшері көрсетіледі;

9) 220.21.003C жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.21.003A және 220.21.003B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

10) 220.21.004A жолында мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 220.21.004B жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдардың мөлшері көрсетіледі;

12) 220.21.004C жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.21.004A және 220.21.004B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

13) 220.21.005A жолында жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

14) 220.21.005B жолында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

15) 220.21.005C жолында шегерімге жатқызылуы тиіс жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.21.004A және 220.21.004B жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

16) 220.21.006 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 220.21.001C, 220.21.002C, 220.21.003C, 220.21.004C, 220.21.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

138. 220.21.006 жолының шамасы 220.03.008 жолына көшіріледі.

## 24. Геологиялық зерттеуге шығыстар және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары - 220.22 нысанын жасау

139. Бұл нысан Салық кодексінің 101-бабына сәйкес табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеуге шығыстар сомасын, сондай-ақ шегерімге жатқызылуы тиіс жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын айқындауға арналған.

140. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) келісім-шартты жасау күні және нөмірі.

141. "Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар" бөлімінде:

1) 220.22.001 жолында геологиялық зерттеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

2) 220.22.002 жолында бағалау және орналастыру кезеңінде пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстары мен барлауға шығыстар сомасы көрсетіледі;

3) 220.22.003 жолында жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

4) 220.22.004A жолында Салық кодексінің 288-бабының 1-тармағына сәйкес қол қойылатын төленген бонус сомасы көрсетіледі;

5) 220.22.004B жолында Салық кодексінің 291-бабына сәйкес төленген коммерциялық табылу бонусының сомасы көрсетіледі;

6) 220.22.004C жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына сәйкес өндіру бонусын төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

7) 220.22.005 жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына

сәйкес тарихи шығыстарды төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

8) 220.22.006 жолында 220.22.001 - 220.22.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстары мен барлауға , геологиялық зерттеуге шығыстардың жалпы сомасы және салық төлеушінің басқа да шығыстары көрсетіледі;

9) 220.22.007 жолында табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары, барлау, геологиялық зерттеу өткізу кезеңіне келісім-шарт жасалған шектерде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған кірістер сомасы көрсетіледі;

10) 220.22.008 жолында 220.22.006 жолында көрсетілетін шығыстар сомасына азайтылмайтын 220.22.007 жолынан кірістер сомасы көрсетіледі. 220.22.009 және 220.22.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

11) 220.22.009 жолында пайдалы қазбаларды сату кезінде жер қойнауын пайдаланушы алған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

12) 220.22.010 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес алып тастауға жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.22.010A - 220.22.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

13) 220.22.011 жолында 220.22.006 жолында алынған шығыстар сомасына азайтылатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.22.007 және 220.22.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

14) 220.22.012 жолында 220.22.006 және 220.22.011 жолдарының айырмасы ретінде алынған Салық кодексінің 101-баптың 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеу, барлауға шығыстар сомасы көрсетіледі.

142. "Материалдық емес активтерге шығыстар" бөлімінде:

220.22.013 жолы материалдық емес активтерге шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

143. "Геологиялық зерттеуге шығыстар мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 220.22.014A жолында табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеуге шығыстар сомасы көрсетіледі. Келісім-шарттың іс-әрекет етудегі бірінші салық кезеңінде осы жолға 220.22.012 жолында айқындалған сома, одан кейінгі салық кезеңдеріне - бұрынғы салық кезеңі үшін 220.22.014D жолында айқындалған сома көшіріледі;

2) 220.22.015A жолында материалдық емес активтерге шығыстар сомасы көрсетіледі. Келісім-шарттың іс-әрекет етудегі бірінші салық кезеңінде осы жолға 220.22.013 жолында айқындалған сома, одан кейінгі салық кезеңдеріне -

бұрынғы салық кезеңі үшін 220.22.015D жолында айқындалған сома көшіріледі;

3) 220.22.014BI және 220.22.015BI жолдарында 25 проценттер мөлшерінде амортизацияның шекті нормасы көрсетіледі;

4) 220.22.014BII және 220.22.015BII жолдарында шекті нормадан аспайтын (25%) жер қойнауын пайдаланушы қолданатын амортизацияның нормасы көрсетіледі;

5) 220.22.014C және 220.22.014C жолдарында тиісінше 220.22.014A және 220.22.014BII, 220.22.015A және 220.22.015BII жолдарының туындысы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылуы тиіс амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

6) 220.22.014D және 220.22.015D жолдарында тиісінше 220.24.014A және 220.22.014C, 220.22.015A және 220.22.015C жолдарының туындысы ретінде айқындалған келесі салық кезеңіне көшірілетін шығыстар сомасы көрсетіледі;

7) 220.22.016 жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 220.22.014C және 220.22.015C жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

144. "Кадрларды оқытуға және әлеуметтік саланы дамытуға шығыстар" бөлімінде:

1) 220.22.017 жолында есепті салық кезеңі үшін келісім-шарт шегінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

2) 220.22.028 жолында есепті салық кезеңі қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстарды жер қойнауын пайдаланушы нақты жүргізген сома көрсетіледі;

3) 220.24.019 жолында шегерімге жататын қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі. 220.22.017 және 220.22.018 жолдарының ең аз мәні ретінде айқындалады.

145. 220.22.016 және 220.22.019 жолдарының шамасы 220.25.019 жолына көшіріледі.

146. 220.22.009 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанына тиісті пайдалы қазбаларды сатудан кірістер сомасы көрсетіледі.

220.22.009 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 220.22.009 жолына көшіріледі.

147. 220.22.013 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеуші алған материалдық емес активтердің атауы

көрсетіледі;

3) С бағанына тиісті материалдық емес активтерге шығыстар сомасы көрсетіледі.

220.22.013 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 220.22.013 жолына көшіріледі.

**25. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар - 220.23 нысанын жасау**

148. Бұл нысан Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістерді анықтауға арналған.

149. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

150. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

1) 220.23.001 жолы қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 220.23.002 жолы Салық кодексінің 89-бабы 1-тармағына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған өзге де кірістерді анықтауға арналған;

3) 220.23.003 жолы бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және 220.23.001 мен 220.23.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

151. 220.23.003 жолының шамасы 220.01.012 жолына көшіріледі.

152. 220.23.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы - салық төлеуші төлеген (төлеуге тиіс) сақтандыру сыйақыларының атауы көрсетіледі;

5) Е бағанында сақтандыру сыйақылары төлеген (төлеуге тиіс) сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 229-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында Е бағанында көрсетілген, сақтандыру шарты қолданысының

біту күні немесе тоқтатылуы (сақтандыру сыйақылары сомаларын жылдық жиынтық кіріске енгізу күні) көрсетіледі;

8) Н бағанында есеп салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

220.23.001 жолына қосымша нысан Н бағанының жиынтық шамасы 220.23.001 жолына көшіріледі.

**26. Бюджетке енгізуге жатпайтын айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары - 220.24 нысанын жасау**

153. Бұл нысан Салық кодексінің 92-бабы 5-тармағына сәйкес бюджетке енгізуге тиістілерден басқа, шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын айқындауға арналған.

154. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

155. "Айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары" бөлімінде:

220.24.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

156. 220.24.001 жолының шамасы 220.03.012 жолына көшіріледі.

157. 220.24.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оның алдында шаруашылық шарттары жағдайларын бұзғаны үшін шарт міндеттемелері туындаған ұйым атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 203-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеуші - ұйымның тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында оған сәйкес салық төлеушіге (салық төлеуші) танылған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) немесе сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

220.24.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.24.001 жолына көшіріледі.

**27. Кесімді активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер - 220.25 нысанын жасау**

158. Бұл нысан Салық кодексінің 4-бөлімі 3-параграфына сәйкес салық салу мақсатында кесімді активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ Салық кодексінің 87-бабына сәйкес шағын топтың теңгермелік құнынан есептен шыққан кесімді активтердің (I және II активтерден басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

159. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

160. "Үйлер, құрылыстар" бөлімінде:

220.25.001 жолы үйлер, құрылыстар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

161. "Ғимараттар" бөлімінде:

110.27.002 жолы ғимараттар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

162. "Негізгі қаражаттың қалған шағын тобы" бөлімінде:

220.25.003 жолы негізгі қаражаттың қалған шағын тобы бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

163. "Негізгі қаражат бойынша барлығы" бөлімінде:

220.25.004 жолы негізгі қаражат бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған 220.25.001, 220.25.002, 220.25.003 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

164. "Материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 220.25.005А жолында өткен салық кезеңі үшін 220.25.005Н жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

2) 220.25.005В жолында есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ материалдық емес активтердің жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Бұл бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 220.23.001 жолына қосымша нысанның К бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

3) 220.25.005С жолында Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде материалдық емес

активтерді сатудан алынған және/немесе алынуға жататын, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ материалдық емес активтерді есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

4) 220.25.005D жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің соңындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі (220.25.005A + 220.25.005B - 220.25.005C);

5) 220.25.005E жолында Салық кодексінің 107-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі (220.25.005D x 220.25.005J);

6) 220.25.005F жолында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 220 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

7) 220.25.005G жолында Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес егер есепті салық кезеңінің аяғында осы шағын топтың барлық тіркелген активтері жойылса, 220.25.005F жолында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

8) 220.25.005H жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзету есебімен (220.25.005D - 220.25.005E - 220.25.005F - 220.25.005G) және амортизациялық аударымдар сомасына кемітілген есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны ретінде айқындалатын шағын топтың құндық теңгермесі көрсетіледі.

9) 220.25.005I жолында 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

10) 220.25.005J жолында салық төлеушілер қолданатын материалдық емес активтер бойынша амортизацияның нормалары, бірақ 220.25.005I жолында көрсетілген шектен жоғары емес процентпен көрсетіледі.

165. "Басқалары" бөлімінде:

1) 220.25.006 жолы шағын топтың құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған 220.25.003 жолына қосымша нысан J бағанының және 220.25.005D жолының теріс сомаларын қосумен айқындалады;

2) 220.25.007 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, жал келісім-шартына сәйкес жалға беруші жүргізген және жалға беруші өтемеген жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

166. 220.25.004E жолының шамасы 220.25.013A жолына көшіріледі.

220.25.005E жолының шамасы 220.25.013B жолына көшіріледі.

220.25.004I және 220.25.005G жолдарының шамасы 220.25.013D жолына көшіріледі.

220.25.004H және 220.25.005F жолдарының шамасы 220.25.013E жолына көшіріледі.

220.25.004F жолының шамасы 220.25.013G жолына көшіріледі.

220.25.006 жолының шамасы 220.01.008 жолына көшіріледі.

167. 220.25.001, 220.25.002, 220.25.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеуші амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында Салық кодексінің 107-бабы мен 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін негізгі құралдар тобының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында амортизациялық аударымдар есептелетін негізгі құралдардың тиісті тобының амортизациялық шағын тобының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

6) F бағанында салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ бойынша процентпен, бірақ E бағанында көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;

7) G бағанында әрбір салық шағын тобы бойынша өткен салық кезеңі үшін 220.25.001, 220.25.002, 220.25.003 жолдарына қосымша нысанның P бағанының тиісті жолдарынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

8) H бағанында шағын топтар бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген негізгі активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 220.23.001 жолына қосымша нысанның K бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың қалдық құны көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде негізгі құралдарды сатудан алынған және/немесе алынуы, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ негізгі құралдардың есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы (G+H-I) айқындалады;

11) К бағанында Салық кодексінің 107-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес (J x F) есептелген есепті салық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс негізгі құралдардың әрбір шағын тобы бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

13) М бағанында Салық кодексінің 113-бабы 2-тармағына сәйкес жалпы шыққан шығыстар сомасына тепе-тең негізгі құралдардың тиісті тобының, шағын тобының теңгерімдік құны артатын, L бағанында көрсетілген сомадан асатын негізгі құралдарды жөндеуге салық төлеушінің шыққан нақты шығыстарының нақты сомасы, сондай-ақ Салық кодексінің 113-бабы 6-тармағына сәйкес шағын топтың теңгерімдік құны тиісті ұлғаятын инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 100 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

15) О бағанында егер Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес осы шағын топтың барлық кесімді активтері есепті салық кезеңінің соңына есептен шықса, J бағанында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) Р бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер (J - K + M - N - O) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі.

Жиынтық шама:

220.25.001 жолға қосымша нысанның G бағаны 220.25.001A жолына, H бағаны - 220.25.001B жолына, I бағаны - 220.25.001C жолына, J бағаны - 220.25.001D жолына, K бағаны - 220.25.001E жолына, L бағаны - 220.25.001F жолына, M бағаны - 220.25.001G жолына, N бағаны - 220.25.001H жолына, O бағаны -220.25.001I жолына, P бағаны - 220.25.001J жолына көшіріледі;

220.25.002 жолға қосымша нысанның G бағаны 220.25.002A жолына, H бағаны - 220.25.002B жолына, I бағаны - 220.25.002C жолына, J бағаны - 220.25.002D жолына, K бағаны - 220.25.002E жолына, L бағаны - 220.25.002F жолына, M бағаны - 220.25.002G жолына, N бағаны - 220.25.002H жолына, O бағаны -220.25.002I жолына, P бағаны - 220.25.002J жолына көшіріледі;

220.25.003 жолға қосымша нысанның G бағаны 220.25.003A жолына, H бағаны - 220.25.003B жолына, I бағаны - 220.25.003C жолына, J бағаны - 220.25.003D жолына, K бағаны - 220.25.003E жолына, L бағаны - 220.25.003F жолына, M бағаны - 220.25.003G жолына, N бағаны - 220.25.003H жолына, O бағаны -220.25.003I жолына, P бағаны - 220.25.003J жолына көшіріледі.

168. 220.25.003 жолға қосымша нысанның J бағаны мен 220.25.005D жолы 220.25.006 жолына көшіріледі.

169. 220.25.007 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында негізгі құралдарды жылдық жиынтық табыс алу мақсатында алған жалға берушінің атауы (аты-жөні, тегі) көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, олар бойынша жөндеуге кеткен шығыстар келісім-шартқа сәйкес жалға беруші өтемеген негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағына сәйкес, D бағанында көрсетілген негізгі құралдар топтарының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында негізгі құралдар жалға алу келісім-шартының нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында жал келісім-шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жал төлемінің сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында жалға беруші өтеуге тиіс жөндеуге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында жалға беруші өтемеген, H және I бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын жөндеуге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес және J және K бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын шегерімге жатқызылмайтын негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

220.25.007 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 220.25.007A жолына, H бағаны - 220.25.007B жолына, I бағаны - 220.25.007C

жолына, J бағаны - 220.25.007D жолына, K бағаны - 220.25.007E жолына, L бағаны - 220.25.007F көшіріледі.

## 28. Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар - 220.26 нысанын жасау

170. Бұл нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

171. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

172. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

220.26.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

173. 220.26.001B жолының шамасы 220.25.013C жолға көшіріледі.

174. 220.26.001 жолға қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында тіркелген активтердің атауы көрсетіледі;

3) C бағанында Қазақстан Республикасының аумағында тиісті тіркелген активті іске қосу күні көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген активтің шағын тобының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағында белгіленген тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі;

7) G бағанында F бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;

8) H бағанында салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына

сәйкес (G х 2) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі ;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі;

10) J бағанында кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ( I х H) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация аударымдарының сомалары көрсетіледі;

11) K бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін (I - J) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге жатады және келесі салық кезеңінің 220.27.001, 220.27.002, 220.27.003 жолдарға қосымша нысанның H бағанының және 220.27.005 жолға қосымша нысанның F бағанының тиісті жолдарына көшіріледі.

12) L бағанында тиісті тіркелген активтің жойылған күні көрсетіледі.

220.26.001 жолға қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 220.26.001A жолына, J бағаны - 220.26.001B жолына, K бағаны - 220.26.001C жолына көшіріледі.

## 29. Резидент еместер болып табылатын, заңды және жеке тұлғаларға төлейтін Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстары - 220.27 нысанын жасау

175. Осы нысан резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмаған қызметіне Қазақстан Республикасының көздерінен түскен кіріс және Салық кодексінің 179 , 187 , 198 - 202 -баптарына сәйкес төлем көзінен табыс салығының сомасын айқындауға арналған.

176. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық агентінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

177. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 220.27.001 жолы салық кезеңінің басында резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленбеген табысының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

2) 220.27.002 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген табыстың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

3) 220.27.003 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

4) 220.27.004 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске төлеуге тиісті, кіріс сомаларының және осындай кірістерден жеке табыс салығы сомаларының есептелген табыстың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

5) 220.27.005 жолы өткен салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда резидент емеске төленген және (немесе) салық агенті шегерімге жатқызған бюджетке есептеуге тиісті табыстың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

6) 220.27.006 жолы Салық кодексінің 181-бабының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын, өткен салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда резидент емес төлеген және (немесе) салық агенті шегерімге жатқызған бюджетке есептеуге тиісті жеке табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

7) 220.27.007 жолы Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымына орналастырылған жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

178. 220.27 қосымшаға қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, осы Ереженің 206-бабына сәйкес кіріс коды көрсетіледі;

3) С бағанында салық кезеңінің басында төленбеген кірістердің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында салық кезеңі үшін есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында кірістерден есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында D және Е бағандары көрсеткіштері арасындағы айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін төленуге тиіс кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында төленген кірістердің және (немесе) салық агенті шегерімге жатқызған табыс салығының сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында Салық кодексінің 181-бабының 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын, салық кезеңі үшін резидент еместерге төленген кірістерден резидент еместердің кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) І бағанында Салық кодексінің 181-бабының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын, резидент еместерге төленбеген, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған табыс салығының сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында 198-бабына сәйкес салық кезеңі үшін шартты банк салымына орналастырылған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

220.27 қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 220.27.001 жолға, D бағанының - 220.27.002 жолына, E бағаны - 220.27.003 жолына, F бағаны - 220.27.004 жолына, G бағаны - 220.27.005 жолына, H бағаны - 220.27.006 жолына , I бағаны - 220.27.007, J бағаны - 220.27.008 жолына көшіріледі.

**30. Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірісті есептеу - 220.28 нысанын жасау**

179. Осы нысан Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен мүліктерге (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарт ережелері (бұдан әрі - халықаралық шарт) бойынша салық салудан босатылатын салық салынатын кіріс сомасын айқындауға арналған.

220.28 нысанын Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес толтырады. Бұл нысанға салық төлеуші-резидент еместің резиденттігін растайтын құжат қоса тіркеледі.

180. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) қолданылатын халықаралық шарттың толық атауы;

4) шығыстарды есептеудің қолданылатын әдісі (тиісті торкөзде әдістердің бірі көрсетіледі).

181. "Есеп" бөлімінде:

1) 220.28.001 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған жиынтық жылдық табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 220.28.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.28.002 жолы Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепте осындай кірістерге бөлек есеп жүргізу негізінде есептелген Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған халықаралық жүк тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

3) 220.28.003 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алу үшін шеккен шығыстарының шегерілетін жалпы сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 220.03.014 жолында

көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.28.004 жолы салық төлеушінің халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарының сомасын көрсетуге арналған;

5) 220.28.005 жолы халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолдар Салық төлеуші шығыстарды есептеудің тура әдісін қолданған жағдайда осы жолда бухгалтерлік есепте осындай шығыстарды есептеудің бөлек әдісін қолдану негізінде есептелген құжаттармен расталған сома көрсетіледі. 220.28.005 жолының деректері 220.28.002 және 220.28.004 жолдары арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. 220.28.005 жолының шамасы 220.04.002 жолына көшіріледі.

## 31. Залалдарды көшіру - 220.29 нысанын жасау

182. Бұл нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебіне арналған.

183. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

184. "Залалдар" бөлімінде:

220.29.001 жолы өткен салық кезеңдерінен көшірілетін залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

185. 220.29.001 жолының шамасы 220.04.007 жолына көшіріледі.

186. 220.29.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі. Егер 220.04.003 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (220.04.006 жолы) осы бағанға көшіріледі. Егер 220.04.003 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 220.04.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

5) Е бағанында келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандарының және 220.07.002 жолында көрсетілген (220.04.003 жолының оң мәнінде) үй-жайлар, құрылыстар және ғимараттарды сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге

дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының С бағанына көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

220.29.001 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңінің С бағанының шамасы 220.29.001 жолына көшіріледі.

## 32. Шетелдік салық есебі - 220.30 нысанын жасау

187. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа ( бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел мемлекеттеріндегі көздерден алынған кіріс және төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

188. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

189. "Дивидендтер" бөлімінде:

220.30.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған дивидендтерден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

190. "Сыйақылар" бөлімінде:

220.30.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған сыйақылардан салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

191. "Роялти" бөлімінде:

220.30.003 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған роялтиден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

192. "Халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен кіріс" бөлігінде:

220.30.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және

Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден түскен кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

193. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кіріс" бөлігінде:

220.30.005 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

194. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

220.30.006 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

195. "Барлығы" бөлігінде:

220.30.007 жолы 220.30.001С, 220.30.002С, 220.30.003С, 220.30.004С, 220.30.005С, 220.30.006С жолдарында айқындалған, Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

196. 220.30.007 жолының шамасы 220.31.005А жолына көшіріледі.

220.30.001А жолының шамасы 220.12.002 жолына көшіріледі.

220.30.002А жолының шамасы 220.13.004 жолына көшіріледі.

197. 220.30.001, 220.30.002, 220.30.003, 220.30.004 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 205-тармағына орай кіріс төлемі көзі - елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында әрбір төлем көзі - ел бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - ел немесе халықаралық шартқа заңнамамен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында әрбір кіріс төлем көзі - еліне төленген табыс салығының

сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін көбейту ретінде айқындалады.

220.30.001 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 220.30.001A жолына, E бағаны - 220.30.001B жолына, G бағаны - 220.30.001C жолына көшіріледі, 220.30.002 жолға қосымша нысанның C бағаны 220.30.002A жолына, E бағаны - 220.30.002B жолына, G бағаны - 220.30.002C жолына көшіріледі, 220.30.003 жолға қосымша нысанның C бағаны 220.30.003A жолына, E бағаны - 220.30.003B жолына, G бағаны - 220.30.003C жолына көшіріледі, 220.30.004 жолға қосымша нысанның C бағаны 220.30.004A жолына, E бағаны - 220.30.004B жолына, G бағаны - 220.30.004C жолына көшіріледі.

198. 220.30.005 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ереженің 227-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын сома тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрі көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ереженің 205-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;

4) D бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел елінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел елі бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке

жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, H бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады .

220.30.005 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 220.30.005A жолына, F бағаны - 220.30.005B жолына, H бағаны - 220.30.005C жолына көшіріледі.

199. 220.30.006 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ереженің 205-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңінің ішінде олардың салық заңнамаларына сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша салық төлеуші есептеген салық салынатын кірістің (пайданың) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел елінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел елі бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір кірістің төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының қосындысы ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

220.30.006 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 220.30.006A жолына, E бағаны - 220.30.006B жолына, G бағаны - 220.30.006C жолына көшіріледі.

## 33. Салық міндеттемесін есептеу - 220.31 нысанын жасау

200. Бұл нысан салық төлеушінің Жеке табыс салығының сомасын есептеуіне резидент еместің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен таза кіріске салық және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды, сондай-ақ заңды тұлға бойынша жалпы деректерді көрсетуге арналған.

201. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелген нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

202. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 220.31.001 жолында 100.00.007 жолында айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 220.31.002 жолында Салық кодексінің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша Жеке табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

3) 220.31.003 жолында 220.31.007А және 220.31.007В жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалатын, салық кезеңі ішінде жүргізілген есептің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.31.003А жолында Салық кодексінің 129-бабына сәйкес осы Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.30.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.30.004А жолында Салық кодексінің 125-бабына сәйкес салық кезеңі ішінде жүргізілген жеке табыс салығы есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі және 220.31.006В мен 220.31.000 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады;

5) 220.31.005 жолында 220.31.005А және 220.31.005В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын аванстық төлемдердің жиынтық шамасы көрсетіледі;

6) 220.31.005А жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығын төлеу кезінде өткен салық кезеңінен көшірілген және салықтың басқа түрлерінен артық төленген салық сомасы көрсетіледі;

7) 220.31.005В жолында есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші есепті салық кезеңінде төлеген аванстық төлемдердің жиынтық шамасы көрсетіледі;

8) 220.31.006 жолында төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. 220.31.004 жолында көрсетілген жеке табыс салығының сомасы және 220.31.005 жолында көрсетілген корпорациялық табыс салығы есептелген есепке алулар мен жүргізілген аванстық төлемдер сомасы арасында есептелген айырмасы ретінде айқындалады.

9) 220.31.007 жолында, егер төленген аванстық төлемдер шамасы және 220.31.005 жолында көрсетілген, 220.31.004 жолында есептелген жеке табыс салығының сомасынан артық жағдайда айқындалатын артық төленген салық сомасы көрсетіледі. 220.31.005 және 220.31.004 жолдарының сомасы айырмасы ретінде айқындалады.

203. "Басқа ақпарат" бөлімінде:

220.31.008 жолында статистика органдарының деректері бойынша Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес кәсіпкерлік қызмет түрлері көрсетіледі.

## 34. Кірістер, елдер мен сақтандыру сыныптары түрлерінің кодтары

204. Есепті толтыру кезінде кірістердің мынадай кодталуын пайдалану керек:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1022 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент - заңды тұлға, консорциум немесе мүлікте қатысу үлесін өткізу кезінде құнның өсімінен табыстар;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды ( қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар ( шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша

сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент - эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындау орны маңызды емес;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу

нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорларын жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын

т а б ы с т а р ;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан а с у ы ;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың ш ы ғ ы с т а р д а н а с ы п к е т у і ;

1330 - с т и п е н д и я л а р ;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату к е з і н д е қ ұ н ө с і м і н е н т а б ы с т а р ;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен т а б ы с т а р ;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлға, консорциум немесе мүлікке қатысу үлесін өткізу кезінде құн ө с і м і н е н т а б ы с т а р ;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді б е р у д е н т ү с е т і н т а б ы с т а р ;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды ( қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық а й ы п т а р ы (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти н ы с а н ы н д а ғ ы т а б ы с т а р ;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға б е р у д е н т а б ы с т а р ;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын м ү л і к т е н а л ы н а т ы н т а б ы с т а р ;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді

сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары ( келісім-шарттары) бойынша қызметтен табыстар;

2131 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған ( орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де табыстар.

205. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 тіркелген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

206. Декларацияны толтыру кезінде сақтандыру топтарының мынадай

кодталуын пайдалану керек:

1) 01 - автомобиль көлігін сақтандыру;

2) 02 - темір жол көлігін сақтандыру;

3) 03 - әуе көлігін сақтандыру;

4) 04 - су көлігін сақтандыру;

5) 05 - жүктерді сақтандыру;

6) 06 - осы тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда мүлікті сақтандыру;

7) 07 - кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру;

8) 08 - автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

9) 09 - темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

10) 10 - әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11) 11 - су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

12) 12 - тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

13) 13 - шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

14 - осы тармақтың 8)-12)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.

207. Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

3001 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемдер;

3002 - балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

3003 - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде мертігуіне немесе денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру (жоғалтқан жалақысы бөлігіндегі орнын толтырудан басқа);

3004 - әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген, оны қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған ішкі істер органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлеріне берілетін төлемдердің барлық түрі;

3005 - лотерея бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш шегіндегі ұтыстар;

3006 - тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан

Республикасының заң актісінде белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде мемлекеттік бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіби оқуларға байланысты төлемдер;

3007 - гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

3008 - тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипатында болатын не қызмет көрсететін учаскелер шегінде қызмет бабындағы сапарлармен байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде төленетін төлемдер;

3009 - экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдер;

3010 - 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедек адамның ата-аналарының біреуінің салық жылы ішіндегі айлық есептік көрсеткіштің 480 еселенген шегіндегі табыстары; III топтағы мүгедектердің бір жыл ішіндегі - айлық есептік көрсеткіштің 240 еселенген шегіндегі табысы;

3011 - мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

3012 - салық жылы ішінде медициналық қызмет көрсетулердің (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақысын төлеу үшін, бала туған кезде, жерлеу үшін берілетін, құжатпен расталған, айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген шегіндегі төлемдер;

3013 - қызметтік іссапарлар кезінде осы Кодекстің 93-бабында белгіленген мөлшерде төленетін өтемдер;

3014 - қызметкер ұйымымен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан не көшкен кездегі жол жүруі, мүлкін көшіруі, үй-жай жалдауы бойынша құжатпен расталған шығындардың өтемдері;

3015 - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;

3016 - шет мемлекеттің мемлекеттік қызметінде жүрген шетелдік жеке тұлғалардың сол елде салық салынуға тиіс ресми табыстары;

3017 - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінде қызметте жүрген жеке тұлғалардың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;

3018 - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан берілетін зейнетақы төлемдері;

3019 - нақты жеке тұлғаның кірісі болып табылмайтын, жылдық жиынтық табысты алумен байланысты емес және шегеріміне жатқызылмайтын жұмыс берушінің шығыстары;

3020 - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан берілетін әлеуметтік төлемдері;

3021 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде дала жағдайында геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықталым ақшасы;

3022 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақылары);

3023 - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерлерді өздерінің өндірістік қызметіне байланысты мамандық бойынша оқытуға және біліктілігін арттыруға бағытталған шығыстары;

3024 - жұмыс берушінің вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдарға өндіріс объектісінде болу кезеңінде жұмыстарды орындауы мен ауысымаралық демалысы үшін жағдай жасай отырып, олардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй жалдауына және осы Кодекстің 93-бабына сәйкес белгіленген тәулікақы шегінде тамақтануға арналған шығыстары; қызметкерлерді жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстар;

3025 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде, жүкті болғанда және босанғанда берілетін әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ ұл бала немесе қыз бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) берілетін әлеуметтік жәрдемақылар;

3026 - білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік стипендияларға арналған мөлшерде төленетін стипендиялар;

3027 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар бойынша берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяққиімнің, басқа да жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарының, сабынның, зарарсыздандыру құралдарының, сүт немесе құндылығы соған тең басқа да емдеу-профилактикаға арналған азық-түлік өнімдерінің құны;

3028 - өздерінің қызметін жүзеге асыру мақсатында жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат алған мүлікті қоспағанда, жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны;

3029 - ізгілік, қайырымдылық көмек түрінде алынған мүліктің құны;

3030 - он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагеріне жолдамалардың құны;

3031 - еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері;

3032 - осы Кодекстің 161-бабында көзделген табыстарды қоспағанда, шарттың қолданылу кезеңіндегі сақтандырудың кез келген түрі кезінде төленетін , сақтандыру оқиғасына байланысты сақтандыру төлемдерінің сомалары;

3033 - өз қызметкерлерін міндетті сақтандыру шарттары бойынша жұмыс беруші төлейтін сақтандыру сыйлықақыларының сомалары;

3034 - материалдық нұқсанның орнын толтырудың сот шешімі бойынша тағайындалған сомалары;

3035 - жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру сыйлықақыларын (аннуитет) төлеу үшін өмірді сақтандыру жөнінде сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы жинағының сомалары;

3036 - жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандырылғанның қаза тапқан жағдайында жүзеге асырылатын сақтандыру төлем.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 220.00, 220.01, 220.02, 220.03, 220.04, 220.06, 220.07, 220.08, 220.09, 220.10, 220.11, 220.12, 220.13, 220.14, 220.15, 220.16, 220.17, 220.18, 220.19, 220.20, 220.21, 220.22, 220.23, 220.24, 220.25, 220.26, 220.27, 220.28, 220.29, 220.30, 220.31 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін жасау Ережелері (221.01 - 221.04 нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығы бойынша Декларация (220.00-нысан) табыс ететін жеке тұлғалардың жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер

сомаларын есептеуге арналған Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта бойынша - салық агенті почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық агенті Есепті (қабылдау) жеткізу туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

6. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есепті жасау (221.01-нысан)

7. Осы Есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес Декларацияны тапсыруға дейін төленуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ (қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі) коды көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

Одан кейінгі Есептерді беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет

ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді.

9. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.01.001 жолында өткен салық кезеңі үшін салық төлеуші есептеген аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

2) 221.01.002 жолында өткен салық кезеңінде салық төлеуші аванстық төлемдерді төлеген айлардың жалпы саны көрсетіледі;

3) 221.01.003 жолында 221.01.001 жолында көрсетілген өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының 221.01.002 жолында көрсетілген өткен салық кезеңі айларының санына қатынасы ретінде есептелген өткен салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 221.01.004 жолында Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

221.01.004A, 221.01.004B, 221.01.004C жолдарында айлар бойынша бөле отырып Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі.

221.01.004D, 221.01.004E, 221.01.004F жолдары Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық төлеуші Декларацияны табыс ету мерзімін ұзартқан кезде толтырылады. Бұл ретте Декларация тапсыру мерзімі тұтас айға (айларға) ұзартылмаған жағдайда, толық емес айға төленуге жататын аванстық төлемдер сомалары 221.01.003 жолында көрсетілген сомалардың және осы айдағы күндер санының негізінде пропорционалды әдіспен есептеледі.

### 3. Есепті жасау (221.02-нысаны)

10. Осы Есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ (қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі) коды көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

Одан кейінгі есепті беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Ұяшықтар хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді.

12. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.02.001 жолында өткен салық кезеңі үшін Декларацияның 220.00.011 жолында айқындалған өткен салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 221.02.002 жолында есепті салық кезеңі үшін салықтың болжалды сомасы көрсетіледі;

3) 221.02.003 жолында 221.02.002 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңі үшін төленуге тиісті аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 221.02.004 жолында 221.01.004 жолынан көшірілетін Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін есептелген аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

5) 221.02.005 жолында 221.02.003 және 221.02.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

6) 221.02.006 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейінгі есепті салық кезеңі айларының саны көрсетіледі;

7) 221.02.007 жолында төленуге тиісті және 221.02.005 жолында көрсетілген аванстық төлемдер сомаларының 221.02.006 жолында көрсетілген есепті салық кезеңі айларының санына қатынасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті орташа айлық аванстық төлемнің сомасы көрсетіледі;

8) 221.02.008 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейін аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы (сәуір, немесе салық төлеуші Салық кодексінде белгіленген тәртіппен Декларацияны төлеу мерзімін ұзартса, мамыр не маусым немесе шілде) және аванстық төлемдерді енгізген есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

Салық төлеуші Салық кодексінің 71-бабына сәйкес қосымша Декларация

тапсырылған ретте, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша жеке табыс салығының сомасы өзгертілген кезде салық төлеуші төленуге тиісті аванстық төлемдер сомаларын түзете отырып қосымша есеп табыс етуі қажет.

**4. Есепті жасау (221.03-нысан)**

13. Осы Есеп залал шеккен немесе Салық кодексінің 126-бабына сәйкес өткен салық кезеңі үшін салық салынатын кірісі болмаған салық төлеушілердің Декларацияны тапсырғаннан кейін төлеуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ (қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі) коды көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

Одан кейінгі Есептерді беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді.

15. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.03.001 жолында есепті салық кезеңіне аванстық төлемдердің болжалды сомасы көрсетіледі;

2) 221.03.002 жолында 221.01.004 жолынан көшірілетін Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленетін аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

3) 221.03.003 жолында 221.03.001 және 221.03.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Декларацияны тапсырғаннан кейінгі кезең үшін төленетін аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

4) 221.03.004 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейінгі есепті салық

кезеңі айларының саны көрсетіледі;

5) 221.03.005 жолында төленуге тиісті және 221.03.003 жолында көрсетілген аванстық төлемдер сомаларының 221.03.004 жолында көрсетілген есепті салық кезеңі айларының санына қатынасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті орташа айлық аванстық төлемнің сомасы көрсетіледі;

6) 221.03.006 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейін аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы (сәуір, немесе салық төлеуші Салық кодексінде белгіленген тәртіппен Декларацияны төлеу мерзімін ұзартса, мамыр не маусым немесе шілде) және аванстық төлемдерді енгізген есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

Салық төлеуші Салық кодексінің 71-бабына сәйкес қосымша Декларация тапсырылған ретте, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша жеке табыс салығының сомасы өзгертілген кезде салық төлеуші төленуге тиісті аванстық төлемдер сомаларын түзете отырып қосымша есеп табыс етуі қажет.

## 5. Есепті жасау (221.04-нысан)

16. Осы Есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес өз қызметін алғаш рет бастаған жеке кәсіпкерлер төлеуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ (қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі) коды көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есеп мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

Бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді.

18. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.04.001 жолында салық төлеуші кәсіпкерлік қызметті бастаған күннен бастап есепті салық кезеңі үшін аванстық төлемдердің болжалды сомасы көрсетіледі;

2) 221.04.002 жолында құрылған күнінен бастап есепті салық кезеңіндегі айырма саны көрсетіледі;

3) 221.04.003 жолында 221.04.001 жолында көрсетілген аванстық төлемдер сомаларының 221.04.002 жолында көрсетілген айырма санына қатынасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 221.04.004 аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы және аванстық төлемдерді енгізген есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 221.00, 221.01, 221.02, 221.03, 221.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау нысандарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Қосылған құн салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (300.00-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 8-бөліміне сәйкес қосылған құн салығын дұрыс есептеу мен уақтылы төлеуге арналған Қосылған құн салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (300.00-нысан) және қосылған құн салығы бойынша салық салуға байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (300.01 - 300.11-нысандар) және қосымшалардың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша нысандардан тұрады.

3. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз түрінде - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды түрде - Салық кодексінің 69-бабының 1-тармағына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көз толтырылмайды.

6. Тиісті қосымшаларда және (немесе) қосымша нысандарда ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырғанда көрсетілген қосымшалар және (немесе) қосымша нысандар міндетті түрде толтыруға жатады.

7. Қосымшаларда көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша берілмейді.

8. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімін және Декларацияға қосымшадағы "Қосылған құнға салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімін толтырғанда СТН және салық кезеңі көрсетіледі.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде " - " белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) Декларация қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

## 2. Декларация жасау (300.00-нысан)

11. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін есепті салық кезеңі. Салық кезеңі Салық кодексінің 246-бабына сәйкес айқындалады. Егер салық кезеңі тоқсан болса, онда айды көрсету үшін торкөздер толтырылмайды. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер ай нөмірінде екі белгіден кемі бар болса, онда ол оң торкөзде көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің толық атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қызметтің негізгі түрі | сауда | аңшылық | жарна. | балық ма | балық аулау | өсіру |
| | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызметтер көрсетулер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

Егер ұйыммен 1-ӨН немесе 2-ШК нысандарының есептілігі бұрын берілмеген жағдай болса, онда тек негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ кодын толтыру қажет.

5) валюта коды;

6) Декларацияның түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөзде белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзінде белгі, егер қосылған құн салығын төлеушілер ретінде оны тіркегеннен кейін алғаш рет Декларацияны беретін салық төлеуші жүргізген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" тор көзіне белгі қойылады.

Бұрын берілген декларацияларға арифметикалық, техникалық және басқа да қателердің нәтижесінде пайда болған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзіне белгі жасалады.

"Хабарлама бойынша" тор көзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-

бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

Тарату, қайта ұйымдастыру немесе қосылған құн салығы бойынша есептен шығару жағдайында "Тарату" торкөзінде белгі жасалады;

7) хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі, Декларация түрі бағанында хабарлама бойынша қосымша Декларацияны тапсырған жағдайда толтырылады;

8) жер қойнауын пайдаланушылармен белгіленеді. Декларация жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

8А - жер қойнауын пайдалану шарты шегінен шығатын қызмет бойынша;

8В - жер қойнауын пайдалану шарты шегінде жүзеге асырылып жатқан қызмет бойынша;

9) жер қойнауын пайдалану шарты шегінде жүзеге асырылып жатқан қызмет бойынша Декларация жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған шарт нөмірі және жасалған күні көрсетіледі;

10) қосылған құн салығын төлеуді есепке жатқызу Салық кодексінің 239-бабына сәйкес таңдалады. Таңдап алынған әдістен шыға, сәйкес тор көзге белгі қойылады;

11) қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғандығы туралы куәліктің сериясы және нөмірі;

12) берілген қосымшалар. Қосылған құн салығын төлеуші берілген қосымшалардың сәйкес ұяларын белгілейді.

12. "ҚҚС есептеу" бөлімінде:

1) 300.00.001 жолы 300.00.001А және 300.00.001В жолдарынан тұрады. 300.00.001А жолына 300.01.009 жолының шамасы көшіріледі. 300.00.001В жолында 300.00.001А жолының шамасын 15 процентке көбейту жолымен айқындалатын шама көрсетіледі.

Қызметтерін жер қойнауын пайдалануға берілген келісім-шартпен белгіленген салық режиміне сәйкес жүзеге асыратын, қосылған құн салығына өзге салық ставкасы қолданылатын, жер қойнауын пайдаланушылар 300.00.001В жолында 300.00.001А жолының шамасын келісім-шартқа сәйкес қолданылатын салық ставкасына көбейту жолымен айқындалатын шаманы көрсетеді;

2) 300.00.002 жолына 300.02.006 жолының шамасы көшіріледі;

3) 300.00.003 жолы 300.00.003А және 300.00.003В жолдарынан тұрады. 300.00.003А жолына 300.03.006А жолының шамасы көшіріледі, 300.00.003В жолына 300.03.006В жолының шамасы көшіріледі.

4) 300.00.004 жолында қосымша құн салығын төлеушінің салық кезеңі кезінде жүзеге асыру орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын

жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі айналымы көрсетіледі;

Жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыру орны Салық кодексінің 215-бабына сәйкес айқындалады. 300.00.004 жолында атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны көрсетіледі;

5) 300.00.005 жолына 300.04.003 жолының шамасы көшіріледі;

6) 300.00.006 жолында өзіне салық салынатын айналым көлеміне енгізілген түзетулер сомасын да қосатын салық кезеңі кезінде жүзеге асырылған тауарларды (жұмыстар, қызметтер) сату жөніндегі айналымның жалпы сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 300.00.001А + 300.00.002 + (-) 300.00.003А + 300.00.004 +300.00.005 формуласы бойынша айқындалады.

7) 300.00.007 жолында (300.00.001А + 300.00.002 + (-) 300.00.003А) / 300.00.006 х 100% формуласымен айқындалатын сату бойынша жалпы айналымдағы салық салынатын айналымның үлесі көрсетіледі;

8) 300.00.008 жолында салық салынатын жалпы айналымдағы нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Осы ставканың шамасы 300.00.002 / (300.00.001А+300.00.002 + (-) 300.00.003А) х 100% формуласымен айқындалады;

9) 300.00.009 жолында Салық кодексінің 250-бабына сәйкес салық кезеңі мерзімінде жүзеге асырылған тауар импорты бойынша қосылған құн салығына есепке алу әдісімен салық төлегені туралы мәліметтер көрсетіледі.

300.00.009 жолына 300.09.001В жолының шамасы көшіріледі;

10) 300.00.010 жолында 300.00.001В + (-) 300.00.003В + 300.00.009 формуласымен айқындалатын есепті салық кезеңінде қосылған құн салығына есептелген салықтың толық шамасы көрсетіледі.

13. "Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінде:

1) 300.00.011 жолы 300.00.011А және 300.00.011В жолдарынан тұрады.

Есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда 300.00.011А жолына 300.05.010А жолында көрсетілген сома, 300.00.011В жолына - 300.05.010С жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда 300.00.011А жолына 300.06.031А жолында көрсетілген сома, 300.00.011В жолына - 300.06.031С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 300.00.012 жолында:

Ресей Федерациясынан алынған газ конденсатын қоса алғандағы табиғи газ, мұнайдан;

Салық кодексінің 234-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импортталатын тауарлардан;

Салық кодексінің 250-бабында қарастырылған қосылған құн салығына салықты есепке алу әдісімен төлеп импортталатын тауарлардан;

Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімі өзгертілген тауарлардан басқа импорт бойынша сатып алынған тауарлар жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

Есепке бара-бар жатқызу әдісін қолданғанда осы жол жүк кедендік декларацияларында көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады. Бұл ретте 300.00.012А жолында Салық кодексінің 220-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын импорт көлемі, 300.00.012В жолында жүк кедендік декларацияларына сәйкес төленген қосылған құн салығының көлемі көрсетіледі.

Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған кезде, 300.00.012А жолына 300.06.035А жолында көрсетілген сома, 300.00.012В жолына 300.06.035С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 300.00.013 жолында Салық кодексінің 234-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. Жол жүк кедендік декларацияларында көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады;

4) 300.00.014 жолы жүк кедендік декларациялары негізінде толтырылады. Осы жолға салық органдары Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдаған импортталатын тауарлардың құны енгізіледі;

5) 300.00.015 жолы 300.00.015А және 300.00.015В жолдарынан тұрады.

Есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда 300.00.015А жолына 300.09.001А жолының шамасы, 300.00.015В жолына - 300.09.001В жолының шамасы көшіріледі.

Есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда 300.00.015А жолына 300.06.039А жолының шамасы, 300.00.015В жолына - 300.06.039С жолының шамасы көшіріледі;

6) 300.00.016 жолының шамасы 300.00.011А, 300.00.012А, 300.00.013, 300.00.014 және 300.00.015А жолдарының сомасы сияқты айқындалады;

7) 300.00.017 жолына 300.08.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 300.00.018 жолында Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарларға қосылған құн салығының бюджетте нақты төленген сомасы көрсетіледі.

Есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда 300.00.018 жолына 300.07.003D жолының шамасы көшіріледі.

Есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда 300.00.018 жолына 300.06.043В жолының шамасы көшіріледі;

9) 300.00.019 жолында салық кезеңіне жатқызылатын, 300.00.011В + 300.00.012В +300.00.015В + (-) 300.00.017 + 300.00.018 формуласымен айқындалатын қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 300.00.020 жолы қосылған құн салығын есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда толтырылады. Осы жолда 300.00.019 жолында көрсетілген сома көрсетіледі.

11) 300.00.021 жолы қосылған құн салығын есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда толтырылады.

Осы жолдың шамасы 300.00.019 жолының шамасын 300.00.007 жолында көрсетілген шамаға көбейту жолымен айқындалады.

14. "Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша есептер" бөлімінде:

1) 300.00.022 жолында "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген есепті салық кезеңінде төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі. Осы сома айқындалады:

есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде - 300.00.010 және 300.00.020 жолдарының айырмашылығы ретінде;

есепке жатқызудың бара-бар әдісі кезінде - 300.00.010 және 300.00.021 жолдарының айырмашылығы ретінде;

Егер есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан артық болса 300.00.022 жолы толтырылмайды;

2) 300.00.023 жолы есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан артық болған жағдайда толтырылады. Осы жолдың шамасы айқындалады:

300.00.020 және 300.00.010 жолдарының айырмасы ретінде-есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде;

300.00.021 және 300.00.010 жолдарының айырмасы ретінде-есепке жатқызудың бара-бар әдісі кезінде;

3) 300.00.024 жолына 300.10.003 жолының шамасы көшіріледі;

4) 300.00.025 жолында 300.00.022 жолы мен 300.00.024 жолының айырмашылығы ретінде айқындалатын, өткен салық кезеңдерінен көшірілетін, есептерді ескере отырып бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) 300.00.026 жолы барлық түзетулерді енгізген соң есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан артық қалған жағдайда толтырылады. Осы жол толтырылғанда 300.00.025 жолы толтырылмайды.

300.00.026 жолының шамасы 300.00.023 және 300.00.024 жолдарының сомасы ретінде, немесе 300.00.024 жолы мен 300.00.022 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады;

6) 300.00.027 жолына 300.02.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Егер 300.02.012 жолының шамасы 300.00.026 жолында көрсетілген шамадан артық болса 300.00.027 жолына 300.00.026 жолының шамасы көшіріледі.

Декларация жасау кезінде қосылған құн салығына салық төлеуші Салық кодексінің 251-бабының 2-тармағында қарастырылған шарттарды орындаса, осы жолға 300.00.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

15. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 3. Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сату бойынша қосылған құн салығы салынатын айналым - 300.01 нысанын жасау

16. 300.01 нысанында есепті салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған және нөлдік ставкамен салық салынатын айналымнан басқа, қосылған құн салығы салынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша айналым туралы барлық мәліметтер көрсетіледі. Осы нысанда жүзеге асыру бойынша көрсетілетін айналым мөлшері Салық кодексінің 217-бабына сәйкес айқындалады.

Осы нысанға 300.00 нысанның "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген жасалған күні есепті салық кезеңіне келетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша айналымдар енгізіледі.

Айналымның жасалған күні Салық кодексінің 216-бабына сәйкес айқындалады.

17. "Салық салынатын айналым мөлшері" бөлімінде:

1) 300.01.001 жолында тауарларды сату (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырғанда, оны жасағанда тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) меншік құқығын сатып алушыға өткізу болғанда жалпы айналым мөлшері көрсетіледі.

Осы бағанда тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өтеусіз беру бойынша айналым есепке алынбайды.

300.01.001 жолының мөлшері 300.01.001A, 300.01.001B, 300.01.001C, 300.01.001D, 300.01.001E және 300.01.001F жолдарының сомасы ретінде айқындалады, оларда:

300.01.001A жолында - тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) алу-сату шарттары бойынша жасалған, жүзеге асыру жөніндегі айналым;

300.01.001B жолында - айырбас шарттары бойынша жасалған, тауарлар сату (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша айналым;

300.001.001C жолында - кепілдікке қойылған мүлікті (тауарды) беру бойынша айналым;

300.001.001D жолында - қосылған құн салығымен сатып алынған тауарларды сату құны мен баланстық құны арасындағы, Салық кодексінің 236-бабына сәйкес есепке жатқызылмайтын болып табылатын, оң айырмашылық;

300.001.01E жолында - жұмыс беруші қызметкерге жалақы есебінен

тауарларды беру, жұмыстар орындау, қызмет көрсетулер жүргізу бойынша айналым;

300.001.001F жолында 300.01.001A, 300.01.001B, 300.01.001C, 300.01.001D және 300.01.001E жолдарында көрсетілмеген жағдайларда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу жөніндегі айналымдар көрсетіледі.

2) 300.01.002 жолы қаржы лизингіне мүлікті беру жөніндегі айналымдарды көрсетуге арналған.

3) 300.01.003 жолы комиссияның шарттары бойынша жасалған тауарларды сату бойынша айналымды көрсетуге арналған;

4) 300.01.004 жолы қосымша құн салығының нөльдік ставкасы қолданылмайтын тауарларды экспортқа сату жөніндегі айналымды көрсетуге арналған;

Ресей Федерациясына (Астана қаласында 2000 жылғы 9 қазанда қол қойылған және 2001 жылдың 1 шілдесінен күшіне енген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы өзара саудадан жанама салықтар алу қағидалары туралы Келісімге сәйкес) газ конденсатын қоса табиғи газдың, мұнайдың экспорты;

5) 300.01.005 жолы Салық кодексінің 208-бабының 7-тармағына сәйкес қосылған құн салығын жеке төлеушілер болып танылған құрылымдық бөлімшелер арасындағы тиеп жөнелтілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) айналымын көрсетуге арналған.

6) 300.01.006 жолы салық салынатын айналым мақсатында бұрын сатып алынған, бірақ кәсіпкерлік қызметке жатпайтын іс-шараларды өткізу үшін пайдаланылған, сондай-ақ қосылған құн салығын төлеушінің немесе оның жалдамалы қызметкерлерінің жеке тұтынуы үшін пайдаланылған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша айналымды көрсетуге арналған;

7) 300.01.007 жолы тауарларды тегін беру, қызмет көрсету немесе жұмыстарды орындау бойынша айналымды көрсетуге арналған;

8) 300.01.008 жолы қосылған құн салығын төлеушінің қосылған құн салығы бойынша есептен шығару кезінде туындайтын айналымды көрсетуге арналған. Бұл жолда Салық кодексінің 235-бабына сәйкес бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығының, қосылған құн салығы бойынша оны есептен шығару туралы өтініш беру күніндегі жағдай негізінде қосылған құн салығын төлеушідегі қалдықтағы негізгі қаражаттарды қоса сол тауарлар бойынша ғана айналым көрсетіледі.

9) 300.01.009 жолы 300.01.001-ден 300.01.008-ге дейінгі жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салық салынатын айналымның жалпы

мөлшерінің шегін көрсетуге арналған.

300.01.009 жолдарының шамасы 300.00.001А жолына көшіріледі.

**4. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын сату бойынша айналым - 300.02-нысанын жасау**

18. 300.02 нысаны қосылған құн салығына нөлдік ставкамен салық салынатын айналымдар туралы, сондай-ақ бюджеттен қайтарылуға жататын қосылған құнға салық сомаларын көрсетуге арналған.

19. "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын сатулар бойынша айналым" бөлімінде Салық кодексінің 36-тарауына , сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексін" (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қолданылатын "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 60-1 және 61-1-баптарына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын сатулар бойынша айналым көрсетіледі.

Осы тараудың жолдарында:

1) 300.02.001 жолында - түсті және қара металл сынықтарынан, сондай-ақ Ресей Федерациясына экспортталатын газ конденсатын қоса алғандағы табиғи газ, мұнайдан басқа экспортқа тауар сату бойынша айналымы;

2) 300.02.002 - халықаралық тасымалдау бойынша айналым;

3) 300.02.003 жолында - Қазақстан Республикасының теледидар және радиохабар тарату ұйымдары жүзеге асыратын өз теле- және радио өнімдерін, сондай-ақ жарнама қызметтерін (сату үшін өндірілген көркем кино өнімдерінен, бейнеклиптерден және жарнамалық роликтерден басқа) өндіру және (немесе) тарату жөніндегі айналым;

4) 300.02.004 жолында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарлар мен жабдықтарды сату бойынша айналым ;

5) 300.02.005 жолында - заңдарда белгіленген ретте салық режимінің тұрақтылығына кепілдік беретін жер қойнауын пайдалануға Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарт немесе келісім-шарттарға сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын сату бойынша басқа да айналым көрсетіледі ;

6) 300.02.006 жолында нөльдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын сату бойынша қорытынды айналым көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 300.02.001-300.02.005 жолдарының жиынтығы ретінде айқындалады.

300.02.006 жолының шамасы 300.00.002 жолына көшіріледі.

20. 300.02.001, 300.02.003 және 300.02.004 жолдары қосымша нысандар негізінде толтырылады.

21. "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын, қайтарылуға жататын айналымдар бойынша ҚҚС сомасы" тарауында "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын сатулар бойынша айналым" тарауында көрсетілген айналымдар бойынша Салық кодексінің 251-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттен қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Осы тарауды Салық кодексінің 251-бабының 2-тармағында көзделген шарттар орындалған қосылған құн салығын төлеушілер толтырмайды.

Осы тараудың жолдарында:

1) 300.02.007 жолында - тауарлар экспортын жүзеге асырумен байланысты қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасы;

2) 300.02.008 жолында - халықаралық тасымалдаулармен байланысты жұмыстар мен қызметтерді сатумен байланысты қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.02.009 жолында - Қазақстан Республикасының теледидар және радиохабар тарату ұйымдары жүзеге асыратын өз теле- және радио өнімдерін, сондай-ақ жарнама қызметтерін (сату үшін өндірілген көркем кино өнімдерінен, бейнеклиптерден және жарнамалық роликтерден басқа) өндіру және (немесе) таратумен байланысты қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасы;

4) 300.02.010 жолында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында тауарлар мен жабдықтарды сатумен байланысты қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасы;

5) 300.02.011 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын қайтарылуға жататын сату бойынша өзге де айналымдарға байланысты қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі;

6) 300.02.012 жолында - нөлдік ставка бойынша салық салынатын, бюджеттен қайтарылуға жататын қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 300.02.007-жолынан 300.02.011-жолына дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

300.02.012 жолының шамасы, егер осы жолдың шамасы 300.00.026 жолының шамасынан аспаса, 300.00.027 жолына көшіріледі.

22. 300.02.007, 300.02.009 және 300.02.010 жолдар қосымша нысандар негізінде толтырылады.

23. 300.02.001 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Тауарлар экспорты" тарауында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - экспортқа сатылатын тауардың атауы;

3) С бағанында - тауар экспорттың кедендік режиміне орналастырылған жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - тауардың нысаналы елінің сандық және әріптік коды (альфа 3). Нысаналы елдің коды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 тіркелген, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген, Тауарларды декларациялау ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіші" 6-қосымшаға сәйкес көрсетіледі;

5) Е бағанында - экспортталатын тауардың құны.

Е бағанының жиынтық шамасы 300.02.001 жолына көшіріледі.

24. 300.02.003 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Теле- және (немесе) радиоөнімдерін өндіру және (немесе) тарату" тарауында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - теле- және (немесе) радиоөнімдерін өндіру және (немесе) тарату бойынша жұмыстар, қызметтер атауы;

3) С бағанында - теле- және (немесе) радиоөнімдерін өндіру және (немесе) тарату бойынша жұмыстар, қызметтер орындалғанын растайтын құжат атауы;

4) D бағанында - С бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі;

5) Е бағанында - С бағанында көрсетілген құжатты жасау күні;

6) Ғ бағанында - орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет құны;

Ғ бағанының жиынтық шамасы 300.02.003 жолына көшіріледі.

25. 300.02.004 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Астана - жаңа қала" АЭА аумағында тауарларды сату" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар мен жабдықтардың атауы;

3) С бағанында - тиелген тауар еркін кеден аймағының кеден режиміне орналастырылған жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - тауарлар мен жабдықтарды алушының аты-жөні немесе атауы;

5) Е бағанында - D бағанында көрсетілген тауарлар алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

6) Ғ бағанында - В бағанында көрсетілген тауар алушыға қойылған шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;

7) G бағанында - сатылған тауарлар мен жабдықтардың құны;

G бағанының қорытынды шамасы 300.02.004 жолына көшіріледі.

26. 300.02.007 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Тауарлар экспорты бойынша қайтарылуға жататын ҚҚС сомасы" тарауында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - экспортқа тиелген тауардың атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген экспортталатын тауарлардың құнына енгізілген қосылған құн салығынсыз тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;

4) D бағанында - В бағанында көрсетілген экспортталатын тауарлардың құнына енгізілген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығының сомасы;

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.007 жолына көшіріледі.

27. 300.02.009 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Өз өндірісінің теле- және радиоөнімдерін, жарнамалық қызметтерін сату бойынша қайтарылуға жататын ҚҚС сомасы" тарауында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

5) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

6) В бағанында - теле- және радио өнімдерінің, жарнама қызметтерінің (сату үшін өндірілген көркем кино өнімдерінен, бейнеклиптерден және жарнамалық роликтерден басқа) атауы;

7) С бағанында - В бағанында көрсетілген теле- және радио өнімдерінің, жарнама қызметтерінің құнына қосылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосымша құн салығынсыз құны;

8) D бағанында - В бағанында көрсетілген теле- және радио өнімдерінің, жарнама қызметтерінің құнына қосылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосымша құн салығының сомасы;

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.008 жолына көшіріледі.

28. 300.02.010 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар бойынша қайтарылуға жататын ҚҚС сомасы" тарауында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

9) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

10) В бағанында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар мен жабдықтардың атауы;

11) С бағанында - В бағанында көрсетілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар мен жабдықтардың құнына қосылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;

12) D бағанында - В бағанында көрсетілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар мен жабдықтардың құнына

қосылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосымша құн салығының сомасы;

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.010 жолына көшіріледі.

## 5. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету - 300.03-нысанын жасау

29. 300.03-нысаны есепті салық кезеңінде жүргізілген салық салынатын айналым мөлшерінің түзетулерін көрсетуге арналған. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету Салық кодексінің 218 және 219-баптарында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте жүргізіледі.

Қосымша нысандарда көрсетілетін салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы қосымша шот-фактурада, немесе салық салынатын айналым мөлшеріне түзету жүргізілетін жағдайлардың келгенін растайтын өзге құжатта көрсетілген сомаға сәйкес келуі тиіс. Егер салық салынатын айналым мөлшерін түзету жүргізілетін жағдайлардың келгенін растайтын өзге құжатта қосылған құн салығының сомасы көрсетілмесе, онда осы сома салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасына салық ставкасын қолдану жолымен айқындалады.

Осы нысанның жолдары теріс немесе оң мәнге ие болуы мүмкін.

30. "Салық салынатын айналым мөлшерін түзету" бөлімінде:

1) 300.03.001 жолында - тауарды жартылай немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

2) 300.03.002 жолында - салық салынатын айналым мөлшерін тиісті түзетуге әкеп соққан мәміле шарты өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

3) 300.03.003 жолында - сатылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты жүргізілген салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

4) 300.03.004 жолында - күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

5) 300.03.005 жолында - бұрын салық салынатын айналым мөлшеріне кему жағына түзету жүргізілген күмәнді талаптарға байланысты күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

6) 300.03.006 жолында - салық салынатын айналым мөлшерін түзетудің жиынтық шамасы және осындай түзетуге келетін қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.03.006А жолының шамасы 300.00.003А жолына, 300.03.006В жолының шамасы - 300.00.003В жолына көшіріледі.

31. 300.03.001 жолына қосымша нысан тауарды жартылай немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасын көрсетуге арналған.

"Тауарды қайтару" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - қайтарылатын тауар атауы;

3) С бағанында - тауарды қайтаруды жүзеге асырушы, оны алған салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - өзіне қайтарылған тауардың қосылған құн салығынсыз құнын қосатын салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;

5) Е бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерінің сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы.

D бағанының қорытынды шамасы 300.03.001А жолына, Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.001В жолына көшіріледі.

32. 300.03.002 жолына қосымша нысан нәтижесінде бұрын жасалған мәміле шарттары өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша (мысалы, тауар сатып алу-сату шарты бойынша тиелген, бірақ нәтижесінде оны өтеусіз беру, жалға беру және т.б. туралы шешім қабылданған) салық салынатын айналымдар туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

"Мәміле шарттарының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - соның негізінде мәміле шарттары өзгертілген құжат атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;

4) D бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;

5) Е бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерінің сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы.

D бағанының қорытынды шамасы 300.03.002А жолына, Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.002В жолына көшіріледі.

33. 300.03.003 жолына қосымша нысан сатылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзетуді көрсетуге арналған.

Егер қосылған құн салығын төлеуші сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін оларды төлеу кезінде құнындағы айырмашылықты теңгемен алса, салық салынатын айналым теңгемен алынған ақшаның сомасы мен салық төлеуші тауарды тиеген, жұмысты орындаған, қызмет көрсеткен сәттегі теңгемен есептелген сату құны арасындағы сату құны валюта курсына орай түзетіледі.

"Сатылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның өтемақының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауар (жұмыстар, қызметтер) алған салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - соның негізінде салық салынатын айналымның мөлшеріне түзету жүргізілген құжат атауы;

4) D бағанында - С бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;

5) Е бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;

6) F бағанында - салық салынатын айналым мөлшерінің сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.003А жолына, F бағанының қорытынды шамасы 300.03.003В жолына көшіріледі.

34. 300.03.004 жолына қосымша нысан күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерінің түзетулері бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерінің түзетулері Салық кодексінің 96-бабының талаптарын орындаған жағдайда жүргізіледі.

"Күмәнді талаптар" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы берешегі бар салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген берешегі бар адамның аты-жөні, немесе атауы;

4) D бағанында - соның негізінде салық салынатын айналымның мөлшеріне түзету жүргізілетін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралардың нөмірі және жасалған күні;

5) Е бағанында - қосылған құн салығын төлеушінің күмәнді талап бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін азайту туралы тіркелген салық органына жіберген жазбаша хабарламасының нөмірі және күні;

6) Ғ бағанында - борышкерді банкрот деп тану туралы шығарылған сот шешімінің нөмірі және күні;

7) G бағанында - борышкерді заңды тұлғалардың Мемлекеттік тізілімінен шығару туралы әділет органдарының шығарған шешімінің нөмірі және күні:

F және G бағандары егер салық салынатын айналым мөлшерін түзету Салық кодексінің 3-бабының 96-тармағына және 219-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасында қарастырылған жағдайларда жүргізілсе толтырылады;

8) Н бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым ескерілген күмәнді талап деп танылған салық кезеңі;

9) І бағанында - олар бойынша берешек күмәнді талап деп танылған сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатуды өзіне қосатын салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

10) J бағанында - Н бағанында көрсетілген салық кезеңінде қолданылған

қосылған құн салығының ставкасы;

11) К бағанында - салық салынатын айналым мөлшерін түзетуге келетін қосылған құн салығының сомасы.

І бағанының қорытынды шамасы 300.03.004А жолына, К бағанының қорытынды шамасы 300.03.004В жолына көшіріледі.

35. 300.03.005 жолына қосымша нысан күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшеріне бұрын азаю тарапына қарай түзетулер жүргізілген осындай талаптар бойынша төлем алумен байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзету жөніндегі мәліметтерді көрсетуге арналған.

"Күмәнді талаптар бойынша төлем алу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - күмәнді талаптар бойынша берешекті өтеуді жүзеге асырған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген алушының аты-жөні, немесе атауы;

4) D бағанында - күмәнді талаптар бойынша алынған төлемнің жалпы сомасы;

5) Е бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;

6) F бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тиеу жүзеге асырылған салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;

7) G бағанында - салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасына келетін қосылған құн салығының ставкасы.

Егер төлем толық көлемде алынса, онда түзету мөлшері мен қосылған құн салығының сомасы күмәнді талаптар бойынша бұрынғы салық кезеңінде жүргізілген түзету мөлшері мен қосылған құн салығының сомасына сәйкес келуі тиіс. Төлемді жартылай алған жағдайда салық салынатын айналым мөлшерін түзету:

егер 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатылған, 20% ставка бойынша салық салынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша күмәнді талап туындаса 1,2 коэффициентіне бөлінген төлемнен алынған сома;

егер 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатылған, 10% ставка бойынша салық салынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша күмәнді талап туындаса 1,1 коэффициентіне бөлінген төлемнен алынған сома;

егер күмәнді талап 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша туындаса, 1,16 коэффициентіне бөлінген алынған төлем сомасы ретінде айқындалады.

егер күмәнді талап 2003 жылдың 1 қаңтарынан кейін сатылған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер) бойынша туындаса, 1,15 коэффициентіне бөлінген алынған төлем сомасы ретінде айқындалады.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.005A жолына, G бағанының қорытынды шамасы 300.03.005B жолына көшіріледі.

## 6. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша айналым - 300.04-нысанын жасау

36. 300.04 нысанында қосылған құн салығынан босатылған тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

37. "ҚҚС-нан босатылған айналым" бөлімінде:

1) 300.04.001 жолында Салық кодексінің 225-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

300.04.001 жолының шамасы 300.04.001A, 300.04.001B, 300.04.001C, 300.04.001D, 300.04.001E, 300.04.001F, 300.04.001G, 300.04.001H, 300.04.001I 300.04.001J және 300.03.001K жолдарының сомасы ретінде айқындалады, оларда:

300.04.001A жолында - тізбесі Салық кодексінің 227-бабының 2-тармағында көрсетілген қаржы қызметтерін сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

Осы жолда ескерілетін сату жөніндегі айналымның мөлшері бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру кезінде Салық кодексінің 240-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады;

300.04.001B жолында - Салық кодексінің 230-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық-барлау және геологиялық-іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі айналым;

300.04.001C жолында - жарғылық капиталға жарна ретінде берілген мүлік ( тауар) құны;

300.04.001D жолында - жарғылық капиталға жарна ретінде алынған мүлікті қайтару жөніндегі айналым;

300.04.001E жолында - есепті салық кезеңінде қосылған құн салығын төлеушілер алған (алуға жататын) қаржы лизингінің шартына сәйкес сондағы оның бөлігіндегі қаржы лизингіне берілген мүлік бойынша тиісті сыйақы сомасы ;

300.04.001F жолында - Салық кодексінің 229-бабына сәйкес коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтерді сату жөніндегі айналым;

300.04.001G жолында - және Салық кодексінің 232-бабына сәйкес қосымша құн салығынан босатылған және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген медициналық және ветеринариялық қызмет саласындағы

тауарлар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыру жөніндегі айналым;

300.04.001H жолында - Салық кодексінің 231-бабына сәйкес мәдениет, ғылым және білім саласындағы қызмет көрсету мен жұмысты іске асыру жөніндегі айналым;

300.04.001I жолында - Салық кодексінің 233-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған бір салық төлеуші кәсіпорының немесе дербес қызмет ететін кәсіпорынның екінші қосылған құн салығынан босатылған төлеушіге сатуы жөніндегі айналым;

300.04.001J жолында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым;

300.04.001К жолында - ақпараттық технологияларды дамыту мақсатында құрылған АЭА аумағында сату жөніндегі айналымдар көрсетіледі;

300.04.001L жолында түсті және қара металлдарды экспортқа сату бойынша айналымдар;

300.04.001M жолында - қосылған құн салығынан босатылатын және 300.04.001A, 300.04.001B, 300.04.001C, 300.04.001D, 300.04.001E, 300.04.001F, 300.04.001G 300.04.001H, 300.04.001I және 300.04.001J жолдарында көрсетілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар көрсетіледі. Сондай-ақ осы жолда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін ( Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 210-II Заңының 2-бабына сәйкес қолданылатын " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 57-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар енгізіледі.

Бұдан өзге аталған жолға Салық кодексінің 225-бабы 14) және 15) тармақшаларына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар енгізіледі;

2) 300.04.002 жолында - осындай босату қарастырылатын халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын тауарларды ( жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

3) 300.04.003 жолында - 300.04.001 мен 300.04.002 жолдарының сомасы көрсетіледі.

300.04.003 жолының шамасы 300.00.005 жолына көшіріледі.

## 7. Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы - 300.05-нысанын жасау

38. 300.05 нысанын Салық кодексінің 240-бабында көзделген сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады. Осы нысанды кепілдік мүліктерді (тауарларды) алумен және сатумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдану құқығын пайдаланатын банктер және жекелеген банк операцияларын жүзеге асырушы ұйымдар басқа алынған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған кезде толтырмайды.

Қосылған құн салығын есепке жатқызу Салық кодексінің 235-бабымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Салық кодексінің 236-бабында қарастырылған жағдайларда қосылған құн салығы есепке жатқызылмайды.

300.05 нысанында қосылған құн салығын төлеушілер салық кезеңінің ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген сатып алынған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер), сондай-ақ Ресей Федерациясында сатып алынған газ конденсатын қоса, табиғи газ бен мұнайды сатып алу бойынша мәліметтер көрсетіледі.

39. "Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС салығының сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында - сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығы енгізілмеген құны;

2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы, ал резидент еместен жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайында - Салық кодексінің 221-бабына сәйкес осындай резидент емес үшін бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

3) С бағанында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

40. "Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар ( жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС салығының сомасы" бөлімінің жолдары мынадай ақпараттарды көрсетуге арналған:

1) 300.05.001 жолында:

негізгі қаражаттардан;

Салық кодексінің 236-бабына сәйкес ҚҚС бойынша есепке рұқсат етілмеген тауарлардан басқа ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар бойынша мәліметтер

көрсетіледі.

2) 300.05.002 жолы:

ғимараттар;

Салық кодексінің 236-бабына сәйкес ҚҚС бойынша есепке рұқсат етілмеген тауарлардан басқа ҚҚС-пен сатып алынған негізгі қаражаттар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

3) 300.05.003 жолы тұрғын үй қорынан басқа (қонақ үй ретінде пайдаланылатындардан басқа) қосылған құн салығымен сатып алынған ғимараттар бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

4) 300.05.004 жолы:

ғимараттардың құрылысымен және жөндеумен байланысты құрылыс, жөндеу жұмыстары мен қызмет көрсетулерінен;

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместерден сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулерден басқа қосылған құн салығымен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

5) 300.05.005 жолы:

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместерден сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулерден;

жалға беру шартына сәйкес жалға беруші осы қызметтер құнын қайтаратын және жөндеуді жүзеге асырған жалға алушының салық салынатын айналымына қосылатын жағдайлардан басқа жалға алып отырған ғимараттарын жөндеу жөніндегі қызметтерінен;

қосылған құн салығымен сатып алынған ғимараттардың құрылысы және жөндеуімен байланысты құрылыс, жөндеу, монтаж жұмыстары мен қызметтері бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

6) 300.05.006 жолы Ресей Федерациясынан қосылған құн салығымен сатып алынған газ конденсатын қоса табиғи газ, мұнай бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

7) 300.05.007 жолы негізгі қаражаттарды қоса, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

8) 300.05.008 жолы Салық кодексінің 225-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған жұмыстар мен қызмет көрсетулерден басқа қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.05.008A жолына 300.11.001 жолының шамасы, 300.05.008B жолына 300.11.002 жолының шамасы, 300.05.008C жолына 300.11.007 жолының шамасы

көшіріледі;

9) 300.05.009 жолы Салық кодексінің 236-бабына сәйкес есепке рұқсат етілмеген қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

10) 300.05.010 жолы 300.05.001-ден 300.05.009-ға дейінгі жолдарында көрсетілген шамаларды жинақтау жолымен әрбір бағана бойынша жиынтық сомаларды көрсетуге арналған.

300.05.010А жолының шамасы 300.00.011А жолына көшіріледі.

300.05.010С жолының шамасы 300.00.011В жолына көшіріледі.

**8. Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы - 300.06-нысанын жасау**

41. 300.06 нысанын Салық кодексінің 241-бабында қарастырылған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың бөлшек әдісін пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады.

Банктер, микрокредитті ұйымдар мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар кепілдік мүліктерді (тауарларды) алумен және сатумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдануды пайдалану кезінде осы нысанды осы Ережелердің 52-тармағында қарастырылған талаптарды ескере отырып толтырады.

42. 300.06-нысаны жеті бөлімнен, әр бөлім - А, В және С бағандарынан тұрады.

1) А бағанында сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны қосылған құн салығының сомасынсыз көрсетіледі;

2) В бағанында тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізушілер төлеуге тиіс қосылған құн салығының сомасы, ал тауарлар (жұмыстар, қызметтер) резидент еместен сатып алынған жағдайда - Салық кодексінің 221-бабына сәйкес резидент үшін бюджетке төленуі тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

"ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінде Қазақстан Республикасында сатып алынған және айналымдар мақсатында ғана пайдалануға арналған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Осы жолдарды толтыру 300.05 нысанының жолдарын толтыруға қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

43. "ҚР аумағында сатып алынған және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінде Қазақстан Республикасында сатып алынған және босатылған айналымдар мақсатында ғана пайдалануға арналған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Осы бағанның жолдарын толтыру 300.05 нысанының жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

44. "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын және босатылған айналымдар мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімі Қазақстан Республикасында сатып алынған және пайдалану мақсатын айқындау қиын жағдайда (босатылған немесе салық салынатын айналымдар) толтырылады.

Бөлімнің С бағанының шамасы осы бөлімнің В бағанының тиісті жолдарында көрсетілген шамалардың және 300.00.007 жолында көрсетілген шаманың туындысы ретінде айқындалады.

45. "ҚР аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінде:

1) 300.06.031А жолында - 300.06.010А, 300.06.020А және 300.06.030А жолдарының сомасы;

2) 300.06.031В жолында - 300.06.010В, 300.06.020В және 300.06.030В жолдарының сомасы;

3) 300.06.031С жолында - 300.06.010С және 300.06.030С жолдарының сомасы көрсетіледі.

300.06.031А жолының шамасы 300.00.011А жолына, 300.06.031С жолының шамасы 300.00.011В жолына көшіріледі.

46. "РФ-нан сатып алынған газ конденсатын қоса мұнай және табиғи газдан басқа импорт бойынша сатып алынған тауарлар" бөлімі РФ-нан сатып алынған газ конденсатын қоса мұнай және табиғи газдан басқа импорт бойынша сатып алынған тауарлар бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын есептеуге арналған.

300.06.032 жолы "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен толтырылады.

300.06.033 жолы "ҚР аумағында сатып алынған және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен толтырылады.

300.06.034 жолы "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен

т о л т ы р ы л а д ы .

300.06.035 жолында А, В және С бағандарының тиісінше 300.06.032, 300.06.033 және 300.06.034 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын шама к ө р с е т і л е д і .

300.06.035A жолының шамасы 300.00.012A жолына, 300.06.035C жолының шамасы 300.00.012B жолына көшіріледі.

47. "Есеп әдісімен төленетін ҚҚС бойынша тауарлар импорты" бөлімі Салық кодексінің 250-бабында қарастырылған импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын есеп әдісімен төлеу тәртібін көрсетуге арналған.

Осы бөлімді толтыру "РФ-нан сатып алынған газ конденсатын қоса мұнай және табиғи газдан басқа импорт бойынша сатып алынған тауарлар" бөлімін толтыру үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

300.06.039 жолында А, В және С бағандарының тиісінше 300.06.036, 300.06.037 және 300.06.038 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын шама к ө р с е т і л е д і .

300.06.039A жолының шамасы 300.00.015A жолына, 300.06.039C жолының шамасы 300.00.015B жолына көшіріледі.

48. "Төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты бойынша төленген ҚҚС-ның есебі" бөлімі Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімі өзгертілген, импортталатын тауарлар бойынша бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасын көрсетуге арналған. Осы бөлім екі бағаннан т ұ р а д ы :

1) А бағанында төлеу мерзімі өзгертілген қосылған құн салығы бойынша берешекті өтеу есебінен есепті салық кезеңінде нақты төленген қосылған құн с а л ы ғ ы н ы ң с о м а с ы к ө р с е т і л е д і ;

2) В бағанында есепке жатқызуға жататын қосымша құн салығының нақты с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

49. "Төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты бойынша төленген ҚҚС-ның есебі" бөлімінің жолдарында:

1) 300.06.040 жолында - салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша төленген қосылған құн салығының с о м а с ы ;

2) 300.06.041 жолында - босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.06.042 жолында - салық салынатын айналым мақсатында да, босатылған айналым мақсатында да пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.06.042A жолының шамасы 300.07.003D, 300.06.040A және 300.06.041 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады.

300.06.042В жолының шамасы 300.06.042А және 300.00.007 жолдарында көрсетілген шамалардың туындысы ретінде айқындалады.

4) Үшінші бөлімде салық салынатын немесе босатылған айналымдар мақсатында пайдаланылатын сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) қандай көлемінде салық төлеуші қосылған құн салығын айқындау қиын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.06.043 жолында:

300.06.043А жолында - 300.06.040А, 300.06.041 және 300.06.042А жолдарының сомасы;

300.06.043В жолында - 300.06.040В және 300.06.042В жолдарының сомасы көрсетіледі.

300.06.043В жолының шамасы 300.00.018 жолына көшіріледі.

50. Банктер, микрокредитті ұйымдар мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мүлікті (тауарды) кепілдікке алу және сатумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығын есептеу үшін бөлек әдісті қолдану кезінде 300.06 нысанын мынадай тәртіппен толтырады:

1) "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің тиісті жолдарында тек алынған кепілдік мүліктер (тауарлар) бойынша мәліметтер көрсетіледі;

2) "ҚР аумағында сатып алынған және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімі толтырылмайды;

3) "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінде алынған кепілдік мүліктер (тауарлар) бойынша мәліметтерден басқа Қазақстан Республикасында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

4) "ҚР аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінің 300.06.031 жолы осы тармақтың 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген бөлімдер жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалады;

5) "РФ-нан сатып алынған газ конденсатын қоса мұнай және табиғи газдан басқа импорт бойынша сатып алынған тауарлар", "ҚҚС есеп әдісімен төленетін тауарлар импорты", "Төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты бойынша төленген ҚҚС-ның есебі" бөлімдерінде тек 300.06.034, 300.06.038 және 300.06.042 жолдары, сондай-ақ осы бөлімдердің жиынтық жолдары ғана толтырылады.

## 9. Қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген тауарлардың импорты - 300.07-нысанын жасау

51. 300.07 нысаны тауарлар импорты жүзеге асырылған салық кезеңі үшін Декларация жасау кезінде де, салық бойынша берешекті толық өтегенге дейін келесі салық кезеңдері үшін Декларация жасау кезінде де толтырылады.

52. "Тауарлар импорты бойынша төлеу мерзімі өзгертілген ҚҚС сомасын өтеу" бөлімі A, B, C, D, E және F бағандарынан тұрады.

1) A бағанында жүк кеден декларациясында көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

2) B бағанында есепті салық кезеңінде сатылған тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) C бағанында өткен салық кезеңдерінде сатылған тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде бюджетке нақты төленген салық сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында өткен салық кезеңдерінде бюджетке нақты төленген салық сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында сатылған тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелмеген және нақты төленбеген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

53. "Тауарлар импорты бойынша төлеу мерзімі өзгертілген ҚҚС сомасын өтеу" бөлімінің жолдарында:

1) 300.07.001 жолында - өндірістік ұқсату үшін арналған тауарлардың импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Өндірістік ұқсату ұғымы Салық кодексінің 249-бабының 2-тармағымен айқындалады.

2) 300.07.002 жолында - судың, газдың және электр энергиясының импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.07.001 және 300.07.002 жолдарының бағандары қосымша нысандар негізінде толтырылады.

3) 300.07.003 жолында - тиісінше A, B, C, D, E және F бағандарының 300.07.001 және 300.07.002 жолдарының сомалары көрсетіледі.

300.07.003 D жолының шамасы:

барабар әдісін қолданғанда - 300.00.018 жолына;

бөлек әдісті қолданғанда - тиісінше мөлшерде 300.06.040A, 300.06.041 және 300.06.042A жолдарына көшіріледі.

54. 300.07.001 жолына қосымша нысан.

"Өндірістік ұқсату үшін арналған тауарлар импорты" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) A бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) B бағанында - жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;

3) C бағанында - жүк кеден декларациясына сәйкес қосылған құн салығының сомасы;

4) D бағанында - салықты өтеу үшін белгіленген мерзім (өзгертілген);

5) E бағанында - Салық кодексінің 249-бабының 6-тармағына сәйкес төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасы бойынша берешектерді өтеу есебіне есеп беру салық кезеңінде ескерілетін қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Салықтың осы сомасы есепті салық кезеңі үшін жасалған 300.00 нысанының 300.00.010 және 300.00.009 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады.

6) F бағанында - Салық кодексінің 249-бабының 6-тармағына сәйкес өткен салық кезеңдерінде өтелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы сома өткен салық кезеңі үшін 300.07.001 жолына құрылған қосымша нысанның E және F бағандарында жүк кеден декларациясының нөміріне сәйкес жолдарында көрсетілген мөлшерлердің сомасы ретінде айқындалады.

7) G бағанында - импортталатын тауарлар бойынша есепті салық кезеңінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

8) H бағанында - өткен салық кезеңдері үшін импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы сома өткен салық кезеңі үшін 300.07.001 жолына құрылған қосымша нысанның G және H бағандарында жүк кеден декларациясының нөміріне сәйкес жолдарында көрсетілген мөлшерлердің сомасы ретінде айқындалады.

9) I бағанында - бюджетке төлеуге жататын салық бойынша өтелмеген берешектердің сомасы көрсетіледі. Осы сома C бағанында көрсетілген көлеммен E, F, G және H бағандарында көрсетілген көлем сомаларын алу жолымен айқындалады.

C бағанының жиынтық шамасы 300.07.001A жолына, E бағанының жиынтық шамасы - 300.07.001B жолына, F бағанының жиынтық шамасы 300.07.001C жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 300.07.001D жолына, H бағанының жиынтық шамасы 300.07.001E жолына және I бағанының жиынтық шамасы 300.07.001F жолына көшіріледі.

55. 300.07.002 жолына қосымша нысан.

"Су, газ және электр энергиясы импорты" бөлімі 300.07.001 жолына қосымша нысанның "Өндірістік ұқсату үшін арналған тауарлар импорты" бөлімі үшін белгіленген тәртіппен толтырылады.

C бағанының жиынтық шамасы 300.07.002A жолына, E бағанының жиынтық шамасы - 300.07.002B жолына, F бағанының жиынтық шамасы 300.07.002C жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 300.07.002D жолына, H бағанының

жиынтық шамасы 300.07.002Е жолына және I бағанының жиынтық шамасы 300.07.002Ғ жолына көшіріледі.

## 10. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету - 300.08-нысанын жасау

56. 300.08 нысаны Салық кодексінің 237 және 238-баптарына сәйкес жүргізілген, есепке жатқызылған, қосылған құн салығының сомасын түзету жөніндегі мәліметтерді көрсетуге арналған.

Салық кодексінің 237-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзеткенде тиісті жолдары мен қосымшалары (300.05 және 300.06-нысандар) толтырылып, қосымша Декларация (300.00 нысан) жасалады.

Осы нысанның жолдары теріс немесе оң мәндерге ие болуы мүмкін.

57. "Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын түзету" бөлімі:

1) 300.08.001 жолында тауарлар бойынша олар бүлінген немесе жоғалған жағдайда қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі.

Тауардың (мүліктің) бүлінуі және жоғалуы ұғымы Салық кодексінің 237-бабының 2-тармағында айқындалған. Осы жолдың шамасы тек теріс мәнге ие болады;

2) 300.08.002 жолында қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызылған және есепті салық кезеңінде салық салынатын айналым емес мақсаттарда пайдаланылған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі.

3) 300.08.003 жолында сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты жүргізілген қосылған құн салығы бойынша есепті түзету жөніндегі мәліметтер көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

4) 300.08.004 жолында жеткізушіге жартылай немесе толық қайтарылған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

5) 300.08.005 жолында мәміле шарттары өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

6) 300.08.006 жолында нормадан тыс шеккен шығыстар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Осы жолды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады;

7) 300.08.007 жолында күмәнді міндеттемелер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

8) 300.08.008 жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде бұрын қосылған құн салығы бойынша есепті түзету жүргізілген, күмәнді міндеттемелер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

9) 300.08.009 жолында босатылған айналым мақсатында сатып алынған, тауарларды салық салынатын айналым мақсатында қолданумен байланысты жүзеге асырылатын қосылған құн салығы бойынша есепті түзетудің жиынтық шамасы көрсетіледі. Бұл жол егер көрсетілген тауарларды сатып алу мезетінде қосылған құн салығын төлеушімен есепке жатқызудың бөлек әдісі қолданылған жағдайда толтырылады.

300.08.010 жолының шамасы 300.00.017 жолына көшіріледі.

58. 300.08.003, 300.08.004, 300.08.005, 300.08.007, 300.00.008 жолдары қосымша нысандардың негізінде толтырылады.

59. 300.08.003 жолына қосымша нысан сатып алынған тауарларға ( жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - соның негізінде салық салынатын айналымның мөлшеріне түзету жүргізілген құжат атауы (қосымша шот-фактура немесе басқа растайтын құжат);

4) D бағанында - С бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;

5) Е бағанында - тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағаларын түзету сомасы;

6) F бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы.

F бағанының қорытынды шамасы 300.08.003 жолына көшіріледі.

60. 300.08.004 жолына қосымша нысан жеткізушіге жартылай немесе толық қайтарылған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Тауарды қайтару" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - қайтарылатын тауардың атауы;

3) С бағанында - тауар жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - қайтарылатын тауардың қосылған құн салығынсыз құны;

5) Е бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы. Е бағанының қорытынды шамасы 300.08.004 жолына көшіріледі.

61. 300.08.005 жолына қосымша нысан нәтижесінде бұрын жасалған мәміле шарттары өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша (мысалы, тауар сатып алу-сату шарты бойынша тиелген, бірақ нәтижесінде оны өтеусіз беру, жалға беру және т.б. туралы шешім қабылданған) қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Мәміле шарттарының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - соның негізінде мәміле шарттары өзгертілген құжат атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;

4) D бағанында - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығынсыз құнының түзету сомасы;

5) Е бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.08.005 жолына көшіріледі.

62. 300.08.007 жолына қосымша нысан күмәнді талаптар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Күмәнді міндеттемелер" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуші міндеттемесі берешегі бар салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің аты-жөні, немесе атауы;

4) D бағанында - солар бойынша тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алынған шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;

5) Е бағанында - күмәнді міндеттеме болып табылатын тауарлардың ( жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығынсыз құнының түзету сомасы;

6) F бағанында - қосылған құн салығы бойынша есеп жүргізілген салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;

7) G бағанында - шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығының сомасы;

8) Н бағанында қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу жүргізілген салық кезеңі;

9) І бағанында жалпы айналымда салық салынатын айналымның үлес салмағы;

10) J бағанында қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы.

J бағанының қорытынды шамасы 300.08.007 жолына көшіріледі.

63. 300.08.008 жолына қосымша нысан күмәнді міндеттемелер бойынша

қосылған құн салығы бойынша есепке бұрын азаю тарапына қарай түзетулер жүргізілген осындай міндеттемелер бойынша төлем жүргізумен байланысты қосылған құн салығына түзетуді көрсетуге арналған.

"Күмәнді міндеттемелер бойынша төлем" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - соның алдындағы міндеттемелері өтелген тауарларды ( жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің аты-жөні, немесе атауы;

4) D бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепке түзету жүргізілген салық кезеңі;

5) Е бағанында - олар бойынша берешектер күмәнді міндеттеме болып танылған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;

6) F бағанында - осы міндеттеме бойынша жүргізілген төлемнің жалпы сомасы;

7) G бағанында - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығын енгізбей төленген құны;

8) Н бағанында - қосылған құн салығын есептеу жүргізілген салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;

9) I бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы I бағанының қорытынды шамасы 300.08.008 жолына көшіріледі.

## 11. Есепке жатқызу әдісімен төленетін қосылған құн салығы бойынша тауарлар импорты - 300.09-нысанын жасау

64. 300.09 нысаны салық кезеңінің ішінде Салық кодексінің 250-бабында көзделген кедендік ресімдеу кезінде қосылған құн салығы есеп әдісі бойынша жүзеге асырылған тауарлар импорты туралы ақпарат беруге арналған.

65. "Есеп әдісімен төленетін тауар импорты бойынша ҚҚС есептеу" бөлімінің 300.09.001 жолы қосымша нысан негізінде толтырылады.

300.09.001А жолының шамасы 300.00.015А жолына көшіріледі.

300.09.001В жолының шамасы:

барабар әдісін қолдануда - 300.00.009 және 300.00.015В жолдарына;

бөлек әдісті қолданғанда - 300.00.009 жолына және 300.06.036В, 300.06.037В және 300.06.038В жолдарына тиісті мөлшерде көшіріледі.

66. 300.09.001 жолына қосымша нысан.

"Есеп әдісімен төленетін тауар импорты бойынша ҚҚС есептеу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - импортталатын тауарлардың атауы;

3) С бағанында - соған сәйкес тауар Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналысқа жіберу жүргізілген жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - Салық кодексінің 220-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын импорт мөлшері;

5) Е бағанында - төленбеген қосылған құн салығының сомасы.

Осы сома жүк кеден декларациясында көрсетілген салық сомасына сәйкес келуі тиіс.

D бағанының қорытынды шамасы 300.09.001А жолына, Е бағанының қорытынды шамасы 300.09.001В жолына көшіріледі.

## 12. Өткен салық кезеңдерінен көшірілген қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызулар - 300.010-нысанын жасау

67. 300.10 нысаны өткен салық кезеңдерінен көшірілетін қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызулар сомасын көрсетуге арналған.

68. "Салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебінен көшірілетін ҚҚС бойынша есепке жатқызулар" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.10.001 жолында - өткен салық кезеңі үшін жасалған Декларацияның 300.00.026 жолының шамасы.

2) 300.10.002 жолында - Салық кодексінің 252-бабына сәйкес есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге қайтарылған қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.10.003 жолында - есепті салық кезеңінде қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептелетін төленген салық сомасынан асатын есепке жатқызылатын қосылған құн салығының жалпы сомасы.

300.10.003 жолының шамасы 300.10.001 және 300.10.002 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады және 300.00.024 жолына көшіріледі.

## 13. Резидент емес үшін төлеуге тиісті қосылған құн салығы - 300.11-нысанын жасау

69. 300.11 нысаны Кодексінің 221-бабына сәйкес резидент емес үшін төлеуге тиісті және төленген қосылған құн салығы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

70. "Есепті салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша төлеуге жататын ҚҚС" бөлімінде мынадай мәліметтер енгізіледі:

1) 300.11.001 жолында - ағымдағы салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша салық салынатын айналым. Салық салынатын айналым мөлшері Салық кодексінің 220-бабының 2-тармағына сәйкес

айқындалады.

300.11.001 жолының шамасы:

бара-бар әдісті қолданғанда - 300.05.008А жолына бөлек әдісті қолданғанда - тиісті мөлшерде 300.06.008А, 300.06.018А және 300.06.028А жолдарына көшіріледі;

2) 300.11.002 жолында - 300.11.001 жолда көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы.

300.11.002 жолының шамасы:

барабар әдісін қолданғанда - 300.05.008В жолына;

бөлек әдісті қолданғанда - тиісті мөлшерде 300.06.008В, 300.06.018В және 300.06.028В жолдарына көшіріледі;

3) 300.11.003 жолында - 300.11.001 жолда көрсетілген айналым бойынша есепті салық кезеңі ішінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы.

300.11.001-300.11.003 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

71. "Өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша төлеуге тиісті ҚҚС" бөлімінде есепті салық кезеңінде резидент емеске қосылған құн салығын төлеу бөлшектеп немесе толық жүргізілген өткен салық кезеңдеріне резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.11.004 жолында - өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым. Осы жол егер бюджетке төлеуге есептелген қосылған құн салығы белгіленген мерзімде төленбеген (немесе бөлшектеп төленген) жағдайда толтырылады;

2) 300.11.005 жолында - 300.11.004 жолында көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төлеуге тиісті қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.11.006 жолында - 300.11.004 жолында көрсетілген айналым бойынша есепті салық кезеңінің ішінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы;

4) 300.00.007 жолында - резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша есепті салық кезеңінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының жалпы сомасы.

300.11.007 жолының шамасы 300.11.003 және 300.11.006 жолдарының шамасын жиынтықтау жолымен айқындалады және:

бара-бар әдісті қолдану кезінде 300.05.008С жолына;

бөлек әдісі кезінде - тиісті мөлшерде 300.06.008С және 300.06.028С жолдарына көшіріледі.

300.11.004 - 300.11.006 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

72. 300.11.001, 300.11.002 және 300.11.003 жолдарына қосымша нысан.

"Есепті салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын жұмысты орындаған және қызмет көрсеткен резидент еместің аты-жөні немесе атауы;

3) С бағанында - резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулердің атауы;

4) D бағанында - резидент еместен жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алған күн;

5) Е бағанында - резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым;

6) F бағанында - қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес үшін төлеуге тиісті қосылған құн салығының сомасы;

7) G бағанында - қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес үшін бюджетке нақты төленген не бюджеттен қайтаруға жататын артық төленген салық сомасы немесе нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымда қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы есептелген қосылған құн салығының сомасы;

8) Н бағанында - резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын төлем құжатының атауы;

9) І бағанында - резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын төлем құжатының нөмірі мен күні.

Е бағанының жиынтық шамасы 300.11.001 жолына, F бағаны - 300.11.002 жолына және G бағаны - 300.11.003 жолына көшіріледі.

73. 300.00.004, 300.11.005 және 300.11.006 жолдарына қосымша нысан.

"Өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) A, B, C, D, E және F бағандары 300.11.001, 300.00.002 және 300.00.003 жолдарына қосымша нысанның тиісті бағандарын толтыру үшін көзделген тәртіпте толтырылады;

2) G бағанында - өткен салық кезеңдерінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасы;

3) Н бағанында - өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер үшін есепті салық кезеңінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасы;

4) І бағанында - есепті салық кезеңінде резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын төлем құжатының атауы, нөмірі және күні.

Е бағанының жиынтық шамасы 300.00.004 жолына, F бағаны - 300.11.005

жолына және Н бағаны - 300.11.006 жолына көшіріледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 300.00, 300.01, 300.02, 300.03, 300.04, 300.05, 300.06, 300.07, 300.08, 300.09, 300.10, 300.11 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішті жасау ережелері (302.00 нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қосылған құн салығын дұрыс есептеу мен уақтылы қайтаруға арналған Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар негізіндегі қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды.

2. Өтініш қағаз тасығышта жасалады және қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

6. Өтінішті қағаз тасығышта келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады.

**2. Өтініш - 302.00-нысанын жасау**

7. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректер көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) құрылтай құжаттарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің аты-жөні немесе толық атауы;

3) өзіне қою сериясын, нөмірін және күнін енетін, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректері;

4) қайтару себебі - тиісті торкөзде белгі жүргізіледі;

5) салық кезеңдері - оған байланысты қосылған құн салығы қайтаруға жататын нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар жасалған салық кезеңі көрсетіледі.

8. "Қайтаруға жататын ҚҚС сомасы туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 302.00.001 жолында Өтінішті беру күніне қосылған құн салығын төлеушіде қалыптасқан есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасынан асуы көрсетіледі. Осы жолда 300.00 нысанының 300.00.026 жолында көрсетілген сома көрсетіледі;

2) 302.00.002 жолында қайтаруға қойылған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шегі Өтініш беру күніне тиесілі салық кезеңі үшін жасалған 300.00 нысанының 300.00.027 жолында көрсетілген шектен аспауы тиіс.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 302.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Салық кезеңі (есептік тоқсан) барысында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралар тізілімін жасау ережелері - (307.00-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы аумағында салық кезеңі (есепті тоқсан) барысында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралар тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жасау тәртібін айқындайды, және оны толтыру тәртібін айқындайды.

2. Тізілім Тізілімнің өзінен (307.00-нысан) және Тізілімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынған тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралар туралы ақпаратты ашу

бойынша оған қосымшадан (307.01-нысан) тұрады.

3. Тізілімді жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабының 1-тармағына сәйкес толтырылады.

4. Тізілімді беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - Тізілім екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкескелу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Тізілімді жеткізу (қабылдау) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

5. Тізілімді және Тізілімге қосымшаны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

6. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

7. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Тізілімнің және Тізілімге қосымшаның тиісті торкөздері толтырылмайды.

8. Тізілімді және Тізілімге қосымшаны оны толтырған лауазымды тұлғамен қол қойылады және мөрмен куәландырылады.

9. Тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алуды дербес жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері бар қосылған құн салығын төлеушілер, әрбір құрылымдық бөлімше бойынша жеке Тізілім және Тізілімге қосымшаны жасауға және оларды жалпы Тізілімге енгізбеуге құқылы.

10. Тізілімге қосымшаға алдын-ала төлем (аванс) алуға жазылып берілген шот-фактуралар енгізілмейді. Осы шот-фактуралар Тізілімге қосымшаға нақты тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) алынған салық кезеңінде (есепті тоқсанда) енгізіледі.

Егер бұрын алынған шот-фактураларға қосымша шот-фактуралар жазылған жағдайда, олар да Тізілімге қосымшаға енгізіледі.

## 2. Тізілім - 307.00-нысанын жасау

11. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші келесі деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Салық кодексінің 247-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын Тізілім жасалатын салық кезеңі. Тізілім ай немесе тоқсан үшін жасалады. Егер салық

кезеңі тоқсан болса, онда айды көрсету үшін тор көздер толтырылмайды. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі. Екі белгіден кем ай нөмірін көрсеткенде, сол торкөз толтырылмайды;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні;

4) Тізілім түрі - сәйкесінше негізгі, қосымша және (немесе) хабарлама бойынша торкөзге белгі жасалады;

5) хабарламаның нөмірі мен күні хабарлама бойынша қосымша тізілімді тапсырған жағдайда толтырылады;

6) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігінің сериясы, нөмірі және қосылған құн салығы бойынша есепке қою күні.

307.00.001 жол бойынша "Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде сатып алынған тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 307.01-қосымшаның I-бағанының жиынтық шамасы көшіріледі.

**3. 307.01-нысанын жасау - Салық кезеңі ішінде (есепті тоқсанда) сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралар тізіліміне қосымша**

12. 307.01-нысан Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралар туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

13. "Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде:

A бағанында - жолдың реттік нөмірі;

B - шот-фактурада көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

C бағанында - шот-фактурада көрсетілген жеткізушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігінің сериясы, нөмірі және беру күні;

D бағанында - белгі қойылады, егер берілген жол бойынша қосымша шот-фактурадан мәліметтер көрсетілсе;

E бағанында шот-фактура (немесе Салық кодексінің 243-бабына сәйкес салық салынатын айналымды түзеткенде жеткізуші жасайтын қосымша шот-фактураның) нөмірі;

F бағанында шот-фактура көшірімінің (немесе Салық кодексінің 243-бабына сәйкес салық салынатын айналымды түзеткенде жеткізуші жасайтын қосымша шот-фактураның) күні;

G бағанында - шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығы есептелмеген сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы құны;

H бағанында - қосылған құн салығы есептелмеген, қосылған құн салығы есептелетін сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің)

жалпы құны;

І-бағанында - шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі. І-бағанының жиынтық шамасы 300.07-нысанның 307.00.001 жолына көшіріледі.

_____

*РҚАО-ның ескертуі: 307.00, 307.014 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Қосылған құн салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (310.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілердің қосылған құн салығын дұрыс есептеуі мен уақтылы төлеуіне арналған Қосылған құн салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабының 1-тармағына сәйкес толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларациялардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

6.Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - Декларация екі данада жасалады, бір

данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

7. 310.00 нысаны бойынша декларация есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірілмей тоқсан сайын беріледі.

8. Декларацияны беру мерзімі Салық кодексінің 247-бабының 2-тармағында белгіленген.

9. Қосылған құн салығын төлеу мерзімі мен тәртібі Салық кодексінің 389-бабында айқындалған.

10. 310.00 нысаны бойынша Декларацияның бір қосымшасы бар.

## 2. Декларация - 310.00-нысанын жасау

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің (бұдан әрі - Куәлік) нөмірі мен сериясы;

3) аты-жөні немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - кесте

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол| ко.| ды | Есепті кезең үшін барлығы | Оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | негізгі түрі | сауда қызмет. | аңшылық | жарна. | балық ма | балық аулау | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері балық өсіру |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 | | | |
| 1 | 2 | 3 | | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | | |
| Өндіріл ген өнім дердің (тауар лар, қызмет көрсету лердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 | | |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

5) Декларация түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөзде белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзінде белгі, егер қосылған құн салығын төлеушілер ретінде оны тіркегеннен кейін алғаш рет Декларацияны беретін салық төлеуші жүргізген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" тор көзіне белгі қойылады.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзіне белгі жасалады.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында қарастырылған хабарламаны алса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Қосылған құн салығы бойынша тарату, қайта құру немесе есептен шығару жағдайында соңғы Декларацияда "Тарату" торкөзінде белгі жасалады;

6) валюта коды;

7) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолдану құқығына патенттің (бұдан әрі - Патент) нөмірі мен сериясы;

8) Декларация берілетін есепті тоқсан. Есепті тоқсан араб сандарымен көрсетіледі.

12. "Патент бойынша ҚҚС-ты есептеу" бөлімінде Патент құнының есебіне сәйкес қосылған құн салығын есептеу туралы ақпарат көрсетіледі. Патент құнына енгізілген қосылған құн салығын есептеу Салық кодексінің 338-бабында айқындалған.

Осы бөлімді толтыру кезінде 931.00 нысаны пайдаланылады.

1) 310.00.001А жолында 931.00.003 жолының, 931.01.001В жолында - 931.00.006 жолының шамасы көрсетіледі;

2) 310.00.002 жолында 931.00.04 және 931.00.005 жолдарының сомасы көрсетіледі;

3) 310.00.003А жолында 931.00.009 жолының, 310.00.003В жолында - 931.00.013 жолының шамасы көрсетіледі;

4) 310.00.004 жолында 931.00.010 және 931.00.011 жолдарының сомасы көрсетіледі;

5) 310.00.005 жолында 931.00.014 жолының шамасы көрсетіледі.

13. "Есепті тоқсан үшін ҚҚС-ты есептеу" бөлімінде есепті тоқсан үшін жүзеге асырылған сату бойынша нақты айналымдар (кірістер) және олар бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі:

1) 310.00.006А жолында 16 процент ставкасы бойынша қосылған құн салығы салынатын есепті тоқсан үшін сату бойынша нақты айналым (кіріс) көрсетіледі.

310.00.006В жолында 310.00.006А көрсетілген салық салынатын айналым мөлшерінен қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

2) 310.00.007 жолында қосылған құн салығын есептеу жүргізілмейтін есепті тоқсан ішінде жүзеге асырылған нақты айналымдар (кірістер) көрсетіледі;

Бұл жолға қосылған құн салығының ставкасы қолданылатын айналымдар, сондай-ақ Салық кодексінің 225-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған айналымдар енгізіледі;

3) 310.00.008В жолында Декларацияға Қосымша N 1 көрсетілген, өзіне 310.01.001Е жолының қорытынды шамасын енгізетін Салық кодексінің 250-бабына сәйкес тауарларды импорттау кезінде есептелген қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

4) 310.00.009А жолында Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеумен есепті тоқсан үшін жүзеге асырылатын импортталатын тауарларды қоспағанда, қосылған құн салығының есебінсіз сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны, 310.00.009В жолында аталған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импорты кезінде және жеткізушілерге төленген (төлеуге жататын) қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) 310.00.010 жолында қосылған құн салығын енгізбейтін бағалар бойынша есепті тоқсанның ішінде сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. Бұл ретте, осы жолдың шамасы Салық кодексінің 225-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құнын, сондай-ақ Салық кодексінің 36-тарауына сәйкес нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын шығыстарды енгізеді;

6) 310.00.011 жолында Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеумен есепті тоқсан үшін жүзеге асырылатын импортталатын тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 310.00.012 жолында (310.00.006В + 310.00.008В) - (310.00.009В + 310.00.011В) формуласы бойынша айқындалатын, есепті тоқсан үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

14. "Жыл басынан бастап ҚҚС-ты есептеу" бөлімінде жыл басынан бастап жүзеге асырылған сату бойынша нақты айналымдар (кірістер) көрсетіледі. Осы бөлімнің жолын толтыру "Есепті тоқсан үшін ҚҚС-ты есептеу" бөлімінің жолын толтыру үшін белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Бұл ретте, осы бөлімнің әрбір жолының шамасы ұлғаймалы жиынтықпен есептеледі және есепті тоқсан үшін осы нысанның "Есепті тоқсан үшін ҚҚС-ты есептеу" бөлімінің тиісті жолында және бұрынғы есепті тоқсан үшін 310.00 нысанының "Жыл басынан бастап ҚҚС-ты есептеу" бөлімінің тиісті жолында көрсетілген шама сомасы ретінде айқындалады.

310.00.019 жолында (310.00.013В + 310.00.015) - (310.00.016В + 310.00.018) формуласы бойынша айқындалатын, жыл басынан бастап есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

15. "Бюджетпен есеп айырысулар" бөлімінде Салық кодексінің 388-бабында көзделген салықтарды төлеу жөніндегі жеңілдіктерді ескеріп бюджетпен нақты есеп айырысулар туралы ақпарат көрсетіледі:

1) 310.00.020 жолында Патент бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 931.00.016 жолының шамасы көшіріледі;

2) 310.00.021 жолында 0,2 коэффициентіне 310.00.012 жолының шамасын көбейту жолымен айқындалатын, 80% жеңілдікті ескеріп есепті тоқсан үшін қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

3) 310.00.022 жолында 0,2 коэффициентіне 310.00.019 жолының шамасын көбейту жолымен айқындалатын, 80% жеңілдікті ескеріп жыл басынан бастап қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

4) 310.00.023 жолында есепті тоқсан үшін нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) 310.00.24 жолында жыл басынан бастап бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

16. "Шот-фактуралар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 310.00.025 жолының А және В бағандарында - есептік тоқсанда және сәйкесінше жыл басынан тіркелген бланктер саны;

2) 310.00.026 жолының А және В бағандарында - есептік тоқсанда және сәйкесінше жыл басынан қолданылған бланктер саны көрсетіледі.

## 3. Қосылған құн салығы есептеу әдісімен төленетін тауарлар импорты - 310.01-нысанын жасау

17. 310.01 нысаны Салық кодексінің 250-бабында қарастырылған салық кезеңі барысында кедендік ресімдеу кезінде тауарлар импорты бойынша есептеу әдісімен төленетін қосылған құн салығы мәліметтерін көрсетуге арналған.

18. "Есептеу әдісімен төленетін тауарлар импорты бойынша есептелген ҚҚС" бөлімінде келесі мәліметтер:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - импортталатын тауарлардың атауы;

3) С бағанында осыған сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды еркін айналымға шығару жүзеге асырылған - кедендік жүк декларациясының тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - Салық кодексінің 220-бабына сәйкес айқындалатын, салық салынатын импорт мөлшері;

5) Е бағанында - қосылған құн салығының төленбеген сомасы көрсетіледі. Осы сома кедендік жүк декларациясында көрсетілген салық сомасына сәйкес болуы қажет.

310.01.001Е жолының қорытынды шамасы Декларацияның 310.00.008 жолына көшіріледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 310.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішті жасау ережелері (322.00-нысан)

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішті жасау тәртібін айқындайды.

2. Өтінішті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

6. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде Өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде не электрондық почта бойынша салық төлеуші Кодекстің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Өтінішті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электронды почта бойынша алады.

## 2. Өтініш - 322.00-нысанын жасау

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде келесі деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Өтініштің жасалған күні;

3) грант алушының немесе орындаушының аты-жөні немесе атауы;

4) ол бойынша грант берілген халықаралық шарт деректемелері (атауы, нөмірі мен күні);

5) бөлінген грант мақсаттары;

6) қосымша нысан парақтарының саны.

8. "Қайтаруға жататын ҚҚС сомасы туралы мәліметтер" бөлімінде 322.00.001 жолында өзіне Өтініштің 322.00.001 жолына қосымшаның Н бағанының қорытынды шамасын енгізетін қайтаруға жататын қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

9. Өтініштің екінші жақ бетінде қосылған құн салығын қайтаруды жүзеге асыру үшін грант қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізушілердің қосылған құн салығын төлегенін растайтын қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

10. Өтініштің 322.00.001 жолына Қосымша нысан.

"Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініштің "Жалпы ақпарат" бөліміне сәйкес көрсетілген тиісті мәліметтер көрсетіледі:

A бағанында - жолдың рет нөмірі;

B бағанында - салық төлеуші-жеткізушінің тіркеу нөмірі;

C бағанында - салық төлеуші-жеткізушінің атауы;

D бағанында - шот-фактураны жасау күні мен нөмірі;

E бағанында - төлемді растайтын құжат нөмірі (төлем құжаттары);

F бағанында - E бағанында көрсетілген құжатты жасау күні;

G бағанында - қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлардың ( жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны;

Н бағанында - қайтаруға көрсетілген қосылған құн салығының жиынтық сомасы. Н-бағанының жиынтық шамасы Өтініштің 322.00.001 жолына көшіріледі .

---

*РҚАО-ның ескертуі: 322.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен бекітілген

**Салық тексеруі актісімен расталған қосылған құн салығын қайтару туралы өтінішті жасау Ережелері (332.00-нысан)**

*Ескерту: Бұйрық жаңа ережемен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 27 қаңтардағы N 39* бұйрығымен .

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша, сондай-ақ грант қаражаттары есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген, салық тексеруі актісімен расталған қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішті ( бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды.

2. Өтініш қағаз тасығышта жасалады және қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

6. Өтінішті қағаз тасығышта келу тәртібінде беріледі және екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады .

## 2. Салық тексеруі актісімен расталған қосылған құн салығын қайтару туралы Өтінішті жасау (332.00-нысан)

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) құрылтай құжаттарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің немесе грант алушының аты-жөні немесе толық атауы;

3) өзіне есепке қою сериясын, нөмірін және күнін қамтитын, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректері. Егер 332.00-нысан бойынша Өтініш тапсыратын грант алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылмаған жағдайда, бұл жол толтырылмайды;

4) қосылған құн салығын қайтару себебі - тиісті торкөзде белгі жүргізіледі;

5) өзіне банк-бенефициар атауы, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, банктік сәйкестендіру коды (БСК) және жеке сәйкестендіру кодын (ЖСК) қамтитын банк деректемелері;

6) өзіне салық органының кіріс нөмірі мен қабылдау күнін қамтитын, салық органы бұрын қабылдаған Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы 302.00-нысан бойынша өтініштің немесе Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар ( жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы 332.00-нысан бойынша өтініштің деректері;

7) 332.01 нысан қосымшаларының саны;

8) 332.02 нысан қосымшаларының саны.

8. "Қайтару нысаны" бөлімінде қандай нысанда және мөлшерде қосылған құн салығының сомасын қайтару жүргізілуі керектігі көрсетіледі:

1) 332.00.001 жолында салықтың осы және басқа да түрлері бойынша бар салық берешегін өтеу есебіне есепке жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 332.01 және 332.02 нысандары Өтінішінің Е-бағанының жиынтық шамасы көшіріледі;

2) 332.00.002 жолында тауарлар импорты кезінде төленуге жататын қосылған құн салығын төлеу есебіне есепке жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 332.00.003 жолында Салық кодексінің 221-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті емес үшін қосылған құн салығын төлеу есебіне есепке жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

4) 332.00.004 жолында салық төлеушінің банк шотына қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) 332.00.005 жолында бюджеттен қайтарылуға тиісті қосылған құн салығының жиынтық сомасы көрсетіледі, оның шамасы 332.00.01-ден 332.00.04-

ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады. Бұл жолдың шамасы салық тексеру актісімен расталған қосылған құн салығының сомасынан артпауы тиіс.

### 3. Қосылған құн салығы және салықтардың басқа түрлері бойынша берешек - 332.01-нысанын жасау

9. 332.01-нысан қосылған құн салығы және салықтардың басқа түрлері бойынша салық берешегі бар салық төлеушінің есебіне есепке жатқызуға тиіс қосылған құн салығы сомасын көрсетуге арналған.

Бұл ретте есепке жатқызу бастапқыда салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық берешегінің есебіне жүргізіледі.

10. "Салық төлеуші туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) есепке жатқызу жүргізілетін салық органының коды көрсетіледі.

11. "Қосылған құн салығы және салықтардың басқа түрлері бойынша берешек " бөлімі өзіне "Бюджет жіктеуішінің коды" А бағанын, "Өсімпұлдар бойынша есепке алу сомасы" В бағанын, "Айыппұлдар бойынша есепке алу сомасы" С бағанын, "Салықтың осы түрі бойынша есепке жатқызу сомасы" D бағанын және "Есепке жатқызудың жалпы сомасы" Е бағанын қамтиды.

А бағанында ол бойынша берешек бар салықтың (айыппұлдың) түріне сәйкес келетін кірістердің бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі.

В бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша А бағанында көрсетілген бюджет жіктеуішінің тиісті кодына сәйкес келетін салықтың түрі бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

С бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша А бағанында көрсетілген бюджет жіктеуішінің тиісті кодына сәйкес келетін салықтың түрі бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

D бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша А бағанында көрсетілген кірістердің бюджет жіктеуішінің тиісті коды бойынша салықтың түрі бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Е бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша тиісті жолда көрсетілген салықтың тиісті түрі бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

Е бағанының жиынтық шамасы Өтініштің 332.00.001 жолына көшіріледі.

### 4. Салықтардың түрлері бойынша құрылымдық бөлімшелердің берешегі - 332.02 нысанын жасау

12. 332.02 нысаны мұндай салықтарды дербес төлеуші болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелер үшін салықтардың түрлері бойынша салық төлеушіде

бар салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын көрсетуге арналған.

13. 332.02 нысаны әрбір құрылымдық бөлімше үшін жасалады, онда салықтардың түрлері бойынша құрылымдық бөлімшелердің салық берешегін өтеу есебіне бюджеттен қайтарылуға жататын қосылған құн салығын есепке жатқызу жүргізіледі.

14. "Салық төлеуші туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) салық төлеушінің құрылымдық бөлімшесінің тіркелу нөмірі;

3) есепке жатқызу жүргізілетін салық органының коды көрсетіледі.

15. "Қосылған құн салығы және салықтардың басқа түрлері бойынша берешек " бөлімі өзіне "Бюджет жіктемесінің коды" A бағанын, "Өсімпұлдар бойынша есепке жатқызу сомасы" B бағанын, "Айыппұлдар бойынша есепке жатқызу сомасы" C бағанын, "Салықтың осы түрі бойынша есепке жатқызу сомасы" D бағанын және "Есепке жатқызудың жалпы сомасы" E бағанын қамтиды.

A бағанында ол бойынша берешек бар салықтың (айыппұлдың) түріне сәйкес келетін кірістердің бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі.

B бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша A бағанында көрсетілген бюджет жіктеуішінің тиісті кодына сәйкес келетін салықтың түрі бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

C бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша A бағанында көрсетілген бюджет жіктеуішінің тиісті кодына сәйкес келетін айыппұлдарды өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

D бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша A бағанында көрсетілген кірістердің бюджет жіктеуішінің тиісті коды бойынша салықтың түрі бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

E бағанында Өтінішті жасау күніндегі жағдай бойынша тиісті жолда көрсетілген салықтың тиісті түрі бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиісті қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

E бағанының жиынтық шамасы Өтініштің 332.00.001 жолына көшіріледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 332.00, 332.01, 332.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Акциз бойынша декларация жасау ережелері (400.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және акцизделетін тауарлар бойынша акциз есептеу мен уақтылы төлеуге арналған Акциз бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (400.00-нысан) және акцизбен салық салу объектілері туралы ақпаратты ашатын оған қосымшалардан (400.01-400.10 нысандар) тұрады.

3. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз түрінде - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электронды түрде - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көз толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша берілмейді.

7. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштер көрсетіледі.

8. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" белгісімен белгіленеді.

9. Декларацияны беру кезінде:

1) Декларация қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен салық төлеуші почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық

органында немесе электрондық почта бойынша алады.

10. 400.03 нысанын толтыру кезінде - темекі өнімінің бір талына есепті ескере отырып акциз ставкасы көрсетіледі. Бұл үшін темекі өнімдерінің және құрамында темекі бар өзгелей өнімдерге белгіленген бірлік өлшеміне акциз ставкасын 1000-ға бөлу қажет.

11. Акциз сомасын есептеуге арналған салық базасын айқындау тәртібі Салық кодексінің 261-бабында айқындалған.

## 2. Акциз бойынша декларация - 400.00-нысанын жасау

12. 400.00-нысан Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес бюджетке төлеуге тиісті акциз сомасын көрсетуге арналған.

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі.

Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер ай нөмірінде екі белгіден аз болса, онда ол оң торкөзде көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің толық атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | оның ішінде: Қызметтің барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі |
|---|---|---|---|---|

| | | түрі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |

| қосалқы сауда | (басқа аңшылық | да) жарнама | қызмет балық аулау | түрлері балық өсіру |
|---|---|---|---|---|
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне қатысты тиісті торкөзге белгі қойылады.

Егер акцизделетін тауарларға байланысты қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін салық төлеуші алғашқы рет декларация берген жағдайда, " Бастапқы" тор көзге белгі жасалады.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" тор көзіне белгі қойылады.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзіне белгі жасалады.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

Салық органына берілетін соңғы декларацияда салық төлеушіні тарату немесе қайта ұйымдастыру кезінде, "Тарату" тор көзіне белгі жасалады;

6) хабарламаның нөмірі мен күні хабарлама бойынша қосымша декларацияны тапсырған жағдайда толтырылады;

7) валюта коды;

8) ұсынылған қосымшалар. Ұсынылған қосымшалардың тор көздері белгіленеді;

9) ұсынылған 402.02 қосымшалардың саны. 400.02 қосымшалардың саны жалпы саны көрсетіледі;

10) 400.04 қосымшалардың саны. 400.04 қосымшалардың саны жалпы саны

көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушы - салық төлеушілер белгілейді;

11) құрылымдық бөлімшелер үшін ұсынылған есеп айырысулар. Құрылымдық бөлімшелер үшін толтырылған есеп айырысулар нысанына қарай тиісті тор көздер белгіленеді.

14. "Төлеуге акциздер есептелді" бөлімінде:

1) 400.00.001 жолына 400.01.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 400.00.002 жолына 400.02 барлық нысандары бойынша 400.02.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 400.00.003 жолына 400.03.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 400.00.004 жолына 400.03.020 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 400.00.005 жолына 400.04.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 400.00.006 жолына 400.05.003С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 400.00.007 жолына 400.05.006С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 400.00.008 жолына 400.06.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 400.00.009 жолына 400.07.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 400.00.010 жолында 400.00.001-400.00.009 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

11) 400.00.011 жолына 400.08.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 400.00.012 жолында 400.00.010 және 400.00.011 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалатын акциздің барлық есептелгені көрсетіледі;

13) 400.00.013 жолында құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген акциздің сомасы көрсетіледі;

14) 400.00.014 жолында төленген акциз сомасы көрсетіледі;

15) 400.00.014А, 400.00.014В және 400.00.014С жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есептіден кейін келесі айдың 3 күніне сәйкес төленген акциз сомасы көрсетіледі.

15. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар" бөлімінде:

400.00.015 жолына 400.10.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

16. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және расталады.

## 3. Спирт бойынша салық салынатын операциялар - 400.01 нысанын жасау

17. 400.01 нысаны спирттің (бұдан әрі - спирт) барлық түрлері бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған және оны мынадай салық төлеушілер толтырады:

спирт өндірушілер;

тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген спиртті өткізуді жүзеге асыратын;

емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсету үшін сатып алынған спиртті мақсатсыз пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ базалықтан төмен емес ставка бойынша акцизбен сатып алынған спирт және оны алкоголь өнімінің өндірісіне пайдаланбайтын.

18. "Спирт бойынша салық салынатын операциялар" бөлімі үш бағаннан тұрады:

1) А бағанында салық базасының мөлшері көрсетіледі;

2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

19. "Спирт бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.01.001 жолында алкоголь өнімінің өндірісі үшін өткізген жеке өндірістің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) 400.01.002 жолында жеке өндірістің спиртін өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

Осы жолда алкоголь өнімін өндірушілердің спирт өткізгені туралы мәлімет, сондай-ақ емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсету үшін спирт өткізгені туралы мәлімет көрсетілмейді;

3) 400.01.003 жолында өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған жеке өндірістің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) 400.01.004 жолында алыс-беріс шикізаты негізінде ұқсатуға берілген жеке өндірістің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

5) 400.01.005 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеке өндірістің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

6) 400.01.006 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған жеке өндірістің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

7) 400.01.007 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жіберілген жеке өндірістің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

8) 400.01.008 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген спиртті өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

9) 400.01.009 жолында оның бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленгенге қатысты өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

10) 400.01.010 жолында алкоголь өнімінің өндірісі, емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсету үшін сатып алынған, бірақ мақсаты бойынша пайдаланылмаған спирт бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

11) 400.01.011 жолында алкоголь өнімнің өндірісі үшін сатып алу кезінде,

спиртке жеткізуші төлеген акциз сомасы көрсетіледі.

400.01.011 жол 400.01.010 жолы толтырылған жағдайда, толтырылады. Жол жеткізуге акциз есебімен спирт құнының төлемін растайтын төлем құжаттарының негізінде толтырылады;

12) 400.01.012 жолында 400.01.011 жолының шамасына кемітілген 400.01.001С-400.01.010С жолдарында көрсетілген шамаларды қоса отырып, айқындалатын спирт бойынша салық салынатын операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі.

13) 400.01.012А, 400.01.012В және 400.01.012С жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есептіден кейінгі келесі салық кезеңі айының 3 күніне сәйкес бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

400.01.012 жолының шамасы Декларацияның 400.00.001 жолына көшіріледі.

## 4. 400.02 нысанын жасау- алкоголь өнімдері бойынша салық салынатын операциялар

20. 400.02 нысан өз өндірісінің алкоголь өнімдері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Сондай-ақ осы нысанда тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген алкоголь өнімдерін өткізу жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

Алкоголь өнімінің әрбір түріне жеке бет жасалады.

21. "Алкоголь өнімдері бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.02.001А жолында алкоголь өнімінің түрі көрсетіледі;

2) 400.02.001В жолында бюджеттік жіктемеге сәйкес код көрсетіледі;

3) 400.02.002 жолында жеке өндірістің сатылған алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

4) 400.02.003 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеке өндірістің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

5) 400.02.004 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған жеке өндірістің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

6) 400.02.005 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген жеке өндірістің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

7) 400.02.006 жолында салық төлеушінің өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған жеке өндірістің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

8) 400.02.007 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

9) 400.02.008 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты жеке өндірістің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;

10) 400.02.009 жолында ID, IID және IIID жолдарында көрсетілген сомалар

қосындысымен айқындалатын, бүліну немесе акциздік алым маркасының жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты жеке өндірістің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі.

400.02.009 жолы төрт бағаннан тұрады:

А бағанында акциздік алым маркасы (мөлшері бойынша) түрі;

В бағанында бүлінген және жоғалған акциздік алым маркасы саны көрсетіледі;

С бағанында маркада көрсетілген ыдыстың жоғарғы көлемі көрсетіледі. "0,26 л және одан көп" сыйымдылығы көрсетілген акциздік алым маркасы жоғалған кезде, В бағанында акциздік алым маркасы бүлінген, жоғалған ізашар салық кезеңіне салық кезеңі ішінде алкоголь өнімдерін құю жүргізілген ыдыстың ең үлкен көлемі көрсетіледі;

D бағанында В және С бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалатын, салық базасы мөлшері көрсетіледі;

11) 400.02.010 жолында алкоголь өнімдері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері айқындалады;

12) 400.02.011 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

13) 400.02.012 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

14) 400.02.012A, 400.02.012B және 400.02.012C жолдарында келесі есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есептіден кейінгі келесі есепті салық кезеңі айының 3 күніне сәйкес бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

22. Осы Ереженің 21-тармағының 2)-9) тармақшаларында көрсетілген жолдар салық базасында көрсетуге арналған. Салық базасы литрмен көрсетіледі.

400.02.012 жолының шамасы 400.00.002 жолына көшіріледі.

## 5. 400.03 нысанын жасау - Темекі өнімдеріне және басқа да құрамында темекі бар өнімдерге салық салынатын операциялар

23. 400.03 нысан басқа да құрамында темекі бар өнімдерді қоса алғанда, өз өндірісінің темекі өнімдері бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген темекі өнімдерін өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

24. "Фильтрлі темекі өнімдері бойынша салық салынатын операциялар" бөлімі мынадай ақпарат көрсетуге арналған:

1) 400.03.001 жолында сатылған жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

2) 400.03.002 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

3) 400.03.003 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

4) 400.03.005 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

5) 400.03.005 жолында салық төлеушінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

6) 400.03.006 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

7) 400.03.007 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

8) 400.03.008 жолында А және В бағандарында көрсетілген шамалардың көбейтіндісі ретінде айқындалатын, акциздік алым маркаларының бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, жеке өндірістің фильтрлі темекі өнімдері бойынша салықтық база мөлшері көрсетіледі;

9) 400.03.009 жолында фильтрлі темекі өнімдері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 400.03.001-400.03.008 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

10) 400.03.010 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

11) 400.03.011 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

12) 400.03.011A, 400.03.011B және 400.03.011C жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есептіден кейінгі келесі есепті салық кезеңі айының 3 күніне сәйкес бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

25. "Фильтрсіз темекі өнімдеріне және басқа да құрамында темекі бар өнімдерге салық салынатын операциялар" бөлімі фильтрсіз темекі өнімдері және құрамында темекі бар өзге де өнімдер (бұдан әрі - темекі өнімдері) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген темекі өнімдерін өткізу бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

400.03.012-400.03.022 жолдарын толтыру 400.03.001-400.03.011 жолдарына толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.

26. 400.03.011 және 400.03.022 жолдарының шамасы сәйкесінше Декларацияның 400.00.003 және 400.00.004 жолдарына көшіріледі.

## 6. Газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнай бойынша салық салынатын операциялар - 400.04-нысанын жасау

27. 400.04 нысан газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнай (бұдан әрі - мұнай) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнайды өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

28. "Қосымшаның ағымдағы бетінің нөмірі, сондай-ақ "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 3 және 4 жолдарын жер қойнауын пайдаланушы-салық төлеушілер толтырады.

3-жолда қосымша жасалатын қызмет белгісі көрсетіледі:

3А - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шегінен шығатын қызмет бойынша.

Егер салық төлеуші - жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт бойынша да, келісім шарт шегінен тыс та қызметті жүзеге асырса осы қызмет түрлері бойынша қосымша жеке жасалады.

Егер аталған салық төлеушілер бір уақытта бірнеше келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын болса, әрбір келісім-шарт бойынша қосымшалар жеке жасалады;

3В - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша.

4-жолда егер қосымша келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жасалатын болса, келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

29. "Газ конденсатын қоса алғанда, мұнай бойынша салық салынатын операциялар" бөлімі мынадай ақпараттарды көрсетуге арналған:

1) 400.04.001 жолында газ конденсатын қоса алғанда, экспортқа өткізілген мұнайдан басқа, жеке өндірістің сатылған мұнайының көлемі көрсетіледі;

2) 400.04.002 жолында газ конденсатын қоса алғанда, Ресей Федерациясына экспорт бойынша өткізілген жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

3) 400.04.003 жолында газ конденсатын қоса алғанда, алыс-беріс негізінде ұқсатуға жіберілген жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

4) 400.04.004 жолында салық төлеушінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

5) 400.04.005 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

6) 400.04.006 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

7) 400.04.007 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген

жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

8) 400.04.008 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген өткізілген мұнайдың көлемі көрсетіледі;

9) 400.04.009 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, жеке өндірістің мұнайының көлемі көрсетіледі;

10) 400.04.010 жолында мұнай бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері анықталады. Осы жолдың шамасы 400.04.001-400.04.009 жолдарында көрсетілген соманы қосумен айқындалады;

11) 400.04.011 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

12) 400.04.012 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

13) 400.04.012A, 400.04.012B және 400.04.012C жолдарына есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есептіден кейінгі келесі есепті салық кезеңі айының 3 күніне сәйкес бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

400.04.012 жолының шамасы Декларацияның 400.00.005 жолына көшіріледі.

## 7. Бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отыны бойынша салық салынатын операциялар - 400.05-нысанын жасау

30. 400.05 нысан бензин (авиациялықтан басқа) және дизель отыны (мұнай өнімдері) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнай өнімдерін өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

31. "Бензин (авиациялықтан басқа)" бөлімінде:

1) А бағанында тиісті жолда көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері көрсетіледі. Салық базасы тоннамен көрсетіледі;

2) В бағанында белгіленген акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 269-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі.

32. "Бензин (авиациялықтан басқа)" бөлімінде:

1) 400.05.001 жолы көтерме сауда саласында өткізілген бензин (авиациялықтан басқа) (бұдан әрі - бензин) бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетуге арналған.

400.05.001 жолының шамасы 400.05.001(I), 400.05.001(II), 400.05.001(III), 400.05.001(IV) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.001(I) жолында өз өндірісінің бензинін көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.001(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импорт бойынша бензинді көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.001(III) жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне өз өндірісінің мұнайын тиеп-жөнелту бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.001(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензинді көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

2) 400.05.002 жолы бөлшек сауда саласында өткізілген бензин бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетуге арналған.

400.05.002 жолының шамасы 400.05.002(I), 400.05.002(II), 400.05.002(III), 400.05.002(IV), 400.05.002(V), 400.05.002(VI), 400.05.002(VII) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.002(I) жолында жеке өндірістің бензинін бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.04.002(III) жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеке өндірістің бензині бойынша мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(V) жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, бензин бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(VI) жолында меншік өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған жеке өндірістің бензині бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(VII) жолында өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған алдағы өткізулер үшін ерте сатып алынған бензин бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

3) 400.05.003 жолында 400.05.001 және 400.05.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операция бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады.

400.05.003 жолының шамасы 400.05.001 және 400.05.002 жолдарында көрсетілген шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады.

33. "Дизель отыны" бөлімінде:

1) 400.05.004 жолы көтерме сауда саласында сатылған дизель отыны бойынша акциз есептелгені туралы мәліметтер көрсетуге арналған;

400.05.004 жолының шамасы 400.05.004(I), 400.05.004(II), 400.05.004(III), 400.05.004(IV) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.004(I) жолында өз өндірісінің дизель отынын көтерме саудада сату бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

400.05.004(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған дизель отынын көтерме саудада сату бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.004(III) жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне өз өндірісінің дизель отынын тиеп-жөнелту бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.004(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

2) 400.05.005 жолы бөлшек сауда саласында өткізілген дизель отыны бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетуге арналған.

400.05.005 жолының шамасы 400.05.005(I), 400.05.005(II), 400.05.005(III), 400.05.005(IV), 400.05.005(V), 400.05.005(VI), 400.05.005(VII) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.005(I) жолында жеке өндірістің дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.04.005(III) жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген жеке өндірістің дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(V) жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(VI) жолында меншік өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған жеке өндірістің дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(VII) жолында өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған,

Қазақстан Республикасы аумағында алдағы өткізулер үшін ерте сатып алынған дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

3) 400.05.005 жолында 400.05.004 және 400.05.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операция бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады.

34. "Белгіленген төлемдер мерзімдеріне сәйкес акцизді есептеу" бөлімінде:

1) А бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі;

2) В бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында келесі есепті салық кезеңінде айдың 3-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

35. 400.05.003С және 400.00.006 жолдарының шамасы Декларацияның 400.00.006 және 400.00.007 жолдарына көшіріледі.

## 8. Бекіре және арқан балықтың уылдырығы бойынша салық салынатын операциялар - 400.06 нысанын жасау

36. 400.06 нысан бекіре және арқан балықтың уылдырығы (бұдан әрі - уылдырық) бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Сондай-ақ, осы нысанда тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген уылдырықты өткізу жөніндегі мәлімет көрсетіледі.

Осы нысанда салық базасы құндық көрсеткіші теңгемен көрсетіледі және акциз бен қосылған құн салығы қосылмайтын уылдырықтың құны негізінде анықталады.

37. "Бекіре және арқан балықтың уылдырығы бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) 400.06.001 жолында өткізілген жеке өндірістің уылдырығының құны көрсетіледі;

2) 400.06.002 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, жеке өндірістің уылдырығының құны көрсетіледі;

3) 400.06.003 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген уылдырықтың құны көрсетіледі;

4) 400.06.004 жолында осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілмеген салық салынатын операциялар бойынша жеке өндірістің уылдырығының құны көрсетіледі;

5) 400.06.005 жолында салық базасының жалпы мөлшері айқындалады.

Осы жолдың шамасы 400.06.001-400.06.004 жолдарында көрсетілген шамаларды жинақтау жолымен айқындалады;

6) 400.06.006 жолында белгіленген салық ставкасы көрсетіледі;

7) 400.06.007 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

8) 400.06.007A, 400.06.007B және 400.06.007C жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есептіден кейінгі келесі есепті салық кезеңі айының 3 күніне сәйкес бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

400.06.007 жолының шамасы Декларацияның 400.00.008 жолына көшіріледі.

**9. Оқатар немесе газ қаруы бойынша салық салынатын операциялар (мемлекеттік билік органдарының қажеттіліктері үшін сатып алынғаннан басқа) - 400.07-нысанын жасау**

38. 400.07 нысан оқатар немесе газ қаруы бойынша салық салынатын операциялар (мемлекеттік билік органдарының қажеттіліктері үшін сатып алынғаннан басқа) (бұдан әрі - қару) бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Сондай-ақ, осы нысанда тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген қаруларды сату жөніндегі мәлімет көрсетіледі.

400.07 нысанының жолдарын толтыру 400.06 нысанының жолдарына толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.

400.07.007 жолының шамасы Декларацияның 400.00.010 жолына көшіріледі.

**10. Салықтан шегерім - 400.08 нысанын жасау**

39. "Салықтан шегерім" нысаны есепті салық кезеңінде акцизделетін өнімдер өндіруге нақты пайдаланылған шикізатқа төленген, Салық кодексінің 270-бабына сәйкес шегерімге жатқызылған акциз сомасының есебіне арналған.

40. "Шегерім сомасы" бөлімінде:

400.08.001 жолдары төрт бағаннан тұрады:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында акцизделетін тауардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңінде акцизделетін тауар өндіруге пайдаланылған шикізаттың көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында шегерімге жатқызылған акциз сомасы көрсетіледі.

D бағанының жиынтық жолында осы бағанның келесі жолының шамасы жиынтықталады.

D бағанының жиынтық шамасы 400.00.011 жолына көшіріледі.

**11. Бас ұйым және оның құрылымдық бөлімшелері бойынша акцизді есептеу - 410.10 нысанын жасау**

41. 400.09 нысаны бас ұйым және оның құрылымдық бөлімшелері бойынша акцизді есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

42. "Бас ұйым және оның құрылымдық бөлімшелері бойынша акцизді есептеу " бөлімінде:

1) 400.10.001 жолында есепті салық кезеңінде бас ұйыммен жасалған салық салынатын операциялар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

2) 400.09.002 жолында есепті салық кезеңінде құрылымдық бөлімшелермен жасалған салық салынатын операциялар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

400.09.002 жолының шамасы Декларацияның 400.00.013 жолына көшіріледі.

43. 400.09.001 және 400.09.002 жолдары қосымша нысандар негізінде толтырылады.

44. 400.09.001 жолына қосымша нысанда:

"Бас ұйым бойынша есептелген, акциз сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында келесі есепті салық кезеңінде айдың 3-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

С, D және Е бағандарының шамасы жиынтықталады және қорытынды сома 400.09.001 жолына көшіріледі.

45. 400.09.002 жолына қосымша нысанда:

"Құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген, акциз сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында құрылымдық бөлімшенің СТН көрсетіледі;

3) С бағанында құрылымдық бөлімшенің атауы көрсетіледі;

4) D бағанында құрылымдық бөлімшенің тіркелу орыны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) Е бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі;

6) F бағанында бюджеттік жіктеме кодына сәйкес көрсетілген құрылымдық бөлімше үшін төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

F бағанының қорытынды шамалары 400.09.002 жолына көшіріледі.

## 12. Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар - 400.10-нысанын жасау

46. 400.10 нысаны Салық кодексінің 259-бабының 2-тармағына сәйкес акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар бойынша ақпаратты көрсетуге арналған

.

47. "Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар" бөлімінде:

1) 400.10.001 жолында экспортталатын акцизделетін тауарлардың (Ресей Федерациясына газ конденсатын қоса алғандағы, мұнай экспортынан басқа) құны туралы мәлімет көрсетіледі. Осы жолдың шамасы акцизделетін тауарлар бөлігінде экспорт бойынша мәлімет көрсетілетін 400.10.001A-400.10.001R жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады.

2) 400.10.002 жолында акциз салудан босатылған емдік және фармацевтік құралдарды дайындауға жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

3) 400.10.003 жолында мемлекеттік медициналық мекемелерге жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

4) 400.10.004 жолында 0,1 литрден артық емес сыйымдықты тұтыну ыдысына құйылған және дәрілік құрал ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирт бар өнімнің құны көрсетіледі;

2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі декларацияны жасау ережелері (530.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеуге арналған Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (530.00-нысан) және Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшадан (530.01-530.03-нысандар) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам не қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті тор көздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

8. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламамен қағаз тасығышта почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде немесе электрондық почта бойынша салық төлеуші Кодекстің 69-бабының 8-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында не электрондық почта бойынша алады.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде қосымшаларды толтыру кезінде (530.01 - 530.03 нысандары) 530.00 нысанның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

## 2. Декларацияны жасау (530.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

Салық кезеңі айдың рет нөміріне сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі. Егер ай нөмірі екі белгіден болса, ол оң трокөзде көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. ЭҚЖЖ қызмет түрінің тиісті коды көрсетіледі.

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз көрсетіледі.

"Бастапқы" торкөз, егер Декларацияны салық төлеуші қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін бірінші рет берілген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Декларацияға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезіне "Қосымша" торкөзінде белгі қойылады.

Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша салық органы анықтаған жолсыздықтарды жойғанда "Хабарлама бойынша" тор көзі белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату немесе қайта құру кезінде салық органына берілетін соңғы Декларацияда "Тарату" тор көзі белгіленеді.

6) келісім-шарт жасасу шарттарына сәйкес валюта коды;

7) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың атауы;

8) осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес пайдалы қазбаның коды;

9) Қазақстан Республикасының Құзыретті органымен келісім-шартты жасау күні;

10) Құзыретті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі;

11) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың тиісті тор көздері белгіленеді.

12) келісім-шартқа сәйкес қазылып алынатын пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі (тонна, текше метр, унция және тағы басқалары).

11. "2004 жылға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары

бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:

1) 530.00.001 жолына есепті салық кезеңі үшін сатылған өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі;

2) 530.00.002 жолында жанама салықтар есебінсіз өнімді сатудан кіріс көрсетіледі. Осы жол 530.01 нысанының негізінде толтырылады. Осы жолға 530.01.001Е жолының жиынтық шамасы көшіріледі.

3) 530.00.003 жолында егер осы шығыстар келісім-шарт шарттары бойынша өтемақылық және пайдалық бөлуге жататын өнім құнын айқындау кезінде ескерілген жағдайда өнімді сатумен байланысты шығыстар көрсетіледі. Осы жол 530.00.01 нысанының негізінде толтырылады. Осы жолға 530.02.001С жолының жиынтық шамасы көшіріледі;

4) 530.00.004 жолында келісім-шарт шарттарына сәйкес айқындалатын өтемақылық және пайдалық бөлуге жататын өнім құны көрсетіледі;

5) 530.00.005 жолында келісім-шарт шарты бойынша ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай есепті салық кезеңі үшін өтемақылық өнім есебінен өтелген шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы жолға 530.03.005 жолының шамасы көшіріледі;

6) 530.00.006 жолында Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы бөлуге жататын пайда өнімінің сомасы көрсетіледі;

7) 530.00.007 жолына жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің қолданылатын ставкасы көшіріледі;

8) 530.00.008 жолында 530.00.006 және 530.00.007 жолдарында көрсетілген шама ретінде айқындалатын бюджетке төлеуге жататын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің есептелген сомасы көрсетіледі.

12. "2004 жылдан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:

1) 530.00.001 жолына есепті салық кезеңі үшін сатылған өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі;

2) 530.00.002 жолында жанама салықтар есебінсіз өнімді сатудан кіріс көрсетіледі. Осы жолға 530.01.001Е жолының жиынтық шамасы көшіріледі.

3) 530.00.003 жолында есепті салық кезеңі үшін роялтидің нақты төленген сомасы көрсетіледі;

4) 530.00.004 жолында егер осы шығыстар келісім-шарт шарттары бойынша өтемақылық және пайдалық бөлуге жататын өнім құнын айқындау кезінде ескерілген жағдайда өнімді сатумен байланысты шығыстар көрсетіледі. Осы жолға 530.02.001С жолының жиынтық шамасы көшіріледі;

5) 530.00.005 жолында келісім-шарт шарттарына сәйкес 530.00.002, 530.00.003 және 530.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын өтемақылық және пайдалық бөлуге жататын өнімнің жалпы құны көрсетіледі;

6) 530.00.006 жолында келісім-шарт шарты бойынша ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай есепті салық кезеңі үшін өтемақылық өнім есебінен өтелген шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы жолға 530.03.003 жолының шамасы көшіріледі;

7) 530.00.007 жолында 530.00.005 және 530.00.006 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы бөлуге жататын кіріс сомасы көрсетіледі;

8) 530.00.008 жолында Салық кодексінің 312-1-бабының ережелеріне сәйкес айқындалатын пайдалы түсімді өнімдегі жер қойнауын пайдаланушының үлесі көрсетіледі;

9) 530.00.009 жолында 530.00.007 және 530.00.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын бюджетке төлеуге жататын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің есептелген сомасы көрсетіледі.

13. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. Өнімді сатудан кірістер - 530.01 нысанын жасау

14. Осы нысан есепті салық кезеңі үшін өнімді сатудан кірістерді айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

Егер Қазақстан Республикасы үлесінің есебі үшін есептің кассалық әдісі қолданылатыны көзделсе, онда есепте төлем жер қойнауын пайдаланушының немесе уәкілетті органның шотына түскен өткізу бойынша айналымдар ғана көрсетіледі.

15. "Өткізу көлемі" бөлімі бес бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің - ұйымның тіркеу нөмірі көрсетіледі/ резидент мемлекеттің коды көрсетіледі;

3) С бағанында сатылған өнім көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында осы өнімді сату бағасы көрсетіледі;

5) Е бағанында өнімді сатудан кіріс көрсетіледі.

530.01.001Е жолында өткізуден кіріс Е бағанының жиынтық шамасы көрсетіледі.

530.01.001Е жолының шамасы 530.00.002 жолына көшіріледі.

### 4. Өтемдік және пайдалыға бөлуге тиісті өнімнің құнын айқындау кезіндегі шегерімге жатқызылған шығындар - 530.02 нысанын жасау

16. Осы нысан егер келісім-шарт шарты бойынша осы шығындар өтемдік және пайдалыға бөлуге тиісті өнімнің құнын айқындау кезінде ескерілетін жағдайда есепті салық кезеңі үшін өнімді өткізумен байланысты шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

17. "Шегерімге жататын шығындар" бөлімі үш бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шығыстардың баптары бөлшегінде есепті салық кезеңі үшін өнімді өткізумен байланысты шығыстар көрсетіледі;

3) С бағанында өнімді өткізумен байланысты шығындар сомасы көрсетіледі.

С бағанының 530.02.001 жолының жиынтық сомасы 530.00-нысанының 530.00.003 жолына көшіріледі.

Декларацияға N 2 қосымшаның С бағанының 530.02.001С жолының шамасы 530.00-нысанының 530.00.003 жолына көшіріледі.

## 5. Өтемдік өнім есебінен өтелген - 530.03 нысанын жасау

18. Осы нысан өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығыстарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

19. "2004 жылға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарына сәйкес өтелетін шығындар" бөлімінде:

1) 530.03.001 жолына 530.03.006 жолынан есепті салық кезеңінің басына өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығыс сомасы көшіріледі. Егер Декларация қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін бірінші рет берілсе, онда аталған жол толтырылмайды;

2) 530.03.002 жолында келісім-шарт шарттарына сәйкес өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын есепті салық кезеңі үшін жүргізілген нақты шығындар сомасы көрсетіледі;

3) 530.03.003 жолында 530.03.001 және 530.03.002 жолдарында көрсетілген соманы қосумен айқындалатын өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 530.03.004 жолында келісім-шарт шартына сәйкес есепті салық кезеңінің басына өтелмеген шығындардың қалдығына есептелген сома көрсетіледі;

5) 530.03.005 жолында келісім-шарт шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар сомасы көрсетіледі;

6) 530.03.006 жолында есепті салық кезеңінің соңына, өтелмеген шығыстар қалдығына есептелген соманы ескеріп өтемдік өнім есебінен өтелетін шығыстар сомасы көрсетіледі, ол кейінгі салық кезеңдеріне көшіріледі және 530.03.003 пен 530.03.004 жолдарында көрсетілген сома мен 530.03.005 жолында көрсетілген шама ретінде айқындалады.

20. "2004 жылдан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану

келісім-шарттарына сәйкес өтелетін шығындар" бөлімінде:

1) 530.03.001 жолында салық кезеңінің басына жер қойнауын пайдаланушы өтемеген өтелетін шығындар көрсетіледі;

2) 530.03.002 жолында есепті салық кезеңінде нақты жүргізілген өтелетін шығындар көрсетіледі;

3) 530.03.003 жолында есепті салық кезеңінде өтемдік өнім есебінен нақты өтелген өтелетін шығындар сомасы көрсетіледі;

4) 530.03.004 жолында келесі салық кезеңдеріне көшірілетін және 530.00.003 жолын шегере отырып 530.00.001, 530.00.002 жолдарын қосу арқылы айқындалатын, салық кезеңінің соңына өтелмеген шығындардың қалдығы көрсетіледі.

21. Пайдалы қазбалардың кодтары қоса беріліп отырған пайдалы қазбалар тізбесіне сәйкес көрсетіледі:

| | |
|---|---|
| 0001 | Сутегі |
| 0002 | Гелий |
| 0003 | Литий |
| 0004 | Берилий |
| 0005 | Бор |
| 0006 | Көміртегі |
| 0007 | Азот |
| 0008 | Оттегі |
| 0009 | Фтор |
| 0010 | Неон |
| 0011 | Натрий |
| 0012 | Магний |
| 0013 | Алюминий |
| 0014 | Кремний |
| 0015 | Фосфор |
| 0016 | Күкірт |
| 0017 | Хлор |
| 0018 | Аргон |
| 0019 | Калий |
| 0020 | Кальций |
| 0021 | Скандий |
| 0022 | Титан |
| 0023 | Ванадий |
| 0024 | Хром |
| 0025 | Марганец |
| 0026 | Темір |

0027 Кобальт
0028 Никель
0029 Мыс
0030 Мырыш
0031 Галлий
0032 Германий
0033 Күшән
0034 Селен
0035 Бром
0036 Криптон
0037 Рубидий
0038 Стронций
0039 Иттрий
0040 Цирконий
0041 Ниобий
0042 Молибден
0043 Технеций
0044 Рутений
0045 Родий
0046 Палладий
0047 Күміс
0048 Кадмий
0049 Индий
0050 Қалайы
0051 Сүрме
0052 Теллур
0053 Йод
0054 Ксенон
0055 Цезий
0056 Барий
0057 Лантан
0058 Гафний
0059 Тантал
0060 Вольфрам
0061 Рений
0062 Осмий
0063 Иридий
0064 Платина
0065 Алтын

0066 Сынап
0067 Таллий
0068 Қорғасын
0069 Висмут
0070 Полоний
0071 Астат
0072 Радон
0073 Франций
0074 Радий
0075 Актиний
0076 Резерфодий
0077 Дубний
0078 Сиборгий
0079 Борий
0080 Хассий
0081 Майтнерий
0082 Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083 Қалыптық құмдар
0084 Алаптық шпат
0085 Пегматит
0086 Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087 Әктас
0088 Доломит
0089 Әктасты-доломит жыныстары
0090 Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091 Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092 Отқа төзімді саздар
0093 Каолин
0094 Вермикулит
0095 Ас тұзы
0096 Жергілікті құрылыс материалдары
0097 Вулкандық кеуек жыныстары
0098 Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099 Әйнек тәріздес жыныстар
0100 Перлит
0101 Обсидиан
0102 Малта тас
0103 Қиыршық тас
0104 Гипс

0105 Қиыршық тас-құм аралас
0106 Гипсті тас
0107 Ангидрит
0108 Гажа
0109 Саз
0110 Саз жыныстар (балқуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111 Әкбор
0112 Мергель
0113 Мергельді-әкбор жыныстары
0114 Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115 Кварцты-алап шпат жыныстары
0116 Гранит
0117 Диабаз
0118 Мәрмар
0119 Базальт
0120 Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121 Тоқпақ тас
0122 Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123 Құмдық
0124 Табиғи пигменттер
0125 Ұлу тас
0126 Жер асты сулары
0127 Мұнай
0128 Газ
0129 Мұнайгаз конденсаты
0130 Басқалар

---

*РҚАО-ның ескертуі: 530.00, 530.01, 530.02, 530.03 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есебі Ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының

2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Үстеме пайда салығы бойынша декларация жасау ережелері**
**(540.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызметтің нәтижесі бойынша үстеме пайда салығын жер қойнауын пайдаланушыларға есептеуіне арналған Үстеме пайда салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Кодекстің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті тор көздері толтырылмайды.

5. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) қағаз тасығышта почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде не электрондық почта бойынша салық төлеуші Кодекстің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электронды почта бойынша алады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

**2. Декларацияны жасау (540.00-нысан)**

7. Осы нысан Салық кодексінің 48-тарауына сәйкес салық кезеңі үшін төлеуге жататын үстеме пайда салығының сомасын көрсетуге арналған.

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. ЭҚЖЖ қызмет түрлерінің тиісті коды көрсетіледі.

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне байланысты тиісті тор көз көрсетіледі.

"Бастапқы" тор көз, егер Декларацияны салық төлеуші қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін бірінші рет берілген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде "Кезекті" белгісі қойылады.

Бұрын берілген Декларацияға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезіне "Қосымша" торкөзінде белгі қойылады.

Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша салық органы анықтаған жолсыздықтарды жойғанда "Хабарлама бойынша" тор көзі белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату немесе қайта құру кезінде салық органына берілетін соңғы Декларацияда "Тарату" тор көзі белгіленеді.

6) валюта коды;

7) келісім-шарттың толық атауы;

8) Қазақстан Республикасының Құзыретті органымен келісім-шартты жасау күні;

9) Құзыретті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі.

9. "2004 жылға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша үстеме пайда салығы есептелді" бөлімінде:

1) 540.00.001 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттың шегінен шығатын қызметті жүзеге асырмаған жағдайда осы сома Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияның 100.00.023 жолына тең болуы керек;

2) 540.00.002 жолында келісім-шарт бойынша қызмет шегіндегі есепті салық кезеңі үшін күрделі шығындар бойынша жүргізілген деректер көрсетіледі;

3) 540.00.003 жолында келісім-шарт шегінде жүргізілген күрделі шығындар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

4) 540.00.004 жолында несие қаражаттары бойынша салық кезеңі үшін есептелген проценттер сомасы көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт шегінен шығатын қызметті жүзеге асырған жағдайда, осы жол Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация 100.00.025 жолына тең болуы керек;

5) 540.00.005 жолында келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша берілген жеңілдіктер мен болған залалдарды ескеріп салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

6) 540.00.006 жолында келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет

бойынша есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 540.00.007 жолында 540.00.005 және 540.00.006 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, корпорациялық табыс салығын төлегеннен кейін кіріс сомасы көрсетіледі;

8) 540.00.008 жолында келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша төленген дивидендтер бойынша ұстап қалған салық сомасы төленеді;

9) 540.00.009 жолында өткен салық кезеңі үшін төленген үстеме пайда салығының сомасы көрсетіледі;

10) 540.00.010 жолында 540.00.007 және 540.00.008 және 540.00.009 жолдарының арасынан алынған айырым ретінде айқындалатын Таза кірістің сомасы көрсетіледі;

11) 540.00.011 жолында 540.00.010, 540.00.003 және 540.00.004 жолдарының сомасы алу 540.00.002 жолы ретінде айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағысының сомасы көрсетіледі;

12) 540.00.012 жолында Салық кодексінің 307-бабына сәйкес есептелген пайданың ішкі нормасының (ПІН) коэффициенті көрсетіледі;

13) 540.00.013 жолында Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген тиісті салық кезеңіне инфляцияның индексі көрсетіледі;

14) 540.00.014 жолында инфляцияның жылдық индексіне түзетілген, 540.00.011 және 540.00.013 жолдарының туындысы ретінде есептелген ақша ағысы көрсетіледі;

15) 540.00.013 жолында инфляцияның индексіне түзетуді ескере отырып пайданың ішкі нормасының коэффициенті көрсетіледі;

16) 540.00.013 жолында Салық кодексінің 308-бабына сәйкес айқындалған үстеме пайда салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

17) 540.00.013 жолында 540.00.010 және 540.00.016 жолдарының туындысы ретінде есептелген тиісті салық кезеңі үшін төлеуге есептелген үстеме пайда салығының тиісті сомасы көрсетіледі;

10. "2004 жылдан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша үстеме пайда салығы есептелді" бөлімінде:

1) 540.00.001 жолында корпорациялық табыс салығын және таза кіріске салықты төлегеннен кейінгі жер қойнауын пайдаланушының таза кірісінің сомасы көрсетіледі;

2) 540.00.002 жолында Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияның 100.00.037 жолында көрініс тапқан шегерімдердің 20 проценттік сомасы көрсетіледі;

3) 540.00.003 жолында 540.00.001 және 540.00.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шешерімдер сомасының 20 процентінен асатын жер

қойнауын пайдаланушының таза кірісінің сомасы көрсетіледі;

4) 540.00.004 жолында таза кірістің бөлігін түзету сомасы көрсетіледі: қазақстандық кадрларды оқытуға жұмсалған нақты шығындар және/немесе тіркелген активтердің өсімінен, алайда салық салынатын соманың 10 процентінен артық емес көрсетіледі;

5) 540.00.005 жолында 540.00.003 және 540.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын таза кірістің салық салынатын сомасы көрсетіледі;

6) 540.00.006 жолында үстеме пайда салығының ставкасы көрсетіледі;

7) 540.00.007 жолында 540.00.005 және 540.00.006 жолдарының туындысы ретінде есептелген үстеме пайда салығы көрсетіледі.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 540.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Өндіру бонусы бойынша Декларацияны жасау ережелері (550.00-нысан)**
**(Салық кодексін енгізуге дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша салық режимінің тұрақтылығы нормаларына сәйкес салық төлеуші жасайды)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 282-бабына сәйкес әзірленген және өндіру бонусын есептеуге арналған Өндіру бонусы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес

толтырылады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті ұяшығы толтырылмайды.

4. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде не электрондық почта бойынша салық төлеуші Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электронды почта бойынша алады.

5. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (550.00-нысан)

6. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі.

Салық кезеңі айдың рет нөміріне немесе тоқсанның рет нөміріне сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі. Егер айдың нөмірі екі белгіден кем болса, онда ол оң жақ ұяшықта көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне байланысты тиісті ұяшық көрсетіледі.

"Бастапқы" ұяшығы, егер Декларацияны салық төлеуші қызметін жүзеге асыруды бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде "Кезекті" белгісі қойылады.

Бұрын берілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде "Қосымша" ұяшығына белгі қойылады.

Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша салық органы анықтаған жолсыздықтарды жойғанда "Хабарлама бойынша" ұяшығы белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату немесе қайта құру кезінде салық органына берілетін соңғы Декларацияда "Тарату" ұяшығы белгіленеді;

6) жасалынған келісім-шарт шарттарына сәйкес валюта коды.

7. "Төленуге жататын өндіру бонусы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына 550.01 қосымшада көрсетілген Құзыретті орган берген келісім-шарттың тиісті тіркелу нөмірі ауыстырылады;

3) С бағанына 550.01.004 жолында көрсетілген өндіру бонусының сомасы ауыстырылады.

**3. 550.01 нысанын жасау - жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша өндіру бонусын есептеу**

8. Осы нысан әрбір жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша есепті салық кезеңі үшін өндіру бонусын есептеу жөніндегі ақпаратты көрсетуге арналған.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін есепті салық кезеңі;

3) келісім-шарттың атауы;

4) келісім-шарттың Қазақстан Республикасының Құзыретті органы берген тіркелу нөмірі;

5) өлшем бірлігі (тонна, шаршы.м, унция, грамм және т.б.).

10. "Төленуге жататын бонус" бөлімінде:

1) 550.01.001 жолында келісім-шарт бойынша пайдалы қазбаны өндірудің қол жеткізілген жинақталған көлемі көрсетіледі;

2) 550.01.002 жолында өндірілген пайдалы қазбалардың нақты құны көрсетіледі;

3) 550.01.003 жолында жер қойнауын пайдалану келісім-шартымен белгіленген өндіру бонусының ставкасы көрсетіледі;

4) 550.01.004 жолында Құзыретті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес бюджетке төленуге жататын өндіру бонусының сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 550.00, 550.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы

N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер жөніндегі Декларацияны жасау ережелері (560.00-нысан) (Салық кодексін енгізуге дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша салық режимінің тұрақтылығы нормаларына сәйкес салық төлеуші жасайды)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 282-бабына сәйкес әзірленген және өндіру бонусын есептеуге арналған Өндіру бонусы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті ұяшығы толтырылмайды.

4. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде не электрондық почта бойынша салық төлеуші Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электронды почта бойынша алады.

5. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

**2. Декларацияны жасау (550.00-нысан)**

6. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі.

Салық кезеңі айдың рет нөміріне немесе тоқсанның рет нөміріне сәйкес

келетін араб сандарымен көрсетіледі. Егер айдың нөмірі екі белгіден кем болса, онда ол оң жақ ұяшықта көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне байланысты тиісті ұяшық көрсетіледі.

"Бастапқы" ұяшығы, егер Декларацияны салық төлеуші қызметін жүзеге асыруды бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде "Кезекті" белгісі қойылады.

Бұрын берілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде "Қосымша" ұяшығына белгі қойылады.

Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша салық органы анықтаған жолсыздықтарды жойғанда "Хабарлама бойынша" ұяшығы белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату немесе қайта құру кезінде салық органына берілетін соңғы Декларацияда "Тарату" ұяшығы белгіленеді;

6) жасалынған келісім-шарт шарттарына сәйкес валюта коды.

7. "Төленуге жататын тарихи шығындар есептелді" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына 560.01 қосымшада көрсетілген Құзыретті орган берген келісім-шарттың тиісті тіркелу нөмірі ауыстырылады.

3) С бағанына 560.01.001 жолында көрсетілген тарихи шығындардың сомасы ауыстырылады.

### 3. 560.01 нысанын жасау - Жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша тарихи шығындарды есептеу

8. Осы нысан әрбір жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша есепті салық кезеңі үшін тарихи шығындарды есептеу жөніндегі ақпаратты көрсетуге арналған.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін есепті салық кезеңі;

3) келісім-шарттың толық атауы;

4) Қазақстан Республикасының Құзыретті органымен келісім-шарт жасасу күні;

5) Келісім-шарттың Құзыретті орган берген тіркелу нөмірі.

10. "Төленуге жататын тарихи шығындар" бөлімінде:

560.00.001 жолында Құзыретті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес

бюджетке төленуге жататын тарихи шығындардың сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 560.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есебі ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық бойынша декларацияны жасау ережесі (570.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық бойынша декларацияны жасау (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (570-нысан) және экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық бойынша салық салу объектілері туралы ақпаратты ашуға оған қосымшалардан (570.01-тен 570.02 нысандар бойынша) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам не қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысанның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" белгісімен белгіленеді.

7. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде ия болмаса электрондық почта бойынша электрондық түрде Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес - салық төлеуші Декларацияны қабылдағаны (жеткізгені) туралы хабарламаны салық органында ия болмаса электрондық почта бойынша алады.

8. Қосымшалар (570.01-тен 570.02 нысандар бойынша) толтырылғанда "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

## 2. Декларацияны жасау (570.00-нысан)

9. 570.00-нысаны Салық кодексінің 47-1 тарауына сәйкес есепті салық кезеңі ішінде экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық бойынша сомаларды көрсетуге арналған.

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы немесе жеке тұлғаның аты жөні;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрінің тиісті коды көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларация салық төлеушінің мемлекеттік тіркеуден соң алғаш рет тапсырғанда белгіленеді.

Декларация одан кейін тапсырылғанда "кезекті" торкөзі белгіленеді;

Бұрын тапсырылған декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде "қосымша" торкөзі белгіленеді.

Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша салық органы анықтаған жолсыздықтарды жойғанда "Хабарлама бойынша" тор көзі белгіленеді.

Салық органына берілетін соңғы Декларацияда салық төлеушіні тарату немесе қайта құру кезінде "Тарату" тор көзі белгіленеді.

6) валюта коды;

7) келісім-шарттың атауы;

8) Қазақстан Республикасының Құзыретті органымен келісім-шартты жасасу

к ү н і ;

9) Құзыретті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі;

10) тапсырылған қосымшалар. Тапсырылған тиісті қосымшалар белгіленеді;

11) келісім-шарт бойынша өндірілген пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі ( тонна және шаршы м.) көрсетіледі.

Бұл нысан Салық кодексінің 47-1 тарауына сәйкес есепті салық кезеңі ішінде төленуге тиісті экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық бойынша сомаларды көрсетуге арналған.

11. "Экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық есептелді" б ө л і м і н д е :

1) 570.01.001 жолында есепті салық кезеңі ішінде экспортқа сатылған шикі мұнайдың жалпы көлемінің құны көрсетіледі;

2) 570.01.002 жолында есепті салық кезеңі ішінде экспортқа сатылатын шикі мұнайдың сапалық сипатымен байланысты оң (теріс) айырмасының сомасы көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайының сапалық сипатының көрсеткіші магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай қоспаларының көрсеткіштерінен жоғары болған жағдайда, онда ұсынылған үстеме бағаның (оң айырмасының) бұл сомасы 570.01.001 жолында көрсетілген сомамен жиынтықталады. Егер жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайының сапалық сипатының көрсеткіші магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай қоспаларының көрсеткіштерінен төмен болған жағдайда, онда ұсынылған үстеме бағаның (Егер жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайының сапалық сипатының көрсеткіші магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай қоспаларының көрсеткіштерінен төмен болған жағдайда, онда ұсынылған үстеме бағаның (оң айырмасының) бұл сомасы 570.01.001 жолында көрсетілген сомамен жиынтықталады.) бұл сомасы 570.01.001 жолында көрсетілген сомадан ш е г е р і л е д і .

3) 570.01.003 жолында оң немесе теріс айырмасына байланысты, 570.00.001 және 570.00.002 жолдарының сомасы болмаса айырмасы ретінде айқындалатын экспортқа сатылған шикі мұнайдың жалпы көлемінің құны көрсетіледі;

4) 570.01.004 жолында шикі мұнайды экспортқа сатумен байланысты ш ы ғ ы н д а р к ө р с е т і л е д і ;

5) 570.01.005 жолында 570.00.003 және 570.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс көрсетіледі;

6) 570.01.006 жолында Салық кодексінің 304-4-бабына сәйкес экспортқа сатылған шикі мұнайдың биржалық бағасы деңгейінде тұрақталған нақты бағаға сәйкес келетін экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салық ставкасы к ө р с е т і л е д і ;

7) 570.01.007 жолында 570.00.005 және 570.00.006 жолдарының туындысы ретінде есептелетін экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салықтың сомасы көрсетіледі.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

**3. Экспортқа шикі мұнайды сатудан салық салу базасын айқындау - 570.01 нысанын жасау**

13. Бұл нысан есепті салық кезеңі ішінде экспортталатын шикі мұнайға арналған ренталық салығын есептеу бойынша салық салу базасын айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

14. "Экспортқа шикі мұнайды сату көлемі" бөлімі бес бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында өнімді алушы көрсетіледі;

3) С бағанында экспортқа сатылған шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында экспортқа сатылған шикі мұнайдың нарықтық бағасы көрсетіледі. Сатылатын шикі мұнайдың нарықтық бағасы есепті кезеңде (күн сайын) халықаралық шикі мұнай сауда-саттығында сатылатын, мұнайдың неғұрлым ұқсас сортын іріктеуге қатысты нарықтағы сату бағасынан басым орташа өлшемді баға ретінде қалыптасады.

5) Е бағанында экспортқа шикі мұнайды сатудан кіріс көрсетіледі.

**4. Экспортқа сатылған шикі мұнайдың құнын айқындау кезіндегі шегерімге жатқызылған шығындар - 570.02 нысанын жасау**

15. Бұл нысан есепті салық кезеңі ішінде экспортталатын шикі мұнайды сатумен байланысты шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

16. "Шегерімге жататын шығындар" бөлімі үш бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шығыстардың баптары бөлігінде есепті салық кезеңі үшін экспортталатын шикі мұнайды сатумен байланысты шығыстар көрсетіледі. Бұл ретте экспортталатын шикі мұнайды тасымалдау бойынша шығындар магистральды құбыр, темір жол арқылы тасымалданатын шығындар бойынша және сақтандырумен байланысты шығындарды жиынтықтау жолымен айқындалатын көлік шығыстарының жалпы сомасын өзіне қосады;

3) С бағанында экспортталатын шикі мұнайды сатумен байланысты шығындар сомасы көрсетіледі.

570.02.001 жолының шамасы 570.00.004 жолына көшіріледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 570.00, 570.01, 570.02 графикалық нысандары Деректер*

*базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Әлеуметтік салық бойынша декларацияны жасау ережелері (600.00-Нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 11-тарауына сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 121-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, қозғалыс тірек аппараттары бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер мен мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Салық кодексінің 177-бабына сәйкес тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер әлеуметтік салықты есептеу және уақтылы төлеуге арналған Әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (600.00-нысан) және әлеуметтік салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (600.01 және 600.02 нысандар) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінде" Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінде" көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

7. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

9. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері Салық кодексінің 315-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алады. Құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алатын заңды тұлға осындай шешімді қабылдау туралы бас ұйымның және құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органдарын хабардар етеді (немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма береді). Көрсетілген құрылымдық бөлімшелер Декларацияны дербес тапсырады. Заңды тұлға Декларацияны тапсыру кезінде мұндай құрылымдық бөлімшелер туралы деректерді қамтымайды.

## 2. Декларацияны жасау (600.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі. Декларацияны беру үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - к е с т е

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |

Кестенің жалғасы

| оның ішінде: қосалқы сауда | (басқа да) қызмет түрлері аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
|---|---|---|---|---|
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация

табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді. 600.01-қосымша жыл қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге беріледі.

8) 600.02-қосымшалардың саны.

Заңмен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасымен жасалынған келісім-шарттардың санына сәйкес келетін 600.02 қосымшалар саны көрсетіледі.

9) құрылымдық бөлімшелер бар ма. Құрылымдық бөлімшелердің бар, жоқтығына қарай тиісті ұяшық белгіленеді;

10) қызметкерлердің саны.

Әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық персоналдың шетелдік мамандарын (бұдан әрі - шетелдік мамандар-қызметкерлер) қоса отырып, қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі.

11. "Салық кодексінің 317-бабының 1-тармағымен белгіленген ставканы қолданып есептелген сома әлеуметтік салық" бөлімінде:

600.00.001A, 600.00.001B және 600.00.001C жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

600.00.001D жолында 600.00.001A, 600.00.001B және 600.00.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.00.001E жолында Есепті салық кезеңі декларациясының 600.00.001D және өткен кезең үшін декларацияның 600.00.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

12. "Салық кодексінің 317-бабының 2-тармағында белгіленген ставканы қолданып есептелген әлеуметтік салық" бөлімінде:

600.00.002A, 600.00.002B және 600.00.002C жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

600.00.002D жолында 600.00.002A, 600.00.002B және 600.00.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.00.002E жолында Есепті салық кезеңі декларациясының 600.00.002D және өткен кезең үшін декларацияның 600.00.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

13. "Келісім-шарттарға сәйкес есептелген әлеуметтік салық" бөлімінде:

600.00.003A, 600.00.003B және 600.00.003C жолдарында келісім-шарттарға сәйкес есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айларына есептелген әлеуметтік салық сомасы

көрсетіледі.

600.00.003D жолында 600.00.003A, 600.00.003B және 600.00.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.00.003E жолында Есепті кезең декларациясының 600.00.008D және Бұрынғы кезең үшін декларацияның 600.00.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, әлеуметтік салықтың жыл басынан бергі сомасы көрсетіледі.

14. "Әлеуметтік салықты төлеуге есептелген әлеуметтік жәрдемақылар":

1) 600.00.004A, 600.00.004B және 600.00.004C жолдарында 1998 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін жұмыс берушінің уақытша жұмысқа қабілетсіздігі, жүктілік және босану, бала тууы, жерлеу кезіндегі есептеген жәрдемақылары, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӘСҚ) төленген сомалар көрсетілген қорға аударымдардан артық болуы нәтижесінде қалыптасқан теріс сальдо қалдықтары көрсетіледі.

600.00.004A, 600.00.004B және 600.00.004C жолдарына Есепті кезең декларациясының 600.00.007C және бұрынғы кезең үшін декларацияның 600.00.007A және 600.00.007B жолдарында сәйкесінше көрсетілген сома көшіріледі;

2) 600.00.005A, 600.00.005B және 600.00.005C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалатын әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелетін әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

3) 600.00.006A, 600.00.006B және 600.00.006C жолдарында 600.00.004 және 600.00.005 жолдарының сомасына сәйкес келетін шаманың ең азы ретінде айқындалатын, сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

600.00.006D жолында 600.00.006A, 600.00.006B және 600.00.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

600.00.006E жолында Есепті кезең декларациясының 600.00.006D және Өткен кезең үшін декларацияның 600.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

4) 600.00.007A, 600.00.007B және 600.00.007C жолдарында 600.00.004 және 600.00.006 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін келесі есепті айға көшірілетін, МӘСҚ-ға есептелген аударымдар сомасынан, есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасынан асуы көрсетіледі.

15. "Әлеуметтік салық - барлығы" бөлімінде:

600.00.008A, 600.00.008B және 600.00.008C жолдарында 600.00.006 жолында көрсетілген сомаға азайтылған 600.00.001, 600.00.002, 600.00.003 жолдарына сәйкес келетін сома ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

600.00.008D жолында 600.00.008A, 600.00.008B және 600.00.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

600.00.008E жолында Есепті кезең декларациясының 600.00.008D және Өткен кезең үшін декларацияның 600.00.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

## 3. Жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесі - 600.01 нысанын жасау

16. Осы нысан жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесін көрсетуге арналған. Жылдың қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі.

17. "Төлемдер түрлері" бөлімінде:

1) 600.01.001 - 600.01.016 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынатын төлемдер түрлері бойынша сомалар көретіледі;

2) 600.01.017 - 600.01.041 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдер түрлері бойынша сомалар көретіледі;

3) 600.01.017 - 600.01.018 жолдарда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес есептелген міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары көретіледі;

4) 600.01.019, 600.01.025, 600.01.027, 600.01.028 және 600.01.040 жолдарда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі.

5) 600.01.021 жолында Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтаған, штат саны қысқарған немесе жұмысшылар әскери қызметке шақырылған кезде жеке еңбек шартын бұзу кезінде төленетін өтемақылар сомасы көрсетіледі;

6) 600.01.022 жолында Салық кодексі 144-бабының 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар мөлшері көрсетіледі;

7) 600.01.023 жолында қызметкерлерге төлемдерінің әрбір түрі үшін

белгіленген 50-еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен айқындалған шек көрсетіледі:

медициналық қызмет көрсетулерді төлеу үшін, бала туған кезде;

жерлеуге;

8) 600.01.024 жолында Экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

9) 600.01.026, 600.01.031, 600.01.032, 600.01.033, 600.01.034 және 600.01.035 жолдарда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

10) 600.01.029 жолында Салық кодексі 144-бабының 1-тармағының 26) тармақшасына сәйкес төленетін төлемдер мөлшері көрсетіледі;

11) 600.01.038 жолында мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер көрсетіледі. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемді әлеуметтік салықтан босату үшін растау шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) немесе халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім-шарт) болып табылады.

12) 600.01.042 жолында 600.01.001 - 600.01.016 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі;

13) 600.01.043 жолында 600.01.017 - 600.01.041 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі.

## 4. Келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің әлеуметтік салықты есептеуі - 600.02 нысанын жасау

18. Осы нысан заңдармен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар (бұдан әрі - келісім-шарттар) бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілер әлеуметтік салықты есептеулері үшін арналған.

19. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 3-тармақта шетелдік мамандар-қызметкерлерді және шетелдік жұмысшылар - қызметкерлерді бөлек көрсете отырып қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;

2) 4-тармақта келісім-шарттың реквизиттері көрсетіледі: келісім шарттың нөмірі мен жасалған күні;

3) 5-тармақта тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш көрсетіледі.

20. "Қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" бөлімінде:

Бұл бөлім шетелдік мамандар-қызметкерлерді және шетелдік жұмысшылар - қызметкерлерді қоспағанда қызметкерлер үшін әлеуметтік салықты есептеуге арналған.

1) 600.02.001A, 600.02.001B және 600.02.001C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айларына сәйкес қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.001D жолында 600.02.001A, 600.02.001B және 600.02.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.001E жолында есепті кезеңнің 600.02.002D қосымшасы жолдарының және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02.001E қосымша жолдарының сомасы ретінде айқындалатын қызметкерлердің жыл басынан бергі табысы көрсетіледі;

2) 600.02.002A, 600.02.002B және 600.02.002C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін тиісінше әлеуметтік салық ұсталмайтын қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.002D жолында 600.02.002A, 600.02.002B және 600.02.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық салынбайтын қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.002E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.002D жолдарының және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын қызметкерлердің жыл басынан бергі әлеуметтік салық салынбайтын табысы көрсетіледі;

3) 600.02.003A, 600.02.003B және 600.02.003C жолдарында 600.02.001 және 600.02.002 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін салық салынатын кірістері көрсетіледі.

600.02.003D жолында 600.02.003A, 600.02.003B және 600.02.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін салық салынатын кіріс көрсетіледі.

600.00.003E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.003D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі салық салынатын кіріс көрсетіледі;

4) 600.02.004A, 600.02.004B және 600.02.004C жолдарында келісім-шартқа сәйкес белгіленген қызметкерлер үшін әлеуметтік салық ставкасы көрсетіледі;

5) 600.02.005A, 600.02.005B және 600.02.005C жолдарында 600.00.003 және 600.00.002 жолдарының сомасын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген, қызметкерлер үшін әлеуметтік салық сомасы

көрсетіледі.

600.02.005D жолында 600.02.005A, 600.02.005B және 600.02.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.005E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.005D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

21. "Шетелдік мамандар-қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" бөлімінде:

600.02.007A, 600.02.007B және 600.02.007C жолдарында 600.02.006 жолында белгіленген әлеуметтік салық мөлшеріне және "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінің" 5-тармағында айқындалған айлық есептік көрсеткішке көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.007D жолында 600.02.007A, 600.02.007B және 600.02.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.007E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.00.006D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

22. "Шетелдік жұмысшылар - қызмсеткерлер үшін әлеуметтік салықтар" бөлімінде:

600.02.009A, 600.02.009B және 600.02.009C жолдарында 600.02.008 жолында белгіленген әлеуметтік салық мөлшеріне және "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінің" 5-тармағында айқындалған айлық есептік көрсеткішке көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.009D жолында 600.02.009A, 600.02.009B және 600.02.009C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.009E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.009D және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанның 600.02.009E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

23. "Әлеуметтік салық - барлығы" бөлімінде:

600.02.010A, 600.02.010B және 600.02.010C жолдарында 600.02.005, 600.02.007 және 600.02.009 жолдарының сомасына сәйкес айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомалары көрсетіледі.

600.02.010D жолында 600.02.010A, 600.02.010B және 600.02.010C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.010E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.010D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 600.00, 600.01, 600.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есебін жасау ережелері (601.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 11-бөліміне сәйкес әзірленген және құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері бойынша әлеуметтік салықты есептеуге арналған Құрылымдық бөлімшелері бойынша әлеуметтік салық есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп Есептің өзінен (601.00-нысан) және Есептің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша нысаннан және әлеуметтік салық салу объектісі туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшадан (601.01) тұрады.

3. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері

т о л т ы р ы л м а й д ы .

6. Қосымшалар мен қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген салық төлеуші-заңды тұлғаның тиісті деректері көрсетіледі.

7. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

8. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есеп жасау (601.00-нысан)

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеуші-заңды тұлғаның тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін есепті кезең. Есепті беру үшін есепті кезең болып есепті тоқсан табылады. Есепті кезең араб цифрларымен көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеуші-заңды тұлғаның толық атауы;

4) салық төлеуші-заңды тұлғаның орналасқан жері;

5) филиалдар/өкілдіктер бойынша берілген қосымшалардың саны;

6) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер Есеп салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

Одан кейінгі есепті беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген есепке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады.

10. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 601.00.001 жолында заңды тұлға бойынша есептелген салықтың сомасы көрсетіледі. Осы жолға 600.00.008 жолында немесе 610.00.011 немесе 640.00.016 жолында көрсетілген сомалар көшіріледі;

2) 601.00.002 жолында бас ұйым үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

3) 601.00.003 жолында 601.01 барлық нысандарының 601.01.001 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын филиал мен өкілдік үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі.

11. 601.00.003 жолына қосымша нысан әрбір филиал/өкілдік үшін есептелген әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

12. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

1) 00001C жолында барлық филиал/өкілдіктер бойынша әлеуметтік салықтың жиынтық сомасы көрсетіледі;

2) A бағанында рет нөмірі қойылады;

3) B бағанында филиал/өкілдіктің СТН-і көрсетіледі;

4) C бағанында филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

5) D бағанында филиал/өкілдік үшін салық төлеген орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

## 3. Филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салық есебі - 601.01-нысанын жасау

13. Осы нысан салық төлеушінің филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салықты есептеуіне арналған. Нысан әрбір филиал/өкілдік бойынша жеке жасалады.

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-тармақта филиал/өкілдік СТН-і көрсетіледі;

2) 3-тармақта филиал/өкілдік атауы көрсетіледі;

3) 5-тармақта филиал/өкілдікті тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

15. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

601.01.001A, 601.01.001B және 601.01.001C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін филиал/өкілдік бойынша есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

601.01.001D жолында 601.01.001A, 601.01.001B және 601.01.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

601.01.001E жолында есепті кезеңнің 601.01 нысаны 601.01.001D және

бұрынғы есепті кезең үшін 601.01 нысаны 601.01.001Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

_____

*РҚАО-ның ескертуі: 601.00, 601.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Әлеуметтік салық бойынша декларация жасау ережелері**
**(610.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 11-бөліміне сәйкес мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты есептеуге және уақтылы төлеуге арналған әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (бұдан әрі - 610.00-нысан) және әлеуметтік салықты салу объектісі туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшадан (610.01 нысаннан) тұрады.

3. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

6. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

7. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

9. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері Салық кодексінің 315-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алады. Құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алатын мемлекеттік мекеме осындай шешімді қабылдау туралы бас ұйымның және құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органдарын хабардар етеді (немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма береді). Көрсетілген құрылымдық бөлімшелер Декларацияны дербес тапсырады. Мемлекеттік мекеме Декларацияны тапсыру кезінде мұндай құрылымдық бөлімшелер туралы деректерді қамтымайды.

**2. Декларация жасау (610.00-нысан)**

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі. Декларацияны беру үшін салық кезеңі болып есепті тоқсан табылады. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі;

3) құрылтайшы құжаттарға сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ коды көрсетіледі;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама

бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады;

7) Табыс етілген қосымша. Қосымша жылдың қорындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі;

8) құрылымдық бөлімшелері бар ма. Құрылымдық бөлімшелердің бар болуына байланысты тиісті торкөз белгіленеді;

9) қызметкерлер саны.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа қабылданған тұлғалар саны көрсетіледі.

11. "Әлеуметтік салықты есептеу" бөлімінде:

1) 610.00.001A, 610.00.001B және 610.00.001C жолдарында Салық кодексінің 317-бабы 1-тармағына сәйкес есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

610.00.001D жолында 610.00.001A, 610.00.001B және 610.00.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

610.00.001E жолында есепті кезеңнің Декларациясы 610.00.001D және бұрынғы кезең үшін Декларацияның 610.00.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

2) 610.00.002A, 610.00.002B және 610.00.002C жолдарында жұмыс берушімен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӘСҚ) төленген уақытша еңбекке қабілетсіздік, жүкті және босану, баланың туылуы кезінде, жерлеу бойынша жәрдемақылар сомаларының есептелген сомалардан есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларының басына сәйкес көрсетілген қорға есептелген аударылған сомадан асып кетуі нәтижесінде 1998 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайда болған теріс сальдо қалдықтары көрсетіледі.

610.00.002A, 610.00.002B және 610.00.002C жолдарына бұрынғы есепті кезең үшін Декларацияның 610.00.005C, есепті кезең Декларациясының 610.00.005A және 610.00.005B тиісті жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

3) 610.00.003A, 610.00.003B және 610.00.003C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларына Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалатын әлеуметтік салықты төлеу есебіне есепке жатқызылған, есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың МӘСҚ аударуға есептелген сомалардан асып кету сомалары көрсетіледі;

4) 610.00.004A, 610.00.004B және 610.00.004C жолдарында 610.00.002 және 610.00.003 жолдарының сомаларына сәйкес ішіндегі ең кіші шама ретінде

айқындалатын сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне есепке жатқызылған есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың МӘСҚ есептеліп аударылған сомадан асып кету сомалары көрсетіледі;

5) 610.00.005A, 610.00.005B және 610.00.005C жолдарында 610.00.002 және 610.00.004 жолдарына тиісті сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін келесі есепті айға көшірілетін есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың МӘСҚ есептеліп аударылған сомадан асып кету сомалары көрсетіледі;

6) 610.00.006A, 610.00.006B және 610.00.006C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі;

7) 610.00.007A, 610.00.007B және 610.00.007C жолдарында Салық кодексінің 320-бабының 2-тармағына сәйкес көшірілетін әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі.

610.00.007A, 610.00.007B және 610.00.007C жолдарына сәйкесінше бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 610.00.007C және есепті кезең Декларациясының 610.00.010A және 610.00.010B жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

8) 610.00.008A, 610.00.008B және 610.00.008C жолдарында 610.00.006 және 610.00.007 жолдарына сәйкес келетін сомалар ретінде айқындалатын есепті кезеңде есептелген және бұрынғы кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларынан көшірілген әлеуметтік жәрдемақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

9) 610.00.009A, 610.00.009B және 610.00.009C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін 610.00.001 және 610.00.004 жолдарына тиісті сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын есептелген әлеуметтік салық шегінде әлеуметтік салықты азайтуға жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі.

610.00.009D жолында 610.00.009A, 610.00.009B және 610.00.009C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықты азайтуға жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі.

610.00.009E жолында есепті салық кезеңінің Декларациясы 610.00.009D және бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 610.00.009E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап, әлеуметтік салықты азайтуға жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі;

10) 610.00.010A, 610.00.010B және 610.00.010C жолдарында 610.00.008 және 610.00.009 жолдарына сәйкес келетін сомалардың айырма ретінде айқындалатын, сәйкесінше есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айларына көшірілетін

әлеуметтік жәрдемақылардың сомасы көрсетіледі;

11) 610.00.011A, 610.00.011B және 610.00.011C жолдарында 610.00.001, 610.00.004 және 610.00.009 жолдарына сәйкес сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

610.00.011D жолында 610.00.011A, 610.00.011B және 610.00.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

610.00.011E жолында есепті кезеңнің Декларациясы 610.00.011D және бұрынғы кезең үшін Декларацияның 610.00.011E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

## 3. Жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесі - 610.01 нысанын жасау

12. Осы нысан жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесін көрсетуге арналған. Жылдың қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі.

13. "Төлемдер түрлері" бөлімінде:

1) 610.01.001 - 610.01.010 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынатын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

2) 610.01.011 - 610.01.031 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

3) 610.01.011 жолында Салық кодексінің 144-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көзделген төлемдер көрсетіледі;

4) 610.01.012, 610.01.019, 610.01.026 және 610.01.027 жолдарда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

5) 610.01.013 және 610.01.014 жолдарда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес есептелген міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

6) 610.01.015, 610.01.021, 610.01.023, 610.01.024 және 610.01.030 жолдарда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

7) 610.01.016 жолында Экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

8) 610.01.017 жолында қызметкерлерге төлемдерінің әрбір түрі үшін белгіленген 50-еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен айқындалған шек көрсетіледі:

медициналық қызмет көрсетулерді төлеу үшін, бала туған кезде, жерлеуге;

9) 610.01.018 жолында мемлекеттік кәсіпорындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар сомасы көрсетіледі;

10) 610.01.022 жолында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органды тарату немесе қайта ұйымдастыру, штатты (санын) қысқарту кезінде төленетін шығу жәрдемақысының сомалары көрсетіледі;

11) 610.01.028 жолында мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер көрсетіледі. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемді әлеуметтік салықтан босату үшін растау шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) немесе халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім-шарт) болып табылады;

12) 610.01.032 жолында 610.01.001 - 610.01.010 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі;

13) 610.01.033 жолында 610.01.011 - 610.01.031 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 610.00, 610.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Әлеуметтік салық бойынша**
**Декларация жасау ережелері (620.00-нысан)**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық Кодексі) 11-бөліміне сәйкес әзірленген және қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимінен басқа, арнайы салық режимін қолданатындарды қоспағанда жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардан, адвокаттардың (бұдан әрі - жеке тұлғалар) әлеуметтік салықты есептеуі мен уақтылы төлеуіне арналған Әлеуметтік салық бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (620.00-нысан)

7. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін есепті кезең. Декларацияны беру үшін есепті кезең есепті тоқсан болып табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі;

3) салық төлеушінің аты-жөні;

4) ЭҚЖЖ коды.

Жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде негізгі қызметінің ЭҚЖЖ кодын ғана көрсетеді.

Жеке нотариустар негізгі қызметінің ЭҚЖЖ коды - 74112, адвокаттар - 4111

деп көрсетеді;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) қызметкерлердің саны.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысқа қабылданған тұлғалар саны көрсетіледі;

8) айлық есептік көрсеткіш.

Қазақстан Республикасының заңнама актісімен жыл сайын бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі.

9) салық төлеушінің мәртебесі.

Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғалар - "Жеке кәсіпкер" ұяшығын белгілейді.

Жеке нотариус болып табылатын жеке тұлғалар - "Жеке нотариус" ұяшығын белгілейді.

Адвокат болып табылатын жеке тұлғалар - "Адвокат" ұяшығын белгілейді.

8. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 620.00.001A, 620.00.001B және 620.00.001C жолдарында Салық кодексінің 317-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын, сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін салық төлеуші өзі үшін төлейтін есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

620.00.001D жолында 620.00.001A, 620.00.001B және 620.00.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

620.00.001E жолында Есепті салық кезеңінің декларациясы 620.00.001D және

Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

2) 620.00.002A, 620.00.002B және 620.00.002C жолдарында сәйкесінше есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айлары үшін Кодекстің 317-бабындағы 3-тармаққа сәйкес әрбір қызметкер үшін салық төлеуші төлейтін есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

620.00.002D жолында 620.00.002A, 620.00.002B және 620.00.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

620.00.002E жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.002D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

3) 620.00.003A, 620.00.003B және 620.00.003C жолдарында 620.00.001 және 620.00.002 жолдарының сомасына сәйкес келетін сома ретінде айқындалатын, сәйкесінше, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген, әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

620.00.003D жолында 620.00.003A, 620.00.003B және 620.00.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

620.00.003E жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.003D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 620.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Әлеуметтік салық бойынша декларацияны жасау ережелері (630.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 65-тарауына сәйкес әзірленген және шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлердің әлеуметтік салықты есептеуі мен уақтылы төлеуіне арналған Әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Декларацияны жасау (630.00-нысан)

7. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі. Декларацияны беру үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы;

4) ЭҚЖЖ коды.

Жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын ғана көрсетеді;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш

рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) айлық есептік көрсеткіш.

Қазақстан Республикасының заңнама актісімен жыл сайын бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі.

8. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) А бағанында есепті кезеңнің 1 қаңтары - 1 қазаны кезеңі үшін айқындалатын көрсеткіштер көрсетіледі;

2) В бағанында есепті кезеңнің 1 қазаны - 31 желтоқсаны кезеңі үшін айқындалатын көрсеткіштер көрсетіледі;

3) С бағанында есепті кезең үшін айқындалатын көрсеткіштер көрсетіледі;

4) 630.00.001A, 630.00.001B және 630.00.001C жолдарында жұмыс істелген уақытына қарамастан тиісті кезең үшін шаруашылық басшысы мен мүшелерін қоса, шаруа (фермер) қожалықтары қызметкерлерінің саны көрсетіледі;

5) 630.00.002A, 630.00.002B және 630.00.002C жолдарында тиісті кезең үшін шаруа (фермер) қожалықтары қызметкерлерінің жұмыс істелген (адам - ай) айларының жалпы саны көрсетіледі;

6) 630.00.003A, 630.00.003B және 630.00.003C жолдарында тиісті кезең үшін Салық кодексінің 383-бабымен белгіленген бір қызметкер үшін ай сайынғы әлеуметтік салықтың мөлшері көрсетіледі;

7) 630.00.004A, 630.00.004B және 630.00.004C жолдарында тиісті кезең үшін 630.00.002 және 630.00.003 жолдарын көбейту жолымен айқындалатын есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 630.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Әлеуметтік салық бойынша декларацияны жасау ережелері (640.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 11-тарауына сәйкес әзірленген және қозғалыс тірек аппараттары бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін, Салық кодексінің 121-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік салықты есептеуі мен уақтылы төлеуіне арналған Әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (640.00-нысан) және әлеуметтік салық салынатын объект туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшадан (640.01) тұрады.

3. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінде" Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінде" көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

7. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

9. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері Салық кодексінің 315-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алады. Құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алатын заңды тұлға осындай шешімді қабылдау туралы бас ұйымның және құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органдарын хабардар етеді (немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма береді). Көрсетілген құрылымдық бөлімшелер Декларацияны дербес тапсырады. Заңды тұлға Декларацияны тапсыру кезінде мұндай құрылымдық бөлімшелер туралы деректерді қамтымайды.

## 2. Декларацияны жасау (640.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация берілетін салық кезеңі. Декларацияны беру үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1 - кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |
| қосалқы сауда | (басқа аңшылық | да) жарнама | қызмет түрлері балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |

| | |
|---|---|
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек қана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) табыс етілген қосымшалар. Жыл қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге беріледі;

8) құрылымдық бөлімшелер бар ма.

Құрылымдық бөлімшелердің бар, жоқтығына қарай тиісті ұяшық белгіленеді.

11. "Саны және мүгедек-қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар" бөлімінде:

1) 640.00.001A, 640.00.001B және 640.00.001C жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;

2) 640.00.002A, 640.00.002B және 640.00.002C жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің саны көрсетіледі;

3) 640.00.003A, 640.00.003B және 640.00.003C жолдарында 640.00.002 және 640.00.001 тиісті жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің санының үлес салмағы көрсетіледі;

4) 640.00.004A, 640.00.004B және 640.00.004C жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 640.00.005A, 640.00.005B және 640.00.005C жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 640.00.006A, 640.00.006B және 640.00.006C жолдарында 600.00.005 және 600.00.004 тиісті жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеудің жалпы шығыстарындағы мүгедек-қызметкерлер еңбекақыларының үлес салмағы көрсетіледі.

12. "Әлеуметтік салықты есептеу" бөлімінде:

1) 640.00.007A, 640.00.007B және 640.00.007C жолдарында жеке тұлға - қызметкерлерге, сондай-ақ есепті кезеңнің сәйкесінше 1, 2 және 3-айлары ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша жеке тұлғаларға төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.007D жолында 640.00.007A, 640.00.007B және 640.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін жеке тұлғаларға төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.007E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.007D жолының және өткен кезең Декларациясының 640.00.007E жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі;

2) 640.00.008A, 640.00.008B және 640.00.008C жолдарында есепті кезеңнің сәйкесінше 1, 2 және 3-айлары үшін жеке тұлғаларға төленетін, әлеуметтік салық салынбайтын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.008D жолында 640.00.008A, 640.00.008B және 640.00.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін жеке тұлғаларға төленетін, әлеуметтік салық салынбайтын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.008E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.008D жолының және өткен кезең Декларациясының 640.00.008E жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

Есепті кезеңнің 4-тоқсаны үшін Декларацияның 640.00.008E жолы 640.01.042 жолына сәйкес келуі тиіс;

3) 640.00.009A, 640.00.009B және 640.00.009C жолдарында 640.00.007 және 640.00.008 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін салық салынатын төлемдер сомасы көрсетіледі.

640.00.009D жолында 640.00.009A, 640.00.009B және 640.00.009C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін салық салынатын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.009E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.009D жолының және өткен кезең Декларациясының 640.00.009E жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салық салынатын төлемдер сомасы көрсетіледі.

Есепті кезеңнің 4-тоқсаны үшін Декларацияның 640.00.009E жолы 640.01.041 жолына сәйкес келуі тиіс;

4) 640.00.010A, 640.00.010B және 640.00.010C жолдарында Салық кодексінің 317-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуметтік салық ставкасы көрсетіледі;

5) 640.00.011A, 640.00.011B және 640.00.011C жолдарында 640.00.009 және 640.00.010 тиісті жолдарының сомалары ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

640.00.011D жолында 640.00.011A, 640.00.011B және 640.00.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезеңі үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

640.00.011E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.011D және өткен кезең Декларациясының 640.00.011E жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

13. "Әлеуметтік салықты төлеу есебіне жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылар" бөлімінде:

1) 640.00.012A, 640.00.012B және 640.00.012C жолдарында жұмыс беруші есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӘСҚ) уақытша еңбекке қабілетсіздік, жүктілік және босану, бала дүниеге келген кезде, сондай-ақ жерлеуге төленетін жәрдемақылардың аталған қорға есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айларының басына есептелген сомадан асып кетуі нәтижесінде 1998 жылдың 31 желтоқсанына қалыптасқан теріс сальдоның қалдықтары көрсетіледі.

640.00.012A, 640.00.012B және 640.00.012C жолдарына есепті кезең

Декларациясының 640.00.015A және 640.00.015B жолдарында және өткен кезең Декларациясының 640.00.015C жолында көрсетілген сомалар көшіріледі;

2) 640.00.013A, 640.00.013B және 640.00.013C жолдарында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалатын, есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3-айлары үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналатын әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

3) 640.00.014A, 640.00.014B және 640.00.014C жолдарында 640.00.012 және 640.00.013 жолдарының тиісті сомаларының ең аз мөлшері ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3-айлары үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналған әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

640.00.014D жолында 640.00.014A, 640.00.014B және 640.00.014C жолдарының сомалары ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналған әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

640.00.014E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.014D және өткен есепті кезең Декларациясының 640.00.014E жолының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналған әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

4) 640.00.015A, 640.00.015B және 640.00.015C жолдарында 640.00.012 және 640.00.014 тиісті жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін келесі есепті айға көшірілетін есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасының МӘСҚ аударымдардың есептелген сомасынан асуы көрсетіледі.

14. "Әлеуметтік салық - барлығы" бөлімінде:

640.00.016A, 640.00.016B және 640.00.016C жолдарында 640.00.011 және 640.00.014 тиісті жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі .

640.00.016D жолында 640.00.016A, 640.00.016B және 640.00.016C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

640.00.016E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.014D және өткен есепті кезең Декларациясының 640.00.014E жолының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

## 3. Жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесі - 640.01 нысанын жасау

15. Осы нысан жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесін көрсетуге арналған. Жылдың қорытындысы

бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі.

16. "Төлемдер түрлері" бөлімінде:

1) 640.01.001 - 640.01.016 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынатын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

2) 640.01.017 - 640.01.040 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

3) 640.01.017 - 640.01.018 жолдарда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес есептелген міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

4) 640.01.019, 640.01.024, 640.01.026, 640.01.027 және 640.01.039 жолдарда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі.

5) 640.01.020 жолында Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтаған, штат саны қысқарған немесе жұмысшылар әскери қызметке шақырылған кезде жеке еңбек шартын бұзу кезінде төленетін өтемақылар сомасы көрсетіледі;

6) 640.01.021 жолында Салық кодексі 144-бабының 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар мөлшері көрсетіледі;

7) 640.01.022 жолында қызметкерлерге төлемдерінің әрбір түрі үшін белгіленген 50-еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен айқындалған шек көрсетіледі:

медициналық қызмет көрсетулерді төлеу үшін,

бала туған кезде,

жерлеуге;

8) 640.01.023 жолында Экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

9) 640.01.025, 640.01.030, 640.01.031, 640.01.032, 640.01.033 және 640.01.034 жолдарда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

10) 640.01.028 жолдарында Салық кодексі 144-бабының 1-тармағының 26) тармақшасына сәйкес төленетін төлемдер мөлшері көрсетіледі;

11) 640.01.037 жолында мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер көрсетіледі. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен

халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемді әлеуметтік салықтан босату үшін растау шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) немесе халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім-шарт) болып табылады.

12) 640.01.041 жолында 640.01.001 - 640.01.016 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі;

13) 640.01.042 жолында 640.01.017 - 640.01.040 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 640.00, 640.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдары Есебін жасау ережелері**
**(641.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен салық режимі тұрақтылығына кепілдік берілген заңдармен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - келісім-шарттар) жұмыс істейтін салық төлеушілермен автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдары есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін анықтайды.

Есеп әрбір келісім-шарт бойынша бөлек жасалады.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес

толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

6. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есепті жасау (641.00-нысан)

7. "Төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі. Есепті беру үшін есепті кезең есепті ай болып табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес төлеушінің толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің | Жол | Есепті | оның ішінде: |
|---|---|---|---|

| атауы | коды | кезең | | |
|---|---|---|---|---|
| | | үшін барлығы | Қызметтің негізгі түрі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | |
| Кестенің жалғасы | | | | |
| оның ішінде: | | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі" ) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек қана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Есеп берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, " Қосымша" тор көзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" тор көзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) және (немесе) келісім-шарттың мерзімінің бітуі жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады;

7) келісім-шарт реквизиттері.

Есеп жасалатын келісім-шарттың нөмірі және осы келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі.

8. "Төлемдерді есептеу базасы" бөлімінде:

1) 641.00.001A, 641.00.001B, 641.00.001C жолдарында сәйкесінше есепті

кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін нақты сату бағаларында өткізілген өнім, орындалған жұмыс және көрсетілген қызметтің нақты көлемдері көрсетіледі.

641.00.001D жолында 641.00.001A, 641.00.001B және 641.00.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін нақты сату бағасында сатылған өнімнің, жасалған жұмыстың және ұсынылған қызметтің нақты көлемі көрсетіледі.

641.00.001E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.001D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап нақты сату бағасында сатылған өнімнің, жасалған жұмыстың және ұсынылған қызметтің нақты көлемі көрсетіледі.

Осы жолдар егер келісім-шарт 1998 жылғы 8-маусымға дейін жасалған жағдайда толтырылады;

2) 641.00.002A, 641.00.002B, 641.00.002C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

641.00.002D жолында 641.00.002A, 641.00.002B және 641.00.002C жодарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

641.00.002E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.002D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

Осы жолдар егер келісім-шарт 1998 жылғы 8-маусымнан кейін жасалған жағдайда толтырылады.

9. "Аударымдар сомасының есебі" бөлімінде:

1) 641.00.003A, 641.00.003B, 641.00.003C жолдарында 641.00.001 немесе 641.00.002 жолдарында көрсетілген төлемдерді есептеу базасына байланысты автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының ставкасы көрсетіледі;

2) 641.00.004A, 641.00.004B, 641.00.004C жолдарында 641.00.001 және 641.00.003 немесе 641.00.002 және 641.00.003 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын бюджетке аударылуға жататын автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

641.00.004D жолында 641.00.004A, 641.00.004B және 641.00.004C жодарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

641.00.004E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.004D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.004E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 641.00 графикалық нысаны Деректер базасында*

*көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық қорларына аударымдар Есебін жасау ережесі (651.00-нысан)**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен салық режимі тұрақтылығына кепілдік берілген заңдармен белгіленген ретте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - келісім-шарттар) жұмыс істейтін салық төлеушілермен Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық қорларына аударымдар есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін анықтайды.

Есеп әрбір келісім-шарт бойынша бөлек жасалады.

2. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес

келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

6. Есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 2. Есепті жасау (651.00-нысан)

7. "Төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Есеп берілетін салық кезеңі. Есепті беру үшін есепті кезең есепті тоқсан болып табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы;

4) ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) көлемі, мың | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| | теңге | | |
| | Кестенің жалғасы | | |
| | оның ішінде: | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі"

) 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек қана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Есеп берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

Салық төлеушіні тарату (қайта құру) және (немесе) келісім-шарттың мерзімінің бітуі жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады;

7) келісім-шарт реквизиттері.

Есеп жасалатын келісім-шарттың нөмірі және осы келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі.

8. "Жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.001A, 651.00.001B, 651.00.001C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбеке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.001D жолында 651.00.001A, 651.00.001B және 651.00.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.001E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.001D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.002A, 651.00.002B, 651.00.002C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына

аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.002D жолында 651.00.002A, 651.00.002B және 651.00.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.002E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.002D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі;

3) 651.00.003A, 651.00.003B, 651.00.003C жолдарында 651.00.001 және 651.00.002 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1 , 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.003D жолында 651.00.003A, 651.00.003B және 651.00.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.003E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.003D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.004A, 651.00.004B, 651.00.004C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.005A, 651.00.005B, 651.00.005C жолдарында 651.00.003 және 651.00.004 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.005D жолында 651.00.005A, 651.00.005B және 651.00.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.005E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.005D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

9. "Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.006A, 651.00.006B, 651.00.006C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбеке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.006D жолында 651.00.006A, 651.00.006B және 651.00.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбеке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.006E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.006D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.007A, 651.00.007B, 651.00.007C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.007D жолында 651.00.007A, 651.00.007B және 651.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.007E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.007D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.007E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 22-қаңтардағы N 1845 қаулысымен бекітілген Міндетті медициналық сақтандыруға сақтандыру төлемдерін алу және есепке алу тәртібі туралы Нұсқаулықтың 9-тармағында келтірілген;

3) 651.00.008A, 651.00.008B, 651.00.008C жолдарында 651.00.006 және 651.00.007 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.008D жолында 651.00.008A, 651.00.008B және 651.00.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.008E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.008D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.009A, 651.00.009B, 651.00.009C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.010A, 651.00.010B, 651.00.010C жолдарында 651.00.008 және 651.00.009 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін есептелген міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар сомалары көрсетіледі.

651.00.010D жолында 651.00.010A, 651.00.010B және 651.00.010C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін міндетті

медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.010E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.010D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

10. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.011A, 651.00.011B, 651.00.011C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі .

651.00.011D жолында 651.00.011A, 651.00.011B және 651.00.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.011E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.011D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.011E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.012A, 651.00.012B, 651.00.012C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.012D жолында 651.00.012A, 651.00.012B және 651.00.012C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі .

651.00.012E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.012D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.012E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер тізбесі "Сақтандыру жарнасы есептелмейтін және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы мен жәрдемақы есептеу үшін орташа жалақыны анықтаған кезде есепке алынбайтын төлемдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 наурыздағы N 419 қаулысында келтірілген;

3) 651.00.013A, 651.00.013B, 651.00.013C жолдарында 651.00.011 және 651.00.012 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1 , 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі .

651.00.013D жолында 651.00.013A, 651.00.013B және 651.00.013C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.013E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.013D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.013E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.014A, 651.00.014B, 651.00.014C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.015A, 651.00.015B, 651.00.015C жолдарында 651.00.013 және 651.00.014 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін есептелген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.015D жолында 651.00.015A, 651.00.015B және 651.00.015C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.015E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.015D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.015E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

11. "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары" бөліміне:

1) 651.00.016A, 651.00.016B, 651.00.016C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.016D жолында 651.00.016A, 651.00.016B және 651.00.016C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.016E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.016D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.016E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.017A, 651.00.017B, 651.00.017C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.017D жолында 651.00.017A, 651.00.017B және 651.00.017C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.017E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.017D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.017E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл

басынан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібінің 11-тармағында келтірілген;

3) 651.00.018A, 651.00.018B, 651.00.018C жолдарында 651.00.016 және 651.00.017 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.018D жолында 651.00.018A, 651.00.018B және 651.00.018C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.018E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.018D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.018E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.019A, 651.00.019B, 651.00.019C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.020A, 651.00.020B, 651.00.020C жолдарында 651.00.020 және 651.00.020 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін есептелген зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі.

651.00.020D жолында 651.00.020A, 651.00.020B және 651.00.020C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

651.00.020E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.020D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.020E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

12. "Аударымдар сомасы - барлығы" бөлімінде:

651.00.021A, 651.00.021B, 651.00.021C жолдарында 651.00.005, 651.00.010, 651.00.015 және 651.00.020 жолдарының тиісті сомалары ретінде айқындалған жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.021D жолында 651.00.021A, 651.00.021B және 651.00.021C

жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.021E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.021D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.021E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомасы көрсетіледі.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 651.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Аукциондардан алым бойынша Декларацияны жасау ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса беріп отырған 810.00 нысан бойынша Аукциондардан алым бойынша декларация (бұдан әрі - нысандар) жасаудың тәртібін қарастырады:

1) 810.00 нысан бойынша Аукциондардан алым бойынша декларация (бұдан әрі - 810.00 нысан бойынша Декларация);

2) 810.01 нысан бойынша Аукциондардан алым бойынша декларацияға қосымша (бұдан әрі - 810.01 нысан бойынша қосымша).

2. 810.00 нысан бойынша Декларация аукциондардан алынатын алымның жалпы сомасын мәлімдеуге арналған.

810.01 нысан бойынша қосымша әр аукцион бойынша аукционнан алым сомасын анықтау үшін арналған.

3. Мүлікті бірнеше аукциондарда сатқан болса (мүлік құқығын), әр аукцион бойынша 810.01 нысан бойынша тиісті қосымша жеке бет толтырылады. Бұл ретте 810.01 нысан бойынша тиісті қосымша жеке бет саны өткізілген аукцион санымен сәйкес болуы тиіс.

4. Нысанды жасау кезінде:

1) қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

5. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

6. Тиісті торкөздерінің көрсеткіштері жоқ болған кезде нысандар толтырылмайды.

7. Нысанды беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші нысанды қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

## 2. 810.00 нысан бойынша Декларацияны толтыру

8. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет коды мен оның үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

Үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (тоқсандық) есептің I-бөлімі 100 жолында мынадай деректер көрсетті:

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең | оның ішінде: |
|---|---|---|---|
| | | үшін барлығы | Қызметтің негізгі түрі |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызметкөрсетулер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |
| қосалқы сауда | (басқа аңшылық | да) жарнама | қызмет түрлері балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |

| | |
|---|---|
| 5 0 1 0 | 2 0 , 0 |
| 0 1 5 0 0 | 1 4 , 0 |

мұндағы, мысалы құрылыстың үлесі салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2 - ШК мемлекеттік статистикалық есептілік (МСЕ) нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2 -ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді.

Егер ұйым ПФ-1 немесе ШК-2 нысандарының есептілігін табыс етпесе, негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын ғана көрсету қажет;

5) 5-жолда 810.00 нысан бойынша декларацияның тиісті түріне байланысты белгі қойылады;

6) 6-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) 7-жолда аукциондардан алымды есептеу жүргізілген тиісті валюта коды көрсетіледі;

8) 8-жолда 810.01 нысан бойынша қосымшалардың саны көрсетіледі.

9. "Аукциондардан алым" бөлімінде:

1) 810.00.001 жолда өткізілген аукцион нәтижесі бойынша аукциондарда сатқан (мүлік құқығын) мүліктің 810.01 нысан бойынша 810.01.005 жолынан көшірілетін мүліктің құны көрсетіледі. Егер салық төлеуші 810.01 нысан бойынша қосымшаның бірнеше беттерін толтырған жағдайда, бұл жолда өткізілген аукцион нәтижесі бойынша аукциондарда сатқан (мүлік құқығын) мүліктің 810.01 нысан бойынша 810.01.005 жолының көрсеткіштеріне қосып анықтайды;

2) 810.00.002 жолда 810.01 нысан бойынша 810.00.006 жолынан көшірілетін бюджетке төлеуге тиісті орындау шараның сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 810.01 нысан бойынша қосымшаның бірнеше беттерін толтырған жағдайда, бұл жолда бюджетке төлеуге тиісті орындау шараның жалпы сомасы 810.01 нысан бойынша 810.00.006 жолының көрсеткіштеріне қосып анықтайды;

3) 810.00.003 жолда аукциондарда сатқан мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген 810.00.001 және 810.00.002 жолдарының айырмашылығы ретінде көрсетіледі;

4) 810.00.004 жолда аукциондардан алым ставкасы процентпен көрсетіледі;

5) 810.00.005 жолда (810.00.003 х 810.00.004) формуласы бойынша аукциондарда сатқан мүліктің және алым ставкасынан анықтап, бюджетке төлеуге тиісті аукциондардан алым сомасы көрсетіледі.

10. 810.00 нысан бойынша декларацияға қол қойылып және Салық кодексінің 69-бабына сәйкес мөрмен куәландырылады.

### 3. 810.01 нысан бойынша қосымшаны жасау

11. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 810.01 нысан бойынша ағымдығы парақтың нөмірі көрсетіледі.

12. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

13. "Аукиондардан алым сомасы" бөлімінде:

1) 810.01.001 жолда аукциондарда мүлікті сатқан (мүліктік құқықтарды) күні көрсетіледі;

2) 810.01.002 жолда аукцион өткізушінің аты-жөні немесе толық атауы көрсетіледі;

3) 810.01.003 жолда салық төлеуші - аукцион өткізушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) 810.01.004 жолда аукцион өткізу орны көрсетіледі:

810.01.004A жолда облыс атауы көрсетіледі;

810.01.004B жолда қала немесе аудан атауы көрсетіледі;

810.01.004C жолда кент, ауыл атауы көрсетіледі;

810.01.004D жолда көшенің (даңғыл, гүлзар, тұйық көше және т.б.) атауы көрсетіледі;

810.01.004E жолда үйдің нөмірі көрсетіледі;

5) 810.01.005 жолда сатқан мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны көрсетіледі;

6) 810.01.006 жолда бюджетке енгізілуге тиісті атқарушылық санкцияның сомасы көрсетіледі;

7) 810.01.007 жолда аукциондарда сатқан мүліктің құны атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген 810.01.005 және 810.01.006 жолдарының айырмашылығы ретінде аукциондарда сатқан мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны көрсетіледі;

8) 810.01.008 жолда аукциондардан алынатын алым ставкасы процентпен көрсетіледі;

9) 810.01.009 жолда (810.01.007 х 810.01.008) формуласы бойынша мүліктің ( мүліктік құқықтардың) алым ставкасы мен құнына байланысты анықталатын бюджетке төлеуге тиісті аукциондардан алым сомасы көрсетіледі.

14. 810.01 нысан бойынша декларацияға оны толтырған лауазымды тұлға қол қ о я д ы .

_____

*РҚАО-ның ескертуі: 810.00, 810.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"С а л ы қ е с е п т і л і г і н ж а с а у е р е ж е л е р і н б е к і т у т у р а л ы" Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң С а л ы қ к о м и т е т і Т ө р а ғ а с ы н ы ң 2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы N 4 9 3 б ұ й р ы ғ ы м е н бекітілген

**Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша Декларация жасау ережелері**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген нысандарды енгізетін (бұдан әрі - нысандар ) жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша Декларация жасау тәртібін қ а р а с т ы р а д ы :

1) 850.00 нысан бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша декларация (бұдан әрі - 850.00 нысаны бойынша Декларация);

2) 850.00 нысан бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем бойынша Декларацияға қосымша (бұдан әрі - 850.01 нысаны бойынша қосымша).

2. 850.00 нысаны бойынша Декларация жер телімін пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасынан мәлімдеуге арналған.

850.01 нысаны бойынша қосымша әрбір жер тілімі бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасын айқындауға арналған.

3. Салықты төлеуші уақытша өтеусіз жерді пайдалану құқығында бірнеше жер телімдері бар болған жағдайда, әр жер телімі бойынша 850.01 нысаны бойынша қосымшаның жеке парағы толтырылады. Бұл ретте, уақытша өтеусіз жерді пайдалану құқығындағы жер телімдерінің саны 850.01 нысаны бойынша қосымшаның жалпы парақтарының санына сәйкес келуі керек.

Уақытша ақылы жер пайдалану құқығындағы және базар аумағына бөлініп берілген жер учаскелері бойынша 851.01 нысан бойынша қосымша сауда орындары орналасқан бөлігінде және базардың қызмет көрсету аймақтары алып жатқан бөлігінде жеке-жеке ұсынылады.

4. Нысанды жасау кезінде:

1) қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

5. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

6. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

7. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда 850.00 нысан бойынша Декларация аталған қосымшаларсыз ұсынылады.

8. Нысандарды беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабы 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші нысанды қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

## 2. 850.00 нысаны бойынша Декларация жасау

9. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлесі салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

Үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық

төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (жылдық) есептің I-бөлімі 100 жолында мынадай деректер көрсетті:

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызметтер көрсетулер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

50000,0 35000,0 5000,0 2000,0 1000,0

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы, мысалы, құрылыстың үлесі салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2 - ШК мемлекеттік статистикалық есептілік (МСЕ) нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

5) 5-жолда 850.00 нысаны бойынша декларацияның тиісті түріне белгі қойылады;

6) 6-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) 7-жолда жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемді есептеу жүргізілетін тиісті валютаның коды көрсетіледі;

8) 8-жолда 850.01 нысан бойынша қосымшалардың саны көрсетіледі.

10. "Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 850.00.001 жолында 850.01 нысаны бойынша қосымшаның 850.00.012 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 850.01 нысан бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырған жағдайда, бұл жолда 850.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 850.01.012 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын барлық жер телімдері бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы

көрсетіледі;

2) 850.00.002 жолында 851.00 нысаны бойынша есеп 851.00.001 жолынан көшірілетін 851.00 нысаны бойынша (бұдан әрі - 851.00 нысаны бойынша есеп) жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебі бойынша есептелген төлем сомасы көрсетіледі;

3) 850.00.003 жолы 851.00 нысаны бойынша есеп бойынша есептелген шамадан 850.00 нысаны бойынша Декларация бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасының асуы жағдайында толтырылады. Бұл ретте, 850.00.003 жолында 850.00.001 және 850.00.002 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын қосымша төленуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

4) 850.00.004 жолы 850.00 нысаны бойынша Декларация бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем шамасынан 851.00 нысаны бойынша Есеп бойынша есептелген жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасының асуы жағдайында толтырылады. Бұл ретте, 850.00.004 жолында 850.00.002 және 850.00.001 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын кемуіне жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі.

11. 850.00 нысаны бойынша Декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. 850.01 нысан бойынша қосымша жасау

12. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 850.01 нысан бойынша ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі.

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

14. "Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуге арналған мәліметтер" бөлімінде:

1) 850.01.001 жолында жер телімін жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

2) 850.01.002 жолында жер телімін жалға алу шартын жасау нөмірі көрсетіледі;

3) 850.01.003 жолында жер телімін жалға алу шартын жасау мерзімі көрсетіледі;

4) 850.01.004 жолында жер телімінің орналасқан жері көрсетіледі:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 1-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

Үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (жылдық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлесі 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (жылдық) есептің I-бөлімі 100 жолында мынадай деректер көрсетті:

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген | 100 | 250000,0 | 150000,0 |

өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың теңге

| Кестенің жалғасы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| оның ішінде: | | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы мысалы, құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК мемлекеттік статистикалық есептілік (МСЕ) нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (жылдық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау (

әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

5) 5-жолда 881.00 нысан бойынша есептің тиісті түріне белгі қойылады;

6) 6-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) 7-жолда радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемді есептеу жүргізілетін тиісті валютаның коды көрсетіледі;

8) 8-жолда 881.01 нысан бойынша қосымшалардың саны көрсетіледі.

10. "Радиожиілік спектрді пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 881.00.001 жолында 881.01 нысаны бойынша қосымша 881.01.012 жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінде бюджетке төлеуге жататын радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 881.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырған жағдайда, онда бұл жол бойынша 881.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарын 881.01.012 жолының көрсеткіштерін жинақтап айқындататын радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 881.00.002 жолында 20 наурыздан кешіктірмейтін мерзімде радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

3) 881.00.003 жолында 20 маусымнан кешіктірмейтін мерзімде радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

4) 881.00.004 жолында 20 қыркүйектен кешіктірмейтін мерзімде радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

5) 881.00.005 жолында 20 желтоқсаннан кешіктірмейтін мерзімде радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі.

11. 881.00 нысаны бойынша есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. 881.01 нысаны бойынша қосымша жасау

12. "Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз" деген жолда ағымдағы парақтың нөмірі көрсетіледі.

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

14. "Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемді есептеуге арналған мәліметтер" бөлімінде:

1) 881.01.001 жолында радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша

кестеден радиобайланыстың түріне сәйкес келетін жол нөмірі көрсетіледі;

2) 881.01.002 жолында радиожиілілік спектрін пайдалану орны көрсетіледі:

881.01.002A жолында облыстың атауы көрсетіледі;

881.01.002B жолында қала не ауданның атауы көрсетіледі;

881.01.002C жолында кент немесе ауыл атауы көрсетіледі;

3) 881.01.003 жолында хабар құралының күші көрсетіледі;

4) 881.01.004 жолында:

егер радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004A жолында станциялардың саны көрсетіледі;

егер радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын арналардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004B жолында арналардың саны көрсетіледі;

егер радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын радиожиіліктің санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004C жолында радиожиілік саны көрсетіледі;

5) егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы жолақ еніне байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 және 881.01.006 жолдары толтырылады. 881.01.005 жолында радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кесте бойынша жолақ ені көрсетіледі:

881.01.005A жолы радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеде жолақ ені кГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

881.01.005B жолы радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеде жолақ ені МГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

6) 881.01.006 жолында радиожиілілік спектрінің нақты пайдаланылатын жолақ ені көрсетіледі:

881.01.006A жолы радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеде жолақ ені кГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

881.01.006B жолы радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеде жолақ ені МГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

7) 881.01.007 жолында есепті салық кезеңінде радиожиілілік спектрін нақты пайдаланудың айлар саны көрсетіледі;

8) 881.01.008 жолында байланыс саласындағы уәкілетті орган жазып берген радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем төлеуге хабарлама туралы

мәлімет көрсетіледі:

881.01.008A жолында хабарламаны беру күні көрсетіледі;

881.01.008B жолында хабарлама нөмірі көрсетіледі.

15. "Радиожиілілік спектрді пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 881.01.009 жолында радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес айлық есептік көрсеткіштердегі радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы көрсетіледі;

2) 881.01.010 жолында айлық есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі;

3) 881.01.011 жолында (881.01.009 x 881.01.010) формуласы бойынша есептелген радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы көрсетіледі;

4) 881.01.012 жолында радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі:

егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы (881.01.004A x 881.01.011)/12 x 881.01.007 формуласы бойынша есептеледі;

егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын арналардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы (881.01.004B x 881.01.011)/12 x 881.01.007 формуласы бойынша есептеледі;

егер төлем ставкасы пайдаланылатын радиожиіліктің санына байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы (881.01.004C x 881.01.011)/12 x 881.01.007 формуласы бойынша есептеледі;

егер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы жолақ еніне байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы (881.01.006/881.01.005 x 881.01.011)/12 x 881.01.007) формуласы бойынша есептеледі.

16. 881.01 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 881.00, 881.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсанағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияны жасау ережелері**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және шағын бизнес субъектілері үшін қоса берілген 910.00 нысан бойынша оңайтылған декларация (бұдан әрі - Оңайлатылған декларация) жасау тәртібін көздейді.

2. Оңайлатылған декларация оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі бойынша бюджетпен есеп айырысуға арналған.

3. Оңайлатылған декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - Оңайлатылған декларация қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Оңайлатылған декларация Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Оңайлатылған декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Оңайлатылған декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Оңайлатылған декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - Оңайлатылған декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады ;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Оңайлатылған декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

## 2. Оңайлатылған декларацияны жасау

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні және егер де ол бар болса, фирмалық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрлерінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым ( ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (тоқсандық) есептің I-бөлімі 100 жолында (ЭҚЖЖ коды 45211), мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең | оның ішінде: |
|---|---|---|---|
| | | үшін барлығы | Қызметтің негізгі түрі |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызметтер) | 100 | 250000,0 | 150000,0 |

көлемі,
мың теңге

| Кестенің жалғасы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| оның ішінде: | | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы мысалы, құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК МСЕ нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

5) 5-жолда Оңайлатылған декларацияның тиісті түріне белгі соғылады;

6) 6-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) 7-жолда салықтарды есептеу жүргізілетін валютаның тиісті коды көрсетіледі.

8. "Салық сомасын айқындау үшін мәлімет" бөлімінде:

1) 910.00.001 жолында Салық кодексінің 370-бабының 4 және 7 тармақтарына сәйкес нақты кіріс көрсетіледі;

2) 910.00.002 жолында жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі. Жеке кәсіпкерлер осы жолды толтырған кезде жалдамалы қызметкерлердің санына жеке кәсіпкердің өзі де енеді.

910.00.002A жолында есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі;

910.00.002B жолында есепті салық кезеңінің екінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі;

910.00.002C жолында есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі;

3) 910.00.003 жолында ((910.00.002A+910.00.002B+910.00.002C)/3) формуласы бойынша айқындалатын есепті салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі. Бұл орайда, егер қызметкерлердің орташа тізімдік саны 0,5 және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектенеді, ал 0,5-тен төмен сандар дөңгелектенбейді.

4) 910.00.004 жолында Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағымен белгіленген шектен асатын орташа тізбелі саны көрсетіледі;

5) 910.00.005 жолында Салық кодексінің 377-бабымен белгіленген, ставкалар бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі;

6) 910.00.006 жолында Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағымен белгіленген кірістің шекті сомасынан асатын кірістен салық сомасы көрсетіледі;

7) 910.00.007 жолында есепті салық кезеңі үшін бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы көрсетіледі;

8) 910.00.008 жолы егер бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы Салық кодексінің 377-бабының 4-тармағына сәйкес жеке кәсіпкерлерде айлық еңбекақының 2 еселенген ең аз мөлшерінен кем емес, заңды тұлғаларда 2,5 еселенген ең аз мөлшерінен кем емес болған жағдайда толтырылады.

Осы шартты сақтау кезінде жолда ((910.00.005 - 910.00.006) x (910.00.003 - 910.00.004) x 0,015) формуласы бойынша айқындалатын Салық кодексінің 377-бабының 4-тармағына сәйкес қызметкерлердің орташа тізбелі санына байланысты салық сомасының кемуі көрсетіледі.

9) 910.00.009 жолында 910.00.005 және 910.00.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Оңайлатылған декларация бойынша бюджетке төлеуге

жататын салық сомасы көрсетіледі;

10) 910.00.010 жолында (910.00.009 х 0,5) формуласы бойынша айқындалатын бюджетке төлеуге жататын жеке (корпорациялық) табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл кезде есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды;

11) 910.00.011 жолында (910.00.009 х 0,5) формуласы бойынша айқындалатын бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі. Бұл кезде есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды;

9. Мысалы:

1) 910.00.001 жолы бойынша жеке кәсіпкердің есепті кіріс кезеңі үшін кірісі 5 000 000 теңгені құрады;

2) 910.00.002A жолы бойынша есепті салық кезеңінің бірінші айында жалдамалы қызметкерлердің саны 20 адам құрады;

3) 910.00.002B жолы бойынша есепті салық кезеңінің екінші айында жалдамалы қызметкерлердің саны 15 адам құрады;

4) 910.00.002C жолы бойынша есепті салық кезеңінің бірінші айында жалдамалы қызметкерлердің саны 16 адам құрады;

5) 910.00.003 жолы бойынша жеке кәсіпкердің өзін қоса, қызметкердердің орташа тізбелі саны ((20 + 15 + 16): 3 ай) 17 адам құрады;

6) 910.00.004 жолы бойынша шекті санынан асатын орташа тізбелі саны 2 адам құрады (17 - 15), онда Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағымен белгіленген 17 адам - нақты орташа тізбелі саны, 15 адам - шекті саны;

7) 910.00.005 жолы бойынша Салық кодексінің 377-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген салық сомасы 250000 теңге ((5000000 теңге - 3000000 теңге) х 7% + 110000 теңге) құрайды;

8) 910.00.006 жолы бойынша Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген кірістің шекті сомасынан асатын кірістен салық сомасы 35000 теңге (250000 теңге - (4500000 теңге - 3000000 теңге) х 11% + 110000 теңге) құрайды;

9) 910.00.007 жолы бойынша бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы мынадай жолмен айқындалатын 12170 теңге құрады:

мысалы, есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің есептелген еңбекақының барлық сомасы 238 000 теңге (30000 теңге + 105000 теңге + 18000 теңге + 40000 теңге + 45000), оның ішінде үш адамның еңбекақысы 10000 теңге құрады (30000 теңге (3х 10000 теңге)), он адам 10500 теңге (105000 теңге (10х 10500 теңге)), екі адам 9000 теңге (18000 теңге (2

х 9000 теңге)), екі адам 20000 теңге (40000 теңге (2 х 20000 теңге)) және үш адам 15000 теңге (45000 теңге (3 х 15000 теңге)).

Мәселен, есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы 11900 теңге құрады (238000: 20 адам), онда 20 адам - есепті салық кезеңінің бірінші айындағы жалдамалы қызметкерлердің саны.

Осындай жолмен есепті салық кезеңінің екінші және үшінші айлары үшін бір жалдамалы қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы айқындалады.

Мысал үшін, бір жалдамалы қызметкерге есепті салық кезеңінің екінші айында еңбекақы сомасы - 12450 теңге, үшіншіде - 12160 теңге құрады.

Онда, есепті салық кезеңі үшін бір жалдамалы қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы 12170 теңге ((11900 теңге + 12450 теңге + 12160 теңге): 3 ай) құрады.

Біздің мысалда 2003 жылға заңнама актісімен белгіленген еңбекақының екі еселік орташа ең аз айлық мөлшері 10000 теңге (5000 теңге х 2) құрады. Есепті салық кезеңінің жиынтығы бойынша бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы ең төменгі еңбекақының екі еселік мөлшерінен асқандықтан, Салық кодексінің 377-бабының 4-тармағымен көзделген орташа тізімдік саннан ескеріп қызметкерлердің шекті санын түзету жүргізіледі;

10) 910.00.008 жолы бойынша қызметкерлердің орташа тізімдік санына байланысты азайтылған салық сомасы 48375 теңге құрады ((250000 теңге - 35000 теңге) х (17 адам - 2 адам) х 0,015), мұндағы 0,015 - қызметкерлердің орташа тізбелі санын ескере отырып әрбір қызметкер үшін салық сомасын түзету коэффициенті;

11) 910.00.009 жолы бойынша бюджетке төлеуге жататын салық сомасы 201625 теңге құрайды (250000 теңге - 48375 теңге);

12) 910.00.010 жолы бойынша жеке (корпорациялық) табыс салығы 100813 теңгені құрайды (201625 теңге х 0,5);

13) 910.00.011 жолы бойынша әлеуметтік салық сомасы 100813 теңгені құрайды (201625 теңге х 0,5).

10. Оңайлатылған декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 910.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Жеке кәсіпкерлер үшін патент алуға өтініш жасау ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген 912.00 нысан бойын Жеке кәсіпкерлер үшін патент алуға өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін көздейді.

2. Өтініш жеке кәсіпкерлер үшін патент негізінде арнаулы салық режимі бойынша бюджетпен есеп айырысуға арналған.

3. Өтінішті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - Өтініш қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Өтініш Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Оңайлатылған декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - Өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Өтінішті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

**2. Өтінішті жасау**

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда жеке кәсіпкердің аты-жөні және егер де ол бар болса, фирмалық атауы көрсетіледі;

3) 3-жолда негізгі қызметтің ЭҚЖЖ (Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші) коды көрсетіледі;

4) 4-жолда валютаның тиісті коды көрсетіледі.

5) 5-жолда жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

5А жолда жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

5В жолда жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күні көрсетіледі.

8. "Патент алу үшін мәлімет" бөлімінде:

1) 912.00.001 жолда жүзеге асырылатын қызмет түрі көрсетіледі.

Жеке кәсіпкер автомобильмен жолаушылар және жүк тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда жолда тасымалдаудың түрі көрсетіледі: тұрақты және тұрақты емес тасымалдау;

2) 912.00.002 жолда алынатын патент бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны көрсетіледі;

912.00.002A жолда облыстың атауы көрсетіледі;

912.00.002B жолда қала немесе ауданның атауы көрсетіледі;

912.00.002C жолда поселкенің немесе ауылдың атауы көрсетіледі;

912.00.002D жолда көше (даңғыл, гүлзар, бұрылыс және т.б.) атауы көрсетіледі;

912.00.002E жолда үйдің нөмірі көрсетіледі;

912.00.002F жолда пәтер нөмірі көрсетіледі;

912.00.002G жолы әмбебап дүкендерде, супермаркеттерде, автомобильмен жолаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау бойынша және т.б кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру кезінде толтырылады;

Бұл ретте, жолда әмбебап дүкеннің, супермаркеттің және т.б және де бөлімнің нөмірі мен атауы, бағыттың нөмірі мен бағдары көрсетіледі;

3) 912.00.003 жолда патент бойынша алынатын қызметтің жүзеге асыру мерзімі көрсетіледі;

4) 912.00.004 жолында болжанатын кіріс сомасы көрсетіледі;

5) 912.00.005 жолында Салық кодексінің 375-бабына сәйкес айқындалатын бюджетке төлеуге жататын салықтар сомасы көрсетіледі:

912.00.005A жолында бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл кезде есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды;

912.00.005B жолында бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі. Бұл кезде есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды.

9. "Лицензия туралы мәлімет" бөлімі лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асырған кезде толтырылады:

912.00.006 жолында лицензия туралы мәлімет көрсетіледі:

912.00.006A жолында оның жүзеге асырылуына лицензия берілген қызмет түрі көрсетіледі;

912.00.006B жолында лицензияның тиісті түрінің белгісі жүргізіледі;

912.00.006C жолында лицензия нөмірі көрсетіледі;

912.00.006D жолында лицензияны беру күні көрсетіледі;

912.00.006E жолында 912.00.006B жолында көрсетілгендерді қоспағанда " Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 4-бабының 1-тармағының 3-тармақшасы, 2-тармағы және 4-тармағына сәйкес лицензия белгілері (субъектілер бойынша, қызмет етудің аумақтық саласы бойынша) көрсетіледі.

10. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 912.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Бірыңғай жер салығы бойынша декларация жасау ережелері**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген нысандарды (бұдан әрі - нысандар) енгізетін бірыңғай жер салығы бойынша декларацияны жасау тәртібін қарастырады:

1) 920.00 нысаны бойынша бірыңғай жер салығы бойынша Декларация (бұдан әрі - 920.00 нысаны бойынша Декларация);

2) 920.01 нысаны бойынша Декларацияға қосымша (бұдан әрі - 920.01 нысан бойынша қосымша).

2. 920.00 нысаны бойынша Декларация шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолдану кезінде бірыңғай жер салығының сомасын мәлімдеуге арналған.

920.01 нысаны бойынша декларацияға қосымша:

жалға берілген жер телімдерінің шегерімінсіз тұрақты және (немесе) уақытша алғашқы жер пайдалану, жеке меншік құқығындағы қожалықта барлық жер телімдері бойынша;

қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша;

басқа шаруа (фермер) қожалығына жалға берілген қожалықтың жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығын есептеуге арналған.

3. Салық төлеушіде әрбір жер телімі бойынша әртүрлі көрсеткіштері ( иемдену кезеңдері; жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар және т.б) бар жер телімдері болған жағдайында, әр жер теліміне 920.01 нысаны бойынша қосымшаға жеке парақ толтырылады.

4. Нысандарды жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - нысандар қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

5. Нысанды толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

6. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

7. Нысандарды беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

**2. 920.00 нысан бойынша декларация жасау**

8. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жеке кәсіпкердің аты-жөні және егер де ол бар болса, фирмалық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда негізгі қызметтің ЭҚЖЖ (Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші) коды көрсетіледі;

5) 5-жолда бірыңғай жер салығын есептеу жүргізілетін тиісті валютаның коды көрсетіледі;

6) 6-жолда 920.00 нысан бойынша декларацияның тиісті түріне белгі жүргізіледі;

7) 7-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) 8-жолда 920.01 нысаны бойынша қосымшалар парақтарының саны көрсетіледі.

9. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 920.00.001 жолда (920.00.002 + 920.00.003 - 920.00.004) формуласы бойынша айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі;

2) 920.00.002 жолда жеке меншік, тұрақты және (немесе) уақытша алғашқы жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі, ол 920.01 нысаны бойынша қосымшаның 3А жолына тиісті белгімен 920.01 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 920.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

3) 920.00.003 жолда қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі, ол 920.01 нысаны бойынша қосымшаның 3В жолына тиісті белгімен 920.01 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 920.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

4) 920.00.004 жолда жалға берілген жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі, ол 920.01 нысаны бойынша қосымшаның 3С жолына тиісті белгімен 920.01 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 920.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады.

10. "Бірыңғай жер салығы бойынша есеп" бөлімінде:

1) 920.00.005 жолда 921.00 нысаны бойынша бірыңғай жер салығының ағымдағы төлемдер есебі 920.01.005 жолынан көшірілетін, бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 382-бабының 2-тармағына сәйкес Ағымдағы төлемдер есебін табыс етпеген салық төлеушілер өткен салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығы бойынша Декларацияда есептелген бірыңғай жер салығының жалпы сомасының 1/2 бөлігін көрсетеді;

2) 920.00.006 жолы бірыңғай жер салығы бойынша есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан 920.00 нысаны бойынша декларация бойынша төлеуге жататын, бірыңғай жер салығы сомасын асу жағдайында толтырылады. Бұл ретте

, жолда (920.00.001 - 920.00.005) формуласы бойынша айқындалатын 920.00 нысаны бойынша декларация бойынша қоса есептеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі;

3) 920.00.007 жолы есепті салық кезеңі үшін 920.00 нысаны бойынша декларация бойынша төлеуге жататын салық сомасынан есептелген ағымдағы төлем сомасынан асуы жағдайында толтырылады. Бұл ретте, 920.00.007 жолында (920.00.005 - 920.00.001) формуласы бойынша айқындалатын, 920.00 нысаны бойынша декларация бойынша азаюға жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі.

11. 920.00 нысаны бойынша декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. 920.01 нысан бойынша қосымша жасау

12. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жер телімінің тиісті түріне белгі қойылады.

13. "Бірыңғай жер салығы бойынша есептеу үшін мәлімет" бөлімінде:

1) 4-жолда жер телімінің орналасқан жері көрсетіледі;

2) 5-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;

3) 6-жолда жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген деректер бойынша 1 гектар жердің орташа бағалауы көрсетіледі;

4) 7 және 8-жолдар шаруашылықта қайталама жер пайдалану құқығында болған және басқа шаруа (фермер) қожалықтарына жалға берілген жер учаскелері бойынша толтырылады.

Шаруашылықта қайталама жер пайдалану құқығында болған жер учаскелері бойынша қайталама жер пайдалану туралы шарт туралы мәліметтер көрсетіледі.

Басқа шаруа (фермер) қожалықтарына жалға берілген жер учаскелері бойынша жалдау шарты туралы мәліметтер көрсетіледі.

14. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 920.01.001 жолында жер телімінің бағалау құнын айқындау актісінің дерегіне сәйкес жер телімінің бағалау құны көрсетіледі. Жер телімінің бағалау құнын айқындау актісі болмаған жағдайда, 920.01.001 жолында Салық кодексінің 382-бабына сәйкес аудан бойынша орташа 1 гектар жердің бағалау құнынан ескеріп айқындалған, жер телімінің бағалау құны көрсетіледі;

2) 920.01.002 жолында Салық кодексінің 380-бабына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы көрсетіледі;

3) 920.01.003 жолында:

жекеменшік құқығындағы, тұрақты және (немесе) уақытша бастапқы жер пайдалану, соның ішінде жалға берілген жер учаскелері бойынша және

қайталама жер пайдалану құқығындағы жер учаскелері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жер телімін пайдаланудың (иеленудің) айлар саны көрсетіледі;

басқа шаруа (фермер) қожалықтарына жалға берілген жер учаскелері бойынша, салық кезеңі ішінде жер учаскесі жалға берілетін айлар саны көрсетіледі;

4) 920.01.004 жолында бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі. Аталған сома (920.00.001 х 920.01.002/12 х 920.01.003) формуласы бойынша жер телімінің бағалау құнына бірыңғай жер салығының ставкасын қолдану жолымен жер телімін иелену (жалдау) кезеңін ескеріп айқындалады.

15. 920.01 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 920.00, 920.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

## Бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін жасаудың ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген нысандарды енгізетін (бұдан әрі - нысандар) бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін жасау тәртібін қарастырады:

1) 921.00 нысан бойынша бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем Есебі (бұдан әрі - 921.00 нысан бойынша есеп);

2) 921.01 нысан бойынша бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем Есебіне қосымша (бұдан әрі - 921.01 нысан бойынша қосымша).

2. 921.00 нысан бойынша Есеп шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолдану кезінде бірыңғай жер салығының сомасын есептеуге арналған.

921.01 нысаны бойынша есепке қосымша:

жалға берілген жер телімдерінің шегерімінсіз тұрақты және (немесе) уақытша алғашқы жер пайдалану, жеке меншік құқығындағы қожалықта барлық жер телімдері бойынша;

қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша;

басқа шаруа (фермер) қожалығына жалға берілген қожалықтың жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығын есептеуге арналған.

3. Салық төлеушіде әрбір жер телімі бойынша әртүрлі көрсеткіштері ( иемдену кезеңдері; жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар және т.б.) бар жер телімдерінің болған жағдайында, әр жер теліміне 921.01 нысаны бойынша қосымшаға жеке парақ толтырылады.

4. Нысанды жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

5. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

6. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

7. Нысандарды беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хат арқылы почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Есепті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

## 2. 921.00 нысан бойынша есеп жасау

8. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жеке кәсіпкердің аты-жөні және егер де ол бар болса, фирмалық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда негізгі қызметтің ЭҚЖЖ (Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші) коды көрсетіледі;

5) 5-жолда 921.00 нысан бойынша есептің тиісті түріне белгі қойылады;

6) 6-жолда салықты есептеу жүргізілетін тиісті валютаның коды көрсетіледі;

7) 7-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) 8-жолда 921.01 нысаны бойынша қосымшалар парақтарының саны көрсетіледі.

9. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 921.00.001 жолда (921.00.002 + 921.00.003 - 921.00.004) формуласы бойынша айқындалатын есеп бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 921.00.002 жолда жеке меншік, тұрақты және (немесе) уақытша алғашқы жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі, ол 921.01 нысаны бойынша қосымшаның 3А жолына тиісті белгімен 921.01 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 921.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

3) 921.00.003 жолда қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі, ол 921.01 нысаны бойынша қосымшаның 3В жолына тиісті белгімен 921.01 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 921.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

4) 921.00.004 жолда жалға берілген жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі, ол 921.01 нысаны бойынша қосымшаның 3С жолына тиісті белгімен 921.01 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 921.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

5) 921.00.005 жолда 921.00.001 жолында есептелген бірыңғай жер салығының жалпы сомасының жартысынан кем емес мөлшерінде айқындалатын, бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем сомасы көрсетіледі.

10. 921.00 нысан бойынша есепке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

## 3. 921.01 нысан бойынша қосымша жасау

11. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда жер телімінің тиісті түріне белгі қойылады.

12. "Бірыңғай жер салығы бойынша есептеу үшін мәлімет" бөлімінде:

1) 4-жолда жер телімінің орналасқан жері көрсетіледі;

2) 5-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;

3) 6-жолда жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген деректер бойынша 1 гектар жердің орташа бағалауы көрсетіледі.

4) 7 және 8-жолдар шаруашылықта қайталама жер пайдалану құқығында болған және басқа шаруа (фермер) қожалықтарына жалға берілген жер учаскелері бойынша толтырылады.

Шаруашылықта қайталама жер пайдалану құқығында болған жер учаскелері бойынша қайталама жер пайдалану туралы шарт туралы мәліметтер көрсетіледі.

Басқа шаруа (фермер) қожалықтарына жалға берілген жер учаскелері бойынша жалдау шарты туралы мәліметтер көрсетіледі.

13. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 921.01.001 жолында жер телімінің бағалау құнын айқындау актісінің дерегіне сәйкес жер телімінің бағалау құны көрсетіледі. Жер телімінің бағалау құнын айқындау актісі болмаған жағдайда, 921.01.001 жолында Салық кодексінің 382-бабына сәйкес аудан бойынша орташа 1 гектар жердің бағалау құнына ескеріп айқындалған, жер телімінің бағалау құны көрсетіледі;

2) 921.01.002 жолында Салық кодексінің 380-бабына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы көрсетіледі;

3) 921.01.003 жолында:

жекеменшік құқығындағы, тұрақты және (немесе) уақытша бастапқы жер пайдалану, соның ішінде жалға берілген жер учаскелері бойынша және қайталама жер пайдалану құқығындағы жер учаскелері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жер телімін пайдаланудың (иеленудің) айлар саны көрсетіледі;

басқа шаруа (фермер) қожалықтарына жалға берілген жер учаскелері бойынша, салық кезеңі ішінде жер учаскесі жалға берілетін айырма саны көрсетіледі;

4) 921.01.004 жолында бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі. Аталған сома (921.01.001 х 921.01.002/12 х 921.01.003) формуласы бойынша жер телімінің бағалау құнына бірыңғай жер салығының ставкасын қолдану жолымен жер телімін иелену (жалдау) кезеңін ескеріп айқындалады.

14. 921.01 нысаны бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 921.00, 921.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құны есебін жасау ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген нысандарды бірге алғанда (бұдан әрі - нысандар) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебін жасау тәртібін қарастырады:

1) 931.00 нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебі (бұдан әрі - 931.00 нысан бойынша Есеп);

2) 931.01 нысан бойынша өсімдік шаруашылығы өнімінің өндірісі бойынша түсім сомасын айқындау бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 1-қосымша (бұдан әрі - 931.01 нысаны бойынша қосымша);

3) 931.02 нысан бойынша мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімін өндіру бойынша түсім сомасын анықтауға ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 2-қосымша (бұдан әрі - 931.02 нысаны бойынша қосымша);

4) 931.03 нысан бойынша өз өнімін өңдеу бойынша түсім сомасын анықтауға ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 3-қосымша (бұдан әрі - 931.03 нысаны бойынша қосымша);

5) 931.04 нысан бойынша өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру бойынша шығын сомасын анықтауға ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 4-қосымша (бұдан әрі - 931.04 нысаны бойынша қосымша);

6) 931.05 нысан бойынша мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) шығын сомасын анықтауға ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнын Есебіне 5-қосымша (бұдан әрі - 931.05 нысаны бойынша қосымша);

7) 931.06 нысан бойынша өз өнімін өзі өңдеуі бойынша шығын сомасын анықтауға ауылшаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 6-қосымша (бұдан әрі - 931.06 нысаны бойынша қосымша);

8) 931.07 нысан бойынша жер салығын Есептеу бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 7-қосымша (бұдан әрі - 931.07 нысаны бойынша қосымша);

9) 931.08 нысаны бойынша мүлік салығын Есептеу бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 8-қосымша (бұдан әрі - 931.08 нысаны бойынша қосымша);

10) 931.09 нысаны бойынша көлік құралдарына салынатын салықты Есептеу

бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 9-қосымша (бұдан әрі - 931.09 нысаны бойынша қосымша);

11) 931.10 нысаны бойынша әлуметтік салықты Есептеу бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 10-қосымша (бұдан әрі - 931.10 нысаны бойынша қосымша);

12) 931.11 нысаны бойынша салық заңымен төлем мерзімі белгіленген, патент құны есебінде есептелген салықтарды үлестіру бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 11-қосымша (бұдан әрі - 931.11 нысаны бойынша қосымша);

13) 931.12 нысаны бойынша патент құны есебінде өзгеріске сәйкес, салықтарды үлестіру бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 12-қосымша (бұдан әрі - 931.12 нысаны бойынша қосымша);

14) 931.13 нысаны бойынша жер учаскелерін пайдалану үшін төлемді есептеу бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебіне 13-қосымша (бұдан әрі - 931.13 нысаны бойынша қосымша).

2. 931.00 нысан бойынша есеп ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар арнаулы салық режимінде бюджетпен есептесуді жүзеге асыруға арналған.

931.01 нысаны бойынша қосымша өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру бойынша түсім сомасын анықтау үшін арналған және егер салық төлеуші өсімдік шаруашылығы өнімін өндіретін жағдайда жасалады.

931.02 нысаны бойынша қосымша мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімін өндіру бойынша түсім сомасын анықтау үшін арналған және салық төлеуші мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімін өндірумен шұғылданса жасалады;

931.03 нысаны бойынша қосымша өз өнімін өңдеуі бойынша түсім сомасын анықтау үшін арналған және салық төлеуші өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін ұқсатумен айналысса жасалады.

931.04 нысаны бойынша қосымша өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру бойынша шығын сомасын анықтауға арналған және ол салық төлеуші өсімдік шаруашылығы өнімін өндірумен айналысса жасалады.

931.05 нысаны бойынша қосымша мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) шығын сомасын анықтауға арналған және ол салық төлеуші мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімін өндірумен айналысса жасалады.

931.06 нысаны бойынша қосымша өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату бойынша шығын сомасын анықтауға арналған және салық төлеуші өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатумен айналысса жасалады.

931.07 нысаны бойынша қосымша жер салығын есептеуге арналған және ол салық төлеушіде салық салу объектісі бар болған жағдайда жасалады.

Салық төлеушіде жер учаскелерінің бірнеше санаттары бар болған жағдайда, жер учаскесінің әр санаты бойынша 931.07 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы жасалады.

931.08 нысаны бойынша қосымша мүлік салығын есептеуге арналған және ол салық төлеушіде салық салу объектісі бар болған жағдайда жасалады.

931.09 нысаны бойынша қосымша көлік құралдарына салықты есептеуге арналған және салық төлеушіде салық салу объектісі бар болған жағдайда толтырылады. Біркелкі көлік құралдары болған кезде (моделдері, қозғалтқыш көлемі, жүк көтергіштігі, отырғызу орындарының саны, қозғалтқыш қуаты, пайдалану уақыты бірдей) олардың жалпы саны көрсетіле отырып бір ғана нысан толтырылады.

931.10 нысан бойынша қосымша әлеуметтік салықты есептеуге арналған.

931.11 нысан бойынша қосымша төлем мерзімі белгіленген, патент құны есебінде енгізілген салықтар сомасын үлестіруге арналған.

931.12 нысаны бойынша қосымша патент құнының берілген өзгерген есебіне сәйкес төлеудің соңғы мерзімі бойынша төленетін салық сомасын айқындауға арналған.

931.13 нысан бойынша қосымша жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді есептеуге арналған және салық төлеушіде салық салу объектісі болса жасалады.

Салық төлеушіде уақытша ақылы пайдалану құқығындағы бірнеше жер учаскелері болған кезде әр бір жер учаскесі бойынша 931.13 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы жасалады. Бұл орайда 931.13 нысан бойынша қосымшаның парақтарының жалпы саны уақытша ақылы жер пайдалану құқығындағы жер учаскелерінің санына сәйкес келуі тиіс.

3. Нысанды жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Нысандарды толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Нысандарды беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір

данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен хабарлама арқылы почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші нысанды қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

**2. 931.00 нысаны бойынша есеп жасау**

8. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрлерінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым ( ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (жылдық) есептің I-бөлімі 100 жолында (ЭҚЖЖ коды 45211), мынадай деректерді көрсетті:

1 - кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең | оның ішінде: | |
|---|---|---|---|---|
| | | үшін барлығы | Қызметтің негізгі түрі | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| | теңге | | |
| | Кестенің жалғасы | | |
| | оның ішінде: | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| сауда \| аңшылық \| жарнама \| балық аулау \| балық өсіру | | | |
| 5010 \| 01500 \| 74400 \| 05010 \| 05020 | | | |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы мысалы, құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК МСЕ нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала

жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

5) 5-жолда көрсеткіштерді есептеу жүргізілетін валютаның тиісті коды көрсетіледі;

6) 6-жолда 931.00 нысан бойынша есептің тиісті түріне белгі жасалады;

7) 7-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) 8-жолда 931.00 нысан бойынша есепке ұсынылған тиісті қосымшаларға белгі жасалады.

9. "Патент құнының есебі" бөлімінде:

1) 931.00.001 жолда 931.00.002 және 931.00.005 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын табыс (ҚҚС-сыз жылдық жиынтық табыс) көрсетіледі;

2) 931.00.002 жолда 931.00.003 және 931.00.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын қосылған құн салығы салынатын (бұдан әрі - ҚҚС) тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

3) 931.00.003 жолда 15 проценттік ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі. Сату бойынша айналымдар (931.01 нысаны бойынша 00001О жолы + 931.02 нысаны бойынша қосымша 00001М жолы + 931.03 нысаны бойынша 00001К жолы) формуласы бойынша айқындалады;

4) 931.00.004 жолда нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі. Сату бойынша айналымдар мынадай формула бойынша (931.01 нысаны бойынша қосымшаның 00001Р жолы + 931.02 нысаны бойынша қосымшаның 00001N жолы + 931.03 нысаны бойынша қосымшаның 00001L жолы) айқындалады;

5) 931.00.005 жолда ҚҚС салынбаған және ҚҚС-тан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетілмейді. Сату бойынша айналымдар мынадай формула бойынша (931.01 нысаны бойынша қосымшаның 00001Q жолы + 931.02 нысаны бойынша қосымшаның 00001О жолы + 931.03 нысаны бойынша қосымшаның 00001М жолы) айқындалады;

6) 931.00.006 жолда 15% ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдарға тиісті ҚҚС ставкасын (15%) қолдану жолымен айқындалатын, сату бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

7) 931.00.007 жолында 931.00.008 және 931.00.011 жолдарының көрсеткіштері сомасы түрінде айқындалатын Салық кодексінің 4-бөліміне

сәйкес салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жататын шығыстар сомасы (салық есебінсіз) көрсетіледі;

8) 931.00.008 жолында 931.00.009 және 931.00.010 жолдарының көрсеткіштері сомасы түрінде айқындалатын және ҚҚС салынатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша шығыстар (айналымдар) көрсетіледі;

9) 931.00.009 жолында 15 процент ставкасы бойынша ҚҚС салынатын сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шығыстар (айналымдар) көрсетіледі. Шығыстар (айналымдар) (931.04 нысаны бойынша қосымша 00001O жолы + 931.05 нысаны бойынша 00001O жолы + 931.06 нысаны бойынша қосымша 00001O жолы) формуласы бойынша айқындалады;

10) 931.00.010 жолында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шығыстар (айналымдар) көрсетіледі. Шығыстар (айналымдар) (931.04 нысаны бойынша қосымша 00001P жолы + 931.05 нысаны бойынша 00001P жолы + 931.06 нысаны бойынша қосымша 00001P жолы) формуласы бойынша айқындалады;

11) 931.00.011 жолында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-тан босатылмаған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шығыстар (айналымдар) көрсетіледі. Шығыстар (айналымдар) (931.04 нысаны бойынша қосымша 00001Q жолы + 931.05 нысаны бойынша 00001Q жолы + 931.06 нысаны бойынша қосымша 00001Q жолы) формуласы бойынша айқындалады;

12) 931.00.012 жолында сатып алынған негізгі құралдар бойынша ҚҚС сомасы (Салық кодексінің 38-тарауына сәйкес есепке жатқызылған ҚҚС сомасы) көрсетіледі;

13) 931.00.013 жолда сатып алу бойынша ҚҚС сомалары (Салық кодексінің 38-тарауына сәйкес есепке жатқызылған ҚҚС сомалары) көрсетіледі.

Көрсетілетін сома ((931.00.000009 x 0,15 + 931.00.012) x 931.00.027) формуласы бойынша айқындалады;

14) 931.00.014 жолы 931.00.013 жолының мәнінен 931.00.006 жолының мәні асу жағдайында толтырылады. Бұл ретте 931.00.014 жолында 931.00.006 және 931.00.013 жолдарының айырмасы түрінде айқындалатын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

15) 931.00.015 жолы 931.00.013 жолының мәні 931.00.006 жолының мәнінен асып кеткен жағдайда толтырылады. Бұл ретте 931.00.015 жолында 931.00.013 және 931.00.006 жолдарының айырмасы түрінде айқындалатын есептелген ҚҚС сомасынан (сату бойынша айналымдар бойынша) есепке жатқызылған ҚҚС сомасынан асу сомасы туралы (бюджетпен есеп айырысу сальдосын айқындау кезінде ескерілмейді) анықтамалық ақпарат көрсетіледі;

16) 931.00.016 жолында (931.00.014х0,2) формуласы бойынша айқындалатын 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып төлеуге ҚҚС сомасы көрсетіледі;

17) 931.00.017 жолында формуласы (931.07х0,2 нысанының 00001 жиынтық жолының көрсеткіші) бойынша айқындалатын 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып төлейтін жер салығының сомасы көрсетіледі;

18) 931.00.018 жолында формуласы (931.08х0,2 нысанының 00001 жиынтық жолының көрсеткіші) бойынша айқындалатын 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып төлейтін мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

19) 931.00.019 жолында (көлік құралдары салығының жалпы сомасы ( 931.09.012 жолы көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын 931.09 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының)х0,2 формуласы бойынша айқындалатын 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып төленетін көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

20) 931.00.020 жолында (931.10.006С х 0,2) формуласы бойынша айқындалатын 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып төленетін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

21) 931.00.021 жолында (жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдердің жалпы сомасы (931.13 нысаны бойынша 931.13.011 жолдарының барлық парақтары сомасының көрсеткіші ретінде айқындалатын)х0,2) формуласы бойынша айқындалатын жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдердің сомасы көрсетіледі;

22) 931.00.022 жолында (931.00.001 - 931.00.007 - 931.00.017 - 931.00.018 - 931.00.019 - 931.00.020 - 931.00.021) формуласы бойынша жолдардың айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі. Салық салынатын кірісті айқындау кезінде бұрынғы жылдың залалдары ескерілмейді;

23) 931.00.023 жолы кірістерден шегерімдерге жатқызылатын шығыстардың асуы кезінде толтырылады. Бұл ретте 931.00.023 жолына ((931.00.007 + 931.00.017 + 931.00.018 + 931.00.019 + 931.00.020 + 931.00.021) - 931.00.01) формуласы бойынша жолдардың айырмасы ретінде айқындалатын салық есебі бойынша залал сомасы туралы анықтамалық ақпарат (келесі салық кезеңінде 931.00 нысаны бойынша есепті толтыру кезінде ескерілмейді) көрсетіледі;

24) 931.00.024 жолда 931.00.022 жолының көрсеткішіне салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен айқындалатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

25) 931.00.025 жолда (931.00.024 х 0,2) формуласы бойынша айқындалатын 80 проценттік жеңілдік ескеріле отырып төленетін корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

26) 931.00.026 жолда (931.00.016 + 931.00.017 + 931.00.018 + 931.00.019 + 931.00.020 + 931.00.021 + 931.00.025) жолдарының көрсеткіштерін қосындылау

жолымен айқындалатын 931.00 нысаны бойынша есеп бойынша бюджетке төлеуге жататын салықтар сомасы көрсетіледі;

27) 931.00.027 жолда (931.00.002/931.00.001 X 100) формуласы бойынша айқындалатын айналымның жалпы сомасында салық салынатын айналымның үлес салмағы көрсетіледі.

10. 931.00 нысаны бойынша есеп Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. 931.01 нысаны бойынша қосымша жасау

11. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

12. "Кіріс туралы ақпарат" бөлімінде:

1) A бағанының жолдарында рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанының жолдарында шығарылатын дақылдың атауы көрсетіледі;

3) C бағанының жолдарында әрбір дақыл бойынша егіс көлемі көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында кәсіпорынның әрбір дақыл бойынша орташа шығымдылығы (бастапқы есепті берген кезде - кәсіпорынның соңғы 5 жыл үшін есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында C бағанының жолдары мен D бағанының жолдарының көрсеткіштері ретінде айқындалатын оны тоннаға аудара отырып өнімнің жалпы жиыны көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әрбір түрі бойынша рефакция көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өз мұқтажына пайдаланылатын өнімнің әрбір түрі бойынша көлемі көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында өз ұқсатуына бағытталған өз өндірісі өнімінің көлемі көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында (E бағанының жолдары - F бағанының жолдары - G бағанының жолдары - H бағанының жолдары) формуласы бойынша айқындалатын сатуға жататын ағымдағы жыл өнімінің көлемі көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында ағымдағы кезең басына сатылмаған өз өндірісі өнімінің артық қалғандары көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің соңына артық қалғандар көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында (I бағанының жолы + J бағанының жолы - K бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын сататын өнім көлемі көрсетіледі;

13) M бағанының жолдарында өнімнің әрбір түрін сатудың орташа бағасы ( бастапқы есепті тапсырған кезде - кәсіпорынның бұрынғы жыл үшін есеп беру

деректері бойынша) көрсетіледі;

14) N бағанында (L бағанының жолы x M бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын өнімді сатудан кіріс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте N бағанының жолдар көрсеткіштері O, P және Q бағандарының тиісті жолдарына сәйкес келетін көрсеткіштер сомасына сәйкес келуі тиіс;

15) O бағанының жолдарында 15 процент ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

16) P бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-тан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

13. 931.01 нысаны бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 4. 931.02 нысан бойынша қосымша жасау

14. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

15. "Кіріс туралы ақпарат" бөлімінде:

1) A бағанында рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шығарылатын өнімнің атауы көрсетіледі;

3) C бағанының жолдарында ауыл шаруашылығы малдарының (ара балұясының, құстардың сандары) басы көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өнімнің әрбір түрінің орташа шығуы (бастапқы есепті тапсырған кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылы үшін есеп беру деректері бойынша) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында C бағаны мен D бағанының жолдар көрсеткіштерінің туындысын тоннаға (мың данаға) аудара отырып айқындалатын өнімнің жалпы шығуының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің басында өткізілмеген өнімнің қалдықтары көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өз қажеттіліктеріне пайдаланылатын мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімінің әрбір түрінің көлемі көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында өзі қайта өңдеуге жіберілетін мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімінің көлемі көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің соңына өткізілмеген өнімнің артық қалғандары көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында (E бағанының жолы + F бағанының жолы - G бағанының жолы - H бағанының жолы - I бағанының жолы) формуласы бойынша

айқындалатын өткізуге жататын өнімнің көлемі көрсетіледі;

11) К бағанының жолдарында кәсіпорынның есеп беру деректері бойынша ( бастапқы есепті берген кезде - кәсіпорынның бұрынғы жыл үшін есептілік деректері бойынша) мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімінің әрбір түрі бойынша 1 тоннасы (1000 данасы) үшін сатудың орташа бағасы көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында (J бағанының жолдары х К бағанының жолдары ) формуласы бойынша J және К бағандарының тиісті жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өнімді өткізуден кіріс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте L бағаны жолдарының көрсеткіштері М, N және О бағандарының тиісті жолдарының көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс;

13) М бағанының жолдарында 15 процент ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

15) О бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-тан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

16. 931.02 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 5. 931.03 нысан бойынша қосымша жасау

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

18. "Кіріс туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында өндірілетін өнімдердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің басына өткізілмеген өнімнің артық қалғандары көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өз өндірісінен шығарылатын жалпы өнім көрсетіледі;

5) Е бағанының жолдарында одан әрі өз өңдеуіне жіберілетін өнімнің көлемі ( мысалы, өндірілген ұнның бір бөлігі макарон өнімдерін өндіруге жіберіледі. Бұл жағдайда ұнның осы көлемі макарон өндірісі үшін шикізат болып табылады);

6) F бағанының жолдарында өзінің шаруашылық қажеттілігіне жұмсау көзделетін өнім көлемі көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің соңына өткізілмеген өнімнің артық қалғандары көрсетіледі;

8) Н бағанының жолдарында (С бағанының жолдары + D бағанының жолдары - Е бағанының жолдары - F бағанының жолдары - G бағанының жолдары)

формуласы бойынша айқындалатын өткізуге жатқызылған өнім көлемі көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында кәсіпорын есептілігінің деректері бойынша ( бастапқы есепті табыс еткен кезде - кәсіпорынның өткен жыл үшін есептілік деректері бойынша) өнімнің әр түрі бойынша орташа өткізу бағасы көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында (H бағанының жолы x I бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын H және I бағандарының тиісті көрсеткіштерінің туындысы ретінде айқындалатын өнімді өткізуден кіріс сомасы көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында 15 процент ставкасы бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында нөлдік ставкасы бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

13) M бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

19. 931.03 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 6. 931.04-нысан бойынша қосымшалар жасау

20. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

21. "Өткізілетін тауардың 1 бірлігіне шығындар туралы ақпарат" бөлімінде:

1) A бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанының жолдарында өндірілетін дақылдың атауы көрсетіледі;

3) C бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігіне пайдаланылатын тұқымдар сатып алу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне жанар-жағармай материалдарын (бұдан әрі - ЖЖМ) сатып алуға жұмсалатын шығын сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне пайдаланылатын тұқымдар сатып алу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне пайдаланылатын минералды тыңайтқыш

бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне пайдаланылатын электр қуаты бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне ескіріп-тозу бойынша шығындар сомасы ( бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне еңбекақыға жұмсалатын шығынының ( шығысының) сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне салық төлеушіге басқа ұйымдар көрсететін көлік қызметтері бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне кәсіпорынның басқа да шығындарының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне C, D, E, F, G, H, I, J және K бағандарының тиісті жолдарын жинақтаумен айқындалатын барлық шығындарының жиынтық сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі. Бұл жағдайда өнім өндіруге жұмсалатын шығындар бабына енгізілген шығындар оны одан әрі өңдеуге жұмсалатын шығындар бабына қосылмайды;

13) M бағанының жолдарында сатылатын өнімнің көлемі көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L бағанының жолдарын M бағанының жолдарында көбейту формуласы бойынша айқындайтын, өсімдік шаруашылығының барлық өнімдеріне жұмсалатын шығынның сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда N бағаны жолдарының сомасы O, P және Q бағандары жолдарының сомасымен сәйкес келуі тиіс;

15) O бағанының жолдарында 15 проценттік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатып алу бойынша айналым көрсетіледі;

16) P бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын

тауарларды сату бойынша шығындар (айналымдар) көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі.

22. 931.04-нысаны бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 7. 931.05-нысан бойынша қосымшалар жасау

23. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

24. "Өткізілетін өнімнің 1 бірлігіне шығындар туралы ақпарат" бөлімінде:

1) A бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанының жолдарында өндірілетін өнімдердің атауы көрсетіледі;

3) C бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі үшін жем-шөпке жұмсалатын шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде ЖЖМ-ге жұмсалатын шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында Салық кодексінің 113 бабына сәйкес өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде негізгі құралдарды жөндеуге кететін шығынының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі.;

6) F бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде мал дәрігерлік препараттар сатып алуға кететін шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде электр қуатына кететін шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде ескіріп-тозу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде жұмыс берушінің еңбекақы шығындарының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде салық төлеушінің сырт ұйымдардан көлік қызмет көрсету бойынша шығынының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

11) К бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде басқа да шығындардың сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында C, D, E, F, G, H, I, J, К бағандарының жолдарын жинақтаумен айқындалатын өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда өнім өндіруге жұмсалатын шығындар бабына енгізілген шығындар оны одан әрі өңдеуге жұмсалатын шығындар бабына қосылмайды;

13) М бағанының жолдарында өнімнің әр түрінің саны көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L бағанының жолдарын М бағанының жолдарында көбейту формуласы бойынша айқындалатын, барлық өткізілетін өнімдерді өндіруге жұмсалатын шығындар сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда N бағаны жолдарының сомасы О, Р және Q бағандары жолдарының сомасымен сәйкес келуі тиіс;

15) О бағанының жолдарында 15 проценттік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсету) сатып алу бойынша айналым көрсетіледі;

16) Р бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі.

25. 931.05-нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 8. 931.06-нысаны бойынша қосымшалар жасау

26. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

27. "Өткізілетін өнімнің 1 бірлігіне шығындар туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында өндірілетін өнімдердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде шикізаттар мен материалдар алуға жұмсалатын шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде ЖЖМ-ге жұмсалатын шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

5) Е бағанының жолдарында Салық кодексінің 113 бабына сәйкес өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде негізгі құралдарды жөндеуге кететін

шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде үй-жайларды, жабдықтарды және т.б. жалға алуға кететін шығындар сомасы ( бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде электр қуатына кететін шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде ескіріп-тозу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде жұмыс берушінің еңбекақы шығынының (шығысының) сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде салық төлеушіге басқа ұйымдар көрсететін көлік қызметтері бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде басқа да шығындардың сомасы бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында C, D, E, F, G, H, I, J және K бағандарының жолдарын жинақтаумен айқындалатын, өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда өнім өндіруге жұмсалатын шығындар бабына енгізілген шығындар оны одан әрі өңдеуге жұмсалатын шығындар бабына қосылмайды;

13) M бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімдердің жалпы көлемі көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L және M бағандарының тиісті жолдарын көбейту бойынша айқындалатын, барлық өткізілетін өнімді өндіруге жұмсалатын шығынның сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда N бағаны жолдарының сомасы O, P және Q бағандары жолдарының сомасымен сәйкес келуі тиіс;

15) O бағанының жолдарында 15 проценттік ставка бойынша ҚҚС салынатын шығындар (айналым) көрсетіледі;

16) P бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын шығындар (айналым) көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған

шығындар (айналым) көрсетіледі.

28. 931.06-нысаны бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 9. 931.07-нысаны бойынша қосымшалар жасау

29. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда 931.07 нысан бойынша қосымша парақтарының жалпы саны көрсетіледі;

4) 4-жолда жер заңдарына сәйкес жер учаскесінің тиісті санатына белгі соғылады.

30. "Жер салығы бойынша ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында жер телімінің көлемі (га., қажет жағдайда шаршы метр) көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында тиісті бонитет баллы көрсетіледі;

5) Е бағанының жолдарында Салық кодексінің 329-бабына сәйкес жерге салық ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында С және Е бағандарының тиісті жолдарын көбейтумен есептелген жер салығының сомасы көрсетіледі;

7) F бағанының 00001 жолында 931.07 нысаны бойынша қосымша парақтарының 00002 жолдары көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын есептелген жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл ретте осы сома 931.07 нысаны бойынша қосымшаның бірінші парағында ғана көрсетіледі;

8) F бағанының 00002 жолында жер учаскелерінің тиісті санаттары бойынша есептелген жер салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. Жер учаскесінің бір санаты бойынша бірнеше парақ толтырылған жағдайда, жер салығының сомасы 931.07 нысаны бойынша қосымшада жер учаскесінің тиісті санаты бойынша парақтардың бірінде ғана көрсетіледі.

31. 931.07-нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 10. 931.08-нысан бойынша қосымшалар толтыру

32. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

33. "Мүлік салығы бойынша ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

тізімі көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің жыл басындағы қалдық құны көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында Салық кодексінің 355-бабына сәйкес мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанының жолдарында С және D бағандарының тиісті жолдарының көрсеткіштерін көбейтумен анықтайтын мүлік салығын есептеу сомасы көрсетіледі;

6) Е бағанының 0001 жолдарында есептелген мүлік салығының жалпы жиынтық сомасы көрсетіледі.

34. 931.08-нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 11. 931.09-нысан бойынша қосымшалар жасау

35. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда көрсеткіш есебі жүргізілген тиісті валюта коды көрсетіледі;

4) 4-жолда 931.09-нысан бойынша қосымша парақтардың жалпы саны көрсетіледі;

5) 5-жолда көлік құралының тиісті түріне белгі қойылады.

36. "Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу бойынша мәліметтер" бөлімінде:

1) 931.09.001 жолда көлік құралының түрі, моделі және маркасы көрсетіледі;

2) 931.09.002 жолда көлік құралының шыққан жылы көрсетіледі;

3) 931.09.003 жолда маркасы (моделі, түрі) көрсетілетін және шыққан жылы көрсетілетін көлік құралдарының саны көрсетіледі;

4) 931.09.004 жолдарында көлік құралдарына салық салу объектілері көрсетіледі;

931.09.004A жолында автомобильдің жүк көтергіштігі (жүк автомобильдері бойынша 931.09 нысанына қосымша толтырғанда) көрсетіледі;

931.09.004B жолында автомобиль қозғалтқышының көлемі (жеңіл автомобильдер бойынша 931.09 нысанына қосымша толтырғанда) көрсетіледі;

931.09.004C жолында отырғызу орындарының саны (автобустар бойынша 931.09 нысанына қосымша толтырғанда) көрсетіледі;

931.09.004D жолында қозғалтқыштың ат күшімен өлшенетін қуаты (катерлер, кемелер, жетектер, баржалар мен яхталар бойынша 931.09 нысанына қосымша толтырғанда) көрсетіледі;

931.09.004E жолында қозғалтқыштың киловаттпен өлшенетін қуаты (ұшу аппараттары 931.09 нысанына қосымша толтырғанда) көрсетіледі;

5) 931.09.005 жолда Салық кодексінің 347-бабының 2-тармағына сәйкес жеңіл автомобильдерде қозғалтқыштың артық көлемі көрсетіледі.

37. "Көлік құралдарына салынатын салық" бөлімінде:

1) 931.09.006 жолда салық кезеңінің ішінде көлік құралдарына меншік құқығын жүзеге асырудың нақты кезеңі (айлар саны) көрсетіледі;

2) 931.09.007 жолда Салық кодексінің 347-бабының 1-тармағына сәйкес көлік салығының ставкасы көрсетіледі;

3) 931.09.008 жолда жеңіл автомобильдер бойынша 931.09.007 + 931.09.005 х 7 ретінде, басқа көлік құралдары мен ұшу аппараттары үшін 931.09.007 жолында көрсетілген сома ретінде айқындалатын салық сомасы көрсетіледі;

4) 931.09.009 жолда Салық кодексінің 347-бабының 3, 4, 5, 7 тармақтарында белгіленген тиісті түзету коэффициенті көрсетіледі;

5) 931.09.010 жолда 931.09.008 және 931.09.009 жолдарының көрсеткіштерін көбейту бойынша айқындалатын есепті салық кезеңі үшін салық сомасы, түзету коэффициентін ескере отырып көрсетіледі;

6) 931.09.011 жолда (931.09.010/12 х 931.09.006) формуласы бойынша айқындалатын нақты иелену кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі. Егер нақты иелену уақыты 12 айды құраса, 931.09.010 жолында көрсетілген сома 931.09.011 жолына көшіріледі.

38. 931.09-нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 12. 931.10-нысан бойынша қосымшалар толтыру

39. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

40. "Әлеуметтік салық" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық қызметкер жұмысын атқаратын шет елдік мамандар бойынша мәліметтер толтырылады;

931.10.001А жолында өткен жылғы 1 жұмысшының орташа еңбекақысы көрсетіледі;

931.10.002А жолында 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынбайтын кірісі көрсетіледі;

931.10.003А жолында 931.10.001А және 931.10.002А жолдарының айырмасы түрінде айқындалатын 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.004А жолында Салық кодексінің 317-бабына сәйкес есептелген 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.005А жолында ағымдағы жылға мәлімделген жұмысшылардың саны көрсетіледі;

931.10.006A жолында 931.10.004A және 931.10.005A жолдарының туындысымен айқындалатын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

Өзгертілген есепті табыс еткен кезде әлеуметтік салықтың нақты есептелген сомасы көрсетілген 931.10.006A жолы ғана көрсетіледі;

2) B бағанының жолдарында әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық қызметкер жұмысын атқаратын шет елдік мамандардан басқа барлық жұмыс істеушілер бойынша көрсеткіштер толтырылады;

931.10.001B жолында өткен жыл үшін 1 жұмысшының орташа еңбекақысы көрсетіледі;

931.10.002B жолында 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынбайтын кірісі көрсетіледі;

931.10.003B жолында 931.10.001B және 931.10.002B жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын, 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынатын кірісі көрсетіледі;

931.10.004B жолында Салық кодексінің 317-бабына сәйкес есептелген 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.005B жолында ағымдағы жылға мәлімделген жұмысшылардың саны көрсетіледі;

931.10.006B жолында Салық кодексінің 317-бабына сәйкес әлеуметтік салықтың ставкасы көрсетіледі;

931.10.007B жолында 931.10.004B және 931.10.005B жолдарының туындысымен айқындалатын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

Өзгертілген есепті табыс еткен кезде әлеуметтік салықтың нақты есептелген сомасы көрсетілген 931.10.006B жолы ғана көрсетіледі;

3) C бағанының жолдарында әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық қызметкер жұмысын атқаратын шет елдік мамандарды қоса, барлық жұмыс істеушілер бойынша көрсеткіштер толтырылады;

931.10.001C жолында 931.10.001A және 931.10.001B жолдарының көрсеткіштері түрінде айқындалатын өткен жыл үшін 1 жұмысшының орташа еңбекақысы көрсетіледі;

931.10.003C жолында 931.10.001A жолы мен 931.10.001B жолдарының көрсеткіштері түрінде айқындалатын 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынатын кірісі көрсетіледі;

931.10.004C жолында 931.10.004A және 931.10.004B жолдарының көрсеткіштерінің сомасы түрінде айқындалатын Салық кодексінің 317-бабына сәйкес есептелген 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.005C жолында 931.10.005A және 931.10.005B жолдары көрсеткіштерінің сомасы түрінде айқындалатын, ағымдағы жылға жұмысшылардың мәлімделген саны көрсетіледі;

Өзгертілген есепті табыс еткен кезде 931.10.006С жолы ғана толтырылады.

41. 931.10-нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 13. 931.11-нысан бойынша қосымшалар толтыру

42. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

43. "Мерзім бойынша патент құнын үлестіру" бөлімінде:

1) 931.11.001 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын ҚҚС сомалары көрсетіледі;

931.11.001А жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.016 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.11.001В жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.016 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.11.001С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.001А - 931.11.001В нысаны бойынша Есептің 931.00.016 жолы) формуласымен айқындалатын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

2) 931.11.002 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес төлем мерзімдері бойынша бөле отырып, соның ішінде 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып бюджет жіктемесінің тиісті кодтарына бөле отырып төленуге жататын жер салығының сомалары көрсетіледі.

931.11.002А жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.017 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын жер салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.002В жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.017 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын жер салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.002С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.002А - 931.11.002В нысаны бойынша Есептің 931.00.017 жолы) формуласымен айқындалатын жер салығының сомасы көрсетіледі;

Бюджет жіктемесінің тиісті кодтарына бөлуге (931.07 нысаны бойынша қосымшаның 00002 жиынтық жолының көрсеткіші (жер учаскесінің әр санаты бойынша) х 0,2) формуласы бойынша айқындалатын жер салығының сомасы жатады.

"БЖК 104303" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4D жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104304" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4A жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104305" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4B жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104306" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4E жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104307" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4F жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104308" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4C жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

3) 931.11.003 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын мүлік салығының сомалары көрсетіледі;

931.11.003A жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.018 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.003B жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.018 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.003C жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.003A - 931.11.003B нысаны бойынша Есептің 931.00.018 жолы) формуласымен айқындалатын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

4) 931.11.004 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары бюджетке төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын көлік құралдары салығының сомалары көрсетіледі;

931.11.004A жолында 931.00 нысаны бойынша есептің 931.00.019 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.004B жолында 931.00 нысаны бойынша есептің 931.00.019 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.004C жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.004A - 931.11.004B нысаны бойынша Есептің 931.00.019 жолы) формуласымен айқындалатын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

5) 931.11.005 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес бюджетке сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын әлеуметтік салық сомалары көрсетіледі;

931.11.005A жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.020 жолының 1 /6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.11.005B жолында 931.00 нысаны бойынша Есептің 931.00.020 жолының 1 /2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.11.005C жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.005A - 931.11.005B нысаны бойынша есептің 931.00.020 жолы) формуласымен айқындалатын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

6) 931.11.006 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп бюджетке төленуге жататын корпорациялық табыс салығының сомалары көрсетіледі;

931.11.006A жолында 931.00 нысаны бойынша есептің 931.00.025 жолының 1 /6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.006B жолында 931.00 нысаны бойынша есептің 931.00.025 жолының 1/ 2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.006C жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.006A - 931.11.006B нысаны бойынша Есептің 931.00.025 жолы) формуласымен айқындалатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 931.11.007 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп бюджетке төленуге жататын жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

931.11.007A жолында 931.00 нысаны бойынша есептің 931.00.021 жолының 1 /6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

931.11.007B жолында 931.00 нысаны бойынша есептің 931.00.021 жолының 1/ 2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

931.11.006C жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.006A - 931.11.006B нысаны бойынша Есептің 931.00.025 жолы) формуласымен айқындалатын жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемдер көрсетіледі.

44. 931.11-нысаны бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 14. 931.12-нысан бойынша қосымшалар жасау

45. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі

46. "Мерзім бойынша патент құнын үлестіру" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген есепке сәйкес бюджетке төлеуге жататын салықтар сомалары көрсетіледі;

931.12.001А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген Есептің 931.00.016 жолынан көшірілетін ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.12.002А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген Есептің 931.00.017 жолынан көшірілетін жер салығының сомасы көрсетіледі, соның ішінде 80 проценттік жеңілдікті ескере отырып бюджет жіктемесінің тиісті кодтарына бөле отырып төленуге жататын жер салығының сомалары көрсетіледі.

931.12.003А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген Есептің 931.00.018 жолынан көшірілетін мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.004А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген Есептің 931.00.019 жолынан көшірілетін көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.005А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген Есептің 931.00.020 жолынан көшірілетін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.12.006А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген есептің 931.00.025 жолынан көшірілетін корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.007А жолында 931.00 нысаны бойынша өзгертілген есептің 931.00.021 жолынан көшірілетін жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында 931.00 нысаны бойынша Есепке сәйкес алғашқы екі мерзім бойынша нақты есептелген салықтар сомалары көрсетіледі;

931.12.001В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.12.002В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген жер салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.003В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.004В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.005В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.12.006В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.007В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында А және В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, келесі салық кезеңінің 20 наурызына дейінгі мерзімде төлеуге жататын салықтар сомалары көрсетіледі;

931.12.001С жолында 931.12.001А және 931.12.001В бағаналарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.12.002С жолында 931.12.002А және 931.12.002В бағаналарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын жер салығының сомасы көрсетіледі;

С бағанының 931.12.003 жолында 931.12.003А және 931.12.003В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын , 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.004С жолында 931.12.004А және 931.12.004В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.005С жолында 931.12.005А және 931.12.005В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.12.006С жолында 931.12.006А және 931.12.006В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.007С жолында 931.12.007А және 931.12.007В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі.

47. 931.12 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

## 15. 931.13 нысан бойынша қосымша жасау

48. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда 931.13 нысан бойынша қосымшалар парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

49. "Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді есептеу үшін мәлімет" бөлімінде:

1) 931.13.001 жолда жер учаскесін жалдау шартын жасасу күні көрсетіледі;

2) 931.13.002 жолда жер учаскесін жалдау шартының нөмірі көрсетіледі;

3) 931.13.003 жолда жер учаскесін жалдау шартының мерзімі көрсетіледі;

4) 931.13.004 жолда жер учаскесінің орналасқан жері көрсетіледі;

931.13.004А жолда облыстың атауы көрсетіледі;

931.13.004В жолда қала, аудан атауы көрсетіледі;

931.13.004С жолда кент немесе ауыл атауы көрсетіледі;

931.13.004Д жолда көше (даңғыл, бульвар, тұйық көше) атауы көрсетіледі;

5) 931.13.005 жолда жер заңдарына сәйкес жер учаскесінің тиісті санатына белгі жасалады;

6) 931.13.006 жолда жер заңдарына сәйкес жер учаскесінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

7) 931.13.007 жолда бонитет балы көрсетіледі;

8) 931.13.008 жолда есепті салық кезеңінде жер учаскесін жалға беру айларының саны көрсетіледі;

9) 931.13.009 жолда тиісті өлшеу бірлігіне белгі соғылады;

10) 931.13.010 жолда гектардағы (шаршы метр) жер учаскесінің аумағы көрсетіледі;

11) 931.013.011 жолда жер учаскесінің аумағы үшін 1 гектарға (шаршы метрге) жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлем ставкасының мөлшері көрсетіледі;

12) 931.13.012 жолда (931.13.010 х 931.13.01)/12 х 931.31.008 формуласы бойынша есепті салық кезеңінде жер учаскесін пайдалану үшін төлем ставкасы негізінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі.

50. 931.13 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 931.00, 931.01, 931.02, 931.03, 931.04, 931.05, 931.06, 931.07, 931.08, 931.09, 931.10, 931.11, 931.12, 931.13 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимін қолдану құқығына патент алуға өтініш жасау ережелері**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және 932.00 нысаны бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимін қолдану құқығына патент алуға өтініш (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін қарастырады.

2. Өтініш ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимін қолдану құқығына патент алуға арналған.

3. Өтінішті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Өтініш Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - Өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен хабарлама арқылы почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) Салық кодексінің 69-бабындағы 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келу тәртібімен немесе электрондық почта бойынша электрондық түрде - салық төлеуші Өтінішті қабылдау (жеткізу) туралы хабарламаны салық органында немесе электрондық почта бойынша алады.

**2. Өтініш жасау**

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда заңды тұғаның толық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрлерінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен)

үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (жылдық) есептің I-бөлімі 100 жолында (ЭҚЖЖ коды 45211), мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін барлығы | оның ішінде: Қызметтің негізгі түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру | | |

| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы мысалы, құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК МСЕ нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау (әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

5) 5-жолда Өтініштің тиісті түріне белгі қойылады;

6) 6-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) 7-жолда есептеу жүргізілетін валютаның тиісті коды көрсетіледі.

8. "Патент алу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 932.00.001 жолда қызметтің түрінің тиісті белгісі қойылады;

2) 932.00.002 жолда мәлімделетін қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;

3) 932.00.003 жолда тиесілі жер телімінің аумағы көрсетіледі:

932.00.003A жолда егіс алаңы көрсетіледі;

932.00.003B жолда шабындық көрсетіледі;

932.00.003C жолда жайылым көрсетіледі;

932.00.003D жолда басқа да жерлер көрсетіледі;

4) 932.00.004 жолда ағымдағы салық кезеңінде болжанған түсімнің сомасы көрсетіледі;

5) 932.00.005 жолда ағымдағы салық кезеңінде болжанған шығын сомасы көрсетіледі;

6) 932.00.006 жолда ағымдағы салық кезеңінде шот-фактура бланкілерінің саны көрсетіледі;

7) 932.00.007 жолда пайдаланылмаған шот-фактура бланкілері туралы мәлімет көрсетіледі:

932.00.007A жолда пайдаланылмаған шот-фактура бланкілерінің саны көрсетіледі;

932.00.007B жолда пайдаланылмаған шот-фактура бланкілері бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі.

9. "Салық төлеуші туралы қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) 932.00.008 жолда қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы мәлімет көрсетіледі:

932.00.008A жолда куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

932.00.009B жолда есепке қою күні көрсетіледі;

2) 932.00.009 жолда салық кезеңінің басына өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімінің өткізілмей қалғандары және оны қайта өңдеу өнімдерінің артық қалғандары туралы белгі қойылады.

10. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 932.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оны РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Тіркелген жиынтық салық пен акциз бойынша бірыңғай оңайлатылған декларацияны жасау ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және тіркелген жиынтық салық пен акциз бойынша Бірыңғай оңайтылған декларацияны, қоса беріп отырған нысандарды (бұдан әрі - нысандар ) жасаудың тәртібін қарастырады:

1) 940.00 нысан бойынша тіркелген жиынтық салық пен акциз бойынша Бірыңғай оңайлатылған декларация (бұдан әрі - 940.00 нысан бойынша Бірыңғай оңайлатылған декларация);

2) 940.01 нысан бойынша тіркелген жиынтық салық пен акциз сомасын есептеу бойынша Бірыңғай оңайлатылған декларацияға қосымша (бұдан әрі - 940.01 нысан бойынша қосымша).

2. 940.00 нысан бойынша Бірыңғай оңайлатылған декларация арнайы салық режимі бойынша жеке кәсіпкерліктің жеке түрлері үшін бюджетпен есептесуге арналған.

940.01 нысанға қосымша салық төлеушілердің тіркелген жиынтық салық және акциз сомасын есептеуге арналған.

3. Нысанды жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара немесе көк сия қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Нысанды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Тиісті торкөздерінің көрсеткіштері жоқ болған кезде нысан толтырылмайды.

6. Нысанды беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде немесе электрондық почта бойынша салық төлеуші Кодекстің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес декларацияны қабылдау (жеткізу) туралы электрондық почта бойынша немесе салық органында хабарламаны алады.

## 2. 940.00 нысан бойынша бірыңғай оңайлатылған декларация жасау

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі;

3) 3-жолда заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні және егер де ол бар болса, фирмалық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрлерінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (жылдық) есептің I-бөлімі 100 жолында (ЭҚЖЖ коды 45211), мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең | оның ішінде: |
|---|---|---|---|
| | | үшін барлығы | Қызметтің негізгі түрі |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 |

| Кестенің жалғасы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | оның ішінде: | |
| қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | | |
| сауда | аңшылық | жарнама | балық аулау | балық өсіру |
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы мысалы, құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК МСЕ нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді.

Егер ұйым ШК-1 немесе ШК-2 нысандары бойынша бұрын есептілік табыс етпесе, негізгі қызметінің ЭҚЖЖ ғана көрсету қажет;

5) 5-жолда тіркелген жиынтық салық пен акцизді есептеу жүргізілген тиісті

валюта коды көрсетіледі;

6) 6-жолда 940.00 нысан бойынша бірыңғай оңайлатылған декларацияның тиісті түрінің белгісі қойылады;

7) 7-жолда хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) 8-жолда 940.01 нысан бойынша қосымшалар парақтарының саны көрсетіледі.

8. "Тіркелген жиынтық салық пен акциз" бөлімінде:

1) 940.00.001 жолында есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс, 940.01 нысан бойынша қосымшаның 940.01.012 жолынан көшірілетін акциз сомасы көрсетіледі;

2) 940.00.002 жолында есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс, 940.01 нысан бойынша қосымшаның 940.01.001 жолының көрсеткіштерін жиынтықтау арқылы айқындалатын тіркелген жиынтық салық сомасы көрсетіледі;

3) 940.00.003 жолында салық кезеңі үшін тіркелген жиынтық салық есептелген мөлшерінен төленуге тиіс 70% құрайтын және (940.00.002 х 0,7) формуласы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

4) 940.00.004 жолында салық кезеңі үшін тіркелген жиынтық салық есептелген мөлшерінен төленуге тиіс 30% құрайтын және (940.00.002 х 0,3) формуласы бойынша корпоративті (жеке) салық сомасы көрсетіледі.

9. 940.00 нысан бойынша бірыңғай оңайлатылған декларацияға Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. 940.01 нысан бойынша қосымшаны жасау

10. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда есепті салық кезеңі көрсетіледі.

11. "Тіркелген жиынтық салық" бөлімінде:

1) 3-жолда салық кезеңінде салық салу объектісінің бар екендігі туралы белгі соғылады.

940.01 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы жасалады:

3А жолына тиісті белгімен толық салық кезеңіне тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектісі болып табылатын объектілер бойынша;

3В жолына тиісті белгімен салық кезеңінің 15-ші күнінен кейін енгізілген тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектісі болып табылатын объектілер бойынша;

3С жолына тиісті белгімен салық кезеңінің 15-ші күніне дейін шығарылған тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектісі болып табылатын объектілер бойынша;

15-ші күннен кейін енгізілген және салық кезеңінің 15-ші күніне дейін

шығарылған объектілер бойынша 940.01 нысан бойынша қосымшаларды жасау кезінде осы салық салу объектісіне сәйкес келетін тіркелген жиынтық салық ставкасының мөлшерінен 50 процент мөлшерінде айқындалатын тіркелген жиынтық салық сомасы көрсетіледі;

2) 940.01.001С жолында 940.01.002С-тан 940.01.011С жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс тіркелген жиынтық салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 940.01.002 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын ақшалай ұтысты ойын автоматтары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.002А жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын ақшалай ұтысты ойын автоматтар саны көрсетіледі ;

940.01.002В жолда ақшалай ұтысты ойын автоматтарына қолданатын, тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасы көрсетіледі;

940.01.002С жолда ақшалай ұтысты ойын автоматтары санына тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.002А х 940.01.002В) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың сомасы көрсетіледі;

4) 940.01.003 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын тотализаторлар кассалары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.003А жолда тотализаторлар кассаларының - салық слау объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.003В жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын тотализаторлар кассаларына қолданатын, тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасы көрсетіледі;

940.01.003С жолда тотализаторлар кассалары санына тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.003А х 940.01.003В) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

5) 940.01.004 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын букмекер конторларының кассалары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.004А жолда букмекер конторларының кассалары - салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

940.01.004В жолда букмекер конторлары кассаларына қолданылатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.004С жолда букмекер конторлары кассалары санына тиісті тіркелген

жиынтық салықтың ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.004A x 940.01.004B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

6) 940.01.005 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын ақшасыз ұтыс ойын автоматтары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.005A жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын ақшасыз ұтыс ойын автоматтар саны көрсетіледі;

940.01.005B жолда ақшасыз ұтыс ойын автоматтарына қолданатын, тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасы көрсетіледі;

940.01.005C жолда ақшасыз ұтыс ойын автоматтары санына тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.005A x 940.01.005B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

7) 940.01.006 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын ойын жолдарының мәліметтері көрсетіледі:

940.01.006A жолда тіркелген жиынтық салық объектілері - ойын жолдарының саны көрсетіледі;

940.01.006B жолда ойын жолдарына қолданатын, тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.006C жолда ойын жолдарына қолданатын, тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен салық салынатын ойын жолдарының санына (940.01.006A x 940.01.006B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

8) 940.01.007 жолда тіркелген жиынтық салық сомасын объектілері болып табылатын карт (картинг бойынша) ойыны бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.007A жолда карт ойындары - тіркелген жиынтық салық салу объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.007B жолда карт ойынына қолданылатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.007C жолда карт ойынына қолданатын, тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен салық салынатын карта ойыны санына ( 940.01.007A x 940.01.007B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

9) 940.01.008 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын бильярд үстелі бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.008A жолда бильярд үстелі - тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

940.01.008B жолында бильярд үстелінің санына қатысты тіркелген жиынтық

салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.008C жолда бильярд үстелінің санына тиісті тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілердің ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.008A x 940.01.008B) формуласы бойынша айқындалатын бильярд үстелінің санына қатысты тіркелген тиісті жиынтық салық сомасы көрсетіледі;

10) 940.01.009 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын лото ойынын ұйымдастырушылар бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.009A жолда лото ойынын ұйымдастырушы - толық салық кезеңінде тіркелген жиынтық салық салу объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.009B жолында лото ойынын ұйымдастырушыға қолданатын - салық салынатын объектілердің санына толық салық кезеңінде тіркелген тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.009C жолда лото ойынын ұйымдастырушыға қолданатын орын санына тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.009A x 940.01.009B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

11) 940.01.010 жолда ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы тарап ретінде қатысатын, құмар ойындарын өткізуге арналған ойын үстелдері бойынша ( тіркелген жиынтық салығын салынатын объектілері болып табылатын ойын үстелдері бойынша) мәліметтер көрсетіледі:

940.01.010A жолда ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы тарап ретінде қатысатын, құмар ойындарын өткізуге арналған ойын үстелдері - салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

940.01.010B жолда ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы тарап ретінде қатысатын, құмар ойындарын өткізуге арналған ойын үстелдеріне қатысты қолданатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.010C жолда ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы тарап ретінде қатысатын, құмар ойындарын өткізуге арналған ойын үстелдері санына тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.010A x 940.01.010B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың сомасы көрсетіледі;

12) 940.01.011 жолда құмар ойындарын өткізуге арналған, ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын, ойын үстелі саны бойынша (тіркелген жиынтық салығы салынатын объектілері болып табылатын ойын үстелдері бойынша) мәліметтер көрсетіледі:

940.01.011A жолда құмар ойындарын өткізуге арналған, ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде

қатысатын, ойын үстелі санына - салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

940.01.011B жолда құмар ойындарын өткізуге арналған, ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын, ойын үстелі санына тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.011C жолда құмар ойындарын өткізуге арналған, ойын мекемесі өздерінің өкілі арқылы ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын, ойын үстелі санына тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасын қолдану жолымен салық салынатын объектілердің (940.01.011A x 940.01.011B) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салығының сомасы көрсетіледі.

12. "Акциз" бөлімінде:

Бөлім 940.01 нысан бойынша қосымшаның бірінші парағында ғана толтырылады.

1) 940.01.012C жолында 940.01.013C-дан 940.01.016C-ге дейінгі жолдар көрсеткіштерін жиынтықтау жолымен айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 940.01.013 жолда ақшалай ұтысты ойын автоматтары бойынша деректер көрсетіледі:

940.01.013A жолында ақшалай ұтысты ойын автоматтары - салық салу объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.013B жолында ақшалай ұтысты ойын автоматтарына қолданылатын тиісті акциз ставкасы көрсетіледі;

940.01.013C жолында (940.01.013A x 940.01.013B) формуласы бойынша ақшалай ұтысты ойын автоматтарының санына тиісті акциз ставкасын қолдану жолымен айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі;

3) 940.01.014 жолында тотализатор кассалары жөніндегі деректер көрсетіледі:

940.01.014A жолында тотализатор кассалары - салық салу объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.014B жолында тотализатор кассаларына қолданылатын тиісті акциз ставкасы көрсетіледі;

940.01.014C жолында (940.01.014A x 940.01.014B) формуласы бойынша тотализатор кассаларына тиісті акциз ставкасын қолдану жолымен айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі;

4) 940.01.015 жолында букмекерлік конторалар кассалары бойынша деректер көрсетіледі;

940.01.015A жолында букмекерлік конторалар кассалары - салық салу

объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.015B жолында букмекерлік конторалар кассаларына қолданылатын тиісті акциз ставкасы көрсетіледі;

940.01.015C жолында (940.01.015A x 940.01.015B) формуласы бойынша букмекерлік конторалар кассаларына тиісті акциз ставкасын қолдану жолымен айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі;

5) 940.01.016 жолында ойын үстелдері бойынша деректер көрсетіледі;

940.01.016A жолында ойын үстелдері - салық салу объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.016B жолында ойын үстелдеріне қолданылатын тиісті акциз ставкасы көрсетіледі;

940.01.016C жолында (940.01.016A x 940.01.016B) формуласы бойынша ойын үстелдеріне тиісті акциз ставкасын қолдану жолымен айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі.

13. 940.01 нысан бойынша қосымшаға оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 940.00, 940.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеуге (қайта тіркеуге) өтініш жасау ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса беріліп отырған нысандарды қоса (бұдан әрі - нысандар) тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеуге (қайта тіркеуге) өтініш жасаудың тәртібін көздейді:

1) 942.00-нысан бойынша тіркелген жиынтық салықпен салық салу

объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеуге (қайта тіркеуге) өтініш (бұдан әрі - 942.00-нысан бойынша өтініш);

2) 942.01-нысан бойынша тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеуге (қайта тіркеуге) өтінішке қосымша (бұдан әрі - 942.01-нысан бойынша қосымша);

3) 942.01-нысан бойынша қосымшалардың 942.01.011, 942.01.012 жолдарына қосымша нысан;

4) 942.01-нысан бойынша қосымшалардың 942.01.013, 942.01.014 жолдарына қосымша нысан.

2. 942.00-нысан бойынша өтініш кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін арнайы салық режимін қолдану кезінде тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу үшін (қайта тіркеу) арналған.

942.01-нысан бойынша қосымша нысан нақты ойын орындары (тұрақты нүктелері) бойынша тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерін тіркеу үшін (қайта тіркеу) арналған.

942.01-нысан бойынша қосымша 942.01.011-ден 942.01.014-ке дейінгі жолдарға қосымша нысандар жер учаскелері және жылжымайтын мүліктер туралы мәліметтерді көрсетуге және ол мәліметтерді көрсетілген жолдарда толық көлемде көрсету мүмкін емес жағдайларда толтырылады. Бұл жағдайда 942.01-нысан бойынша қосымша 942.01.011-ден 942.01.014-ке дейінгі жолдарға қосымша парақтардың қажет саны толтырылады.

3. Егер салық төлеушіде бірнеше ойын мекемелері (тұрақты нүкте) бар болса, онда әр ойын мекемесі (тұрақты нүкте) бойынша 942.01 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы толтырылады.

4. Тіркелген жиынтық салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді қайта тіркеу кезінде нысандарда:

"Жалпы ақпарат" бөлімінде - толық;

басқа бөлімдерде - тек бұрын ұсынылған мәліметтер бойынша өзгерістер болған жолдар ғана толтырылады.

5. Нысанды жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

6. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

7. Тиісті торкөздерінің көрсеткіштері жоқ болған кезде нысандар

т о л т ы р ы л м а й д ы .

8. Деректер жоқ жағдайда 942.01 нысан бойынша тиісті жолдарының қосымша нысандарында көрсетілуге жататын мәліметтер жоқ болған жағдайда н ы с а н д а р ұ с ы н ы л м а й д ы .

9. Нысандарды беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен немесе электрондық түрде немесе электрондық почта бойынша салық төлеуші Кодекстің 69-бабының 8-тармағындағы 3) тармақшасына сәйкес нысанды қабылдау (жеткізу) туралы электрондық почта бойынша немесе салық органында хабарламаны алады.

## 2. 942.00 нысан бойынша өтініш жасау

10. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда салық салу объектілерін енгізу (шығару) күні көрсетіледі;

3) 3-жолда заңды тұлғаның атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні және егер де ол бар болса, фирмалық атауы көрсетіледі;

4) 4-жолда Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша (ЭҚЖЖ) қызмет түрлерінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. " Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы м і н д е т т і е м е с ) .

ЭҚЖЖ үлес салмағының есебі үшін N 1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында салық төлеушімен көрсетілген деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың тиісті бағаны деректерінің қ а т ы н а с ы р е т і н д е а й қ ы н д а л а д ы .

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар салу болып табылатын ұйым ( ЭҚЖЖ коды 45211), N 1-ӨН (жылдық) есептің I-бөлімі 100 жолында (ЭҚЖЖ коды 45211), мынадай деректерді көрсетті:

1 - к е с т е

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | Есепті кезең | оның ішінде: |
|---|---|---|---|
| | | | үшін Қызметтің |

| | | барлығы | негізгі |
|---|---|---|---|
| | | | түрі |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Өндірілген өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулер) көлемі, мың | 100 | 250000,0 | 150000,0 |
| | теңге | | |
| Кестенің жалғасы | | | |
| оның ішінде: | | | |

| қосалқы сауда | (басқа аңшылық | да) жарнама | қызмет балық аулау | түрлері балық өсіру |
|---|---|---|---|---|
| 5010 | 01500 | 74400 | 05010 | 05020 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

мұндағы, мысалы, құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (I-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (I-кестенің 3-бағаны) * 100% ретінде есептелген. ЭҚЖЖ қалған кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК МСЕ нысанын тапсыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері - заңды тұлғалар ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді 2-ШК (тоқсандық) нысанының бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") 100-107 жолдарының деректерін негізге ала жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) МСЕ нысандарын тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) МСЕ нысандарын тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандарда есептілік тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді.

Егер ұйым ШК-1 немесе ШК-2 нысандары бойынша бұрын есептілік табыс етпесе, негізгі қызметінің ЭҚЖЖ ғана көрсету қажет;

5) 5-жолда лицензияланатын қызмет түрінің атауы көрсетіледі;

6) 6-жолда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы туралы мәлімет көрсетіледі;

6А-жолда лицензия нөмірі көрсетіледі;

6В-жолда лицензияның берілген күні көрсетіледі;

6С-жолда лицензияның қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

7) 7-жолда лицензиардың атауы көрсетіледі;

8) 8-жолда 942.00-нысаны бойынша өтініш толтырудың тиісті себептері ( тіркеу, қайта тіркеу) көрсетіледі;

9) 9-жолда тиісті ұсынылған нысан белгісі қойылады.

11. "Салық салу объектілері туралы мәліметтер" бөлімі:

1) 942.00.001-жолда ойын орыны өз өкілдері арқылы тарап ретінде қатысатын , құмар ойындарын өткізуге арналған ойын столдарының жалпы саны көрсетіледі ;

2) 942.00.002-жолда ойын орыны өз өкілдері арқылы ұйымдастырушы және ( немесе) бақылаушы ретінде қатысатын құмар ойындарын өткізуге арналған ойын столдарының жалпы саны көрсетіледі;

3) 942.00.003-жолда ақшалай ұтыстары бар ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

4) 942.00.004-жолда тотализатор кассаларының жалпы саны көрсетіледі;

5) 942.00.005-жолда букмекерлік кеңселер кассаларының жалпы саны көрсетіледі ;

6) 942.00.006-жолда ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының жалпы

саны көрсетіледі;

7) 942.00.007-жолда ойын жолдарының жалпы саны көрсетіледі;

8) 942.00.008-жолда карттардың (картинг үшін) жалпы саны көрсетіледі;

9) 942.00.009-жолда құмар бильярд столдарының жалпы саны көрсетіледі;

10) 942.00.010-жолда лото ұйымдастырушылардың жалпы саны көрсетіледі.

12. 942.00 нысандағы өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

### 3. 942.01-нысан бойынша қосымша жасау

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) атауы көрсетіледі;

3) 3-жолда ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) орналасқан жері көрсетіледі;

3A-жолда ойын облыс атауы көрсетіледі;

3B-жолда қала немесе ауданның атауы көрсетіледі;

3C-жолда елді мекен атауы көрсетіледі;

3D-жолда көше атауы көрсетіледі;

3E-жолда үй нөмірі көрсетіледі;

4) 4-жолда 942.01-нысан бойынша қосымша парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

14. "Салық салу объектілері жөніндегі мәліметтер" бөлімінде:

1) 942.01.001-жолда ойын мекемесі өзінің өкілдері арқылы тарап ретінде қатысатын, құмар ойындарын өткізуге арналған ойын үстелдерінің жалпы саны көрсетіледі;

2) 942.01.002-жолда ойын мекемесі өзінің өкілдері арқылы ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын, құмар ойындарын өткізуге арналған ойын үстелдерінің жалпы саны көрсетіледі;

3) 942.01.003-жолда ақшалай ұтысты ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

4) 942.01.004-жолда тотализатор кассаларының жалпы саны көрсетіледі;

5) 942.01.005-жолда букмекер кеңселері кассаларының саны көрсетіледі;

6) 942.01.006-жолда ақшалай ұтыссыз ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

7) 942.01.007-жолда ойын жолдарының жалпы саны көрсетіледі;

8) 942.01.008-жолда картаның жалпы саны көрсетіледі;

9) 942.01.009-жолда бильярд үстелдерінің жалпы саны көрсетіледі;

10) 942.01.010 - лото ұйымдастырушылардың жалпы саны көрсетіледі;

15. "Жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер" бөлімінде (жеке меншік құқығына (жерді тұрақты пайдалану құқығында) акті

мәліметтеріне сәйкес жер телімі жеке меншік құқығында немесе жерді тұрақты пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады):

1) 942.01.011-жолда жер теліміне меншік құқығы (жерді тұрақты пайдалану құқығы) актісі (бұдан әрі - акт) туралы мәліметтер көрсетіледі;

942.01.011A-жолда актінің берілген күні көрсетіледі;

942.01.011B-жолда акт нөмірі көрсетіледі;

942.01.011C-жолда ойын мекемесі (тұрақты нүкте) алатын жер телімінің көлемі (бұдан әрі - жер телімі) көрсетіледі;

942.01.011D-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 942.01.012-жолда жер телімін уақытша пайдалану туралы шарт деректеріне сәйкес мәлімет көрсетіледі;

942.01.012A-жолда жерді уақытша пайдаланудың тиісті түріне (ақылы, өтеусіз) белгі қойылады;

942.01.012B-жолда келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі;

942.01.012C-жолда келісім-шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

942.01.012D-жолда келісім-шарттың нөмірі көрсетіледі;

942.01.012E-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;

942.01.012F-жолда жал телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

942.01.012G-жолда салық төлеуші-жалға берушінің тіркелу нөмірі көрсетіледі ;

942.01.012H-жолда жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі;

16. "Жылжымайтын мүлік құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 942.01.013-жолда жылжымайтын мүлік (ойын орнына пайдаланылатын ғимарат, құрылыс немесе жай (тұрақты нүкте) (бұдан әрі - жылжымайтын мүлік) құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жөніндегі мәліметтер көрсетіледі;

942.01.013A-жолда жылжымайтын мүлік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күні көрсетіледі;

942.01.013B-жолда куәлік нөмірі көрсетіледі;

942.01.013C-жолда жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

2) 942.01.014-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келісім-шарты (бұдан әрі - келісім-шарт) жөнінде мәліметтер көрсетіледі:

942.01.014A-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келесім-шартының күні көрсетіледі ;

942.01.014B-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келісім-шартының нөмірі көрсетіледі;

942.01.014C-жолда жалға беру келісім-шартының мерзімі көрсетіледі;

942.01.014D-жолда жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

942.01.014E-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі

;

942.01.014F-жолда жалға берушінің аты-жөні немесе атауы корсетіледі.

17. 942.01-нысан бойынша қосымшаға оны толтырған адам қол қояды.

## 4. 942.01 нысанына қосымшаның 942.01.011, 942.01.012-жолдарына қосымша нысан жасау

18. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда 942.01-нысаны бойынша 942.01.011, 942.01.012-жолдарына қосымша беттерінің жалпы саны көрсетіледі;

3) 3-жолда ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) атауы көрсетіледі.

19. "Жер телімдері туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 942.02.001-жолы кәсіпкерлік кызметтің жекелеген түрлері үшін арнайы салық режимін пайдаланатын салық төлеуші ойын орындары (тұрақты нүктемелері) алып жатқан жер телімін тұрақты пайдалану құқығына ие болған, немесе көрсетілген телемдердің меншік иесі болып табылған (жерді тұрақты пайдалану құқығында) жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда осы жолда жер теліміне меншік құқығы актісінің (бұдан әрі - акт) мәліметтеріне сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

942.02.001A-жолында актінің берілген күні көрсетіледі;

942.02.001B-жолында акт нөмірі көрсетіледі;

942.02.001C-жолында ойын мекемесі (тұрақты нүкте) алып жатқан жер телімінің көлемі (бұдан әрі - жер телімі) көрсетіледі;

942.02.001D-жолында жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 942.02.002-жолы ойын мекемелері (тұрақты нүктелер) алып жатқан жер телімі жерді уақытша пайдаланған жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда 942.02.002-жолда жер телімін уақытша пайдалану туралы келісім-шарт (бұдан әрі - келісім-шарт) мәліметтеріне сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

942.02.002A-жолында жерді уақытша пайдаланудың тиісті түрінің (өтеусіз, өтемді) белгісі қойылады;

942.02.002B-жолында шарттың жасалған күні көрсетіледі;

942.02.002C-жолында шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

942.02.002D-жолында шарттың нөмірі көрсетіледі;

942.02.002E-жолында жер телімінің көлемі көрсетіледі;

942.02.002F-жолында жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

942.02.002G-жолында жалға беруші-салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

942.02.002H-жолында жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

20. 942.01-нысан бойынша қосымшаның 942.01.011, 942.01.012 жолдарына оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

**5. 942.01 нысанына қосымшаның 942.01.013, 942.01.014 жолдарына қосымша нысан жасау**

21. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-жолда 942.01 нысан бойынша қосымшаның 942.01.013, 942.01.014 жолдарына қосымша беттерінің жалпы саны көрсетіледі.

3) 3-жолда ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) атауы көрсетіледі.

22. "Жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 942.03.001 жолы кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін арнайы салық режимін пайдаланатын салық төлеуші жылжымайтын мүліктің меншік иесі болып табылған жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда, 942.03.001 жолында жылжымайтын мүлікке меншік құқығы куәлігін (бұдан әрі - куәлік) мәліметтеріне сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

942.03.001A жолында жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу куәлігінің (бұдан әрі - куәлік) берілген күні көрсетіледі;

942.03.001B жолында куәлік нөмірі көрсетіледі;

942.03.001C жолында жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

2) 942.03.002 жолы жылжымайтын мүлік уақытша пайдаланыста болған жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда, осы жолда жылжымайтын мүлікті жалдау туралы шарт (бұдан әрі - жалдау шарты) мәліметтеріне сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

942.03.002A жолында жалға алу шартының жасалған күні көрсетіледі;

942.03.002B жолында жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

942.03.002C жолында жалға алу шартының қолданылу мерзімі көрсетіледі;

942.03.002D жолында жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

942.03.002E жолында жалға беруші-салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

942.03.002F жолында жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

23. 942.01-нысан бойынша қосымшаның 942.01.013, 942.01.014 жолдарының қосымша нысандарына оны толтырған лауазымды тұлға қол қояды.

---

*РҚАО-ның ескертуі: 942.00, 942.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.*

"Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының

2003 жылғы 3 желтоқсандағы
N 493 бұйрығымен
бекітілген

**Бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілері есебінің тіркеу карточкаларын алуға өтініш жасау**

**Ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес әзірленген және қоса берілген нысандарды қоса (бұдан әрі - нысаны) бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтінішті жасау тәртібін көздейді:

1) 012.00 нысан бойынша бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтініш (бұдан әрі - 012.00 нысан бойынша Өтініш);

2) 012.01 нысан бойынша бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтінішке 1-қосымша (бұдан әрі - 012.01 нысан бойынша қосымша);

3) 012.02 нысан бойынша бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтінішке 2-қосымша (бұдан әрі - 012.02 нысан бойынша қосымша);

4) 012.03 нысан бойынша бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтінішке 3-қосымша (бұдан әрі - 012.03 нысан бойынша қосымша);

5) 012.04 нысан бойынша бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтінішке 4-қосымша (бұдан әрі - 012.04 нысан бойынша қосымша);

6) 012.05 нысан бойынша бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы Өтінішке 5-

қосымша (бұдан әрі - 012.05 нысан бойынша қосымша).

2. 012.00 нысан бойынша Өтініш Салық кодексінің 531-бабына сәйкес бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілермен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді салық органында тіркеуге арналған.

012.01 нысан бойынша қосымша меншік құқығындағы ыдыстар туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

012.02 нысан бойынша қосымша келісім-шарт бойынша жалға алынған ыдыстардың қолданылуы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

012.03 нысан бойынша қосымша жер телімі туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

012.04 нысан бойынша қосымша жылжымайтын мүлік туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

012.05 нысан бойынша қосымша фискалдық жады бар бақылау-касса машинасы туралы мәліметтер көрсетуге арналған.

3. 012.00 нысан бойынша Өтініш бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілердің әрбір тұрақты, жылжымалы және өзге де нүктелеріне жеке толтырылады.

012.01, 012.02, 012.03, 012.04, 012.05 нысандар бойынша қосымшаларды толтыру кезінде олардың әрбір парағының жоғарғы оң бұрышында ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі.

4. Бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерін қайта тіркеуді жүргізгенде, нысандарда:

"Жалпы ақпарат" бөлімі - түгел;

басқа бөлімдерде - тек бұрын табыс етілген мәліметтерде болған өзгерістер бойынша жолдар толтырылады.

5. Нысандарды жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта - нысандар Кодекстің 69-бабына сәйкес толтырылады.

6. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

7. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысанның тиісті торкөздері толтырылмайды.

8. Өтінішке қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымшалар берілмейді.

9. Нысандарды беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) келу тәртібімен электрондық түрде немесе электрондық почта бойынша салық төлеуші Кодекстің 69-бабы 8-тармағының 3-тармақшасына сәйкес нысандарды қабылдау (жеткізу) туралы электрондық почта бойынша немесе салық органында хабарламаны алады.

**2. 012.00 нысан бойынша өтініш жасау**

10. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2А жолында жеке кәсіпкердің аты-жөні және бар болса оның фирмалық атауы көрсетіледі;

3) 2В жолында заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

4) 3-жолда Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет (ЭҚЖЖ) түрлерінің коды және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 %-ке тең болуы міндетті емес).

ЭҚЖЖ үлес салмағын есептеу үшін салық төлеуші соңғы есепті тоқсан үшін N1-ӨН (тоқсандық) мемлекеттік статистикалық есептілігінің (бұдан әрі - МСЕ) I-бөлімінің ("Өнім") 100-жолында көрсететін деректерді пайдалану қажет. ЭҚЖЖ үлес салмағы 100 жол бойынша 3 бағанның деректеріне 100 жолдың сәйкес бағаны деректерінің қатынасы ретінде айқындалады.

Мысалы, қызметінің негізгі түрі ғимараттар құрылысы болып табылатын ұйым (ЭҚЖЖ коды 45211), N1-ӨН (тоқсандық) есептің I бөлімінің 100 жолында мынадай деректерді көрсетті:

1-кесте

| Көрсет. кіштердің атауы | Жол ко. ды | Есепті кезең үшін | Оның ішінде: | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қызмет. барлығы | қосалқы (басқа да) қызмет түрлері | | | |
| | | | тің негізгі түрі | сауда | аңшылық ма | жарна. аулау | балық балық өсіру |

| | | | 5010 | 01500 | 74400| 05010| 05020

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өндіріл. ген өнім.дердің (тауар.лар, қызмет көрсету.лердің) көлемі, мың теңге | 100 | 250000,0 | 150000,0 | 50000,0 | 35000,0 | 5000,0 | 2000,0 | 1000,0 |

Онда ЭҚЖЖ бойынша мәліметтер кестесі мынадай түрде болады:

| ЭҚЖЖ | Үлес салмағы, % |
|---|---|
| 45211 | 60,0 |
| 5010 | 20,0 |
| 01500 | 14,0 |

---

бұл ретте, мысалы құрылыстың үлес салмағы 150 000,0 (1-кестенің 4-бағаны) / 250 000,0 (1-кестенің 3-бағаны) * 100 ретінде есептелген. Қалған ЭҚЖЖ кодтары бойынша үлес салмағы осындай жолмен есептелген.

N2-ШК нысанының МСЕ тапсыратын заңды тұлға - шағын кәсіпкерлік субъектілері ЭҚЖЖ бойынша мәліметтерді және соңғы есепті тоқсан үшін 2-ШК (тоқсандық) нысанының 2-бөлімінің ("Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер шығару және оларды өндіру үшін шығыстар туралы мәліметтер") - шаруашылық қызметінің нәтижесі") 100-107-жолдарының деректерін негізге ала отырып, жоғарыда көрсетілген тәсілмен толтырады.

N СОЦФИН (денсау.сақ.) нысанының МСЕ тапсыратын денсаулық сақтау ( әлеуметтік қызмет) ұйымдары және N СОЦФИН (білім) нысанының МСЕ тапсыратын білім ұйымдары, жоғарыда көрсетілген нысандар есептілігін тапсырмайтын банктер, сақтандыру ұйымдары, қоғамдық және бюджеттік ұйымдар, жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді.

Егер ұйым бұрын N1-ӨН немесе 2-ШК нысандарының есептілігін тапсырмаса

, онда тек негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын толтыруы қажет;

